

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 316.33:614.8

Қолжазба құқығында

ОМАРОВА АСЕМ ТУРДЫБЕКОВНА

**Халықтың төтенше жағдайларда әлеуметтік өзін-өзі сезінуі
әлеуметтанулық бағалау индикаторы ретінде: аймақтық аспект**

6D050100 – Әлеуметтану

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші
Әлеуметтану ғылымдарының докторы,
профессор Г.О. Абдикерова

Шетелдік ғылыми кеңесші
Профессор Гаутам Ядама, PhD.
Сент-Лиустағы Вашингтон университеті (Миссури штаты, АҚШ)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2017

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
1 ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗІН-ӨЗІ СЕЗІНУІН ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ	12
1.1 Төтенше жағдайлар классификациясы: сипаттық ерекшеліктері, пайда болу факторлары мен әлеуметтік салдарлары	12
1.2 Төтенше жағдайларда халықтың әлеуметтік өзін-өзі сезінуі: шетелдік және отандық ғылымда зерттелу жағдайлары	36
1.3 Әлеуметтік өзін-өзі сезінуді төтенше жағдайларда зерттеудегі заманауи әдістемелер мен эмпирикалық көрсеткіштер топтамалары	48
2 ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗІН-ӨЗІ СЕЗІНУІН ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ БАҒАЛАУ.....	58
2.1 Халықтың төтенше жағдайлардағы әлеуметтік өзін-өзі сезінуі субъективті тұрғыдан бағалау индикаторы ретінде.	58
2.2 Табиғи апаттардан зардап шеккен халықтың әлеуметтік өзін-өзі сезінуін әлеуметтанулық өлшеу (ШҚО, Тарбағатай ауданында жүргізілген зерттеулер бойынша)	67
2.3 Билік, кәсіпкерлік және азаматтық қоғам институттарының төтенше жағдайлардағы әлеуметтік ынтымақтастығы (эксперттік сұрау мәліметтері негізінде).	90
2.4 Төтенше жағдайлардағы халықтың әлеуметтік мінез-құлқының тиімді стратегиялары	103
ҚОРЫТЫНДЫ.....	114
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	118
ҚОСЫМШАЛАР.....	126

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Зерттеудің өзектілігі мен әлеуметтік мәнділігі көптеген факторлармен анықталады. Әлеуметтік жүйелердің, институттардың, ұйымдар мен топтардың тұрақты қалыптасуы мен дамуы өзара байланыс, өзара әрекет, өзгеріс, даму сияқты іргелі принциптерге негізделеді. Аталған принциптердің ішінде өзін-өзі сақтауды ерекше бөліп көрсету қажет, себебі, бұл – қауіпсіздік қызметін енгізетін кез келген жүйенің маңызды принципі.

Мемлекет өзінің өмір сүруін қамтамасыз ету үшін, сыртқы және ішкі тұрақсыз факторлардан қорғау үшін әскер, қауіпсіздік қызметі, халықты әлеуметтік-экономикалық қорғау органдары және т.б. сияқты әр түрлі әлеуметтік жүйелерді құрады. Сондай-ақ, белгілі әлеуметтанулық амалдарға сүйенсек, адам оның негізгі қажеттіліктері, соның ішінде, қауіпсіздік қажеттілігі қанағаттандырылғанда ғана қоғамның белсенді және толыққанды мүшесі бола алады.

XXI ғасыр – жаһандық сананың қалыптасуын бейнелейтін, индустриаландыру мен урбандану процестерінің қоғамға тигізетін терең әсерлерімен сипатталатын, күрделі әлеуметтік-тарихи өзгерістерге толы уақыттық кезең. Әлеуметтік дағдарыстар, табиғи және антропогендік сипаттағы төтенше жағдайлар санының күрт өсуі және олардың әкелетін әлеуметтік зардаптарының көлемінің ұлғаюы зерттеуші ғалымдарды алаңдатып отыр. Бұқаралық ақпарат құралдары күннен-күнге жиі жарылыстар, өрттер, авиациялық, теңіз және мұхит кемелерінің апаттары, су тасқындары, эпидемиялар, көтерілістер, азаматтық соғыстар және басқа алуан түрлі төтенше жағдайлар жайлы ақпараттар таратады. Аталған оқиғалар дүние жүзі халқының терең материалдық және моральдық күйзелістерімен, әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени құлдырауымен қатар келуде. Мұндай күйзелістер қақтығыстар мен тәуекел жағдайлардың қалыптасуына тікелей әсер етіп, қоғамның әлеуметтік қауіпсіздігіне, тұрақты дамуына қауіп төндіруде. Көп жағдайларда табиғи және антропогендік сипаттағы төтенше оқиғалар билік органдарының, әлеуметтік институттардың өз қызметтеріне немқұрайды қарауының, табиғатқа қатысты бір жақты басымдылықпен қарауының нәтижесі ретінде көрінеді. Сонымен қатар, азаматтық қоғамның толыққанды қалыптаспауы инициативаға негізделген, саналы азаматтық позициялардың әлсіздігімен де сипатталады.

Соңғы 40 жылда 14 млн. адам 131 ірі стихиялы апаттардан зардап шекті, ал олардан келген экономикалық шығын \$3,8 млрд.-ты құрады. 2010 жылғы Гаитидағы жер сілкінісі (240 мың құрбан), Азиядағы ең үлкен су тасқыны (Пәкістандағы елдің төрттен бір бөлігінің су басуы), 2011 жылғы Бразилия мен Австралиядағы (13 млрд. доллар шығын әкелді), 2011 жылдың 11 наурызындағы Жапониядағы алапат жер сілкіністері салдарынан «Фукусима1» АЭС-тағы ірі масштабты апат, 26 мың адам өлімі мен хабарсыз кетуі 300 млрд. доллар экономикалық шығын әкелді [1]. Осы жағдайлардың

барлығы аталған аймақтарда орын алған алапат стихиялардың әлеуметтік салдарларын жою бағытында мемлекет тарапынан жүйелі түрде жүргізілетін іс-шараларды ұйымдастырудың қажет екендігінің айқын дәлелі бола алады. Бұл орын алып отырған мәселелерге кешенді баға беру, қиын жағдайларды бастан кешіріп отырған топтардың әлеуметтік көңіл-күйін өлшеу, жақын және алыс болашақ даму бағыттарын әлеуметтанулық тұрғыдан болжау, жоспарлау және жобалау жұмыстарымен де байланысты.

Қауіпті және қолайсыз табиғи процестер салдарынан болатын адамдар шығыны ол апаттардың кенеттен орын алуынан, тиянақты зерттелмеуі мен болжау жұмыстарының жүйелі түрде жүргізілмеуімен байланысты. Қолданылатын шаралардың көпшілігі кішігірім апаттарда халықтың әлеуметтік әл-ауқатын жақсартуда және сақтауда тиімді болғанымен, ауқымды төтенше жағдайларды шешуде жеткілікті деңгейде тиімді емес.

2014 жылғы жедел деректер бойынша Қазақстан Республикасының аумағында 17779 табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен оқиғалар тіркелген және бұл 2013 жылдың осы кезеңімен салыстырып қарағанда 7,5% -ға өскен. 2014 жылы зардап шеккендер саны 4251 адам, оның ішінде қаза болғандар 1202 адамды құрады. Аса ауқымды табиғи апаттар болмағанның өзінде елімізде жыл сайын төтенше жағдайлардан келетін тікелей зиян Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар комитетінің 2014 жылғы есебі бойынша 3,5-тен 4,5 миллиард теңге сома мөлшерінде есептеліп отыр. 2015 жылғы есеп бойынша елімізде 17678 төтенше жағдай орын алған, 2014 жылмен салыстырғанда 0,6%-ға азайса да, материалдық шығын 10%-ға өскен деп көрсетілген [2].

Қазіргі уақытта мемлекет халықтың өмір сүруі мен әлеуметтік қауіпсіздігі үшін барлық жауапкершілікті өз мойнына алғанымен, әрбір азамат өзін қоршаған әлеуметтік және табиғи ортаның саулығы үшін бірінші кезекте өзі жауапты болуы тиіс. Азаматтардың өзіндік жауапкершіліктерінің жоғарылығы мемлекеттің тұрақты дамуының кепілі бола алады. Білімді, мәдениетті, сауатты, жауапкершілігі жоғары ұрпақтарды тәрбиелеу олардың өз өмірлеріне құндылық ретінде қарауын қалыптастырады. Өз өмірлеріне құндылық ретінде қарайтын адамдар өздерінің әлеуметтік көңіл-күйлеріне де зор жауапкершілікпен қарайды. Төтенше жағдайларды бастан кешірген адамдардың әлеуметтік көңіл-күйлерін социологиялық тұрғыдан өлшеу қоғамның күшті және әлсіз тұстарын айқындап, стратегиялық және тактикалық сипаттағы бағыт-бағдарларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Төтенше жағдайлар әлеуметтік жүйеге өз әсерін тигізбей қоймайды. Кез келген апат әрқашан адамдардың немесе адамдар тобының зардап шегуіне алып келеді. Осыған байланысты, апат болған аймақта орын алатын негативті әлеуметтік ситуацияларды және зардап шеккен адамдардың наразылығынан туындайтын дағдарыстық проблемалар мен зоналарды анықтап алу қажет. Апаттардың әлеуметтік салдарларын зерттеп отырған әлеуметтанушылардың көзқарасы бойынша көптеген техногенді, табиғи апаттар адамдарда экстремалды мінез-құлықтарды қалыптастырып, көтеріліске, бүлікке, жанжалға

әжелуі мүмкін. Сондықтан да төтенше жағдайлар болған немесе қаупі бар аймақтардағы халықтың әлеуметтік көңіл-күйін кешенді әлеуметтанулық зерттеу аса маңызды.

Төтенше экстремалды жағдайларды зерттеу ежелгі грек ғалымдары Гераклит, Аристотель, Платон [3], орта ғасырда Дж. Бруно, Н. Кузанский [4], жаңа ғасырда Лейбниц [5], Гегель [6], т.б. еңбектерінен бастау алады. Бұл құбылысты жан-жақты қарастыру тек XX ғасырда экзистенциализм өкілдері К. Ясперс, Н. Бердяев [7], М. Хайдеггер [8] еңбектерінен жалғасын тауып, бифуркация және катастрофа теориясы өкілдері Д. Аламбер, Ж. Кювье, М. Фуко [9], Р. Том [10] еңбектерінде, жаңа заманда инвайренментализм мен метаболизм бағытының өкілдері О. Яницкий [11], Ю. Бек [12], В. Рукавишников [13], М. Лисаускене [14], А. Волман [15], М. Фишер-Ковальски [16], Х. Хаберл [17], т.б. еңбектерінде әр қырынан қарастырылды.

Төтенше жағдайларда және климаттық өзгерістерде әлеуметтік-экологиялық жүйенің тұрақтылығы мен «әлеуметтік қорғансыздық» мәселесін қарастыратын қазіргі шетелдік зерттеушілер Ф. Миллер, Х. Осбахр, Е. Войд, Ф. Томалла, С. Зиервогель [18], Дж. Хинкел [19], Н. Адгер [20], Ж. Биркман [21], Ф. Антуи-Агией, А. Доужилл, Е. Фразер, Л. Стринжер [22], т.б. еңбектері мәнді болып табылады.

Төтенше жағдайлардағы адамдардың әлеуметтік өзін-өзі сезінуін әлеуметтанулық тұрғыдан зерттеу барысында теориялық және методологиялық талдауда «көңіл-күй» түсінігі қолданылады. Әлеуметтік көңіл-күйдің психологиялық, әлеуметтік-философиялық, саяси және әлеуметтанулық бейнесінің тікелей және жанама көрінісі батыс ғалымдары Е. Диенер, С. Ойши, Р.Е. Лукас [23], Р.М. Риан, Е.Л. Деки [24], Рифф [25], А.С. Ватерман, С.Ж. Замбоанга, Р.Д. Раверт, М.К. Уиллиамс [26], С.Л. Кейес [27] еңбектерінде қарастырылған.

Кеңес және ресей ғалымдары В.Г. Крысько, Н.Е. Симонович [28], В.Г. Шуметов, Г.М. Орлов, О.В. Лясковская [29], А.А. Русалинова [30], Е.В. Давыдова [31], Л.Е. Петрова [32], Л.Ф. Рубина [33], В.А. Бурко [34], И.В. Охременко [35], Т.Н. Юдина [36], Я.Н. Крупец [37], Ж.Т. Тощенко, С.В. Харченко [38], О.А. Хасбулатова, Л.С. Егорова [39], Н.Я. Лепешкин [40], Н.Л. Баталова [41], С.О. Лебедева, М.О. Пучкова [42], А.Л. Стризое [43], Л.И. Михайлова [44], Т.Б. Сергеева [45], Е.И. Головаха, Н.В. Панина [46], В.М. Чугуенко, Е.М. Бобков [47] еңбектерінде әлеуметтік өзін-өзі сезіну қоғамның әлеуметтік құрылымындағы әр түрлі топтардың психологиялық, әлеуметтік жағдайы негізінде талданған.

Қазақстан қоғамындағы әлеуметтік өзін-өзі сезінуді әр түрлі әлеуметтік топтар негізінде қарастырған ғылыми еңбектер кездеседі. Атап айтқанда, Қазақстан қоғамының әлеуметтік дамуын әлеуметтік өзін-өзі сезіну, өмірге қанағаттанушылық көрсеткіштерімен қарастырылатын Г.С. Абдирайымова, А.В. Веревкин, Г.Т. Алимбекова [48], О.Ж. Муканова [49] еңбектерінде, инвайренменталдық әлеуметтанудың ғылыми бағыт ретінде қалыптасуының өзекті мәселелері К.Ү. Биекенов, Р.Б. Крылдакова [50] еңбектерінде, әлеуметтік

индикаторлардың объективті және субъективті аспектілері Г.А. Кенжакимова еңбектерінде [51], халықтың төтенше жағдайлардағы өмірге төзімділігін арттырудағы қоғамдық ұйымдардың рөлі Н.У. Шеденова, А. Байгерееваның еңбектерінде [52], халықтың төтенше жағдайлардағы әлеуметтік көңіл-күйі Г.О. Абдикерова, М.С. Садырова зерттеулерінде [53], Қазақстандағы төтенше жағдайлардың сипаттық белгілері, апат орын алған аймақтардың әлеуметтік географиялық, климаттық ерекшеліктері А.А. Нұрмухаметова [54] еңбектерінде қарастырылған.

Тұтасымен алып қарағанда, халықтың төтенше жағдайлардағы әлеуметтік көңіл-күйінің қоғамның тұрақты дамуына мүмкіндік беретін субъективтік аспектілері, потенциалы немесе керісінше үйлесімділікке теріс ықпалы толығымен зерттелген жоқ.

Зерттеу объектісі: Қазақстанның табиғи жағынан қауіпті болып есептелетін апат аймағында төтенше жағдайларды басынан өткеріп отырған түрлі әлеуметтік қауымдастықтар мен топтарды құраушы жергілікті халық.

Зерттеу пәні Қазақстанның шығыс аймағындағы жергілікті халықтың төтенше жағдайлардағы әлеуметтік көңіл-күйіне кешенді эмпирикалық зерттеу жүргізу арқылы әлеуметтік өзін-өзі сезінуді қоғамның тұрақты түрде дамуына әсер ететін әлеуметтік-психологиялық фактор ретінде бағалап, оның субъективті өлшем сапасындағы потенциалын жан-жақты негіздеп көрсету.

Диссертациялық жұмыс мақсаты төтенше жағдай қиындықтарын басынан өткерген адамдардың әлеуметтік өзін-өзі сезінуінің ерекшеліктері мен сипатын әлеуметтік бағалау индикаторларын өңдеу, төтенше жағдай туындағанға дейінгі, төтенше жағдай уақытындағы және аяқталғаннан кейінгі әлеуметтік мінез-құлқының стратегияларын қарастыру, халықтың әртүрлі топтарына қатысты әлеуметтік саясатты жақсарту үшін жергілікті билік органдарына ұсыныстар беру.

Жұмыстың мақсаты мен құрылымы келесідей **міндеттердің** жиынтығы мен шешімдерін анықтайды:

- төтенше жағдайлардың құрылымын, әлеуметтік сипатын, себептері мен салдарларын есепке ала отырып, типологиясын жасау;

- «әлеуметтік өзін-өзі сезіну» категориясына әлеуметтанулық тұрғыдан анықтама беру және оның төтенше жағдайлардағы ерекшелігінің әдіснамалық және әдістемелік тұрғыдан зерттелуіне кешенді талдау жүргізу;

- әлеуметтік өзін-өзі сезінуге әсер ететін әлеуметтік-мәдени факторларды сипаттау және олардың позитивті потенциалын төтенше жағдайларда тиімді пайдалану жолдарын ұсыну;

- қоғамдағы адам потенциалын бағалаудағы әлеуметтік өзін-өзі сезінудің субъективті индикатор ретіндегі мүмкіндігіне құрылымдық, факторлық, сипаттамалық талдау жасау;

- мемлекеттік жергілікті органдардың төтенше жағдайлар аймағында орналасқан халыққа қатысты әлеуметтік саясатын жетілдіруге қажетті іс-шаралар жүйесін топтастыру;

- әлемдік және отандық тәжірибелерді тиімді пайдалану арқылы төтенше жағдайларда адамның потенциалын толық жұмылдыруға мүмкіндік беретін мінез-құлық стратегияларын апатты жағдайларда алдына қоятын мақсат-міндеттеріне сай топтастырып, классификациясын беру;

- нақты төтенше жағдайды бастан кешірген халықтың әлеуметтік көңіл-күйін зерттеу арқылы түйткілді тұстарды айқындап, жергілікті аймақтағы мемлекеттік, мемлекеттік емес ұйымдардың, кәсіпкерлердің және тұрғылықты халықтың осы күйзелістерден шығудағы өзара әлеуметтік ынтымақтастығын қалыптастыру.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері:

Диссертациялық зерттеу диалектиканың негізгі принциптеріне (өзара байланыс, даму, қатынас), сонымен бірге, жүйелік амал және құрылымдық-функционалдық талдауға негізделеді.

Зерттеудің негізгі әдістері болып теориялық талдау, модельдеу, мәселелік-хронологиялық әдіс табылады. Сонымен бірге, жалпы танымдық әдістер (талдау, синтез, индукция, дедукция), спецификалық ғылыми әдістер: әлеуметтанулық ақпарат жинау (құжаттарды талдау, тереңдетілген сұхбат, анкета) және статистикалық (корреляциялық талдау әдісі), формалды-логикалық (классификация жасау, типтестіру және топтастыру) әдістер қолданылды.

Мемлекеттік баяндамаларды, нормативтік құжаттарды, заңдарды, мемлекеттік қаулылар мен бағдарламаларды қарастыруда құжаттарды талдау әдісі кеңінен орын алды.

Диссертациялық зерттеудің ақпараттық базасын Қазақстан Республикасының статистика агенттігінің ақпараттары, ҚР төтенше жағдайлар жөніндегі комитетінің мәліметтері мен есептері, ҚР Президентінің халыққа жолдаулары, Қазақстан Республикасының заңдары құрады.

Диссертациялық зерттеудің эмпирикалық базасын автордың 2014 жылдың қыркүйек айында «Аймақтардағы төтенше жағдайлардан келетін қауіптің халықтың әлеуметтік өзін-өзі сезінуіне әсері» тақырыбында табиғи апатты басынан өткерген Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы тұрғындарына жүргізілген қолданбалы әлеуметтанулық зерттеу мәліметтері құрайды. Эмпирикалық мәліметтер нақты әлеуметтанулық зерттеудің анкета және эксперттік сұхбат әдістерін қамтитын (сандық және сапалық) әдістер кешеніне негізделді. Зерттеу мақсаты төтенше жағдайды басынан өткерген халықтың әлеуметтік көңіл-күйін білу мен төтенше жағдайлардан келетін қауіпті сезінуін бағалау болып табылды. Жүргізілген сауалнамаға 320 респондент қатысты. Зерттеу 18-72 жас аралығындағы түрлі жас ерекшелік топтар арасында жүргізілді. Бұл аймақтың зерттеу полигоны ретінде алынуы бірнеше себептермен анықталады: біріншіден, Шығыс Қазақстанның табиғи-климаттық жағдайының әр түрлілігі оның территориясында төтенше жағдайлардың жиі орын алуына себепкер болады; екіншіден, үлкен қауіптілікке ие және әр түрлі апаттар жиі орын алып тұратын аймақ халқында апаттарға ерекше қатынас қалыптасады; үшіншіден, стихияны басынан өткерген халықтың әлеуметтік

өзін-өзі сезінуін өлшеу төтенше жағдайлардың алдын алу немесе салдарын жою кезінде туындайтын әр түрлі мәселелерді шешуге әсер етеді. 2016 жылдың наурыз айында осы мәселе бойынша түрлі мамандық иелерінен тұратын эксперттермен тереңдетілген сұхбат өткізілді. Эксперттер құрамы төтенше экологиялық апат аймақтарындағы халықтың мәселелерін жақсы білетін мемлекеттік, мемлекеттік емес ұйым мамандарынан, бизнес өкілдерінен және осы мәселелерге қатысты ғылыми зерттеулер жүргізген ғалымдардан құралды.

Сонымен бірге, диссертациялық жұмыста шетелдік және отандық зерттеушілердің ғылыми еңбектері, монографиялары, мерзімді баспасөз мәліметтері, сөздіктер, статистикалық жинақтар, сондай-ақ, зерттеу мәселесіне қатысы бар жеке жұмыстар қолданылды.

Зерттеудің жаңалығы болып зерттеудің мақсаты мен міндеттерінде айтылғандай, оның өзектілігі мен аз зерттелгендігі табылады. Әсіресе, отандық әлеуметтану ғылымында төтенше жағдай орын алатын аймақтардағы халықтың көңіл-күйін өлшеу әлеуметтанулық зерттеудің пәні ретінде алғаш рет қарастырылуда.

Зерттеу шеңберінде келесідей **ғылыми жаңалықтар** алынды:

- табиғи төтенше жағдайларды пайда болу орнына, сипатына, ерекшелігіне, түрлеріне, кезеңдеріне қарай топтастырып, олардың әлеуметтік салдарларына құрылымдық, факторлық және ситуациялық әлеуметтанулық талдаулар жасалынды;

- «әлеуметтік өзін-өзі сезіну» категориясына әлеуметтанулық тұрғыдан авторлық анықтама беріліп, оның төтенше жағдайлардағы ерекшелігіне теориялық, эмпирикалық және қолданбалы зерттеулер жүргізілді;

- халықтың әлеуметтік өзін-өзі сезінуін сипаттауға әсер ететін әлеуметтік-мәдени факторлар қарастырылып, оларды төтенше жағдайларда тиімді қолдану жүйесі ұсынылды;

- мемлекеттің төтенше жағдайларда халықты әлеуметтік қорғау саясаты саласындағы іс-әрекеттер жүйесі талданып, оны жетілдіруінің негізгі жолдары көрсетілді;

- әлеуметтік көңіл-күйдің адамның өз өміріне қаншалықты қанағаттанатындығын бағалауға мүмкіндік беретін субъективті индикатор ретіндегі рөлі мен маңыздылығы дәлелденді;

- әлеуметтік топтардың төтенше жағдайларда нәтижелі әрекет етуіне мүмкіндік беретін мінез-құлық стратегиялары жасалды;

- табиғи төтенше жағдайды басынан өткерген Тарбағатай ауданы (ШҚО) тұрғындарының әлеуметтік көңіл-күйін зерттеу нәтижелері негізінде қоғамның барлық салаларын ортақ мақсатқа жұмылдыру үшін қажетті нақты іс-шаралар жүйесі ұсынылды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

- Төтенше жағдайлар белгілі бір аймақтағы халықтың өмір сүруіне қауіп төндіретін табиғи құбылыстар, катастрофалар, стихиялық немесе басқаша түрде болатын апаттар түрінде көрініп, халықты материалдық шығындарға, моральдық-психологиялық күйзелістерге ұшыратып, денсаулықтарына залал

келтіретін және адам құрбандығына алып келетін ситуацияларды тудырады. Орын алған төтенше жағдайлардың көлемі, сипаты, залалдары апат алдындағы жағдайлар арқылы анықталады. Сонымен қатар, тікелей апат уақыты және апаттан кейінгі кезең катастрофаның әлеуметтік-мәдени, экономикалық, өндірістік, психологиялық, демографиялық процестерге тигізетін деструктивті әсерлерін шын мәнінде анықтауға мүмкіндік береді.

- Әлеуметтік өзін-өзі сезінуді жеке адамның немесе әлеуметтік топтың көңіл-күйін әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық, рухани-моралдық, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан кешенді сипаттауға мүмкіндік беретін әлеуметтанулық ұғым ретінде анықтай отырып, төтенше жағдайлардағы әлеуметтік өзін-өзі сезінуді психологиялық стрестік жағдайлар, әлеуметтік күйзелістер, материалдық шығындардың шамадан тыс күшеюі сияқты экстремалдық ситуациялардың әсерімен қалыптасатын адамдардың әлеуметтік-психологиялық көңіл-күйі сапасында сипаттауға болады.

- Қоғамды әлеуметтанулық тұрғыдан бағалауда әлеуметтік өзін-өзі сезінуді анықтайтын төрт түрлі индикаторлар топтамасы ұсынылды: әлеуметтік қамтамасыз етілу; әлеуметтік қорғалу; әлеуметтік-психологиялық сезіну; қанағаттану және әлеуметтік күтулер.

- Төтенше жағдайларды тиімді шешуде өркениетті қоғамдардың тәжірибелері негізінде бұқаралық ақпараттар мүмкіндіктерін, желілік коммуникациялық технологиялардың жетістіктерін тиімді түрде қолдануға бағытталған Қазақстан үкіметінің инновациялық ақпараттандыру стратегиясын; мемлекеттік, азаматтық және бизнес секторларының өзара ықпалдастығын қалыптастыруға бағытталған тең секторлық серіктестік стратегиясын; тәжірибе алмасу мақсатында экологиялық бағыттағы халықаралық ұйымдармен, бірлестіктермен қарым-қатынас орнатуға, ынтымақтастықты жетілдіруге бағытталған жаһандық жағдайдағы мемлекет аралық интеграция стратегиясын тұрақты түрде дамыту қажеттілігі туындайды.

- Мемлекеттік жергілікті органдардың төтенше жағдайлар аймағында орналасқан халықтың апатты жағдайларға дейінгі, кезіндегі және кейінгі кезеңдердегі мінез-құлықтарын белсенді етуге, ортақ мақсаттарға жұмылдыруға негізделген экономикалық, әлеуметтік, рухани, мәдени, іс-шаралар жүйесі әлеуметтік саясатты жетілдірудің негізін қалайды. Осы мақсатқа сәйкес аймақтық жергілікті мемлекеттік, азаматтық және бизнес ұйымдардың белсенділігін дамытуға бағытталған инициативті әлеуметтік бағдарламалардың рөлі зор.

- Әрбір халықтың этникалық, діни, әлеуметтік, демографиялық, жыныстық ерекшеліктеріне негізделген құндылықтары арқылы әлеуметтік топтардың төтенше жағдайлардағы мінез-құлқының тиімді стратегияларын өзектендіру қажет. Қазақстанда тұратын әр түрлі этностардың, сонымен қатар, титулды ұлт ретінде қазақ халқының дәстүрлі түрде қалыптасқан рухани-мәдени құндылықтарының потенциалын тиімді қолдану апатты жағдайларда жалпы қоғам деңгейіндегі өзара көмек пен қолдауға, ынтымақтастыққа

негізделген интеграциялық; постиндустриалдық өркениеттік сананың қалыптасуын бейнелейтін, халықты өзіндік жауапкершілікке бағыттайтын белсенді адаптациялық; күйзелістер мен дағдарыстарды басынан кешіріп отырған адамдарға қолдау көрсету мақсатында мамандар мен еріктілердің азаматтық позициясы тұрғысынан саналы түрде араласуын көрсететін интервенциялық мінез-құлық стратегиялары мемлекеттің тұрақты дамуының кепілі болып табылады.

Зерттеудің теориялық мәнділігі төтенше жағдайларда халықтың әлеуметтік өзін-өзі сезінудің концептуалды моделін жасаумен сипатталады, онда аталған феноменнің әлеуметтанулық түсіндірмесі беріледі.

Зерттеудің тәжірибелік мәнділігі өзіндік әлеуметтанулық зерттеу негізінде алынған нәтижелер мемлекеттік, қоғамдық ұйымдар мен бизнес құрылымдардың өзара әрекетін жетілдіру, халықты әлеуметтік қорғау іс-шараларын, халықтың аталған ситуацияға дайындығын жақсарту үшін қолдануға болатындығымен анықталады. Жұмыстың материалдарын табиғатты қорғау және халықтың денсаулығын сақтау бойынша ғылыми-әдістемелік құралдар жазуда, «Әлеуметтік апаттар мен дағдарыстар теориясы», «Әлеуметтанудағы әлеуметтік қауіпсіздік», «Әлеуметтік экология» пәндерінен дәрістер мен семинарлар өткізуде қолданылуы мүмкін.

Жұмыстың апробациясы және жариялануы: Диссертациялық зерттеудің нәтижелері әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының мәжілісі мен ғылыми-әдіснамалық семинарында талқыланды. Диссертациялық жұмыстың негізгі мазмұны, идеялары мен тұжырымдары 13 ғылыми мақалада жарияланды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы министрлігінің Білім және ғылым саласын бақылау журналдарында 4 мақала; Scopus компаниясының деректер базасына кіретін халықаралық журналда 1 мақала; халықаралық конференцияларда 8 мақала, соның ішінде, 2 мақала шетелдік конференцияларда жарыққа шықты. Диссертациялық зерттеудің негізгі идеялары, тұжырымдары мен қорытындылары келесі ғылыми конференцияларда талқыланды:

1. Түркітілдес елдер дамуының ұлттық стратегиялары» атты Түркітілдес елдері әлеуметтанушыларының V Конгресі мен «Қазақстан-2050» стратегиясы: қоғамның әлеуметтік дамуы» атты Қазақстан әлеуметтанушыларының V Конгресі аясындағы өткен Қазақстан жас әлеуметтанушыларының II форумының материалдары. – Алматы, 2014.

2. «Қазақстандық психология: өткені, бүгіні, болашағы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. – Алматы, 2013.

3. Социологический анализ социального самочувствия населения. «Қазақстан-2050» стратегиясы: Қоғамның әлеуметтік дамуы» атты Қазақстан әлеуметтанушыларының V Конгресі материалдар жинағы. – Алматы, 2014.

4. «Жастар ғылымда: мәселелер мен перспективалар» атты жас әлеуметтанушылар мен әлеуметтік қызметкерлердің көктемгі сессиясы мақалалар жинағы. Алматы, 2014.

5. Material of international conference “Science: Integrating theory and practice”. ISET, Bozeman, MT, USA, 2014.

6. «Қазақстандағы ғылымның қажеттілігі және инновациялық даму» VIII Халықаралық ғылыми конференциясы мақалалар жинағы, – Алматы, 2014.

7. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті күніне арналған Астаналық әлеуметтанулық форум материалдарының жинағы, – Астана, 2014.

8. 6th International multidisciplinary scientific geoconferences & expo SGEM2016, – Bulgaria, 2016.

Диссертацияның құрылымы. Диссертациялық жұмыстың құрылымы қойылған мақсаттар мен логикаға байланысты анықталды. Жұмыс кіріспеден, екі бөлімнен (жеті бөлімшеден), қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

1 ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗІН-ӨЗІ СЕЗІНУІН ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ

1.1 Төтенше жағдайлар классификациясы: сипаттық ерекшеліктері, пайда болу факторлары мен әлеуметтік салдарлары

Адам санасының дамуында төтенше оқиғалар адамдардың өміріне және денсаулығына, олардың іс-әрекетіне, тіршілік ортасына қауіп төндіретін қандай да бір кездейсоқтық және экстремалдылық ретінде қарастырылды. Сондықтан, мұндай оқиғалар адамдардың өмірі және іс-әрекеті үшін нормадан ауытқушылықтың салдарынан да, өмірлік іс-әрекетте әдеттегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жағдайды қалпына келтіру үшін де «төтенше жағдай» статусына ие болады.

Мұндай жағдайлардың (аз және ірі масштабты) «негативті салдарының эффектісі» жоғары болғандықтан, бұл оқиғаны «төтенше жағдай» деп бағалаудан басқа мүмкін емес. Оларды ерекше феномен ретінде қарастыра және талдай отырып, ««экстремум», «экстремалдылық», «экстремалды (төтенше) жағдай» сияқты түсініктермен бейнеленетін спецификалық топтарға бөледі. Дәл осы феномендер адамдардың өмірі және олардың тіршілік ортасына қауіп-қатер төндіреді, олардың өмір сүруінің қалыптасқан тұрақты қауіпсіздік жүйесін бұзады. Соған орай, бұл құбылыстар «саналы адамның» ерекше назарына ілінді және оларды ғылыми зерттеу мен түсінуге ынталандырды.

«Экстремум» түсінігі (лат. *extremum* – соңғы, шегіне жеткен) антикалық ғылым кезінде пайда болған, ол заттардың өмір сүруінің ең соңғы шегін көрсетеді. Экстремумдар заттардың өмір сүруінің шегін сипаттайтын өзіндік феномен ретінде қабылданды. Теориялық мағынада бұл түсінік жағдайды, процесті және құрылымды сипаттайтын қандай да бір шама, ең шекті соңғы (шартты түрде – минималды және максималды) мәнге ие болады. Бұл шектер және мәндер өз-өзімен болып қалуды тоқтатады да, басқа түрге айналады. Бұл өзгерістің экстремалды формасы адамның осы ерекше «шекаралы» қауіптерде және өміріне қатерлі салалардағы белсенділігін реттейтін экстремалды принциптерге сүйенеді.

Диалектиканың негізін қалаушы Гераклит «өлшем – бұл қуаныш пен қайғы, сәттілік пен қолайсыздық, жүгенсіздік және жуастық – барлық тіршілік етуші: адам өмірі де, стихиялы күш ойыны да, тіпті космостың өзі бағынатын ритм және тәртіп. Өлшемнен алыстау, оны бұзу дисгормония жағдайына, бір жақтың басқасына салыстырмалы үстемдігіне... қарама-қарсы жақтың тепе-теңдігінің бұзылуына... және соңында затқа айналуына әкеледі» деп көрсетеді [55, 79 б.]. Бір жақтың басқасына шектен тыс үстемдігі үйлесімділіктің бұзылуына және заттың жоғалуына себеп болады. Заттардың тұрақтылығы мен бекемдігі уақытша және шартты болып келеді. Заттар мен процестер белгілі бір шекарада өлшемге сәйкес бір-бірін ауыстырады. Тек өлшем ғана, оны білуге және оның заңдылықтарын сақтау арқылы саналының барлық басқа стихияларды, жүгенсіздер мен санасыздарды жеңуіне әкеледі. Гераклит

экстремалдылық мәнін өзгеріс формасы ретінде қарастырып, оның объективті мазмұнына осылай сипаттама берген.

Экстремалдылық мәселесіне Платон да көңіл аударған. Оның «Филеб» диалогында экстремалдылықтың мәні «субъективті мазмұнда», «қалыптасушылар көп және аз», қабылдаушылар «күшті», «әлсіз» және «шектен тыс» деп қарастырады. Бұдан кейінгі «шектеулі және шексіз» категориялар туралы пайымдауларында экстремалдылықты жоғары шектеулік және шексіздің әр түрлілігі ретінде сипаттайды. Сонымен бір уақытта Платон «шектеулілік» адам үшін «өлшем» болып саналады деп көрсетеді.

Аристотель де экстремалдылық мәселесіне ерекше назар аударған. Оның «Метафизика» трактатында «экстремалдылық» барлық тіршілік етуші диалектиканың принципі бір тараптарды сипаттайтын өзекті категория ретінде терең мағыналанған [3, б. 41]. Аристотель мен оның ізін қуушылар экстремалдылықты табиғи ретінде және тіпті заттардың шынайы өмір сүруінің біртұтас формасы ретінде қарастырады. Экстремалдылық сонымен бір уақытта, табиғат ұмтылатын басты соңғы себеп және соған орай, оның әмбебап заңдарының бірі болып табылады немесе бізді қоршаған сезімдік әлемді жою мен пайда болудан тұрады.

Өз уақытындағы нақты тәжірибелік міндеттерге байланысты бұдан ары дами және ториялық мазмұнын байыта отырып, экстремалдылық мәселесі ғалымдардың назарынан орта ғасырда да тыс қалмады. Оның философиялық талдауын Николай Кузанскийдің «Экстремум теориясынан» және ізін жалғастырушы Джордано Бруно идеяларынан көреміз.

Н. Кузанскийдің дүниеге көзқарас туралы пантеистік концепциясында алғаш рет оның теологиялық көзқарасы тұрғысында экстремалдылық принципін жаратылысты және тіршілікті тану принципі ретінде, нақты заттық формалар мен іс-әрекет құбылыстарының ауысуы ретінде қолдану қажеттілігіне негізделді. Оның антикалық ойы бойынша, экстремалдылық арқылы Алла тағала абсолютті шексіз максимум ретінде «жасаған» нақты әлемнің сан алуандылығы пайда болады. Сонымен бір уақытта ақиқатты «жасаудың» негізгі принципі деп шектеудің экстремалды принципін көрсетеді. Барлық тіршілік етушілер, әрбір заттар мен құбылыстар өздерінің тіршілігінде өзінің болмысының экстремумы ретінде максимум мен минимум арасында болады [4, б. 18].

Қайта өрлеу дәуірінің белгілі өкілі Джордано Бруно экстремумның философиялық теориясына табиғи-ғылыми сипат берді. Ол «зат табиғатының терең құпияларына санамызды бойлатуды аз немесе көп зерттеп ғана қоймай, сонымен бірге, соңғы шекті жағдайларды да зерттеу қажет. Экстремалды принципті қолданбай физик те, математик те, философ та жұмыс жасай алмайтындығын» көрсетеді.

Экстремалдылық принципін келесі ғылыми негіздеу танымдық және тәжірибелік іс-әрекет үшін де әр түрлі идеалистік, теологиялық спекуляцияның сыни талдауы айналасында жүзеге асады.

Жаңа заманда экстремалдылықтың мәні, объективті мазмұны және негізгі

принциптері туралы ғылыми ойлар Г. Лейбництің табиғи-ғылыми идеяларымен байыды. Ол ұсынған монадология әлем құбылыстарының өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі дамуы туралы ілімі бір сапалы жағдайдың өзін-өзі ұйымдастыру процесімен басқаға ауысуы, өзгерістердің түбірлі сапалық өзгерістерден қашып-құтылудың мүмкін еместігін көрсетеді, сонымен бірге, мұндай процестерді күшейту бір бағытты, яғни сызықты сипатта болмайтындығына алғаш рет назар аударған. Түбірлі қайта құрылымдану динамизмі бұдан арғы өзгерістерге көптеген мүмкіндік береді. Сондықтан да, сол кезеңнің өзінде Лейбниц экстремалды процестердің негізгі бір заңдылықтарын даналықпен көрсеткен – түбірлі өзгерістердің сызықты болмауы, «шектік» жағдайға өтудің қиындығы және осы сапалы қайта құрылымдаулардың көп түрлілігі [5, с. 32].

Экстремалдылықтың мәні және объективті мазмұны туралы ғылыми ойлардың бұдан ары дамуы Г. Гегельдің философиялық пайымдауларымен байланысты. Гегель экстремалды жағдайды арнайы бөліп көрсетпесе де, оның «сапа», «сан», «қозғалыс», «өлшем» және басқа да маңызды ұғымдары диалектикалық ауысудың мәнін түсінуге көмектеседі.

Болмыс дамуының іргелі, жалпыға ортақ диалектикалық заңдарының сипатын, тұрмыс, ойлау, табиғат пен қоғамның шынайы процестеріндегі шынайылық пен мүмкін, шынайы мен кездейсоқ, кездейсоқ және қажеттілік арасындағы диалектиканы негіздей отырып, Гегель олардың дамуының әмбебап терең заңдылықтарын зерттеді, бұл экстремалды өзгерістердің мәнін түсіндіруде өзекті болып табылады.

Г. Гегель диалектикалық түсінікке «өлшем, шама» және оның шегі категорияларын енгізді. Оның ойынша, барлық заттардың өлшемі болады, яғни, сандық анықтылық және олар үшін оның үлкен немесе кіші болуы маңызды емес, бірақ, сонымен бір уақытта, бұл немқұрайлылықтың өзінің шегі бар, ол бұзылған жағдайда заттар өз мәнін жоғалтады. Сондықтан да, оның көзқарасы бойынша, өлшем интервал немесе диапазон, оның шекарасында заттар және құбылыстар өзгере отырып, өздерінің сапалық және сандық параметрлерін сақтайды.

Г. Гегель сандық өзгерістердің жиналуы бір сапалық жағдайдан басқаға өтуіндегі секіртпенің қажетті жағдайы болып табылатынын көрсетті.

Сол сияқты, экстремалды өзгерістер жарылғыш сипатқа ие және секірмелі формада жүзеге асады. Сондықтан да, экстремалды процестердің мәнін түсіну үшін Гегель енгізген «секіртпе» философиялық категориясы сандық өзгерістердің өлшем шегінен шығуын, ескі сападан жаңаға өтуін көрсететін қиын процесті сипаттайды. Екі процестің қиын шиеленесуі секіртпенің мәні болып табылады, яғни, ескі сапаның жоғалып, жаңаның пайда болуы, сапа мен санның жаңа бірлігінің қалыптасуы. Объектінің тұрақтылығын, біртұтастығын бұзуға бағытталған күштер мен тенденциялар осы тұрақтылықты сақтауға әсер ететін күштерден басым түсуі секіртпенің мазмұнын ашады.

Шама шегіне жақындағанда консервативті жақтардың: ескі сапа және үдемелі сандық өзгерістердің арасында сәйкес келмеушілік өседі. Шаманың шегінен шыққан кезде қарама-қарсылықтың (сан және сапа) ескі бірлігінің

секіртпесі, қирауы болады да, жаңа сапаға өтеді, жаңа сапа мен санның бірлігі пайда болады.

Экстремалдылықты түсіну үшін философиялық категория «теріске шығару» әдістемелік мәнге ие. Гегель теріске шығаруды тік сызықты «фазалық траектория» бойынша емес, эллипстік спираль бойынша жүзеге асатын жалпыға ортақ даму формасы ретінде қарастырады.

«Теріске шығару» түсінігі мен жоғарыда аталған «секіру» категориясының тығыз байланысты екендігін ескеру қажет. Бұл түсініктер жақын болып келсе де, оларды ажырату қажет. Секіру – ескі сападан жаңаға, бір өлшемнен екіншісіне ауысу. Теріске шығару процесі секіруге дейін ескі өлшем шеңберінде басталады да, одан кейінгі жаңа өлшем шеңберінде де жалғасады. Басқаша айтқанда, теріске шығару ұзақтығы процесс ретінде секіру процесіне қарағанда ұзағырақ болады.

Теріске шығару мен секіру айырмашылығы төтенше жағдайлар мен апаттардың пісіп-жетілуі және күшеюін, яғни, апаттық фазамен бірге, апат алдындағы және апаттан кейінгі фазаны зерттеу кезінде ерекше мәнге ие [5, с. 18]. Бұл жерде теріске шығару экстремалды кезеңге дейінгі секіру болмаған кезеңде басталатынын айтуға болады. Өз кезегінде секіру экстремалдылықтың өршу апаттық фазасымен сәйкес келеді.

Шынайылықтың шынайы процестерінің «тұрақтылықтан тұрақсыздыққа» өзгергіштігін, сонымен қатар, экстремалдылықты осы шынайылықтың ерекше жағдайы ретінде атай келе, Гегель болмыстың өзгерісі бір көлемнен басқаға ауысу ғана емес, алдыңғымен салыстырғанда ерекше нәрсенің қалыптасуы деп көрсетеді [56]. Кез келген процесс белгілі бір шекке дейін дамиды, бұл өлшемді білдіреді. Гегель табиғат математикасын мәні бойынша өлшемдер туралы ғылым болуы керек деп атап өтеді [6, с. 17].

Экстремалды процестер мен жағдайлардың пайда болуында кездейсоқтық мәні ерекше қарастырылады. Кездейсоқтықтың екі түрі назарға алынады. Бірі тобырлық процеске өзара сіңісе және белгілі бір заңдылықтардың пайда болуына әсер ете отырып, қажеттіліктерді іске асыру рөлін атқарады. Кездейсоқтықтың екінші түрі бұл процеске жат болса да, оған сырттан басып кіреді, кей жағдайда қатерлі түзетулер енгізеді. Шынайы процестердің осындай қозғалысында біз шынайылық және мүмкіндікпен, кездейсоқтық және қажеттілікпен кездесеміз.

XX ғасырда адамдардың экстремалды жағдайларда өмір сүру мәселесі экзистенциализм мектебінің маңызды мәселелерінің бірі болды. Экзистенциализм өкілдері XX ғасырдағы әлемдік соғыстар, адамдарды жаппай құрту, тоталитарлық режимдер қоғамның либералды-демократиялық құрылымы моделін теріске шығаруы, қоғамның адам тұлғасын құрбан етуі сияқты көптеген әлеуметтік катаклизмдерге гуманистік көңіл аударды. Сондықтан да, экзистенциализм қазіргі уақыттағы экстремалдылықтың тікелей пайда болуына әсер етті деуге болады, яғни, философиялық санада қоғамдық және индивидуалды болмыстың катастрофаға ұшырауының көрінісі.

Өнерге қарағанда, философия мен ғылым әлемді абстрактілі, жалпы және

шекті түсініктермен ұғынады. Соған орай, экзистенциализм – дүниетанымның ерекше, рационалды-сыни түрі, ол спецификалық, тіптен экстремалды тілде (өлім қорқынышы, эмоционалды стресс, шекаралы жағдай, моральдық, интеллектуалдық және физикалық апат болудың шегі және т.б.) көрініс береді.

Экзистенциализмнің ертедегі қайнар көздерінің өзінде (С. Кьеркегор, Ф. Ницше, Х. Ортега-и-Гассет және т.б.) адамның қорқыныш және қажу сияқты жағдайларына ерекше мән берілген. Бұл мәселелер экзистенциализмнің «адамның аномалды әлемде өмір сүруі» тұжырымына негіз болған. Сондықтан да, экзистенциализмнің басты мәселелерінің бірі «экстремалды жағдайдағы адам» болып табылады. Экзистенциализмнің антропологиялық позициясы оны қазіргі әлеуметтік экстремологиямен жақындастырады, өйткені, бірінші және екінші жағдайда да, ғылыми зерттеудің объектісі болып субъект (яғни, адамның өзі немесе белгілі бір социум) және оның айналасының әсерімен өзгеріске ұшырайтын ортасы, олардың қатысуымен болатын табиғи, техногенді және социогенді төтенше жағдайлар табылады.

Осы жағдайда адам моральды, интеллектуалды немесе физикалық апат шегінде болады. Адамның осындай төтенше, аномалды, қиын «шекті жағдайға» ұшырауы адамның экзистенциалды мәнін ашады. Бұл экзистенция әрқашан, күнделікті өмірде де адам өмірінің терең қабаттарында жасырынып жатады, әрбір адамның, оның өмірінің жалғыздығын және бірегейлігін көрсетеді. «Экзистенцияның парадоксы» келесіден көрінеді, егер кәдімгі жағдайда ол өзінің жүзеге асуы үшін аз мүмкіндігі (ол нормалармен, дәстүрлермен, дағдылармен, т.б. жаншылған) болса, ал экстремалды «шекті жағдайларда» бұл нормалар, дәстүрлер, дағдылар апатты түрде бұзылады, экзистенция күнделікті өмірінде жасырын болатын адамның шынайы мәнін анықтай отырып көрінуі мүмкін.

Экзистенциализмнің түрлі өкілдері шекті жағдайды әр қилы анықтайды. М. Хайдеггер үшін бұл экзистенциалды қорқыныш, ол күнделікті тұрмыстағы өмірін немесе өмірлік игілікті жоғалтудан қорқумен байланысты емес, ол адам өз өмірін және өмірлік игіліктерін өз еркімен қиюға дайын болатын жағдайларды таба алмау қорқынышы [8]. К. Ясперс үшін бұл ауру, күнә, өмірлік қауіп, т.б. Ж.П. Сартр үшін бұл барлық күтулердің негізсіздігі сезімі; кез келген тәжірибелік бастамалардың мәнсіздігі сезімі.

Шекті жағдайлар өзінің мәні бойынша, экстремалды жағдайды адамның индивидуалды болмысы деңгейінде көрсетеді және олар әлеуметтік дағдарыс, жанжал жағдайында пайда болады. Егер кәдімгі жағдайда адамда өзінің нәзік индивидуалды әлемін сақтауға қандай да бір мүмкіндігі бар болса, дағдарыс кезеңдерде абсолютті апаттар және индивидуалды болмыстың жаншылуы жүреді.

Экзистенция адамның «шекті жағдайларға» түсуінде анық көрінеді. Бұл – өлім қорқышы мен өмір жалғандығы сезімімен байланысты эмоционалды өткір стресс жағдайы. Шекті жағдайда адам моральды, интеллектуалды немесе физикалық апат жағдайында болады. Дәл осы жағдайда ол өзіндік «Менін» табады. Экстремалдылықты, соның ішінде, апаттық өзгерістерді және «шекті

жағдайларды» сызықсыз зерттеу және талдаудың жоғарыдағы принциптері экзистенциализмде де, әлеуметтік экстремологияда да көрінетін жалпы әдістемелік сипатқа ие.

Бұл контексте экзистенциализмдер қарастыратын адам өміріндегі экстремалды жағдайлардың екі түріне ерекше назар аударуға болады. Бірінші түрі экзистенциалды теорияға сәйкес, бұл – қиын күйзеліс, адамға бұрынғы өмір деңгейіне қайтып келуіне белгілі бір мүмкіндік береді. Екінші түрі – төтенше экстремалды жағдайлар, адамның қалыптасқан және өзекті өмірлік ойларын біржолата сызып тастайды және индивидтің өзінің ішкі әлемінің, оның өмірлік мәндерінің, өмірлік іс-әрекеттерінің трансформациялануын білдіреді.

Жаңа заманда экстремалдылық принципінің социологиялық және жалпы ғылыми мазмұны бифуркация және катастрофа теорияларымен байыды. Экстремалды даму мәселесі қазіргі катастрофа теориясы (Ж. Кювье, М. Фуко, Р. Том, И. Пригожин, Е. Карантелли, В. Рафаэль және т.б.) сияқты білім саласында өнімді зерттелді және көрініс тапты. Өз уақытында катастрофа теориясының негізін салыстырмалы анатомия және палеонтологияның негізін қалаушы Жорж Кювье «үзілмелі өзгеріс немесе катастрофа» теориясымен қалады.

Ж. Кювье «катастрофа» теориясын алғаш рет қолданды және ғылыми айналымға енгізді. Оның теориясына сәйкес Жер тарихында геологиялық төңкерістер («катастрофалар») болды, соның нәтижесінде фауна мен флора жойылып, өзінің құрылысы бойынша жаңа, жоғары өсімдік және жануарлар организмі пайда болды. Катастрофа идеясының негізінде Ж. Кювье біздің планетамызды қалыптастыратын геологиялық қабаттың сапалы айырмашылығын түсіндірді. Сонымен бір уақытта ол табиғаттың дамуын материяның бұрынғы жағдайына негізделмейтін, себепсіз (яғни, табиғаттан тыс, «таңғажайып») секіртпелердің біртұтас жиынтығы ретінде түсінді.

Ж. Кювье және оның ілімін жалғастырушылар катастрофизмді баяу эволюциялық дамудың қандай да бір қиын кезеңдердегі дағдарысты жағдайлармен кенеттен үзілуін негізгі идеялар ретінде қолданды. Даму үзіліссіз бірізділік емес, онда әрбір оқиға өткеннен өнеді де, болашақта өседі. Ол өзіне радикалды жарылыстарды, бетбұрыстарды және өзгерістерді енгізеді, олардың әрқайсысы мүмкіндіктердің, ойлардың және әрекеттердің толық жаңаруын білдіреді.

Бұл контексте «катастрофа» термині оқиғалар мен жағдайларды білдіру үшін қолданылады, ол қауымдастық пен индивидтің төтенше бейімді реакциясын талап етеді, олардың қабілетін арттырады және шектен шыққан жағдайда қауымдастықтың немесе индивидтің қарапайым қызметінің жаппай бұзылуына әкеледі. Соған қарамастан, катастрофаның қазіргі теориясының негізін қалаушы болып Ж. Кювье емес, француз математигі, теоретигі Р. Том саналады, ол әр түрлі табиғи және әлеуметтік-экономикалық процестердің моделін құруда қолданатын «дамудың жалпы теориясын» ұсынды. Соған орай, Р. Том, кейінірек ағылшын топологы Кристофер Зиман қазіргі ғылыми айналымға «катастрофа теориясын» енгізді.

Белгілі ресей ғалым-катастрофисті В.И. Арнольд жазғандай, Р. Томның кез келген дағдарысты түсіндіруге қолданылатын катастрофалық процестердің жалпы теориясын жасаудағы еңбегі зор. Ол ұсынған катастрофа теориясы, нақтылай айтсақ, катастрофалық өзгерістер теориясы эволюциялық процесті де, тұрақтылық жағдайын да және әр түрлі табиғаттың динамикалық жүйелерінің сапалы катастрофалық қайта құрылымдануын да бір заңды байланыс арқылы зерттеуге мүмкіндік берді [9, с. 56].

Катастрофаның қалыптасуы мен дамуы механизмінің ғылыми түсінігін қалыптастыруда синергетика өз үлесін қосты. Катастрофа теориясының әдістемелік негізі болатын синергетикалық амал әр түрлі табиғат жүйесінде жүзеге асатын өзін-өзі ұйымдастыру процесінің негізі болатын жалпы заңдылықтарды анықтауға бағытталады.

Синергетика ядросы жүйелік қайта құрылымдау моделін немесе «жүйелік бифуркация концепциясын» анықтайды. Бұл концепцияның мәні дисбаланс үдегенде жүйе бифуркация нүктесіне түсуі мүмкін, бұл нүктеден өту жүйе үшін жақсы жағдайда қайта құруды, жаман жағдайда оның дезинтеграциялануына әкелетін жүйелік параметрлердің бұзылуын білдіреді.

Синергетиканың негізін қалаушылардың бірі И. Пригожин детерминацияның жаңа сипаттамасын енгізді, «бифуркация» деп аталатын дағдарысты нүктедегі кері айналмайтын, сызықсыз дамидын процесс анықсыздықтың және хаостың пайда болуына әкелуі мүмкін. Мұндай процестер көптеген әр түрлі, болжап болмайтын, экстремалды жағдайлардың пайда болуына әкеледі. Басқаша айтқанда, бифуркация – жүйе барлық уақытта «бұзылу шегінде» тұру жағдайы, яғни, мұндай жағдайға өту, одан шығу жүйені қайта құрылымдау арқылы немесе оны дезинтеграциялау негізінде болуы мүмкін.

Трансформация теориясы синергетикалық дамудың басты концепциясының бірі ретінде «хаотизация» немесе экстремалды формогенездің әр түрлі сценарийін талдайды. Сонымен бірге, процестердің тұрақтылығын немесе тұрақсыздығын қатты (катастрофалық) және жұмсақ (дағдарысты) жоғалтудың өзекті кездерін және бағыныштылығын айқындайды [57].

Жоғарыда аталғандай, экстремалды жағдай өзінің дамуында нормадан дағдарыстық жағдайға диалектикалық трансформациялық өтуді білдірді. Мұндай өту трансформация концепциясы мен экстремалдылықтың кеңістіктік фазасындағы белгілі бір өзгеріспен сипатталады, өзінің динамикалық өрістеуінде көптеген әр түрлі ситуациялық жағдайлар болуы мүмкін. Экстремалдылықтың «фазалық кеңістігі» («даму фазасы») ретінде процестер мен жүйелердің максимум және минимум өзгергіштігі түсініледі [58, р. 92].

Ситуациялық жағдайды талдаудағы экстремалды ауысудың динамикасын анықтау үшін оның типологиялық «фазалық бейнесінің» моделін көрсетуге болады. Мұндай экстремалды ауысудың фазалық бейнесінде келесі онтологиялық жағдай көрініс табады:

а) квазистационарлы, ситуациялық ортаның бастапқы жағдайын білдіреді;

- б) энтропиялық жағдай немесе тұрақсыздық;
- в) флуктуация немесе қажетті және кездейсоқ оқиғалы ағымдардың өзара қиылысу жағдайы, процестердің үдеуі немесе шиеленісуі;
- г) маргиналды тұрақтылық, ол тұрақтылық пен тұрақсыздық арасындағы шекараны, процестер мен жағдайлардың дамуындағы «тұрақтылықтың қалдығын» білдіреді;
- д) процестердің локализациясы – тұрақсыздық, морфогенез процесінің «уақытша» реттелуінің жаңа құрылымының пайда болуы.

Диалектикалық теорияға сәйкес сандық өзгерістердің сапалыққа өзгеруі әр түрлі формаға ие болуы мүмкін. Атап айтқанда, уақыт параметрі бойынша:

- 1) жаңа сапаға тез және лезде ауысады;
- 2) алдыңғы сандық процеске қарағанда аз уақытқа жалғасады;
- 3) сандық өзгерістердің уақыт интервалына сәйкес келеді немесе арттырады.

Алғашқы екі форма баяулап іске асушылықтың, секірудің үзілісі болып табылады. Үшінші форма секіру болып табылмайды, «сапалы эволюцияның» спецификалық формасы болады. Осылайша экстремалды жағдайдың қиын динамикасы жалпылама сипатталады.

Катастрофа теориясы динамикалық жүйе теориясының бір бөлігі бола отыра, олардың фазалық кеңістікте немесе циклінде экстремалдылықты шешу классификациясын ұсынады, ол экстремогенді жүйелердің қимылының түрлерін сапалы ажыратуға көмектеседі. Осымен байланысты «көптеген ерекшеліктер, бифуркациялар және катастрофалар (секірмелер) экстремумдарды (максимум, минимум) табу мәселелерінде, оптимизация міндеттерінде, осындай жағдайларды басқару және шешім қабылдауда пайда болады» [9, с. 45].

Синергетикалық амалдарды жинақтай отырып, академик Е.М. Бабосов экстремалды ситуациялардың дамуында олардың диахронды күшеюі сипаттамасы ерекше мәнге ие болады [59]. Оларды талдауда жүйенің қалыптасу режимінде «кезең» мен «фаза» түсініктерінің ара жігін ажырату жүргізіледі. Бірінші жағдайда жүйелерді қалыптастыру торында үш уақытша күйге екпін жасалынады:

- 1) экстремалды дамуға дейінгі кезең;
- 2) экстремалды жағдай кезеңі;
- 3) жүйенің экстремалды жағдайдан кейінгі кезеңі (трансэкстремалды жағдай).

Өз кезегінде экстремалды даму фазасы ретінде келесілер бөлінеді:

- а) экстремалдыға дейінгі фаза – экстремалдыға дейінгі және экстремалды даму кезеңі арасындағы шекті жағдай;
- б) экстремалды фазаның өзі – экстремумдардың барлық сипатты белгілерін енгізеді;
- в) постэкстремалды фаза – экстремалды жағдай жүйесінен шығу.

Егер экстремумнан шығу жоғары критикалық нүктеден шығу арқылы жүзеге асса, онда біз секірмелі экстремалды даму – катастрофаның ерекше

нұсқасын байқаймыз, ол жүйенің тұтастығын жоюға шынайы қауіп төндіреді және көп жағдайда қайтымсыз өзгерістерге, шығынға ұшыратады [60, б. 38].

Жүйенің экстремалды жағдайдан кейінгі кезеңінде оның экстремалды жағдайдан шығуы жүреді. Ол экстремалды қалыптасу режимінің жоғарғы критикалық жолымен, сол сияқты оған соқпай, амплитуданың және тербелу жиілігінің «өшуімен», жүйенің өзінің бұрынғы жағдайына қайтып келу жолымен жүруі мүмкін.

Экстремалды жағдайдың демаркациясы жүретін екінші критикалық нүкте постэкстремалды қалыптасу фазасында болады, оның артынан трансэкстремалды күшею кезеңі туады. Бұл жағдайдан шығу экстремалды жағдайды «өшіру» және бұрынғы жағдайға қайту жолымен болмайды. Критикалық, тұрақсыздық жағдайында тіпті аздаған себептер, өзгерістер үлкен салдарларға әкеледі.

Жоғары критикалық белгіге жеткен кезде экстремалды жағдай катастрофалық сценарий бойынша дамиды, ол жоғарыда аталған фазалардан тұрады: катастрофа алдындағы, катастрофаның өзі және посткатастрофалық [60, с. 139].

Бірақ посткатастрофалық даму постэкстремалдыға қарағанда, «ешқашан жүйенің катастрофалықтың алдындағы қалыпты жағдайға қайтып келуін білдірмейді. Мұндай мүмкін еместік жүйенің түбірлі өзгеріске түсуімен байланысты болады және ресурстардың шектен тыс таусылуы сыртқы қосымша құралдарды тарту қажеттілігін туындатады. Бұл оның қандай да бір тұрақты тепе-теңдік жағдайына келуіне септеседі.

Экстремалдылықтың дамуының посткритикалық жағдайы хаоспен теңдестіріледі, оның мәнін түсіну синергетиканың негізіне сүйенеді. Қазіргі ғылыми тілмен айтқанда, хаос – қандай да бір экстремалды шешілетін процестер үшін өзінің нақты, анық сипаттамасы бар объективті жағдай. Оны бір процестердің басқаларына қатынасында тәртіпсіздігінің максималды мүмкіндігімен сипаттайды. Хаос жағдайы өзін-өзі ұйымдастыру процесіндегі диалектикалық звено, «тәртіп-тәртіпсіздік», «тәртіпсіздік-тәртіп», «хаос-хаос» типіндегі диалектикалық ауысулар үшін заңдылық болып табылады.

Бұл посткритикалық жағдайды объективті түсіну сандық сипаттамалардың мүмкіндігі туралы мәселені теориялық және тәжірибелік тұрғыдан қоя алады, яғни, экстремалды жүйенің қандай да бір жағдайының хаостық деңгейін өлшеу, бұл төтенше жағдайлардың салдарын болжау, алдын алу және жою процесінде ерекше маңызды.

Сондықтан да, экстремалды-ситуациялық процестерге жүргізілген талдау экстремалды жағдай адамды (субъект) өзінің маңызды элементтерінің бірі ретінде енгізетін синергетикалық сипаттамаға ие, объективті және субъективті факторлардың өзара әрекетінің қиын динамикалық жүйесі ретінде дамиды деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Сонымен бір уақытта, экстремалды-ситуациялық процесте «басты орталық» болып өзінің өмірлік әрекетінің объективті-қиын шарттарын белсенді (немесе енжар) бейнелейтін, қалыптасқан жағдайдан шығу және жағдайды тұрақтандыру үшін әрекет ететін субъект

саналады.

Экстремалдылық феноменін талдаудағы социологиялық амал оны табиғаттың және әлеуметтік шынайылықтың аномалды формасы ретінде караумен сипатталады және оны қоғамдық тәжірибе мүддесінде нақты социологиялық талдау негізінде жүргізеді. Негізінен мұндай позиция XIX-XX ғасырлардағы экстремалды жағдайлар теориясының әлеуметтік аспектілерінің дамуына елеулі үлес қосқан Э. Дюркгейм, М. Вебер, П. Сорокин, Т. Парсонс, Р. Мертон және т.б. белгілі социологтардың еңбектерінде анықталды.

Э. Дюркгейм аномияның әлеуметтік жағдайының әр түрлі нұсқаларын жан-жақты зерттеді, яғни қоғам қалыптастырған нормалар және күнделікті әрекет стандарттары шегінен шыққан адамдардың индивидуалды, топтық немесе тобырлық мінез-құлқын қарастырды. Көп жағдайда, мінез-құлықтың мұндай түрлері олардың өмірлік іс-әрекетіндегі экстремалды жағдайлардың себебі немесе салдары болып табылады. Ол мұндай жағдайда болатын оқиғалардың теріс, тіпті қайғылы салдарын жан-жақты талдаған, бұл, әсіресе, адам өзін-өзі өлтіру жағдайында көрсетілген [61].

Экстремалдылық мәселесін М. Вебер басқаша социологиялық нұсқада ұсынды. Әлеуметтік шынайылықты терең социологиялық талдау контекстінде мүмкін әрекеттерді шкала бойынша саралау деңгейінде ол «рационалды-иррационалды әрекеттерді» нақты сипаттады. Рационалды ойланған және рационалды ұйымдастырылған әрекеттердің жоғары деңгейі болып мақсатты рационалды қылықтар табылады, олар рационалды қолданылатын құралдарды қолдану арқылы таңдалынған мақсаттарға жетуге бағытталған. Мұндай әрекеттер экстремалды жағдайға әкелмейді. Қалған дәстүрлі, аффектілі, тіпті құндылықты-рационалды әрекеттердің өзі белгілі бір жағдайда экстремалды жағдайға әкелуі мүмкін. Көбіне мұндай сценарийді аффектілі жағдайдағы адамдар жасайды, соның негізінде оның өзі туындаған экстремалды жағдайда қалуы мүмкін [62]. М. Вебер парадигмасының мәні болып экстремалды жағдайдың және бір жағынан, әлеуметтік экстремумның пайда болу себебі болатын, екінші жағынан, осындай экстремалды жағдайдың салдары болатын әр түрлі әрекеттердің рационалды ойланған және теориялық жақсы негізделген социологиялық саралануы үшін жол ашты.

Экстремалды жағдайды әлеуметтік-экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени көрінісінде атақты орыс-американ социологы П. Сорокин талдады. Өзінің еңбектерінде ол XX ғасырдағы әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-мәдени дағдарыстардың, соғыстар мен төңкерістердің дәлелді фактілермен негізделген бейнесін берді. Өзінің интегралды социологиялық доктринасының әдістемесіне сәйкес П. Сорокин экстремалды режимде жүретін әлеуметтік процестерді оған белсенді әрекет субъектісі ретінде, кризисті және апатты оқиғалардың инициаторы және олардың құрбаны ретінде қатысатын адамның өмірлік позициялары, құндылықты бағыттары және ұмтылыстары арқылы түсіндірді. Бұндай амал қарастырылатын процестердің әлеуметтік талдамасын сенімді дәлелдеген, көрнекі ұсынылған және жақсы есте қалатындай етті [63].

М. Вебер дәстүрін дамыта отырып, американ социологы Т. Парсонс

экстремалды жағдайды әлеуметтік әрекет құрылымы мен үзіліссіз байланысын белгілі бір әлеуметтік жүйелер координатында қарастырады. Нақты индивид немесе ұжымдық «актор» бірнеше рөлде және әр түрлі әлеуметтік жағдайда әрекет ететінін атай келе, ол соңғылардың жиынтығы ішінен жағдайлардың қалыпты дамудан ауытқушы ретінде экстремалдылық элементтері қиындататын жағдайларды бөліп көрсетті. Экстремалды жағдайлар, оның көзқарасы бойынша, әлеуметтік жүйеде дағдарыс, қайшылық және катастрофа туындаған жағдайда пайда болады. Мінез-құлықтық модельдер әрекет етуші «актор» болатын жағдайдың табиғатына бағынышты болғандықтан, экстремалдылық жағдайында қауіпсіздік қажеттілігі туындайды, бірақ ол әр кезде, көп жағдайда және жеткілікті дәрежеде жүзеге аса бермейді.

Экстремалды жағдайдың (адекватты емес әрекеттермен жүретін қауіптілік) әлеуметтік сипаттамасына қатысты қолданылатын мұндай адекватты емес әрекеттер адамдарды мазасыздануға және әлеуметтік жүйенің тұрақтылығына потенциалды қауіп төнуіне әкеледі. Экстремалды жағдайлар Т. Парсонс бойынша, көп түрлі болуы мүмкін, жеке индивидтің немесе әлеуметтік топтың девиантты мінез-құлқынан, рөлдік жанжалдан бастап, девиантты субмәдениет өкілдерінің, қылмысты топтардың және радикалды саяси қозғалыстардың қайшылықты әлеуметтік әрекетке дейін жалғасады [64].

Экстремалды жағдайлардың алдын алу және жою үшін жасалынатын шаралар эффективті болуы үшін, Т. Парсонс атап өткендей, жағдайдың қалыпты және экстремалды дамуы арасында анық сызылған сызық емес, шекті зона болатынын ескеру қажет. Адам өміріне потенциалды қауіп төндіретін нақты әлеуметтік жүйенің құлдырауы мен күйзелісінің кең аймағы шеңберінде әлеуметтік бақылау әдістерінің үлкен көлемін құру және жүзеге асыру қажет. Бұл әдістер өзіне көмекті қажет ететін экстремалды әрекет құрбандарын қолдауды, асоциалды әрекеттерді ескертетін терапевтік әрекеттерді жүзеге асыруды, девианттар мен қылмыскерлердің үрейін ұшыруды, оларды аластатуды, сонымен қоса, девиантты тұлғаларды қайта тәрбиелеуді енгізеді [64, с. 189].

Құрылымдық функционализмнің социологиялық бағыты шеңберінде экстремалды жағдайды зерттеуге ерекше көңілді Р. Мертон аударды. Бұл белгілі социологтың көзқарасы бойынша экстремалды жағдай дисфункцияның спецификалық құбылысын білдіреді, ол субъектінің (индивид, әлеуметтік топ және жалпы қоғам) іс-әрекетімен байланысты қандай да бір динамикалық жүйенің құрылымындағы қайшылықтардың және қысымдардың кенеттен немесе аса қатты шиеленісуі салдарынан пайда болады [65].

Барлығына белгілі «Әлеуметтік құрылым және аномия» еңбегінде Р. Мертон экстремалды жағдайдың белгілі бір топтың асоциалды, кей жағдайда, қылмысты әрекетіне әкелетін қоғамда кең тараған аномия жағдайымен тығыз байланыстылығын көрсетті [65, с. 92].

Соған сәйкес, субъектінің және әлеуметтік қауымдастықтың аномалды шынайылықтағы – ситуациялық жоспардағы ғана емес, «аномалды өмірлік әлемдегі» адамдардың тұрмысы мен іс-әрекетінде қарастырылатын өмір сүруі

және іс-әрекеті мәселесі әлеуметтік экстремологияның зерттеу пәні болып табылады.

Заманауи социологияда экстремалдылық адамдардың өміріндегі және іс-әрекетіндегі түбірлі өзгерістермен байланысты «проблемалы жағдайдың ерекше типі», «шиеленісуші қайшылықтарды шешудің қиын шекті формасы» ретінде, ал адамзат әрекеті ортаның танымдық жағдайы мен «белгілі бір ситуацияларды анықтаудың» субъективтілігіне бағынышты болатын өзін-өзі ұйымдастыру жүйесі ретінде қарастырылады. Іс-әрекет актісінде субъект бейімделудің, мақсатқа жетудің, интеграцияның құрылымды қайта жасақтаудың және шиеленісті азайтудың функционалды мәселелер кешенін шешуді жүзеге асырады [66].

Экстремалды катаклизмнің әлеуметтік-экономикалық идентификациясы табиғи, қаламайтын, қолайсыз тәжірибе ретінде шынайылықты және адамзаттың өмірлік іс-әрекетін екі өзгеше және өзара байланысқан формаға дифференциациялау қажеттілігіне әкеледі, ол кәдімгі (адамзаттың тәжірибесінің шегінен шықпайтын) оқиғалар және аномалды (аномалды өзгерістерге әкелетін экстремалды) жағдайлар.

Сонымен бірге, көптеген ғалымдардың көзқарасы бойынша, кез келген экстремалды жағдайдың әмбебап, анықтаушы сипаттамасы болып оның мазмұндық негізіндегі «өмір-өлім» парадигмасы болуы мүмкін. Ол адамның экстремалды жағдайдағы өмір сүруі және қабылдауы, басынан өткеретін күйлері және әрекеттерінің ерекше жүйесін енгізеді. Тұлға экстремалды жағдайға мүлдем басқаша құндылықты бағыттармен әрекет етеді. Мұндай жағдайда адам өлімнің шынайы қаупін сезінеді және өлім құшағына әкеле жатқан немесе одан құтылудың жолдарын іздестіретін әрекеттердің ерекше тәжірибесін игереді.

Қазіргі әлеуметтік экстремология В.Н. Томалинцев және А.А. Козлов көрсеткендей, табиғи, антропотехногенді және социогенді аномалды құбылыстар, оқиғалар және процестер (әр түрлі стихиялы апаттар және дағдарыстар, соғыстар және қарулы қақтығыстар, апаттар және катастрофалар, суицидтер және басқа да құбылыстар) оларға тартылған субъектілерге ситуативті экстремалды әсер етіп қана қоймайды, сонымен бірге, адамдардың тағдырына және олардың әлеуметтік қауымдастығына терең әсер етеді [67].

Сондықтан да, жоғарыда келтірілген ақпараттар экстремалды жағдайдың көп түрлілігін көрсетеді, осы феномен мәнінің әр түрлі философиялық және социологиялық теориялардағы және бағыттардағы сан түрлі мағыналануы экстремалдылық мәселелер бойынша білімдердің қазіргі заманғы ғылыми синтезінің өзектілігін арттыра түседі.

Философиялық-социологиялық және жаратылыстану-ғылыми дәстүрдің шығармашылық дамуы зерттелінетін феноменнің өмір қауіпсіздігі және экстремалдылығы туралы қазіргі заманғы ғылымдар шеңберінде өзіндік категориялық түсініктердің қалыптасуын білдіреді. Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою саласындағы мамандардың қазіргі кезеңде табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою мәселесін

қарастыратын ғылымның маманданған саласын жасау қажеттілігі туралы мәселе бір ауыздан мойындалған. Э.Р. Бариевтің айтуынша, бұл өзіндік әдістемесі бар ғылым саласы әлемдегі білімдерді интеграциялап қана қоймай, шынайылық туралы жаңа объективті түсініктерді өндейді және теориялық сызбасын жасауды қамтамасыз етеді [68].

Адамзат өзінің дамуының белгілі бір кезеңдерінде апаттар, катастрофа, катаклизмдер, төтенше жағдайлар сияқты жағымсыз факторлардың әсерін басынан өткізіп келеді. Бір қарағанда бұл сөздер болып жатқан процестің бір мағынасын беретін сияқты, бірақ осы анықтамалардың мәніне қарасақ олай емес екенін көруге болады.

Жоғарыда аталған түсініктердің барлығының жалпы белгісі – қалыпты, күнделікті шеңберден шығып кету. Экстремалдылық сөзі (лат. *extremum* – соңғы) қиындығы, күрделілігі бойынша қалыпты жағдайдан шығатын төтеншелікті білдіреді.

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі «Азаматтық қорғау туралы» Заңында төтенше жағдай – адам шығынына, адамдардың денсаулығына немесе қоршаған ортаға зиян келтіруге, елеулі материалдық нұқсанға және адамдардың тыныс-тіршілігі жағдайларының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан аварияның, өрттің, қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің, қауіпті табиғи құбылыстың, апаттың, дүлей немесе өзге де зілзаланың салдарынан қалыптасқан белгілі бір аумақтағы жағдай деп анықталады [69].

Бұл түсінікті толық анықтау және басқа жоғарыдағы аталған түсініктерден ерекшелігін білу үшін осы түсініктің жан-жақты талдамасын беру қажет. Біздің көзқарасымыз бойынша, төтенше жағдай ретінде қазіргі кезде қалыпты табиғи, өндірістік-техногенді және әлеуметтік-экономикалық процестерден айтарлықтай ауытқып, белгілі бір жағдайды туындататын негативті факторлардың жиынтығын анықтауға болады [70].

Қалыпты жағдай деп әлеуметтік институттар, қауымдастықтар, әлеуметтік топтар, индивидтер мен әр түрлі әлеуметтік ұйымдар ұзақ эволюция, тарихи тәжірибе, даму барысында қалыптастырған процестер мен құбылыстар түсініледі, олардан ауытқу негатив ретінде қабылданады.

Экстремалды және төтенше жағдай арасында айырмашылық бар. Экстремалды жағдай теріс фактордың әсері аймағында болатын адамдар мен топтарға тікелей қатысты, олардың аман қалуы үшін индивидуалды-психологиялық және физикалық ресурстарды мобилизациялауды талап етеді [71]. Ал төтенше жағдай жалпылама түсінік болып саналады, жағымсыз жағдайды арнайы әлеуметтік топтардың жалпы бағалауымен қоса, қажетті басқарушылық шешімдер қабылдау, оның салдарын жою үшін немесе алдын алу үшін қоғамдық саладан әр түрлі ресурстарды тартуды білдіреді. Бұдан көретініміз төтенше жағдай әлеуметтік жүйенің көп құрылымдық элементтерін қозғайды, сол арқылы олардың осы элементтердің қызметтері өзгеріске түседі.

«Экстремалды жағдай» екі түсінік «экстремум» және «жағдайдың» құрылуынан шығады. Осы екі түсініктің байланысы қандай да бір процестің өзінің дамуы мен рұқсат етілетін нормасы шегінен шығып кетуді білдіреді.

Экстремалды жағдайдың генетикалық мәні екі сипатты білдіреді:

- экстремалды жағдайды адамға, тәжірибе субъектісіне интенсивті әсер ететін объективті-күрделі жағдай, жайт ретінде түсіну;

- экстремалды жағдайды адамның қиын жағдайда іс-әрекет мәселесін тұлғалық орталықтандырылған көрінісі және шешім табуы ретінде түсіну немесе жағдайдың өзгеруіне байланысты тұлғалық немесе субъектілі айнымалыны біріктіретін экстремалды жағдайдың рефлексті-мәселелік моделі ретінде қарастыру.

Экстремалды жағдайдың негізгі маңызды критерийі Б.Н. Порфирьев бойынша, олардың бір жағынан, уақыт критерийімен (кенеттен дамуы) және екінші жағынан, олардың пайда болу кезінен бастап әр түрлі қауіптердің («қатерлі» факторлар) және қиратушы әрекеттердің өсуімен көрінетін шектен шығуы болып табылады [72]. Іс-әрекетті басқару үшін экстремалды жағдайдың ерекше критерийі болып олардың уақыт параметрлері алынады. Зерттеушілер П.С. Карако мен Д.Д. Зербино экстремалдылықтың маңызды критерийлер ядросын:

- субъектілі-объектілі ситуативті қатынасты анықтайтын қайшылықтардың дамуының соңғы шекті деңгейімен;

- ситуативті қатынастың шиеленісуі және мәселелілігі, олардың жанжалды немесе катастрофалық түрдегі ерекше қайшылығымен;

- адамдардың шекті, стрестік жағдайымен;

- олардың экстремді шешім қабылдау қажеттілігімен толықтырады [73].

Осындай субъект-объектілі қатынастың ерекше, өткір қайшылықты өзара әрекетінде, П.С. Карако көрсеткендей, экстремалды жағдайдың тууы мен қалыптасуының себептері, көздері жатыр.

Жалпы экстремалды жағдайдың негізгі сипаттамасына сәйкес бірқатар идеялар (В.А. Амирян, Е.М. Бабосов, М.И. Дьяченко, В.Ф. Дружинин, Ю.М. Забродин, В.Г. Зазыкин, В.И. Лебедев, А.Г. Работай және т.б.) қозғалады.

Ондай идеяларды келесідей көрсетуге болады:

- экстремалды ситуативті процестің кездейсоқтығы туралы;

- олардың экстремалды жағдайдың дамуының мүмкін нұсқаларының үлкен флуктуациясымен байланысты энтропиясы немесе анықсыздығы (олардың тенденциясының нақты анықталуын қиындататыны) туралы;

- экстремалды процестерді қалыпты жағдайға келтіру мен динамиканың күрделілігі туралы;

- олардың дамуының стихиялы болуы туралы;

- мұндай жағдайлардағы факторлардың экстремалды бағыныштылығы туралы;

- сыншылдық (мұндай шаманың тұрақсыз процесті арттыруы және күштің белсендірілуі) туралы;

- экстремалды жағдайдың катастрофалық потенциалы (ситуативті түбірлі өзгерістерге әкелетін шиеленістің пайда болу мүмкіндігі) туралы;

- экстремалды жағдайдың субъектілерге, объектілерге және олардың қатынастарына, басқа да идеяларға теріс әсер етуі туралы.

Жалпы, қазіргі зерттеулерде қалыптасқандай, экстремалды жағдайдың өзгермейтін факторлары ретінде мойындалған жалпылама мәнді белгілерді көрсетуге болады:

- экстремалдылықтың кездейсоқтығы, күтпеген жағдайлық сипаты;

- мазмұны бойынша радикалды және жүзеге асуы бойынша бағытсыз сипатта көрінетін экстремалды жағдайдың бір сызықты болмауы;

- экстремалды жағдайдың төтенше болуы, яғни, олардың нормативті немесе қалыпты әрекет пен жағдай шегінен шығуына байланысты ситуативті жағдай өзгерісінің шекті деңгейі;

- экстремалды жүйені дамытудың болуы мен ішкі потенциалының көрінуінің негізгі жағдайының динамикалылығы;

- бұлдірушілік, қиратушылық теріс салдарлардың және катастрофалық потенциалдың болуы мен көрінісі;

- экстремалды жағдай процесін рационалды реттеу мүмкіншіліктерін дамытудың стихиялылығы;

- жүйені бұзу қаупінің өзектілігі (яғни, «өмір-өлім» парадигмасының актуализациялануы);

- экстремді мәселенің көптігі және әр түрлілігі (физикалық, психологиялық, гносеологиялық, тектологиялық және т.б.);

- энтропиялылық жағдайдың тұрақсыздық, реттелмегендік элементтерімен, сонымен байланысты экстремогенді қайшылықтарды дамыту және шешу тенденцияларының анықсыздығымен қоюланғандығы;

- кумулятивтілік, немесе экстремалды қайшылықтарды тездетіп шешу;

- шиеленісушілік, яғни ситуативті жағдай мен қатынастың жоғары шиеленісуі субъектінің стрестік жағдайына себепші болуы;

- экстремалды жағдай процесін қайта қалпына келтірудің проблемалылығы;

- субъектінің экстремалды жағдайды шешуге экстремді жедел қатысуының өзектілігі.

Аталған сипаттамалардың интегралды жиынтығы экстремалды жағдайдың терең мәнін бейнелеуге, оларды анықтайтын белгілерді адамның іс-әрекетіне белсенді әсер ететін негізі экстремогенді фактор ретінде ашуға мүмкіндік береді.

Тәжірибеде экстремалды ситуациялардың сел, су тасқыны, жер сілкіну, өрт, жарылыс, лай көшкіні, көлік апаты, т.б сияқты белгілі бір түрлері орын алады. Осыған байланысты төтенше жағдайлардың әр түрлі негізі мен белгілері бойынша дұрыс, ғылыми негізделген типологиясы мен классификациясын, сосын, олардың нақты типтері, түрлері және әр түрлілігін нақты қарастыру қажет. Бұл, бір жағынан, төтенше жағдайлардың негізгі түрлері туралы ғылыми және дүниетанымдық түсініктің қалыптасуы, екінші жағынан, төтенше

жағдайлардың ғылыми негізделген классификациясы осы саладағы әр түрлі ситуациялар бойынша іс-әрекетті ұйымдастыру үшін қажетті әдістемелік алғышартты құрайды.

Қазіргі уақытта төтенше жағдайларды теориялық зерттеу және экстремалдылықпен байланысты тәжірибелік іс-әрекетте қандай да бір ғылыми және тәжірибелік талаптарды қанағаттандыратын төтенше жағдайлардың белгілі бір классификациялар жүйесі қалыптасқан жоқ. Сондықтан да әр түрлі ғылыми жұмыстар мен төтенше жағдайлар классификаторларында осы мәселеге байланысты әр түрлі амалдарды кездестіруге болады. Осыны есепке ала отырып, біз әр түрлі негіздер мен белгілер бойынша төтенше жағдайларды классификациялауда, оның ғылыми жұмыстар мен ресми қабылданған және бекітілген төтенше жағдайлар классификаторда сипатталу деңгейінде жүйелеу амалын қолданамыз.

Төтенше жағдайлар типологиясы қазіргі уақытта кеңіп келеді, осы сала бойынша танымдық қызығушылықты арттыра отырып күрделі де, нақты болып қалыптасуына әсер етеді. Зерттеушілер осы бағыт төтенше жағдайлардың толық және жиынтықты түрлерін классификациялауға, экстремалды жағдайдың көлемі, түрлері және өту барысын сипаттайтын құбылыстардың барлық жиынтықтарының жалпы және ерекше сипаттамаларын жан-жақты қарастыруға ұмтылуда.

Зерттеудің алғашқы кезеңінде жіктелетін құбылысты басқа шынайы құбылыстардан ажыратып алу маңызды. Төтенше жағдайларды классификациялауда бұл оның ең маңызды белгілерінің бірі болып табылатын ситуативті процестердің нормадан радикалды ауытқуымен жүзеге асады. Жоғарыда айтылғандай, төтенше жағдай жүйенің қалыпты, тұрақты тепе-теңдік жағдайынан тұрақсыз жағдайға өту нәтижесінде пайда болады. Бұл ішкі өзгерістердің немесе сыртқы факторлар әсері нәтижесінде ондағы қолайсыздықтың және шиеленістің өсуімен жүреді. Үлкен шиеленіс пен өзгерістердің шектен тыс бифуркация аймағына шығуы жағдайында процестер мен құбылыстарды реттеу механизмдер тұрақты байланыс пен қатынасты сақтап қала алмауы мүмкін. Сапаның ауысуы және кенеттен өзгеруі жүреді, экстремумды тудырады. Егер осы процеске субъект (адам, әлеуметтік топ, қоғам) және оның тіршілік ету ортасы қатысқан болса, экстремалды немесе төтенше жағдай ретінде сипатталатын жағдай туындайды [66, с. 112].

Апаттардың қаупін азайту бойынша БҰҰ-ның халықаралық стратегиясында (БҰҰ ААХС) апат «адамның өліміне немесе жарақаттануына, мүліктердің зақымдануына, әлеуметтік және экономикалық дағдарысына немесе қоршаған ортаның тоқырауына әкелетін қауіпті физикалық оқиға, құбылыс немесе адамның іс-әрекеті ретінде сипатталады [74]. Апаттар табиғи және техногенді болуы мүмкін. БҰҰ-ның берген классификациясына қарағанда Хан мен Василеску табиғи және антропогенді құбылыстарға негізделген әлеуметтік-қауіпті табиғи құбылыстарға көбірек назар аударады (Кесте 1) [75]. Құрғақшылық, сел, өрт және лай көшкіні де осы жіктеуге енген. Олар апаттарды келесідей кесте түрінде берген.

Кесте 1 – Апаттардың классификациясы

Апаттың түрлері	Мысалдары
Геологиялық апат	- Жер сілкінісі, көшкін, өрт, цунами
Су және климаттық апаттар	- Сел, құрғақшылық, су тасқыны, бұршақ, жылы және суық ауа толқындары, дауыл, теңіз эрозиясы, қар көшкіні, торнадо
Биологиялық апаттар	- Жануарлар/адамдар эпидемиясы, тамақтан улану, зиянкестер шабуылы
Қоршаған орта үшін апаттар	- Ағаштарды кесу, қоршаған ортаның ластануы
Химиялық, өндірістік және ядролық апаттар	- Химиялық, өндірістік, ядролық апаттар, мұнайдың төгілуі/өрт
Оқиғалармен байланысты апаттар	- Самолеттің құлауы қайық/жол/теміржол апаттары, бомба жарылысы/жарылыс, ғимараттың құлауы, электрлік апаттар, орман өрті, кеніштің суға толуы, қала/ауыл өрті

Төтенше жағдайлар классификациясы олардың типологиялануының критерийлерін анықтауға және бір типті сипаттағы процестерді идентификациялау тәсілін табуға негізделеді. Сонымен қатар, классификация ағашы өзінің негізі ретінде классификацияның жалпы белгілерін алады, яғни, қоршаған шынайы тұрмыстың бастапқы сипаттамаларына сүйенеді. Осы негіздердің маңыздыларына – қоршаған шынайылықтың әр түрлі құрылымдық деңгейлерінің байланысуы, өзара әрекет және экстремалдылықтың деңгейі мен типтеріне сәйкес бөлінуі жатады.

Мұндай классификацияны А.А. Украинец пен Поташкин өз еңбектерінде ұсынған [66, с. 118]:

- өлі табиғаттағы экстремалдылық (табиғи экстремумдар) субатом, атом, молекулярлы, макроденелік, сонымен бірге, планетарлы, күн жүйелік, галактикалық және метагалактикалық деңгейде. Табиғи экстремумдарды көп жағдайда «табиғи апаттар» деп атайды, яғни, бұл халықтың тіршілігін кенеттен бұзумен, материалдық құндылықтарды қиратумен және жоюмен, адамдарға залал келтірумен және өлімімен сипатталатын катастрофалық жағдайды тудыратын қауіпті құбылыстар мен процестер (геофизикалық, геологиялық, гидрологиялық, атмосфералық және басқа да шығу көздерімен). Табиғи апаттар – шығу көзі табиғатпен байланысты құбылыстар, бірақ олардың өзі өндірістегі, көліктегі, коммуналды-энергетикалық шаруашылықтағы және адамның басқа да салаларындағы апаттарға және катастрофаларға жиі әкеледі:

- тірі табиғаттағы экстремалдылық-субклеткалы (оргоноидты, клеткалы, мүшелік, организмдік), популяциялы-түрлік, биоценоотиктік, биосфералық және ноосфералық деңгейде;

- «екінші», «жасанды» деңгейдегі экстремалдылық, жекелей алғанда, техногенді деңгейде (техногенді экстремумдар);

- қоғамдағы экстремалдылық (социогенді экстремум) – индивидуалды тұлғалық, отбасылық, ұжымдық, әлеуметтік-топтық, таптық, ұлттық, мемлекеттік, мемлекет аралық және жалпы адамзаттық (өркениеттік) деңгейде деп бөлуге болады. Әрбір деңгейге экстремалды өзара әрекет ету тәсілі, экстремалды даму заңдылықтары және экстремалды қалыптасу тән.

Төтенше жағдайларды типологиялау – қиын да, маңызды мәселе, себебі оны шешу қарастырылатын құбылыс туралы білімдерді тереңдетуге, кеңейтуге және оны реттелген жүйеге келтіруге мүмкіндік береді. Осы сала бойынша өңделген білім ғылыми-теориялық қатынаста да, тәжірибелік іс-әрекеттік қолдануда да тиімді болып табылады.

Төтенше жағдайларды классификациялаудың қазіргі кездегі теориялық ақпараттардағы кең таралғаны экстремалды жағдайдың объектісі мен шығу көзіне байланысты жіктелуі болып табылады. Соған орай, төтенше жағдайларды классификациялауда төтенше жағдайдың үш негізгі түрі бөлініп көрсетіледі: табиғи, антропогенді, социогенді.

Табиғи төтенше жағдайларды екі түрге бөлуге болады:

1) адамның іс-әрекетімен байланысты емес, оған және тіршілік ортасына өзінің салдарымен әсер ететін таза табиғи құбылыстардың себебінен туындайтын табиғи-стихиялы апат;

2) адамның қандай да бір әрекетімен табиғи ортаға әсер етуімен болатын табиғи-антропогенді апат.

Төтенше жағдайдың бұл түрі табиғи-стихиялы және табиғи-антропогенді сипаттағы төтенше жағдайдың келесідей түрлерін енгізеді: физикалық (өрттер және әр түрлі сипаттағы жарылыстар); гидродинамикалық (сел, су тасқыны және т.б.); метеорологиялық (боран, дауыл, құйын); биологиялық-әлеуметтік (адамдардың, жануарлардың, өсімдіктердің инфекциялы аурулары); геофизикалық; геологиялық (экзогенді); агрометеорологиялық; биосфералық; астрофизикалық; экологиялық (атмосфера, гидросфера, биосфера) және т.б.

Табиғи төтенше жағдайларды келесі жіктеме бойынша қарастырамыз:

- геологиялық;
- метеорологиялық;
- гидрологиялық;
- табиғи өрттер;
- көпшілік аурулар.

Геологиялық табиғи құбылыстармен байланысты табиғи апаттарға зілзала, жанартаудың атылуы, лай көшкіні, сел, қар көшкіні, жер қыртысының опырылуы және шөгуі жатады.

Метеорологиялық сипаттағы табиғи апаттар келесідей табиғи құбылыстармен байланысты:

- жел, боран, дауыл, құйынмен (25 м/с жылдамдықта);
- қатты жаңбырмен (50 мм және одан көп ылғал түскенде);
- ірі бұршақтармен (20 мм және одан көп диаметрлі болғанда);
- көп қар жауумен (12 сағатта 20 мм ылғал түскенде);
- күшті боранмен (жел жылдамдығы 15м/с және одан жоғары болғанда);
- шаңды дауылмен;
- үсік жүрумен;
- қатты аяздан немесе қатты ыстықтан пайда болады.

Гидродинамикалық сипаттағы табиғи апаттар келесі құбылыстардың әсерімен:

- судың жоғары деңгейінен – қаланың төменгі бөлігі және басқа да елді-мекендерді, ауылшаруашылық мәдениетінің егістіктерін су басумен жүретін су тасқыны;

- судың төменгі деңгейімен – кеме қатынасы, қаланың сумен жабдықталу жүйесі, халық шаруашылығы объектілерінің бұзылуы;

- селмен (морена көлдерінің жарылуынан, елді-мекенге, жолдарға және басқа да құрылымдарға қауіп төндіру);

- қар көшкінімен (елді-мекендерге, жолдарға және теміржолдарға, электр байланыс желілеріне, өндіріс объектілеріне және ауылшаруашылығына қауіп төндіру);

- кеме су қоймаларында ерте мұз қату және мұздың пайда болуынан туындайды.

Өрт – Қазақстан Республикасындағы ең кең тараған апаттардың бірі. Адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, мемлекет пен қоғамға зиянын тигізетін белгілі бір заттардың бақылаусыз жануы. Бұл түсінікке орман өрттері, дала және егін өрттері, жер кендеріндегі жер асты өрттері, т.б. жатады. Өрттің пайда болуының негізгі себепшісі адамдар, олардың отты қолдану ережесін сақтамауы өрттің шығу себебі болып табылады.

Сонымен қатар, елімізде инфекциялы аурулар да орын алып отыр. Негізінен оларды келесі түрлерге бөлуге болады:

- адамдардың инфекциялы аурулары – ауру жұқтыртатын микроорганизм себебінен және ауру жұқтырған адам немесе жануардан сау адамға жұғатын ауру. Мұндай аурулар сүзек, холера, безгек, тифа, дифтерия, вирусты гепатит, тұмау сияқты эпидемиялық ошақ түрінде пайда болады;

- жануарлардың инфекциялы аурулары – жұқтырған жануардан сау жануарға жұғатын, циклді дамиды, ерекше қоздырғышы бар, эпизодтық таралатын аурулар тобы.

Соңғы жылдары табиғи төтенше жағдайлардың әр түрлерінің санының өсу тенденциясы байқалады. Кейінгі үш жылда жер сілкінісі, су тасқыны, сел, өрт және басқа да апаттардың саны екі есе өскендігі байқалады.

Төтенше жағдайлардың классификациясының екінші түрі – **антропогенді сипаттағы** төтенше жағдайлар. Көп жағдайда бұл төтенше жағдай «техногенді» деп сипатталады. Бірақ «антропогенді» деген нақты және дәлелді болып табылар еді. Себебі, кез келген апат немесе катастрофа таза

техникалық сипатқа ие болмайды, мәні бойынша адамның іс-әрекетімен байланысты болады және бәрібір адамға немесе оның тіршілік ортасына әсер етеді.

Қазақстан Республикасының табиғи және төтенше жағдайлар жіктемесі бойынша техногенді апаттарға келесі құбылыстар жатады:

- көлік апаттары (поезд, әуе және су көліктері, жол көлігі апаттары);
- жарылысты өрттер;
- күшті әсер етуші улы заттарды қауіпті мөлшерде шығаратын апаттар;
- қоршаған ортаға зиянды заттардың ұйғарылған концентрациясынан артуы;
- радиоактивті заттарды шығарумен (шығару қаупі) байланысты апаттар;
- биологиялық қауіпті заттарды шығарумен (шығару қаупімен) байланысты апаттар;
- ғимараттың, құрылғының кенеттен опырылып құлауы;
- электроэнергетикалық жүйедегі апаттар;
- тіршілікті қамтамасыз ететін коммуналдық жүйедегі апаттар;
- байланыс және коммуникация жүйесіндегі апат;
- гидродинамикалық апаттар;
- мұнай-газ, мұнай-химия, мұнай өңдеу салаларындағы апаттар;
- космостық сипаттағы төтенше жағдайлар;
- өндірістік апаттар және төтенше жағдай.

Жоғарыда аталған техногенді төтенше жағдайлардың негізгі түрлерін жан-жақты сипаттап қарастырайық.

Көлік апаттары. Теміржол көлігіндегі апаттың негізгі себебі болып жолдардағы, қозғалушы құрамдағы, сигнализация құралындағы, орталықтандырудағы және шектеудегі ақаулар, диспетчердің қателігі, машинистің зейінсіздігі және салақтығы табылады. Қозғалушы құрамның рельстен шығып кетуі, соқтығысу, переездердегі кедергілерге соқтығу, вагондардағы өртте кездесіп тұрады. Қазақстанда ең көп кездесетін апаттардың бірі – автомобилді көлік апаттары. Елімізде әр жыл сайын жол апатынан 3 мыңнан аса адам көз жұмады, көбі мүгедек болып, қаншасы зардап шегеді. Жол-көлік апатының 75%-дайы жүргізушінің жол қозғалысы тәртібін бұзғандығынан болады. Ең қауіпті жол ережесін бұзудың түрі болып жоғары жылдамдық, қарсы жол айрығына шығу, көлікті мас күйінде басқару табылады.

Ауа көлігінде ауыр салдарға самолеттің жеке құрылғыларының бұзылуы, двигательдің істен шығуы, басқару жүйесі жұмысының, электр қуаты беруінің, байланыстың, пилоттаудың бұзылуы, жанармайдың жетпеуі, экипаж бен пассажирдің өмірін қамтамасыз етуіндегі іркілістер, кемшіліктер алып келеді.

Су көлігінде көптеген ірі апаттар мен катастрофалар ураган, шторм, тұман, мұздың әсерінен, сонымен бірге, адамдардың – капитанның, лоцманның, экипаж мүшесінің қателігінен болады. Бірқатар апаттар кемелерді жобалау мен құрылымдауда кететін қателерден туындайды.

Химиялық қауіпті объектілердегі апаттар ең алдымен сақталу, өңдеу немесе тасымалдау кезіндегі зақымдаулар мен қателіктерден күшті улы

заттардың сыртқа шығуымен байланысты. Сонымен қатар, кейбір улы емес заттар химиялық реакцияның нәтижесінде белгілі бір жағдайда улы заттар бөлуі мүмкін. Химия саласында апатты екіге бөледі:

- апаттарда технологиялық жүйенің, инженерлік құралдардың бұзылуына әкелетін жарылыс салдарынан болатын апаттар, соның нәтижесінде өнімді шығару толық немесе жартылай тоқтайды, қайта қалпына келтіру үшін жоғары органдардан арнайы ассигнациялау қажет етіледі;

- негізгі және қосымша техникалық құралдар, инженерлік құрылыстар, зақымданатын апаттар, соның салдарынан өнімді шығару толық немесе жартылай тоқтайды және өндірісті қалпына келтіру үшін арнайы жоғары ұйымдардың ассигнациялауын қажет етпейтін, тек толық жоспарлы жөндеуден өтуге нормативті қаржы шығынын қажет етеді.

Радиациялы қауіпті объектілердегі (РҚО) апаттар үш түрге бөлінеді:

- локалды – РҚО жұмысындағы бұзылыстардың салдарынан радиактивті өнімнің немесе иондалған сәулеленің қалыпты нормадан аспайтын көлемде құрал-жабдық, технологиялық жүйе, ғимарат және құрылыс шекарасында шығуы;

- жергілікті – РҚО жұмысындағы бұзылыс салдарынан осы кәсіпорында қалыптасқан нормадан асатын көлемде санитарлы-қорғаушы зона шегінде радиактивті заттардың шығуы;

- жалпы, РҚО жұмысындағы бұзылыс салдарынан радиактивті заттардың санитарлы-қорғаушы аймақ шегінен шығатын, орналасқан территорияның радиактивті ластануына және онда тұрып жатқан халықтың қалыптасқан нормадан артық сәулеленуіне әкелетін апат.

АЭС және басқа да радиациялы қауіпті объектілердегі мүмкін апаттардың классификациясы екі белгімен, бірінші, қалыпты эксплуатацияның типтік бұзылыстарымен, екінші, жұмысшылар, халық және қоршаған ортаға салдары сипатымен жүреді.

Өрт және жарылыс қауіптілігі жоғары объектілердегі апаттар жарылуға қауіпті өнімдер мен азық-түліктерді өндіру, сақтау және тасымалдау жағдайында орын алады. Ондай объектілерге мұнай өндіруші заводтар, химия кәсіпорындары, құбыр желісі, мұнай өнімдерін сақтайтын қоймалар жатады.

Гидродинамикалы қауіпті объектілердегі апаттар, яғни, су деңгейін қалыпты жағдайда ұстап тұратын құралдардың, объектілердің бұзылысы салдарынан туындайды. Оған қысымды типтегі гидротехникалық құралдар мен табиғи су қоймалары жатады. Мұндай құралдардың ерекшелігі олардың бұзылысы кезінде күшті ағым толқынын туындатуы саналады.

Коммуналды-энергетика жүйесіндегі апаттар. Сумен жабдықтау жүйесінде апаттар насос станцияларында, таратушы жүйеде, қысымды башняларда болады. Канализация жүйесіндегі коллекторларда және канализация жүйесінде болады. Нәжіс сулары су құбырына түседі де, әр түрлі инфекциялы және басқа аурулардың тууына әкеледі. Газбен қамтамасыз ету жүйесінде тұрғын үйлер және өндіріс кәсіпорындарына тарататын газ құбырындағы бұзылыстар мен жарылыстар ерекше қауіпті болып саналады.

Электрмен қамтамасыз ету жүйесіндегі барлық төтенше жағдайлар жер сілкінісі, су тасқыны, сел, қар көшкіні, дауыл, боран, құйын салдарынан болады. Сымдардың үзілуінен қысқаша тұйықталу жүреді де өрттің пайда болуына себепкер болады.

Соңғы жылдары антропогенді төтенше жағдайлардың әлеуметтік-экономикалық жағдайға теріс әсері артып келе жатыр. Экстремумдардың әлеуметтік салада пайда болуы мен бүгінгі күнде әр түрлі сипатта болуы социогенді төтенше жағдайларды қарастырудың өзектілігін білдіреді.

Социогенді төтенше жағдайдың қоғамға қатысты ерекше белгісі болып келесілер табылады:

- әлеуметтік жүйе қалыптасу режимінің тұрақсыздануы және оның тепе-теңдік жағдайынан шығуы, соның салдарынан қоғамдық өмірдің әр түрлі саласында дисфункцияның артуы;

- нақты және резервті ресурстардың (уақыт, табиғи, адамдық, еңбек, интеллектуалды, т.б.) күшеюі, шекті нүктеге жетуі;

- преанентті сипатқа ие әлеуметтік өзара әрекет жүйесінде дағдарысты құбылыстардың және қысымның күшеюі;

- әлеуметтік жүйенің ішкі реттелмегендігі, тұрақсыздық жағдайы;

- адамдардың өмірлік іс-әрекетінде нормативті реттеу құралдарының тиімділігін жоғалту, өзгерген жағдайға әлеуметтік мінез-құлық бағдарламасының болмауы немесе қалыптаспауы;

- адамдардың рационалды мінез-құлығынан иррационалды-эмоционалды компоненттерінің артып деструктивті әрекеттік мінез-құлқының өсуі.

Осы әлеуметтік экстремалды жағдайлар қасиеттерінің барлығы оларды қарастыру, алдын алу, жою және классификациялау процесінде есепке алынады.

Социогенді төтенше жағдайлардың аталған түрлері келесі түрлерден көрінеді: әскери әрекеттер (соғыс); терроризм; әлеуметтік жанжалдар салдары; экстремизм; революция; өз-өзіне қол салу және басқа да әлеуметтік және тұлғалық сипаттағы экстремалды жағдайлар.

Қоғамдық өмірдің маңызды саласындағы әлеуметтік төтенше жағдайлардың социогенді төтенше жағдайларды әлеуметтік-табиғи, әлеуметтік-экологиялық, әлеуметтік-демографиялық, әлеуметтік-технологиялық, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-стратификациялық, әлеуметтік-саяси, мемлекеттік құқықтық, ішкі саяси, әлеуметтік-мәдени деп топтарға бөліп, типологиясын ұсынуға болады.

Осы төтенше жағдайлардың негізгі түрлеріне келесідей сипаттама беруге болады:

- әлеуметтік-табиғи экстремалды жағдайлар табиғи қоршаған орта мен адамзат қауымдастығының өзара әрекеті саласында әр түрлі масштаб пен сипаттағы табиғи ауытқулар негізінде пайда болады. Бұл жерде табиғат пен әлеуметтік жүйені тығыз бірлікте қарастыру керек және табиғи процестегі кез келген ауытқу әлеуметтік жүйенің қалыптасуын өзгеріске әкелетінін ескеру қажет;

- әлеуметтік-экологиялық төтенше жағдайларға әдетте қалыпты жағдайдан ауытқыған табиғи процестер мен құбылыстардың қалыптасуында кенеттен болатын өзгерістердің артуын жатқызады. Қоғам жүйе ретінде адамның табиғаттағы қалыптасқан тіршілік әрекеттері формасымен өзара әрекет ете отырып, өзінің физикалық болмысының нақты тарихи шегінде болады. Адамдар биологиялық тірі жан ретінде осы кеңістіктің бөлігі болып саналады. Осы үш маңызды компоненттің бірлігі (табиғи, антропологиялық, әлеуметтік) «экологиялық-әлеуметтік жүйені» құрайды;

- экологиялық сипаттағы төтенше жағдай – табиғи себептер немесе адамның шаруашылық іс-әрекеттері әсерімен болатын жағымсыз трансформация, ол адамның тіршілік ортасын төтенше қауіпті жағдайға өзгеруіне және тірі организмдердің жаппай қырылуына, үлкен экономикалық шығынға әкеледі.

Экологиялық сипаттағы төтенше жағдайлар әр түрлі және адам өмірінің барлық жақтарын қамтиды. Сипаты бойынша олар төрт топқа бөлінеді:

- құрлықтың жердің жағдайының өзгеруі (топырақтың деградациясы, эрозия, шөлге айналу);

- ауа қасиеттерінің өзгеруі (климат, кислородтың жетіспеуі, қышқыл жаңбыр, зиянды заттар, озон қабатының бұзылуы);

- гидросфера жағдайының өзгеруі (судың таусылуы және ластануы);

- биосфера жағдайының өзгеруі.

Әлеуметтік-демографиялық төтенше жағдайлар демографиядағы критикалық өзгерістермен байланысты, яғни, туудың көбеюі немесе төмендеуі, ұлттың «қартаюы» немесе «жасаруы», этностар миграциясы немесе ассимиляциясы, депопуляция, орташа өмір сүру ұзақтығының қысқаруы немесе өсуі, эпидемия, жаңа аурулардың пайда болуы, т.б.

Әлеуметтік-технологиялық төтенше жағдай техногенді факторлардың әсерімен пайда болады және әлеуметтік өмірдің барлық саласында және әлеуметтік бақылаудың барлық формасында пайда болады.

Әлеуметтік-экономикалық төтенше жағдай экономикалық жүйенің жүйелік іркілістер мен бұзулардың жинақталуы салдарынан тепе-теңдік жағдайына шығып кетуді білдіреді. Ол өзінің мүмкіндіктері мен ресурстарының шиеленісті шегінде болады, соған орай қоғамның экономикалық құрылымынан және өндірістік күштердің даму деңгейінен көрініс табады. Соның нәтижесінде экономикадағы дағдарысты құбылыстың өсуі артады, экономикадағы радикалды өзгерістерге себеп болады.

Әлеуметтік-стратификациялық төтенше жағдайлар топ ішіндегі немесе топ арасындағы адамдардың өзара әрекеті, үлкен және шағын топ масштабты аумағында жүретін кездейсоқ немесе заңды ауытқу нәтижесі ретінде пайда болады. Әлеуметтік құрылымдағы шиеленістердің индикаторы болып халықтың көп бөлігінің кедейшілік шегінде болуы, өте байлар мен тақыр кедейлер табыстарының тым алшақтығы және т.б. болады.

Әлеуметтік-саяси және мемлекеттік-құқықтық төтенше жағдайлар әлеуметтік жүйенің тұрақсыздығы жағдайында пайда болады, қоғамдағы саяси

күштер әр түрлі бағыттағы әлеуметтік топтардан, экономикалық, саяси, мәдени элита стратегияларынан құралған болса, социумдағы әлеуметтік-саяси консенсустың болмауына әкеледі. Олар төңкеріс, азамат соғысы, терроризм, экстремизм және т.б. түрінде көрініс табады.

Сыртқы саяси төтенше жағдайлар халықаралық қатынастар жүйесіндегі шиеленістің салдары болып табылады, оның нәтижесі болып соғыс, әр түрлі масштабтағы және жиіліктегі әскери қақтығыстар табылады. Қазіргі кезеңдегі халықаралық терроризм мәселесі өзекті мәселелердің қатарында тұр.

Әлеуметтік-мәдени төтенше жағдайлар мәдениет әлемі мен шынайы өмір арасындағы байланыстың үзілуі, рухани және адамгершілік құндылықтардың дағдарысы салдарынан туындайды.

Бірақ жоғарыда келтірілген төтенше жағдайлардың шығу көзі бойынша классификациясы негізгі болып табылса да, толық болып саналмайды. Бұдан басқа олар басқа негіз бойынша да жіктеледі. Атап өтер болсақ:

- көлемі бойынша: ірі көлемді (глобалды, аймақ аралық, трансшекаралы, аймақтық); аз көлемді (локальды, жергілікті, объектілі);

- зардап шеккендер саны бойынша: шамалы (зардап шеккендер саны 10 адамнан көп емес); орташа (зардап шеккендер саны 50 және одан көп адам); ірі (зардап шеккендер саны 500 және одан көп адам);

- жүйедегі дисфункцияның өсу деңгейімен (даму, таралу жылдамдығымен) байланысты: кенеттен; апатты (қарқынды); тез таралушы; бірқалыпты таралушы; созылыңқы;

- қайталану мүмкіндігі бойынша: уникалды; сирек; жиі; үнемі;

- жүйенің қоршаған ортамен өзара әрекеті сипаты бойынша: экзогенді – сырттан әсер ету салдарынан пайда болатын; эндогенді – ішкі себептерден туындайтын; гетерогенді – ішкі және сыртқы өзара әрекеттердің факторлар немесе жағдайлар жүйесіне қатынасы салдарынан пайда болатын;

- пайда болу көзі бойынша: құрылымдық (жүйенің ішкі құрылыс ерекшеліктеріне негізделген); функционалды (жүйеде функция мен дисфункция дисбалансын туындататын стохастикалық процестермен байланысты);

- өту ұзақтығы, уақыты бойынша: қысқа мерзімді; орта мерзімді; ұзақ мерзімді;

- бағыттылығы бойынша: экспоненциалды (үнемі өсіп отыратын); циклдік (экстремалды көріністің күшеюі немесе «сөнуі» және қайтадан айналып келуі);

- салдары бойынша: қайтарымды; жартылай қайтарымды; қайтарымсыз;

- қоғамдық өмір саласы бойынша: әлеуметтік-табиғи; әлеуметтік-экологиялық; әлеуметтік-демографиялық; әлеуметтік-технологиялық; әлеуметтік-саяси; әлеуметтік-стратификациялық; мәдени-әлеуметтік;

- қауіп деңгейі бойынша: потенциалды қауіпті; қауіптілігі анық; қауіптілігі болжамды; қауіптілігі белгілі;

- қатерлік деңгейі бойынша: аз қатерлі; жоғары қатерлі, өлшеусіз қатерлі, өрескел қатерлі; салдарын түзеуге келмейтіндей қатерлі.

Бұл жіктемені келтіре отырып, зерттеудің немесе тәжірибелік іс-әрекеттің мақсаты мен міндетіне байланысты оның әр түрлі нұсқалары қолданылады.

Соған орай олардың өзектісі мемлекеттік және халықаралық стандарттарда бекітіледі. Ғылыми еңбектерді талдау негізінде төтенше жағдайларды бірнеше кезеңдер мен сатыларға бөліп қарастыруға болады: апат алдындағы кезең, дағдарысты кезеңнің өзі; аз басқарылатын кезең; апаттан кейінгі кезең.

Жоғарыда аталғандарды қорытындылай келе, экстремалды процестер мен құбылыстардың көп ғасырлық дәстүрдегі философиялық және социологиялық талдаулары қазіргі ғылымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою, халықты және территорияны оның салдарынан қорғауды қамтамасыз ету іс-әрекеттерінің әдістемелік жаңа амалдарын жасауға ықпалы зор.

1.2 Төтенше жағдайларда халықтың әлеуметтік өзін-өзі сезінуі: шетелдік және отандық ғылымда зерттелу жағдайлары

Қазіргі қоғамда болып жатқан өзгерістер мен оқиғаларда, қайта құрылымдауларда тұрақты дамудың маңызды сипаттамасы болып халықтың орын алып жатқан өзгерістерді қабылдауы және осы өзгеріс жағдайындағы олардың мінез-құлқы мен әлеуметтік өзін-өзі сезінуі табылады.

Отандық және шетелдік ғылым тарапынан индивид пен қоғам өміріндегі әлеуметтік аспектінің орны мен рөлін анықтауға қадам жасалғанына қарамастан, әлеуметтік өзін-өзі сезіну әлеуметтік реттеуші фактор ретінде өзінің толыққанды сипатын алған жоқ. Әсіресе төтенше жағдайлардағы халықтың әлеуметтік өзін-өзі сезінуін сипаттау арқылы қоғамдағы тұрақтылықты дамытуды талдауды айтуға болады.

Төтенше жағдайлардағы адамдардың әлеуметтік өзін-өзі сезінуін сипаттамас бұрын «әлеуметтік өзін-өзі сезіну» түсінігін жан-жақты талдап алу маңызды. Әлеуметтік өзін-өзі сезіну ғылыми категориялар тобына жатады, сондықтан кешенді, пәнаралық зерттеуді қажет етеді. Бүгінгі күні әлеуметтік өзін-өзі сезіну түсінігінің мәні туралы сұраққа жауап беруге әр түрлі ғылыми амалдармен қадам жасағанын атап өтуге болады. Бірақ оны әлеуметтанулық талдау мақсатында қолдануда мәселелер бар. Н.Я. Лепешкин [76] көрсеткендей, біріншісі, оның интерпретациясы ғылыми нақтылыққа жеткен жоқ, мазмұны көп жағдайда нақты зерттеу жобасы мақсатына сәйкес жасалады. Екіншісі – әлеуметтік өзін-өзі сезінудің «психологиялануы», оның «сезімге» теңестірілуі дегенмен келісуге болады.

Әлеуметтік өзін-өзі сезінудің әр түрлі қырларын теориялық талдау, ең алдымен, психологиямен байланысты. Әлеуметтануда әлеуметтік өзін-өзі сезіну жеке түсінік шеңберіне енді енгізіліп жатқанда, психологияда бұл түсінікті анықтауда белгілі бір ортақ көзқарас болған жоқ, ғалымдар өздігінше оны психологиялық құбылыстың қандай да бір түріне жатқызып талдады.

Айталық психологияда әлеуметтік өзін-өзі сезіну адамдардың топтық өзара әрекетінің феномені ретінде (А.С. Макаренко, А.С. Залужный, О.Б. Кауфман, В.И. Литварев, П.Г. Маркир, Р.И. Почтарев); ұжымның әлеуметтік-психологиялық климатының көрсеткіші ретінде (Я.Л. Коломенский, А.П. Копылова, О.В. Лунева); адамның өзінің өміріне қанағаттануының көрінісі, тұлғаның қоғамдағы «психологиялық жайлылығы» (Л.В. Сохань,

П.И. Вишняк, Е.А. Донченко); адамдардың рухани күшінің көрінісі (Б.Д. Парыгин); өзін-өзі тану, өзін-өзі бағалау феномені (А.А. Русалинова, П.М. Якобсон); адамдардың ессіз күйзелістерімен және оның дифференциалданбаған эмоционалды өзара қатынасымен байланысты «Мен» бейнесінің базалық төменгі деңгейі (И.С. Кон) ретінде қарастырылады.

Әр ғылымдағы «өзін-өзі сезіну» түсінігінің мәнін анықтау үшін ең алдымен оның құрамын талдау маңызды. Оның негізі болатын «сезім» ұғымы философиялық тұрғыда адамның өзінің айналадағы шынайылыққа (адамдарға, олардың әрекеттеріне, қандай да бір құбылыстарға) және өз-өзіне қатынас сезімін білдіреді.

Психологиялық сөздіктерде «сезім» деп адамның қажеттіліктері мен мотивтеріне байланысты шынайылық құбылыстарға тұрақты эмоционалды қатынастарын қарастырып, қоғамдық жағдайдағы эмоционалды процесті дамытудың жоғары өнімі ретінде айқындалады. Сол сезімнің бір өзінде әр түрлі эмоциялар (жағымды және теріс) бір-біріне ауысады, қосылып кетеді, бірігеді. Осы арқылы сезімнің амбиваленттілігі деген қасиеті түсіндіріледі.

Сонымен қатар, психология ғылымында индивидуалды өзін-өзі сезінуге ерекше назар аударылады да, «әлеуметтік» назардан тыс қалып қалады. Көптеген психологтар әлеуметтікті психиканың эмоционалды саласына жатқызады. Мұндай көзқарас бойынша, әлеуметтік өзін-өзі сезінуде шынайылықтың бейнесі рационалды түрде емес, эмоция және көңіл-күй формасында жүзеге асады. Соған орай, психологтар мен әлеуметтанушылар өкілдері макроортаның әлеуметтік қатынастарының барлық жүйесін бейнелейтін және ең алдымен, адамдар мүшесі болып табылатын қоғамда болып жатқан барлық әлеуметтік процестерге негізделген феномен ретінде түсінілуі керек.

Сонымен қатар, «өзін-өзі сезіну» адамның қазіргі жағдайдағы физиологиялық және психологиялық жайлылық деңгейін көрсететін объективті сезімдердің кешені ретінде анықталады. Өзін-өзі сезіну сипаттамалар жинағы ретінде де (жақсы, жаман, күйзелісті, сергек және т.б.), жеке жүйелер мен процестердің жағдайын көрсететін көңіл-күйлер ретінде де қарастырылады.

Әлеуметтік өзін-өзі сезіну өзінің бастамасын тек психологиядан ғана алмайды. С.Г. Климов, О.В. Коротева, С.Б. Крымский, И.Т. Левыкин, Э.А. Орлов, А.К. Уледов, Л.И. Щербакова, Р.Я. Яновский және т.б. философтар мен саясаттанушылар да рухани және әлеуметтік өзін-өзі сезінуді қоғамдық сана құбылысы ретінде, өмір бейнесінің құрамды бөлігі ретінде, қоғамның нақты тарихи кезеңдердегі моральдық-этикалық саладағы адамгершілік жағдайы ретінде қарастырады.

Олардың ұғынуында әлеуметтік өзін-өзі сезіну макро деңгейдегі қоғамдық процестер саласын зерттеуге және оны жалпы социум санасы және оның топтары, халықтың жекелей белгілі бір қабаты психикасының интегралды құраушысы боп енгізіледі. Ол адамдардың өмір бейнесінің белгілі бір көрсеткіші ретінде қатысады және олардың әлеуметтік игілікті қабылдауы мен

бағалауы, қажеттіліктердің қанағаттану мен әлеуметтік күтулердің жүзеге асу деңгейін сипаттайды.

Осы амалдардағы көзқарастардың әр түрлі болуы түсінікті де. Ол әлеуметтік өзін-өзі сезінуді әр ғалымның өздігінше белгілі бір құбылыстар түріне жатқызуға тырысуының нәтижесі болып табылады.

Шетелдік зерттеушілер бұл феноменді қоғамның және жеке әлеуметтік топтардың субъективті жағдайын сипаттауда қолданған. Шетелде әлеуметтік өзін-өзі сезінуді зерттеу 60-жылдардың ортасынан бастап әр түрлі теориялар негізінде кең таралды. АҚШ пен ГФР-да осы жылдары өмір сапасы белсенді дамыды, оның концептуалдануы адамзаттың өмір сүруінің табиғи, әлеуметтік және психологиялық жағдайын зерттейтін пәнаралық бағыт ретінде қалыптаса бастады.

Өмір жағдайының мәні субъективті әл-ауқатын объективті өмір жағдайына, негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыру мен ресурстарға қолжетімділігіне байланысты деген пайымдауға негізделеді. Әл-ауқаттылық шетелдік зерттеулерде әлеуметтік өзін-өзі сезінудің синонимі ретінде қарастырылады. Отандық дәстүрде әл-ауқаттылық әлеуметтік субъектінің материалдық игілігі туралы айтылғанда қолданылады.

«Өмір сапасы» түсінігімен бірге, шетелдік ғылыми әдебиеттерде субъективті әл-ауқаттылық категориясына арналған жұмыстар көптеп кездеседі: subjective well-being (субъективті әл-ауқат), global well-being (қоғамдық әл-ауқат), life satisfaction (өмірге қанағаттанушылық), happiness (бақыт) және т.б. Әл-ауқаттылықты батыс ғылымында зерттеу субъект мотивациясы, құндылықтың бағдарлары, өмірді субъективті бағалауды есепке алумен ерекшеленеді.

Батыс әдебиеттерінде әлеуметтік өзін-өзі сезінуге мағынасы бойынша жақын түсініктің жоқтығын Сепир-Уорфтың лингвистикалық салыстырмалы болжамымен түсіндіруге болады. Онда тіл ойды білдіру мен ресімдеу құралы ғана емес, ол ойлау процесінің және оның нәтижесінің барысын анықтайды.

Егер «әлеуметтік өзін-өзі сезіну» сөз тіркесін ағылшын тіліне сөзбе сөз аударатын болсақ, онда «social self-feeling» деп аударылады, бірақ ондай түсінік шетелдік әдебиеттерде кездеспеді. «Wellness» (сөзбе сөз аударғанда «бақыт» деп аударуға болады), «subjective well-being» (субъективті әл-ауқат) – міне, осы түсініктерге батыс ғылымы сүйенеді.

Бүгінгі күні осы мәселеге қатысты ауқымды теориялық материал жиналған. Батыс зерттеушілері жалпы түрде өзін-өзі сезінудің әлеуметтік ерекшелігін адамның индивидуалды мінез-құлқымен және оның қоғамға әсерімен байланыстырады. К. Чемберлен көзқарасы бойынша, әлеуметтік өзін-өзі сезіну белгілі бір біртұтас құрылымды білдіреді, оның негізгі элементтері өзара әрекет етуші индивидтердің субъективті өзін-өзі сезінуі болып табылады. Ол өзін-өзі сезінудің келесі компоненттерін бөліп көрсетті: когнитивті және аффективті (эмоционалды) құраушылар, олар өз кезегінде жағымды және жағымсыз факторлардан тұрады. Оларды өлшеу параметрі – аффектіні бастан өткерудің жиілігі мен интенсивтілігі. Сонымен қатар,

индивидтің өзіне және қоршаған әлеміне бағытталушылық қатынасын анықтайтын өзін-өзі сезінудің ішкі және сыртқы компоненттері де маңызды. Бұл компоненттер бір-бірімен өзара әсер етуде тығыз байланыста болатындығы соншалықты, оның мәні зерттеушілермен әлі толық анықталған жоқ.

Әлеуметтік өзін-өзі сезінудің әлеуметтанулық теориясын құрылымдауда әлеуметтік идентификация саласындағы шетелдік психологиялық ғылымның жетістіктерін есепке алмауы мүмкін емес. Т. Адорно, Д. Кэмпбелла, М. Шерифа және т.б. еңбектерінде қоғамдағы адамдардың әлеуметтік өзін-өзі сезінуінің көрінуі мен идентификациялық процестер байланысы көрсетіледі.

Әлеуметтік өзін-өзі сезіну құрылымын түсіндіруде қазіргі шетелдік ғалымдар Р.М. Риан мен Е.Л. Деки екі философиялық концептуалдауға сүйенеді: гедонистік және эвдемонистік өзін-өзі сезіну деп бөліп көрсетеді [24, p.142]. Е. Динер мен Е.Р. Лукас гедонистік өзін-өзі сезіну рахаттанушылыққа жетуге және өмірдің әр түрлі саласындағы ауыртпашылықтардан қашуға негізделеді деп көрсетті. Әл-ауқаттың жоғары деңгейі өмірге қанағаттанушылықпен және жағымды эффектiнiң басымдығымен байланыстылығын атап өтті [23, p. 403]. С.Д Рифф эвдемонистік игілікті адам потенциалының артуын дамытуға бағытталған адамдық кемелдену концепциясы контекстінде ала отырып, осы потенциалды орындау өмірдің жоғары сапасына әкеледі деп қарастырған [25, p. 101]. Ватерманға сәйкес, даралыққа табысты жетуге ұмтылу өзінің жақсы потенциалдарын анықтау мен дамытуға мүмкіндік береді. Осы потенциалдарды дамыту эвдемонистік игілік сезіміне әкеледі [26, p. 45].

Сонымен қоса, С.Л. Кейестің айтуынша, әлеуметтік контекстің де өзін-өзі сезіну динамикасында өз орны бар [27]. Осы көп қырлы концептуалдауға сәйкес, өзін-өзі сезінудің үш аспектісін қарастыруға болады: субъективті (өзін-өзі сезінудің гедонистік аспектісі), психологиялық (өзін-өзі сезінудің эвдемонистік аспектісі) және әлеуметтік өзін-өзі сезіну.

Е. Динер субъективті өзін-өзі сезіну [23, p. 405] ретінде адамдардың өмірге жалпы қанағаттануы мен тілектерінің орындалу сезіміне негізделетін өздерінің өмірлерін бағалауы, сонымен бірге, әр түрлі өмірлік құндылықтарды (мысалы, неке, жұмыс), жағымды немесе жағымсыз деп бағалауларын атайды. Ол бойынша субъективті өзін-өзі сезіну жағымды әсер ету, кері әсер ету, өмірге қанағаттану сияқты негізгі үш компонентті енгізеді. Өмірге қанағаттану адамдардың критерийлер мен стандарттарды өздігінше таңдай отырып, өмір сапасын бағалауымен анықталады.

С.Д. Рифф психологиялық өзін-өзі сезінуді өзінің еңбегінде қарастыра отырып, психологиялық өзін-өзі сезінудің жоғары деңгейіне 6 аспект әкеледі деп бөліп көрсетті: өзіне деген жағымды қатынасты бейнелейтін өзін-өзі мойындау, айналасына деген жағымды қатынас (ол жылы, сенім артылған тұлғааралық қатынасқа қатысты болады), тәуелсіздік (бұл мінез-құлықтың тәуелсіздігіне және ішкі реттеушілікке негізделеді), қоршаған ортаға деген шеберлігі (бұл тұлғаның өзінің психикалық жағдайына, сезімталдығына,

компетенттілігіне сай келетін ортаны таңдауы немесе құру қабілеті) және өмірлік мақсаты (ол өзіне өмір, мақсаттар мен бағыттар туралы нақты елестетуді енгізеді), тұлғалық өсу (бұл өзінің тиімді психологиялық қалыптасуын көрсететін потенциалын дамыту қажеттілігін енгізеді).

С.Л. Кейес әлеуметтік өзін-өзі сезіну концепциясының әлеуметтік контекстін ұсынады, ол әлеуметтік өзін-өзі сезінуді анықтайтын 5 негізгі аспектіні көрсетеді. Оған қауымдастыққа әлеуметтік интеграция, басқа адамдармен әлеуметтік мойындалу, қоғамға қосқан әлеуметтік үлесі, қоғам потенциалына сене отырып, әлеуметтік өзін-өзі жүзеге асыру, әлеуметтік әлемді қабылдаудағы үйлесімділік енгізілді. Кейес теориясы бойынша, әлеуметтік өзін-өзі сезінудің мәні болып адамдардың өздерінің өмірлерін бағалау үшін қолданатын критерийлер ретінде әлеуметтік мәселелер ала отырып, қоғамдағы өзінің жағдайы мен қалыптасуын бағалауы болып табылады.

«Әлеуметтік өзін-өзі сезіну» түсінігін жалпы психологиялық және басқа да контекстерде қарастыру оның әлеуметтану шеңберінде бұдан ары өңделуіне жағдай жасайды. Әлеуметтанулық талдау оның пайда болуы мен дамуының базалық заңдылықтарын есепке ала отырып, жалпы психологиялық және әлеуметтік-психологиялық түсіндірулер негізінде ғана жүзеге асырылады.

Ресей әлеуметтануында тікелей әлеуметтік өзін-өзі сезіну мәселелеріне арналған теориялық жұмыстар ХХ ғасырдың 80-жылдарының ортасынан бастап пайда болды. Оларда бұл түсінік әр түрлі психологиялық және әлеуметтанулық категориялар арқылы қарастырылады. Олар адамдардың әрекеттері мен қылықтарын анықтауда оқиғаның орны мен рөліне басты назар аударды. Ондай зерттеулер адамның қоршаған әлемді қабылдауы, оған қарсы тұруы, бірге әрекет етуі, өзгертуге ұмтылуымен байланысты мәселелердің кең ауқымын қамтыды. Кейінірек, Ресей әлеуметтанушылары әлеуметтік өзін-өзі сезінуді өмір бейнесінің құрамды бөлігі, қоғамның нақты тарихи қалыптасуының моральды-этикалық сипаты ретінде зерттей бастады.

«Өмір бейнесі», «өмірге қанағаттанушылық», «өмір сапасы» түсініктерінде «сәттілік-сәтсіздік», «бақытты болу/бақытсыздық» критерийлерінің негізінде «әлеуметтік өзі-өзі сезіну» Е.А. Ануфриев, М. Аргайл, Е.В. Антонова, О.Л. Барской, И.В. Бестужев-Лада, В.Э. Бойков, И.А. Джидарьян, И.Т. Левыкин, Н.С. Мансуров, Л.И. Щербаковалармен зерттеледі. Эмоция, сезім, күйзелістер, білім әлеуметтік өзін-өзі сезінудің компоненті ретінде А.А. Русалиновамен зерттелсе, Б.Д. Парыгин, Ж.Т. Тощенко, С.В. Харченко әлеуметтік өзін-өзі сезінуді «көңіл-күй» арқылы қарастырады.

«Әлеуметтік өзін-өзі сезіну» түсінігін анықтайтын өзіндік амалды қалыптастырудан бұрын, осыған байланысты зерттеу теориялары мен тәжірибесінің қазіргі уақыттағы жағдайын қарастырып, топтастыру маңызды болып саналады. Осы сала бойынша жүргізілген талдау көрсеткендей, әлеуметтік өзін-өзі сезіну мәселесін зерттейтін авторлар әр түрлі теориялық концепция мен әдістемелік амалдар ұстанған.

Жалпы әлеуметтік өзін-өзі сезінуді қарастырған көптеген анықтамаларды талдай отырып, оларды негізгі зерттеу аймағына байланысты бірнеше топқа біріктіруге болады.

Бірінші әлеуметтік-психологиялық амал өкілдері әлеуметтік өзін-өзі сезінуді психиканың тобырлық құбылысы түрінде көрінетін қоғамдық сана және жеке индивидтердің өмір бейнесіне, қоғамның әр түрлі жақтарына қанағаттанушылығына ой жүгіртуі ретінде қарастырады. Л.Е. Петрова мен Л.Я. Рубина өзін-өзі сезінуді «өмірлік стратегияның мазмұндық сипатымен анықталатын ұмтылу деңгейі мен (өмірлік стратегиялардың жүзеге асатынына қанағаттануды білдіретін) өмірлік мәнді қажеттіліктерге қанағаттану дәрежесі арасындағы өзара байланысты көрсететін сананың синдромы» деп анықтайды [33, с. 72].

Әлеуметтік өзін-өзі сезінудің осыған жақын түсініктемесін В.А. Бурко, Т.Н. Юдина және И.В. Охременко береді, оны қалыптастырудағы әлеуметтік құрылымның рөлін көрсетеді. В.А. Бурко әлеуметтік өзін-өзі сезінуді нақты қалыптасқан қоғамдық сана мен мінез-құлықтың формасы ретінде анықтайды, онда индивид пен әлеуметтік топтың өздерінің әлеуметтік қажеттіліктеріне және басқа индивидтермен және әлеуметтік топтармен салыстырғандағы өзінің жағдайына қанағаттану деңгейінің эмоционалды бағасы ретінде көрініс табады деп есептейді [34, с. 17]. И.В. Охременко әлеуметтік өзін-өзі сезінуді «тобырлық сананың ерекше жағдайы ретінде, әлеуметтік тұрмысқа қанағаттану немесе қанағаттанбаудың әлеуметтік-психологиялық жағдайы ретінде» қарастырады [35, с. 11]. Т.Н. Юдина өз еңбегінде адамдар тобы қоғамдық қатынас жүйесінде әлеуметтік мүдделерімен қаншалықты сараланса, соншалықты олардың кез-келгенінің әлеуметтік өзін-өзі сезінуі сол қауымдастықтағы әлеуметтік мүдденің жүзеге асу деңгейімен ерекшеленеді [36, с. 67].

Әлеуметтік өзін-өзі сезіну әлеуметтік-психологиялық амал өкілдері еңбектерінде әлеуметтік көңіл-күй жағын қарастырады, ол психиканы тобырлық құбылыс деп санайды. Әлеуметтік топ пен әлеуметтік субъект зерттеу объектісі болғандықтан, әлеуметтік өзін-өзі сезіну социумдағы өзін-өзі бағалау түрінде қатысады, ондай бағаны қоғам да, басқа индивидтер де бере алмайды.

Екінші, әлеуметтік-антропологиялық амал, адамның өзін-өзі сезінуі, әлеуметтік жан, топ және қоғам мүшесі ретінде өзін-өзі сақтауға деген қажеттілік пен оны қоршаған микроортасының әл-ауқат деңгейі мен дәрежесін бағалау деп түсіндіреді. Әлеуметтік өзін-өзі сезіну құрылымының компоненттері: эмоция, сезім, қобалжу, білім зерттеледі. Ж.Т. Тощенко мен С.В. Харченконың пікірінше, қоғамдық сана мен әлеуметтік көңіл-күйдің қалыптасу ерекшелігін нақтылауға мүмкіндік беретін жаңа құрылымдаушы болып адамдардың мінез-құлқының шынайы көрінісін беретін әлеуметтік көңіл-күй феномені қатыса алады [77]. Олардың көзқарасы бойынша, қоғамдық көңіл-күйді зерттеу әлеуметтік өзін-өзі сезінудің «белгісін» жағымды немесе жағымсыз факторлармен анықтайды. Оның нәтижелі көрсеткіші субъектінің

өзін-өзі сақтауға деген қажеттілігі және оның қоршаған ортаның әл-ауқаты деңгейін бағалауы болып табылады. Я.Н. Крупец бойынша «өзін-өзі сезіну адамның өз өмірін, өз жетістіктері мен сәтсіздіктерін ой елегінен өткізуінің белгілі бір нәтижесі ретінде қатысады» [38, с. 143].

Үшінші әлеуметтік-процессуалдық амал өкілдері әлеуметтік өзін-өзі сезінуді қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге және өзінің жағдайына, өмірдің әр түрлі жақтарына қанағаттануы немесе эмоционалды бағалауы деп түсіндіреді. В.Г. Шуметова және Г.М. Орлова, О.В. Лясковская еңбектерінде әлеуметтік өзін-өзі сезіну «индивид пен әлеуметтік топтың әлеуметтік кеңістіктегі өз орнына қатынасын, сонымен бірге, халықтың өзгеріп жатқан әлеуметтік шынайылыққа бейімдеушілік деңгейін, адамдардың келешекке және өзінің әлеуметтік статусының өзгеру факторларына қатынасын сипаттайтын қиын да, көп жақты категория» деп сипатталады [78].

Төртінші амалды Н.Л. Баталова әлеуметтік-энергетикалық амал деп бөліп көрсеткен. Оған әлеуметтанушы-виталистер С.И. Григорьева, А.И. Субетто және т.б. еңбегін жатқызады. Бұл теория шеңберінде «әлеуметтік өзін-өзі сезіну» түсінігі нақты көрсетілмесе де, зерттеушілер оны зерттеуге жақын келген. Виталистік концепцияның басты түсінігі әлеуметтік өзін-өзі сезіну феноменінің мәнін түсінуде маңызды саналатын – адамның өмірлік күші категориясы «өзінің өмірін белгілі бір жағдайда, нақты тарихи және әлеуметтік-мәдени кеңістікте қайта жандандыруға және жетілдіруге қабілеттілік» болып табылады [79].

Бұл амалдың маңыздысы – адам қабілетінің өзінің өмірін қоғамның барлық саласында жетілдіруі, адамдардың индивидуалды-тұлғалық және қоғамдық өмірінің табиғи негізімен де, әлеуметтік өмірдің дамуымен де байланыстырылады. Виталистік амал өкілдерінің көзқарастары бойынша әлеуметтік өзін-өзі сезіну әлеуметтік өмірдің қоғамдық негізінің бөлігі бола отырып, адам мен қоғамның өмірлік күштерін белсендірудің параметрлерінің бірі болып табылады.

Ғылымның әр түрлі салаларының өкілдері ұсынған теориялық концепцияларды талдау әлеуметтік өзін-өзі сезіну түсінігінің әлеуметтанулық категория ретінде өңделген әдістемелік негізге ие екендігін көрсетті, бірақ отандық ғылымдағы бұл түсініктің мазмұнын әлі де болса нақтылауды қажет етеді.

Жоғарыда көрсетілген амалдардың негізінде әлеуметтік өзін-өзі сезінуді қоғамның әлеуметтік құрылымын түсінуге көмектесетін қазіргі әлеуметтану ғылымының категориясы ретінде екі деңгейге бөліп қарастыруға болады:

- индивидуалды субъективті деңгейде;
- әлеуметтік топтық деңгейде [80].

Индивидуалды деңгейде индивидтің жағдайының қоғам құрылымында өзгеру нәтижесінде пайда болатын және субъектінің қандай да бір әлеуметтік қажеттілігіне қанағаттанушылық деңгейі мен дәрежесін бейнелейтін қиын құрамды эмоционалды бағалау жағдайы.

Әлеуметтік-топтық деңгейде қандай да бір әлеуметтік қауымдастықтың, топтың өзгеріп жатқан әлеуметтік шынайылықтың сипаттамаларына негізделген өзінің өмірлік іс-әрекеттерінің негізгі аспектілеріне беретін бағалаулар жиынтығы ретінде қарастырылады.

Бұл жұмыста әлеуметтік өзін-өзі сезіну төтенше жағдайды басынан өткерген адамдардың бағалауларын зерттейтін әлеуметтік-топтық деңгейде қарастырылады.

Зерттеу тәжірибесіндегі көптеген пәндердің ұсынған теориялық концепцияларын қарастыру келесідей тұжырым жасауға мүмкіндік береді:

- әлеуметтік өзін-өзі сезіну мәселелері психология ғылымы арнасында көбірек көрініс табады;

- мәселені қарастырудың әдістемелік негізі әлеуметтік өзін-өзі сезінудің нақты бір сәттері көрсетілген жұмыстар бола алады;

- әлеуметтік өзін-өзі сезіну мәселесіне жан-жақты қызығушылық танытқанмен, барлық зерттеулер тар салалық сипатқа ие, әлеуметтік өзін-өзі сезіну «өзіндік» көзқараспен қарастырылады;

- әлеуметтік өзін-өзі сезінудің жасалған модельдері мен сызбалары белгілі бір сипатқа ие. Ол арқылы адамның қандай да бір мінез-құлқы мен іс-әрекеті бейнеленді және зерттеушілер әлеуметтік өзін-өзі сезінудің өзін түсіндіруге көңіл бөлмеді.

Әлеуметтік өзін-өзі сезінудің біртұтас субъективті-объективті құрылым ретінде екі жақты табиғаты, оның құрылымының базалық элементтерін анықтауды қажет етеді. Әлеуметтік өзін-өзі сезінуді оның тұтас құрылымын талдамай немесе қоғамдағы дертті болып отырған процестерді есепке алмай қарастырылмауы керек. Әлеуметтік өзін-өзі сезінудің ішкі құрылымын анықтайтын элементтерді білу белгілі бір әлеуметтік топтың әлеуметтік өзін-өзі сезінуін, ерекшеліктерін түсінудегі басты кілт болып саналады. Ол өз кезегінде көп жағдайда олардың мінез-құлқын анықтайды.

Әлеуметтік өзін-өзі сезінудің құрылымы ретінде олар құралатын негізгі элементтер жиынтығы деп түсіну керек. Сонымен бірге, өзін-өзі сезінудің құрылымдық сипаты оның негізгі компоненттерінен құралады.

«Әлеуметтік өзін-өзі сезіну» түсінігін көп уақыт бойы ғылыми әдебиеттерде оның негізі болып эмоционалды жағдай табылады деп қарастырып келді. Бірақ уақыт өте келе, психологтар мен әлеуметтанушылар жұмыстарында әлеуметтік өзін-өзі сезінудің мәні, құрылымдық элементтері туралы әр түрлі көзқарастар пайда болды.

А.А. Русалинова әлеуметтік өзін-өзі зерттеуді өзара әрекет ететін динамикалық когнитивті және эмоционалды компоненттен құралатын композициялық сипаттама ретінде ұсынды [30, с. 49]. Когнитивті компонент біздің әлеуметтік жағдайды жалпы қоғамға және оның қалыптасуындағы жеке салаларға қатынасында және осы жағдайдағы өзіміздің орнымыз бен рөлімізді білуіміз бен бағалауымыздан тұрады. Әлеуметтік өзін-өзі сезінудің эмоционалды компоненті өзіне адамның қоғамның әлеуметтік өміріндегі оқиғалар мен өзгерістерде басынан өткеретін барлық толқулар мен сезімдерді

енгізеді. Бағалаушылық ойлардың және ситуативті толқулардың жинақталуы кумулятивті эффект береді және екі формада көрініс табады: әлеуметтік жайлылық және жайсыз сезіну. Когнитивті және эмоционалды компоненттердің қосындысы әлеуметтік өзін-өзі сезінудің бірқатар жинақталған көрінісін қалыптастырады, ол өз кезегінде жалпы өмірге қанағаттанушылықпен біріктіріледі. Автордың ұсынған сызбасы адамның әлеуметтік өзін-өзі сезінуін қалыптастырудың шынайы процесін жеңілдетеді, бірақ негізгі мазмұнын нашарлатады.

Эмоционалды компонентте эмоция үстемдікке ие болады. Жағымды эмоция – қуаныш, ақ көңілділік, жоғары көңіл-күй; жағымсыз эмоция – жабырқаңқы, тұнжыраңқы, түсіңкі көңіл-күй. Жағымды және жағымсыз эмоциялардың қосылуы көңіл-күйдің эмоционалды компонентін құрады. Ол өзін және айналасын қабылдау, өмірдің барлық ағымына қанағаттану немесе қанағаттанбаудың көптеген параметрлерін енгізеді. Эмоционалды компонентке денелік әл-ауқат – физикалық жайлылық немесе жайсыздық кіреді. Әлеуметтік өзін-өзі сезінудің эмоционалды бояуы әлеуметтік топтың дистресс бар болуын көрсете алады. Деструктивті дистрестік көріністің басым болуы халықтың мәнді бөлігінің өмірлік және бейімделушілік ресурстарының таусылғандығын білдіреді, ол тұлға мен қоғамның регресіне әкеледі.

Е. Когай жұмысын негізге алсақ, әлеуметтік өзін-өзі сезіну адамдардың жағдайын, қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қанағаттандыру деңгейін субъективті қабылдаудан көрінеді [81]. Ойды дамыта отырып, әлеуметтік өзін-өзі сезінуді қалыптастырудағы әлеуметтік-психологиялық фактордың ерекше рөлге ие деп тұжырымдауға болады. Бұл жерде басты рөлді қанағаттанбаудың объективті себебін көрсететін әлеуметтік фактор, қосымша рөлді әлеуметтік жағдайға реакция ретіндегі психологиялық фактор алады.

Әлеуметтануда көп жағдайда әлеуметтік өзін-өзі сезінудің когнитивті элементтеріне сүйенеді. Онда субъективті бағалауларды объективті талдау деп түсінуге болады. Бұл респонденттердің өмірлік ұстанымдары, құндылықты бағыттары, жоспарлары, болашақтан күтулері т.б. және оларды жүзеге асыру деңгейі (жалпы өмірге қанағаттануы, өзінің мүмкіндіктерінің сипаттамасы т.б.) түсініктерін интерпретациялауды білдіреді.

Сондықтан да, әлеуметтік өзін-өзі сезінудің эмоционалды жағдайын зерттейтін зерттеудің психологиялық дәстүріне қарағанда, әлеуметтану ситуативті-эмоционалды жағдайды емес, сананың когнитивті құраушыларын зерттеу маңызды. Тұлға өзінің тірі және өлі табиғатқа, адамдар әлеміне, жалпы қоғамға, жеке топтар мен басқа адамдарға қатынасын сезінеді. Осы әлемге және өзіне қатынасы әлеуметтік өзін-өзі сезінуден көрінеді. Көңіл-күйдің когнитивті компоненті ағымдағы өмірлік ситуацияны, оны түсінудің интерпретациясын құрайды. Әлеуметтанушылар осы «өмірлік ситуация» құбылысына ерекше көңіл бөледі, ол индивидтің қоғамдағы объективті-субъективті позициясын енгізеді. Соған орай, өзін-өзі сезінуде социологиялық және психологиялық зерттеу нәтижелерін біріктіретін объективті жағдай құрылады, өйткені, адам өмір бейнесінің объективті сипаттамасымен бірге,

адамның қабылдауы мен бағалауы сияқты тұлғалық-индивидуалды деңгейі де қамтылады.

Осы компонентке өзінің денелік және денсаулығын интерпретациялау мен бағалау, оның динамикасын болжау да кіреді. Жоғарыда аталғандай, адамның денелік болмысы да, көңіл-күй де бейнеленеді. Сонымен бірге, когнитивті компоненттің әлеуметтік статусы, әлеуметтік жағдайды бағалау мен өзін-өзі бағалауы сияқты элементтерін қарау маңызды. Ол адамдардың әлеуметтік бедел, әлеуметтік рөл туралы ойларынан көрініс табады. Адамдардың қоғамның әлеуметтік құрылымындағы өздерінің әлеуметтік орны туралы пайымдары олардың ертеңгі күнге деген тұрақтылығы мен сенімділігін білдіретін олардың позициясын, оларды қоршаған шынайылықты немесе жеке оқиғаларды, процестерді қолдау немесе қабылдамаудағы олардың позициясын, деңгейін және дәрежесін анықтайды.

Бұл бағалаулар мен өзін-өзі бағалаулар адамдардың өздерінің қалаған жағдайға, статусқа жету мүмкіндіктері туралы ойларынан көрінеді. Олардың жүзеге асуына қоғам, қоршаған орта қаншалықты жағдай жасайды немесе кедергі келтірсе, соншалықты бағалаулар мен өзін-өзі бағалаулар адамдардың әлеуметтік көңіл-күйінен тікелей және жанама көрінуі мүмкін. Адамдардың қоғамдағы өздері ойнайтын рөлдері туралы түсініктері ерекше мәнге ие. Себебі әрбір адам жұмысшы, отбасы мүшесі, дос, жүргінші, көрші, т.б. сияқты көптеген рөлдер атқаратындықтан, әрбір рөлге қанағаттану деңгейі әр түрлі болуы мүмкін, ол әлеуметтік өзін-өзі сезінуге тікелей әсер етеді. Бір рөлдерге қанағаттану басқа қанағаттабайтын рөлдерге қатынасында орнын толтырушылық (компенсаторлық) қызметін атқаруы мүмкін. Бұл жағдайда әлеуметтік жағдайдың өзін, өзінің әлеуметтік рөлін бағалау ғана емес, сонымен бірге, адамдардың өзінің статусын өзгерту салдары мен болжамын алдын ала көре алуы (саналы немесе бейсаналы) да ерекше мәнге ие. Өзінің нақты әлеуметтік жағдайына қанағаттанбауындағы болашағының жоқтығы әр түрлі жағдайлар гаммасын туғызады, апатия мен немқұрайлылықтан бастап терең күйзелістерге дейінгі жағдайға әкелуі мүмкін. Ол өз кезегінде қоғамға қатынасында (қарсыласудың күштеу әдістері), өз-өзіне және жақындарына қатынасында (айналасына адам төзгісіз жағдай туындату, жанжалдар және тіпті өз-өзіне қол салу) бақыланбайтын мінез-құлыққа әкелуі мүмкін.

Әрине, әлеуметтік өзін-өзі сезінуді қалыптастыру үшін әлеуметтік өмірдің әр түрлі салаларын жеке бағалаулар емес, әлеуметтік әл-ауқатты, жалпы әлеуметтік ситуацияның жайлылығы деңгейін, қоғамдағы әлеуметтік шиеленісушілік деңгейі, қоғам және өзінің жеке дамуының жалпы перспективасының жинақталған бағалаулары мәнді болып табылады.

Субъектінің іс-әрекеті көп жағдайда анықсыздық күйінде жүретін болғандықтан, когнитивті құраушылар ерекше рөл атқарады. Сондықтан, адам әлемінің когнитивті көрінісінің дамуы жіберген олқылықтарды толтыруға және осы негізде қандай да бір күтулерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Когнитивті және эмоционалды компоненттердің қосындысы жалпы өмірге қанағаттанушылықпен сипатталады.

Осы компоненттерді О.А. Асланова өзінің еңбегінде көрсеткен. Ол «әлеуметтік өзін-өзі сезінуді» түсінудің шетелдік амалдарын талдай отырып, респонденттер үшін өзінің әлеуметтік статусын бағалаудағы негізгі түсініктер ретінде өзінің материалдық жағдайын бағалауы, қоғамдағы өзінің жағдайына қанағаттану деңгейі, белгілі бір уақыттан кейінгі айналасына қатынасындағы өзінің материалдық жағдайы деп сипаттады [82].

Бұдан ары Л.Е. Петрова, В.Г. Крысько, Н.Е. Симонович бұл модельді толықтырып, әлеуметтік өзін-өзі сезінуге мінез-құлықтық аспектіні енгізді [28, с. 166]. Бұл аспект адамдардың өзінің позициясын, әлеуметтік белсенділік деңгейін сақтап қалу немесе өзгерту үшін қандай да бір әрекеттерге дайындығын көрсетеді.

Н.Я. Лепешкин өз еңбегінде әлеуметтік өзін-өзі сезінудің құрылымын қарастыруда интегралды және талдаулық деп екі амалды бөліп көрсетеді. Интегралдықта әлеуметтік өзін-өзі сезінудің екі – ішкі және сыртқы жағы қарастырылады. Әлеуметтік өзін-өзі сезінудің талдаулық құрылымы эмоционалды (қоғамның әлеуметтік өміріндегі оқиғалар мен өзгерістердің адам бойында пайда болатын белгілі бір толқулар мен сезімдердің көптүрлілігі), когнитивтік (адамдардың әлеуметтік ситуацияларды бағалауы, түсінуі) және мінез-құлықтық компоненттерден (адамдардың өзгерістерге дайындығы немесе дайын еместігі) тұрады [40, с. 170].

Әлеуметтік өзін-өзі сезіну компоненттерін бұдан ары Н.Л. Баталова [41, с. 65] қарастырып, «эмоционалды компонент-когнитивті компонент-мінез-құлықтық компонент» триадасына тағы екі энергетикалық компонент пен аксиологиялық компонентті қосады. Оның көзқарасы бойынша энергетикалық компонент тұлға мен әлеуметтік топтың өмірлік күштері деңгейін көрсетеді, яғни, олардың әлеуметтік субъективтілікті көрсете отырып, өздерінің өмірін әр түрлі салада қайта жандандыруы және жетілдіруі қабілеттерін білдіреді. Өмірлік күштердің нәтижесінде индивидтің әлеуметтік рөлі қалыптасады. Энергетикалық компоненттер әлеуметтік өзін-өзі сезінудің базалық элементтеріне негізделеді:

- когнитивті, яғни, экономика, саясат, әлеуметтік-тұрмыстық сала және т.б. сияқты базалық әлеуметтік сала мен қатынаста өзінің өмірін жетілдіру қабілетін бағалау;

- эмоционалды, яғни, әлеуметтік бейімделуге, жалпы әлеуметтік потенциалға қатысты толқулар, уайымдаулар.

Әлеуметтік өзін-өзі сезінудің энергетикалық компоненттің интегралы құрылымының ішкі және сыртқы жағы бар. Ішкі жағы – әлеуметтік субъектінің ішінде жинақталатын жиынтықты энергетикалық потенциал. Сыртқы жағы – әлеуметтік белсенділіктен, әлеуметтік қатынастан көрінетін жинақталған потенциалдың актуалдануы. Жалпы энергетиканың жинақталған аспотенциалы әлеуметтік субъектінің өмірлік күштері потенциалын құрайды.

Виталистік әлеуметтануда бұл құбылысты бейнелеуде «автономды энергетика» термині қолданылады, ол өмірлік күштің таусылуымен, іс-әрекетке қызығушылықтың жоғалуымен, жағымды сезімді және эмоцияны жоғалтуымен,

махаббат сезімінен айырылумен, организмнің жалпы жұтаңдануымен жүреді. Оның қарама-қарсысы резонанстық энергетика өмірлік күштің артуымен, әрекетке және өмірге жоғары қызығушылықпен, жұмыс істеуге, ойлап табуға тілектің артуымен сипатталады [79].

Ал әлеуметтік өзін-өзі сезінудің аксиологиялық компоненті Н.Л. Баталова бойынша, субъектінің өзінің тұрмысына және іс-әрекеті жағдайына қатынасын бейнелейді, өмірлік мәнді заттар мен объектілерді саналы таңдау нәтижесі ретінде көрсетіледі. Аксиологиялық компонент – субъектіде өзінің социумдағы мінез-құлқына қатынасында мақсатын қалыптастыратын өзіндік эмоционалды-бағалаулық маяк. Ол адамның мінез-құлықтан әсер ететін және ол үшін болашақтың тиімді бейнесін қалыптастыратын реттеуші ролді атқарады.

Отандық әлеуметтанушы О.Ж. Мұқанова әлеуметтік өзін-өзі сезінуді қоғамдық организмнің уақыттың нақты хронологиялық бөлігіндегі әлеуметтанулық диагноз қойылатын және түзетудің әлеуметтік-инженерлік шешімдері ұсынылатын айқын индикаторлардың негізінде өлшенетін жай-күй деп көрсетеді. Өзінің еңбегінде халықтың әлеуметтік өзін-өзі сезінуін интегралды бағалауда өмірге қанағаттану коэффициенті мен қанағаттану индексін анықтау арқылы сипаттаған [83]. Қазақстан тұрғындарының әлеуметтік өзін-өзі сезінуін бағалаудағы Г.С. Абдирайымова, Г.Т. Алимбекова зерттеулері олардың өмірге қанағаттанушылығын үлгілеуге арналып, бақыт сезімі, материалдық қамтамасыз етушілік, денсаулық жағдайы, микро- және макродеңгейдегі әлеуметтік өзара әрекетке тартылуы, ел өмірінің әртүрлі аспектілеріне қанағаттану сияқты компоненттер арқылы қарастырған [48, с. 11].

Әлеуметтік өзін-өзі сезіну тұлғаның, әлеуметтік топтың, қауымдастықтардың дүниені сезуінің қиын да, көп жоспарлы, кешенді және динамикалы көрсеткіш екендігін есепке алсақ, бұл феноменді ғылыми зерттеу оны көрсеткіштер, индекстер және критерийлер арқылы үнемі қадағалауды, өлшеуді, тиянақтауды, бағалауды білдіреді. Оны құраушыларға адамның өзінің қоғамға кірігуінің деңгейін бағалауы, оның өзін-өзі идентификациялауы, құндылықтары мен дүниетаным деңгейі, әлеуметтік-психологиялық сипаттамасы және мінез-құлықтық мақсаттарын жатқызуға болады.

Тұлғаның өзін-өзі сезінуі адамның әлеуметтік статусына, ол орындайтын әлеуметтік ролдерге әсер етеді, әлеуметтік өмірдің әртүрлі салаларында көрінеді, адам басынан өткеретін әлеуметтік көңіл-күйлер мен басқа элементтерден қалыптасады.

Жоғарыда аталғандарды қорытындылай келе, әлеуметтік өзін-өзі сезінудің әлеуметтанулық феномені оның көрінісінің жеке әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық жақтарын көрсететін мен әлеуметтік ортаны, индивидтердің, топтардың және адамдар тобырының анықталатын немесе анықталмайтын қызығушылықтарының әлеуметтік жағдайын (объективті және субъективті) сипаттайтын көрсеткіштер жүйесі. Сондықтан да, әлеуметтанулық зерттеулер халықтың әртүрлі топтардың тобырлық көңіл-күйі, күтілімдері мен сезімдерін бағалауға және олардың өзгерісін бақылауға мүмкіндік береді.

1.3 Әлеуметтік өзін-өзі сезінуді төтенше жағдайларда зерттеудегі заманауи әдістемелер мен эмпирикалық көрсеткіштер топтамалары

Әлеуметтік өзін-өзі сезінуді эмпирикалық зерттеу қоғамның әр түрлі саласындағы және әр түрлі жағдайдағы адамдарды қарастырудың ажырамас бөлігі болып табылады. Қолданбалы зерттеу саласы бойынша адамдардың әлеуметтік өзін-өзі сезінуінің негізгі параметрлері ретінде ғалымдар келесілерді бөліп көрсетеді: индивидуалды өмірдің табиғи негізін сипаттайтын көрсеткіштер жүйесі (денсаулық, тіршілік ортасы, өмір жағдайы, т.б.), әлеуметтік өмірдің табиғи негізі (экологиялық жағдай, адамдардың әлеуметтік өмірінің экологиялық-табиғи жағдайы, т.б.), индивидуалды өмірдің әлеуметтік негізі (толыққанды азаматтық дамудың тәуелсіздігін, құндылығын және кепілділігін реттейтін құқықтық актілер жиынтығы, адамның индивидуалды белсенділігін әлеуметтік қолдау жүйесі, т.б.), әлеуметтік өмірдің қоғамдық негізі (идеялардың, әлеуметтік-психологиялық жағдайдың, құндылықтардың, идеалдардың, нормалардың жиынтығы) [46, с. 112].

Әр түрлі жағдайдағы әлеуметтік топтар өкілдерінің әлеуметтік өзін-өзі сезінуін түсіну оның эмпирикалық зерттеуінің өңделген және тексерілген әдістемесімен құрылуы мүмкін. Оған параметрлер, ерекшелік принциптері, оны зерттеудің критерийлері мен көрсеткіштері енгізіледі және ол барлық жүргізілетін процедуралардың адекватты және нақтылығын қамтамасыз етуі керек. Өз кезегінде әдістеменің өзі әлеуметтік өзін-өзі сезінуді эмпирикалық зерттеу бағдарламасының алғашқы элементі болып табылады.

Әлеуметтік өзін-өзі сезінуді қарастыруға арналған әдебиеттерді талдау көрсеткендей, оның эмпирикалық зерттеуінің әдіснамасы жалпы ғылыми әдістемеге негізделетін келесі принциптерден тұрады:

1) әлеуметтік өзін-өзі сезінудің категориялық алаңының кеңдігін көрсететін детерминанттар шоғырын анықтауға негізделген пәнаралық және кешенділік принципі;

2) әлеуметтік ортаның сыртқы әсері мен субъектінің ішкі әлемі қатынасының нәтижесі болып табылатын мақсатты әлеуметтік-психологиялық жағдай ретіндегі әлеуметтік өзін-өзі сезінудің мәнінің бейнелік принципі. Психологиялық жағдай болжамдық конструктор ретінде әрқашан мойындала бермейді және дұрыс түсіндірілмейді, бірақ, адамдардың әлеуметтік психикасының бөлінбес сипаттамасы, онда ішкі және сыртқы әсерлердің танымдық, эмоционалдық, мотивациялық және мінез-құлықтық аспектілері жинақталған түрде көрсетіледі;

3) нақтылық принципі – зерттеу объектісінің қоғам дамуының қазіргі кезеңіндегі нақты-тарихи жағдайлардағы қайшылықтарды таратушы ретінде түсінуді білдіреді;

4) типтеу принципі – әлеуметтік өзін-өзі зерттеудің типтік модельдерінің және типтік әдіснамасының болуын білдіреді;

5) объективтілік принципі индивидуалдықтан әлеуметтік-жалпылыққа тәсілін қолдануды білдіреді;

6) функционалдылық принципінде аамдардың әлеуметтік өзін-өзі сезінуін зерттеудің мақсатты бағытталған сипаты олардың өздерінің өмірінде орындайтын қызметтерімен анықталады. Бұл қызметті дұрыс түсіну әлеуметтік өзін-өзі сезінудің дұрыс көрсеткіштері мен критерийлерін табуға мүмкіндік береді;

7) себеп-салдарлық принципі әлеуметтік өзін-өзі сезінудің «табиғатына» яғни, когнитивті, эмоционалды, мінез-құлықтық, т.б. аспектілерін есепке ала отырып бағытталуды білдіреді;

8) жүйелілік принципі әлеуметтік өзін-өзі сезінудің динамикасы моделін оның дилектикалық бірлігінде құруды білдіреді. Жеке индивидтің жағдайы, жеке әлеуметтік топтардың макро және микроорта өзгерістері жағдайындағы санасының жылжуы ретінде қарастырылады.

Бұл принциптердің әдістемелік рөлі – зерттеу мәселесін қоғамның объективті даму заңдылықтарына сәйкес шешу.

Бұл феноменді эмпирикалық зерттеуге кірісе отырып, оның қиындығын және бірегейлігін жете түсіну қажет, бұл әлеуметтік өзін-өзі эмпирикалық зерттеудің әдістемелік негізін анықтауда жоғары талапты көрсетеді.

Оның жоғары динамика және кумулятивтілік деңгейіне ие индивидтің, топтың және адамдар тобырының әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық жағдайының әр түрлі сипаттарының және көрсеткіштерінің кейбір кешенінің жинақталуы нәтижесінде пайда болатын интегралды құрылымды білдіруі – оның зерттеу ерекшелігі.

Әлеуметтік өзін-өзі сезінудің ерекшеліктері, оның біртұтастығы және ішкі бірлігі осы түсініктің құрылымдылығымен анықталады. Әлеуметтік өзін-өзі сезінудің әлеуметтанулық моделінің статикалық және динамикалық параметрін бөліп көрсетуге болады. Статикалық құрылым ретінде әлеуметтік өзін-өзі сезінудің шынайы жағдайынан тыс оның негізгі аспектілерін, компоненттерін сипаттайтын абстрактілі жүйені қарастыруға болады. Әлеуметтік өзін-өзі сезінуді талдаудың әдіснамасын қарастырғанда статикалық құрылымы ретінде эмоционалды, когнитивті және мінез-құлықтық компоненттердің көрінуін қарастыруға болады.

Әлеуметтік өзін-өзі сезінудің статикалық құрылымын психологиялық (ішкі) және әлеуметтік (сыртқы) қабатта қарастыруға болады. Біріншісі индивидтің әлеуметтік-психологиялық жағдайын зерттесе, екіншісі әлеуметтік өзін-өзі сезінуді әлеуметтік субъектінің өмірлік іс-әрекеттерінің объективті жағдайымен өзара байланыстыра отырып зерттеуді білдіреді.

Әлеуметтік өзін-өзі сезінудің статикалық құрылым моделіне қарағанда динамикалық құрылым моделінің негізгі компоненттері адамның күнделікті тіршілігінде емес, тікелей өмірлік іс-әрекет контекстінде көрінеді. Адамдардың статикалық құрылымының негізгі компоненттерін олардың қозғалысы, өзара әрекеті өзгерісінде қарастырсақ, онда статикалықтың динамикалық құрылымға ауысу процесі жүреді.

Әлеуметтік өзін-өзі сезіну феноменінің ерекшелігінен әдістемелік сипаттағы әлеуметтанулық тұжырым жасауға болады. Әлеуметтік өзін-өзі

сезінуді белгілі бір әдіс арқылы ғана зерттеуге келмейді. Себебі, адамдардың әр түрлі өмір саласындағы әлеуметтік және психологиялық ерекшеліктерін есепке алу қажет. Сонымен бірге, әлеуметтік өзін-өзі сезінуді біртұтас компонент ретінде емес, зерттеу саласына сәйкес келетін жеке құраушылары, бөлшектері арқылы зерттеуге мәжбүрміз.

Кез келген зерттеушілер әлеуметтік өзін-өзі сезінудің формасын топтастыру, жіктеу, оны зерттеу мен болжау жолдары мен әдістерін сипаттайтын әдіснаманы таңдау барысында ақпараттың жеткіліксіздігі мәселесіне жолығады, сондықтан әлеуметтік өзін-өзі сезінуге жақын категорияны зерттеу тәжірибесіне сүйенеді. Көп жағдайда әлеуметтік көңіл-күйді зерттеушілер жұмыстарына жүгінеді.

Ресейлік зерттеулерде әлеуметтік көңіл-күйді өлшеу әдіснамасының екі типі кездеседі: қандай да бір әлеуметтік топ өкілдерінің қоғам өзгерісі жағдайындағы көрсеткіштеріне бағытталған әлеуметтанулық инструментарий мен жеке индивидтің әлеуметтік-психологиялық жағдайын зерттеуге бағытталған әдістер.

Соңғысына И.М. Сеченов атындағы Мәскеу медицина ғалымдары өңдеген «өзін-өзі сезіну, белсенділік, көңіл-күй» тесті жатады [84]. Әлеуметтік өзін-өзі сезінудің әлеуметтанулық инструментарий көмегімен өлшеудің кең таралған әдіснамасы болып бүкілресейлік қоғамдық пікірді зерттеу орталығы қызметкерлері жасаған «Әлеуметтік көңіл-күй индексі» (ӘКИ) табылады. Әдістемелік табиғаты бойынша кез келген құрылымданған индекс – бірқатар эмпирикалық мәліметтерді белгілі бір өндеу нәтижесінде жасанды алынған шама. Мұндай индекс қарастырылатын материалдың өзгерісі жағдайын немесе тенденциясының біртұтас көрсеткіші бола алады. Әлеуметтік көңіл-күй индексі сұрақтары респонденттердің әлеуметтік шынайылығының түрлі жақтарын жағымды және теріс бағалауларынан құралады. Оны құрастыруда үш аспектіге көңіл бөлінеді: сұралғандардың материалдық жағдайын, қоғамның даму тенденциясын және адамдардың әлеуметтік-психологиялық жағдайын бағалауы. Өзіндік талдау үшін әлеуметтік көңіл-күйдің жинақталған индексін қалыптастыруға түрлі факторлардың әсерін бейнелейтін жеке индекстер бөлінеді: отбасының әлеуметтік жағдайы индексі, Ресей жағдайы индексі, күту индексі, көңіл-күй индексі. Әрбір сұрақ бойынша индивидуалды индекс құралады: оң жауап санынан теріс жауап саны шегеріледі және теріс мәнділіктің пайда болуынан құтылу үшін 100 қосылады.

0-ден 200-ге дейінгі интервал арасында өзгеріп тұратын әлеуметтік көңіл-күйінің жиынтық индексі индивидуалды көрсеткіштердің орташа арифметикасымен есептеледі. Егер жиынтық мән 100-ден төмен болса, ол қоғамдағы теріс бағалаудың үстемдігін және азаматтардың әлеуметтік өзін-өзі сезінудің төмен көрсеткіші ретінде бағаланады. Әлеуметтік көңіл-күйдің жиынтық индексін құрудың негізі болып тобырлық сананың бірыңғай векторының бар екендігі туралы болжамда жатыр. Ол өзінің көрінісін адамдардың көп қырлы өмірінің әр түрлі жағы бойынша нақты пікірлері, бағалаулары мен көңіл-күйлерінен табады. Егер көңіл-күйдің сондай бірыңғай

векторы болатын болса, онда оны құру мен жиі өлшеу қоғамдық көңіл-күйдің халықтың шынайы саяси, экономикалық, шаруашылықтық мінез-құлқына әсерін талдаудың құралы бола алады. Бұл соңғы тұжырым халықтың өмірлік іс-әрекетіне, экономика, саясат, қоғамдық өмірдің түрлі салаларындағы адамдардың нақты әрекетіне объективті жағдайлардың әсерімен қалыптасатын субъективті бағалаулардың әсері туралы болжамнан шығады. Мұндай субъективті бағалаулар қоғамды зерттейтін әр түрлі ғылымдар игілігі болған объективті заңдылықтар туралы мамандардың түсініктерін толықтыруы, тіпті өзгертуі мүмкін.

Адам өмірінің түрлі қырларының әсерімен қалыптасқан қоғамдық пікірдің бірыңғай векторы қоғамның жеке мүшесінің мінез-құлқына, сол арқылы жалпы қоғамның мінез-құлқына әсер ететін жеке фактор болып қалыптасады. Соған орай, субъективті көңіл-күй мен шынайы іс-әрекеттің іс жүзіндегі мінез-құлқының өзара байланысының екі деңгейі болады: жеке адам деңгейі және қоғамның барлық мүшелерінің көңіл-күйлерінің елдің әлеуметтік-саяси, экономикалық даму динамикасына жинақтық әсерін бейнелейтін қоғамдық деңгей.

Қоғам мүшелерінің индивидуалды көңіл-күйлерінің жиынтық бағалауларын құру субъективті факторлардың әсер ету шамасын анықтауға және сандық өлшеуге мүмкіндік береді, ол жеке адамдардың индивидуалды қалаулары мен көңіл-күйлерінің жалпы қоғамның дамуына әсерін көрсетеді.

Осындай еркін көрсеткіштерді құрудың мысалы ретінде әлеуметтік өзін-өзі сезінуді зерттеуге арналған әлеуметтанушылар Е.И. Головаха мен Панинаның ұсынған әлеуметтік өзін-өзі зерттеудің интегралды индексі алуға болады [46]. Бұл әдіснама халықтың әлеуметтік өзін-өзі сезіну деңгейін қазіргі қоғам жағдайында өлшеуге және әлеуметтік саясаттың әлеуметтік-психологиялық атмосфераға және тобырлық көңіл-күйге әсері тұрғысынан тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік өзін-өзі сезіну индексі – адамның қоғам жағдайын, қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерді, қоғамдағы өзінің орнын эмоционалды бағалауының жалпыланған көрсеткіші. Әлеуметтік өзін-өзі зерттеудің интегралды индексі басқа әдіснамалардан сұралғандардың әлеуметтенуден табысты өтуіне қажетті сапалардың болуын есепке алады, бірақ әлеуметтік оптимизмді зерттеуге бағытталмаған, яғни әлеуметтік өзін-өзі сезінудің эмоционалды табиғаты толық қарастырылмайды.

Әлеуметтанулық тестерді әдіснамалық негіздеу мен өңдеу технологиясына әлеуметтік өзін-өзі сезінуді өлшеу мен жастардың әлеуметтік өзін-өзі сезіну шкаласын құру кезеңдері бойынша тәжірибе жасаған Е.В. Давыдова өз үлесін косты [11].

О.А. Хасбулатова мен Е.С. Егорова әдіснамасы әлеуметтік өзін-өзі сезінудің кешендік амалымен ерекшеленеді, бірақ субъектінің жеке өмірлік іс-әрекеті сияқты маңызды аспектіні қозғамайды. Әлеуметтік көңіл-күй индексі респондент басынан өткеретін мәселелер мен қауіптерге назар аудармайды, яғни, олардың қоршаған ортаны бағалауын, тұрғылықты жерінің, жұмысының экологиялық жағдайын, т.б. қарастырмайды.

Осы фактілерді назарға ала отырып, Н.И. Лапина мен Л.Я. Беляеваның әлеуметтік өзін-өзі сезінуді зерттеу әдіснамасы субъектінің жеке өмірлік іс-әрекеті деңгейін бағалауға және осы бағалаудың нәтижесін арнайы коэффициент арқылы беруге мүмкіндік береді. Аталған әдіснама әлеуметтік өзін-өзі сезінудің: халықтың әлеуметтік қауіптерден қорғалуының орташа мәні, халықтың жалпы өміріне қанағаттану деңгейі, әлеуметтік оптимизмнің орташа мәні (өмір деңгейін өткен жылдармен салыстыру, болашақтан күтетіні, болашағына сенімділігі) сияқты үш құраушы коэффициентін белгілейді [85].

Әлеуметтік өзін-өзі сезінудің әдіснамасын жасауға арналған бірқатар жұмыстар жасалғанымен, әлі де толық, кешенді емес екендігін байқатады, бұл мәселені бұдан ары қарай зерттеуді қажет етеді.

Әлеуметтік өзін-өзі сезіну мен әлеуметтік көңіл-күйді өлшеудің тесттік әдіснамасын қалыптастырудағы нақты зерттеулер нәтижесі көрсеткендей, бұл процедура келесі әдіснамалық талаптарға сай қарастырылады:

1. Универсалдық – әлеуметтік көңіл-күйдің жалпы мәндік жақтарын өлшеуге негізделе отырып, түрлі әлеуметтанулық зерттеулерде халықтың әр түрлі топтарының әлеуметтік көңіл-күйін талдауға мүмкіндік береді.

2. Интегралдық – әлеуметтік көңіл-күйдің түрлі өлшемдерін бір интегралдық көрсеткішке жүктеу негізінде халықтың әр түрлі категорияларын әлеуметтік көңіл-күй деңгейлері бойынша салыстыру.

3. Сапалық – сенімділік пен валидтіктің статистикалық көрсеткіштермен ресмиленуі.

4. Стандарттылық – нақты зерттеулерден алынған деректерді белгілі бір талаптарға сәйкестендіру үшін әлеуметтік көңіл-күйдің қалыпты деңгейін бекіту.

5. Сезімталдық – халықтың көңіл-күйіндегі түрлі деңгейдегі өзгерістерді тіркеуге мүмкіндік беретіндей жоғары дәлдікпен өлшеу.

6. Ықшамдылық – методиканың көлемі көпшілік сұрауларда кеңінен қолдануға мүмкін болатындай қолайлы болуы.

7. Объективтік – тест нәтижелеріне субъектінің фальсификация жасауына мүмкіндік бермейтін өлшеу мақсаттарының латенттігі.

Жоғарыда аталынған әдіснамалық принциптердің әрқайсысына мәндік тұрғыдан талдау жасайтын болсақ, универсалдық принцип түрлі әлеуметтанулық зерттеулерде халықтың әлеуметтік көңіл-күйін экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, экологиялық және саяси тұрғыдан бағалай отырып өлшеуге мүмкіндік береді. Интегралдық көрсеткішке мысал ретінде әлеуметтік жағдайына қанағаттану, болашаққа сенімділік, психологиялық тұрғыдан өзін сезінуі, тағы басқа да көңіл-күйдің өлшемдерін әлеуметтік оптимизм көрсеткішіне балау арқылы халықтың түрлі категорияларын әлеуметтік көңіл-күй деңгейлері бойынша салыстыруды көрсетуге болады [86]. Сапалық өлшем статистикалық ақпараттармен нақтылананады. Мұндай өлшем қоғамда әлеуметтік қауіпсіз өмір сүру талаптарының қамтамасыз етілуіне сай қалыптастырасады. Әлеуметтанулық зерттеулердегі сұрақтар халықтың көңіл-күйіндегі түрлі деңгейдегі өзгерістерді дәл өлшеуге мүмкіндік беретіндей

шкалалардың сезімталдығына негізделуі мүмкін. Ықшамдылық өлшем көңіл-күйдің қажетті жақтарын өлшеуге негізделіп, социологиялық зерттеу құралдарының шамадан тыс жүктемелі болуына және объективтік өлшем субъектілердің сұрау, тест нәтижелерін өз мақсаттарына сай бұрмалауына жол бермейді. Сондықтан да, әлеуметтік көңіл-күйді өлшеудің басты мақсаты латентті түрде қалыптастырылады.

Әлеуметтік өзін-өзі сезінуді өлшеуде келесі принциптер есепке алынады:

1. Әлеуметтік өзін-өзі сезінудің когнитивті, эмоционалды және мінез-құлықтық компоненттерін өлшейтін өлшемдердің болуы.

2. Топтастыру принципі. Кез келген процесті бір сұрақпен ғана өлшеу сенімді болмайды, оның шынайы көріністі көрсетпеуі.

3. Келісушілік принципі. Бұл әлеуметтік өзін-өзі сезінудің өлшенетін деңгейі мен болжанатын мінез-құлқы тек әрекетімен ғана емес, объектісімен, әрекет жасайтын уақыты, контекстімен сәйкес келуі.

Әлеуметтік өзін-өзі сезіну елімізде болып жатқан жаһандық әлеуметтік, саяси және идеологиялық қайта құрулар жағдайындағы оның өзгерісін анықтауда қарастырылуы мүмкін. Қоғамда, қоршаған ортада болып жатқан процестерді реттеу, басқару, алдын алу және болжауды қамтамасыз ету өмірдің рухани саласындағы және адамдардың өміріндегі өзгерістер динамикасы туралы ғылыми, дәйекті білімсіз, осы білімдерді жаңа талдамаларда, сараптамаларда қолданусыз мүмкін емес. Осыған орай, мамандар қазіргі уақытта ел халқының экономикалық қайта құрулар, әлеуметтік тұрақсыздықтар, экологиялық қауіптер жағдайындағы әлеуметтік өзін-өзі сезінуін, оның Қазақстан қоғамындағы рухани, адамгершілік, мәдени-тарихи дамуының, әлем дамуының жалпы тенденциялары және жағдайларымен тамырлық байланыстарын зерттеуді қолға алып отыр.

Әлеуметтану адамды әлеуметтік кеңістікте қарастыратын болғандықтан, «өзін-өзі сезіну» ұғымы өзінің тұрмысының әлеуметтік социумдағы «жайлылығы-жайсыздығы» тұрғысынан көңіл-күйлердің белгілі бір жағдайлары ретінде түсіндіріледі, ал бұл феноменді өлшеу процедурасы амалдардың көптігімен анықталады.

«Өзін-өзі сезіну» түсінігінің шетелдік амалын талдай отырып, адамдардың әлеуметтік статусын бағалауда келесі факторлардың маңыздылығын мойындау керек: өзінің материалдық жағдайын қоршаған ортамен салыстыра отырып бағалау, өзінің қоғамдағы жағдайына қанағаттану деңгейі, белгілі бір уақыт шеңберінде болашақ материалдық жағдайы туралы ойларын талдау.

С.О. Лебедева мен М.О. Пучкова жұмысына негізделсек, әлеуметтік өзін-өзі сезіну – тұлғаның интегралды, салыстырмалы түрде тұрақты сипаттамасы, өмірлік іс-әрекетінің әр түрлі аспектілеріне қанағаттану деңгейін, әлеуметтік субъектінің өзінің потенциалды және өзекті мүмкіндіктерін бағалауын көрсетеді [42, с.6].

Әлеуметтік өзін-өзі сезінуді қалыптастыратын механизмдер қандай деген сұрақ туындайды. Ол үшін Джоан Ормела жұмысында ұсынылған әлеуметтік өзін-өзі сезіну компоненттерін қарастырайық. Ол әлеуметтік өзін-өзі сезінуді

психология және экономика ғылымдары көзқарасы тұрғысынан қарастырған. Осы амалды А.А. Русалинова қолданады, әлеуметтік өзін-өзі сезінуді әлеуметтік тұлғалық факторлардың үш компонентімен байланыстырады: когнитивті (әлеуметтік статусы мен ондағы өзінің орнын білуі және бағалауы), эмоционалды (әлеуметтік шынайылықпен байланысты адамдардың сезімдері мен күйзелістері) және мінез-құлықтық (адамның әлеуметтік белсенділік деңгейі, сонымен бірге белсенділіктің қандай сипатта болатындығы) [30, с. 50].

Әлеуметтік өзін-өзі сезінудің қалыптасу механизмін қарастыруда бірнеше амалдарға сүйенуге болады. Ғалымдар идентификация, әлеуметтік рефлексия және қалыптастыру және т.б. механизмдерді бөліп көрсетеді. Біз үшін осы механизмдердің қандай да біреуін таңдау емес, осы механизмдердің негізін не құрайтындығы маңызды. Идентификация механизмін сипаттайтын Л.Е. Петрова [32, с. 51] жұмысын немесе әлеуметтік көңіл-күйді қалыптастыру моделін қарастыратын А. Кэмпбэлл жұмысын негізге ала отырып, механизмдердің негізін объективті шынайылықтың кез келген процесіне рефлекс жататынын анықтадық. Рефлекс біздің көзқарасымыз бойынша, әлеуметтік көңіл-күйді қалыптастыратын үш компонентке сәйкес келеді. Рефлекті бағалауға байланысты әлеуметтік көңіл-күй қалыптасады.

Әлеуметтік субъектілердің қоршаған ортаға қатынасын ондағы өзгерістер тұрғысынан бағалауды жүйелік талдауда А.Л. Стризое олардың қалыптасуының үш негізгі режимін бөліп көрсетеді: реактивті (ортаның ішкі әсеріне пассивті қатынасы); адаптивті (бейімделгіш); белсенді (өзіндік мақсатын жүзеге асыра отырып, ортаны өзгерту) [43, с.115]. Сондықтан да, оның көзқарасы бойынша, әлеуметтік өзін-өзі сезінуді қарастыратын параметрлер құрылымы субъектінің бірдейлігін (ол үшін маңызды қажеттіліктер, қызығушылықтар, құндылықтар мен оларды қанағаттандыру жолдары), оның өмір сүруге бейімділігін, оның әлеуметтік белсенділік деңгейін, сипаты мен бағыттылығын сипаттайтын көрсеткіштерге сүйенеді.

Я.Н. Крупец оларды бейімделуші-бағалаушы ретінде адамның ішкі жағдайын (денсаулығы, көңіл-күйі, сезімдері); оның сыртқы жағдайды бағалауы (елдегі жағдайды және адам өмір сүріп отырған уақытты қабылдауы); жаңа жағдайдағы өзінің орнын қабылдауын айқындау арқылы анықтайды [38, с.143].

Әлеуметтік өзін-өзі сезінудің ішкі құрылымын талдай отырып, О.В. Лясковская әсер етуші факторлардың шеңберін кеңейтеді, олар – өмірлік жағдайларға қанағаттану, адамдардың күнделікті көңіл-күйі, өзін-өзі бағалауы, елдің экономикалық жағдайы, отбасылардың материалдық игілігін ағымда және перспективада бағалау, экономикаға, саясатқа қатысты әлеуметтік оптимизм көрсеткіштері, әрекет етуші саяси белсенділерге және саяси құрылымға сенімділігі және т.б. [29, с. 117].

Әлеуметтік өзін-өзі сезіну категориясының әлеуметтік негізін атай отырып, Л.И. Михайлова адам тұрмысының социумдағы «жайлылығы – жайсыздығы» тұрғысынан қарастырады. Оның пікірінше, әлеуметтік өзін-өзі сезіну денсаулыққа, отбасындағы жағдайға, өмірі мен тұрмысына, барлық

саладағы әлеуметті өмір сипаты мен енгізілу сапасына, әлеуметтік игіліктерге қанағаттану деңгейіне, сонымен бірге, жоғарыда аталған және басқа да факторларға бағынышты [44, с. 70].

Халықтың әлеуметтік өзін-өзі сезінудің адаптивті құраушы концепциясын қарастыра отырып, бірқатар авторлар әлеуметтік өзін-өзі сезінуінің жинақталған индексін құрылымдады, ол халықтың әлеуметтік-экономикалық өзгерістерін білдіретін тобырлық көңіл-күйдің сезімдік индикаторы болып табылады.

Бұл жағдайда әлеуметтік бейімделу индивидтің жаңа әлеуметтік орта жағдайына белсенді қабілеттену процесі, сондай-ақ бұл процестің нәтижесі ретінде сипатталады. Әлеуметтік өзін-өзі сезіну контекстінде халықтың әлеуметтік бейімделуінің көрсеткіші – халықтың ертеңгі күнге сенімділік деңгейінің көрсеткіші, халықтың материалдық қамтамасыз етілуі, белсенді әлеуметтік бейімделу көрсеткіші.

Бұл аталған әдістемелік амалдарда инструментарий моделі және негізгі өлшеуші параметрлері әлеуметтік бейімделудің субъективті және объективті критерийлері, әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштері және респонденттердің тұрғылықты жері болып есептеледі. Әлеуметтік бейімделудің субъективті критерийлеріне авторлар әлеуметтік бейімделудің деңгейін; әлеуметтік оптимизм деңгейін; тұтынушылық өзін-өзі идентификациялауын; жалпы физикалық өзін-өзі сезінуін; жалпы эмоционалды жағдайын жатқызады.

Әлеуметтік бейімделудің объективті критерийлеріне [87]: табыс деңгейін бағалау, табысқа қанағаттану, ақша жинау мүмкіндігі, материалдық жағдайының тұлғаға және жағдайға бағыныштылығы, өткен материалдық игілігін бағалау, бүгінгі материалдық игілігін бағалау, болжамдық материалдық игілігін бағалау, қазіргі өмір бейнесіне енуі кіреді.

Өңделген және дәстүрлі болып қалған көрсеткіштер қатарына (жалпы өмірге қанағаттану және ертеңгі күнге сенімділік) А.А. Русалинова әрбір респонденттің өзінің әлеуметтік жайлылық деңгейін бағалау («термометр» әдісі), елдегі әлеуметтік игілік деңгейін бағалау; елдегі әлеуметтік қысымдылық деңгейін бағалау және елдегі жалпы жағдайда өзі үшін оңтайлылық деңгейін бағалау сияқты жаңа көрсеткіштерді қосады [89].

Т.Б. Сергеева концепциясында әлеуметтік өзін-өзі сезіну әлеуметтік денсаулық түсінігімен сәйкестендіріліп, әлеуметтік-мәдени белсенділік, жеке іс-әрекеттерді интеллектуалдау қабілеттілігі, өзін шағын және кумулятивті топқа жатқызу қабілеттілігі, тұлғаның өзін еркін сезіну қабілеттілігі, социуммен өзін-өзі ұйымдастыру және өзара әрекет ету қабілеттілігі, сыни ойлауға қабілеттілігі, өзін-өзі талдауға қабілеттілігі, басқаларға сенімділік таныту қабілеттілігі және т.б. критерийлермен сипатталады [45, с. 190].

Жоғарыда қарастырылған әрбір амал өзі қамтыған қандай да бір саладағы әлеуметтік өзін-өзі сезінудің жеке параметрлерін сипаттауда өз деңгейінде дұрыс болып табылады. Бірақ әлеуметтік өзін-өзі сезінуді эмпирикалық зерттеудің әдістемелік алғышарттары ретінде жеке амалдармен қоса, көрсеткіштердің интегралды жиынтық моделі қажет.

Әлеуметтік өзін-өзі сезінуді зерттеуде қолданылатын көрсеткіштер күрделі және көп түрлі. Әлеуметтік өзін-өзі сезінудің ерекшелігі оның жоғары жинақтық деңгейге ие интегралды құрылымында болып отыр, яғни, біртұтас әлеуметтік жағдайды әр текті сипаттамалар кешенімен біріктіру нәтижесінде пайда болады. Әлеуметтік өзін-өзі сезінуді біртұтас жағдай ретінде қандай да бір көрсеткішпен өлшеуге болмайды, оның әрбір құраушылары критерийлер жүйесі арқылы сипатталады.

Көрсеткіштердің жалпы саны бір әдіснама үшін өте кең, ауқымды екенін атап өткен жөн, сондықтан, оларды әдіснамада таңдауда зерттеу міндетіне сәйкес қолдану қажет. Бір жағынан, өзін-өзі сезіну феноменін жалпылама зерттейтін әлеуметтанушылардың, психологтардың ғылыми, эмпирикалық өңдемелеріне, екінші жағынан, әлеуметтік өзін-өзі сезінудің жеке компоненттерін талдайтын әлеуметтанулық зерттеулер нәтижелеріне сүйене отырып, әлеуметтік өзін-өзі сезінуді талдаудың негізгі бағыты ретінде эмоционалды, когнитивті, мінез-құлықтық компоненттердің көрініс табуын есептеуге болады. Яғни негізгі көрсеткіштер ретінде:

1) эмоционалды компонент – адамдардың белгілі ситуацияларға, оқиғаларға түсуіне байланысты ситуативті және тез өзгеретін эмоционалды жағдайы, ертеңгі күнге сенімділіктің (сенімсіздік) болуы;

2) когнитивті компонент – индивидтердің әлеуметтік процесті және әлеуметтік жүйедегі өз орнын бағалауы және түсінуі, өзін әлеуметтік субъект ретінде бағалауы;

3) мінез-құлықтық компонент – адамдардың өздерінің әлеуметтік позициясын сақтауға немесе өзгертуге дайын болуы (дайын болмауы) әлеуметтік өзін-өзі сезінудің факторы ретінде әлеуметтік белсенділік деңгейі алынады.

Сонымен қатар, әлеуметтік өзін-өзі сезінудің объективті-субъективті құбылыс ретіндегі екі жақты табиғаты оның көрсеткіштерін объективті және субъективті факторлар бірлігінде қарастыру қажеттілігін көрсетеді [90]. Соған орай, әлеуметтік өзін-өзі сезінудің көрсеткіштері ретінде келесілер алынады:

- адам статусының объективті сипаттамасы (кәсібі, отбасылық жағдай, материалдық әл-ауқаты бойынша әлеуметтік жүйедегі орны, білімі);

- адамдардың өздерінің социумдағы позициясына қанағаттануы (қоғамда, отбасында, қоршаған ортасында), олардың өздерінің әлеуметтік міндеттеріне, мемлекеттік құндылықтарға қатынасы;

- әлеуметтік мақсаттары мен құндылықты бағдарлары;

- адамдардың қоғамдық-саяси белсенділігі; олардың социум өміріне шынайы кірігуі;

- адамдағы эмоционалды жағдайдың басым болуы (көңіл-күй);

- адамдардың қоғаммен байланыстылық деңгейі, оның қандай бір әлеуметтік қауымдастыққа идентификациялану деңгейі;

- әлеуметтік өзін-өзі сезінудің өзгеру динамикасы;

- адамдардың ертеңгі күнге сенімділігі және кәсіби және тұлғалық өсу келешегінің болуы;

- қоршаған орта өзгерістеріне, табиғи өзгерістерге, әр түрлі қауіптерден қорғалғандық сезімінің деңгейі.

Біздің зерттеуіміздің ерекшелігіне қарай, төтенше жағдайлар болған кездегі және одан кейінгі кезеңдердегі адамдардың әлеуметтік өзін-өзі сезінуін зерттеуде белгілі бір индикаторлардан тұратын келесі параметрлерді қолдануға болады:

1. Материалдық-қаржылық жағдай және өмір деңгейі.
2. Физикалық денсаулық.
3. Өзін-өзі жүзеге асыру.
4. Тұлғааралық қарым-қатынас.
5. Эмоционалдық-сезімдік сала.
6. Моральдық-адамгершіліктік мақсаттар.
7. Еңбектік іс-әрекет.
8. Отбасылық жағдай және қатынас.
9. Әлеуметтік қорғалғандық.
10. Әлеуметтік белсенділік.
11. Әлеуметтік теңдестіру.
12. Әлеуметтік жайлылық.
13. Респонденттің индивидуалды-тұлғалық сипаты.

Зерттеу еңбекте әлеуметтік өзін-өзі сезінуді эмпирикалық зерттеудің құрылымы мен көрсеткіштері, сонымен қатар, логикалық талаптарды орындайтын көрсеткіштер мен критерийлер қолданылды, мысалы, төтенше жағдайды басынан өткерген индивид, топ немесе адамдар тобының әлеуметтік өзін-өзі сезінуі осы объективті әлеуметтік жағдайға сәйкес келуі немесе келмеуі анықталды. Адамдардың әлеуметтік өзін-өзі сезінуін олардың бағалау мен қанағаттану деңгейі арқылы өлшеуге болады. Бұл көрсеткіштер белгілі бір жағдайдағы адамдардың әлеуметтік өзін-өзі сезінуі мен индивидтердің эмоционалды жағдайының деңгейін объективті анықтауға мүмкіндік береді.

Көптеген әдістемелік амалдарға қарамастан әлеуметтік өзін-өзі сезінуге арналған әлеуметтанулық зерттеу қарапайым анықтамаларды қолданады, оны үш бағыт бойынша жіктеуге болады: зерттеу кезіндегі отбасының материалдық жағдайын бағалау, отбасының екі-үш жылдағы өмір деңгейін бағалау, елдегі болып жатқан өзгерістерге бейімделу деңгейі.

Жоғарыда аталғандарды қорытындылай келе, әлеуметтік өзін-өзі сезінудің әлеуметтанулық феномені оның көрінісінің жеке әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық жақтарын көрсететін көрсеткіштер жүйесі мен әлеуметтік ортаны, индивидтердің, топтардың және адамдар тобының анықталатын немесе анықталмайтын қызығушылықтарының әлеуметтік жағдайын (объективті және субъективті) сипаттайтын көрсеткіштер жиынтығы екенін анықтадық. Сондықтан да, әлеуметтанулық зерттеулер халықтың халықтың түрлі топтарының тобырлық көңіл-күйі, күтілімдері мен сезімдерін бағалауға және олардың өзгерісін бақылауға мүмкіндік береді.

2 ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗІН-ӨЗІ СЕЗІНУІН ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУ БОЙЫНША ТАЛДАУ

2.1 Халықтың төтенше жағдайлардағы әлеуметтік өзін-өзі сезінуін субъективті тұрғыдан бағалау индикаторы

Әлеуметтік өзін-өзі сезіну – тұлғаның, әлеуметтік топтың және қауымдастықтың әлеуметтік дүниені сезінуінің күрделі, көп жоспарлы, кешенді және динамикалық көрсеткіштері. Бұл интегративті феноменді ғылыми зерттеу көрсеткіштер, индекстер, индикаторлар мен критерийлер арқылы, оны үнемі қадағалау, өлшеу, тіркеу мен бағалау арқылы жүзеге асады.

Халықтың төтенше жағдайлардағы әлеуметтік өзін-өзі сезінуін қарастыру социумдағы тұрақтылық жағдайын анықтайды. Сондықтан, осындай жағдайлардағы халықтың әлеуметтік көңіл-күйінің жалпы жағдайын, олардың динамикасын есепке алып отыру маңызды.

Н.П. Медведев көзқарасы бойынша, әлеуметтік өзін-өзі сезінуді өлшеу қазіргі нақты жағдайда үстем болып тұрған құраушылар жиынтығын бөліп көрсету, негізгі компоненттер мен факторларды қарастыру болып табылады [91]. Қоғамдағы өзгерістердің адамдарға әсерін бағалауда әлеуметтік индикаторларды қолдану негізінде әлеуметтанулық зерттеулер жүргізіліп, жалпы қоғамдық әлеуметтік көңіл-күйге баға беріледі.

Әлеуметтік индикаторлар ретінде әлеуметтік дамуды, жүргізіліп жатқан әлеуметтік саясатты талдау мен оның нәтижесін бағалау үшін ерекше мәнді болып табылатын әлеуметтік шамаларды өлшеудің сандық көрсеткіштері қарастырылады.

Индикаторларды жинақтау деңгейі бойынша: қарапайым және біріккен (индекстер), кезеңдік (айлық, жылдық т.б.), территориялық (ел, аймақ т.б.) т.б. деп бөлуге болады [92]. Олар объективті және субъективті, сандық және сапалық, әлеуметтік және табиғи болып бөлінуі мүмкін.

Объективті индикатор өмір деңгейінің индикаторын білдіреді, ол арнайы дайындалған адамдармен жүзеге асатын әлеуметтік құбылыстардың сандық өлшемін сипаттайды, бұл әлеуметтік игіліктің және әл-ауқаттылықтың объективті жағдайын бағалау болып саналады.

Субъективті индикатор – адамның қоғамның өмірлік іс-әрекет жағдайын бағалауы, ол тұлғаның дүниетанымымен, индивидуалды-психологиялық ерекшелігімен, рухани болмысымен тікелей байланысты болады. Субъективті индикаторлар индивидтің әлеуметтік өзін-өзі сезінуі мен әл-ауқатын өздігінше бағалауын бейнелейді.

Қоғамдық пікірді сұрау арасында кең таралған зерттеулер бағыты – халықтың әлеуметтік өзін-өзі сезіну индексін қарастыруға мүмкіндік беретін әлеуметтік көңіл-күйін зерттеу болып табылады.

Әлеуметтік өзін-өзі сезіну халықтың өмір сапасын анықтайтын маңызды компонент болып саналады. Осы арқылы халықтың өзінің болашағына, өмірге қанағаттанушылығын, сенімділігін бағалауға негізделетін әлеуметтік көңіл-күйі

сипатталады. Өмір сапасын өлшеу үшін статистикалық көрсеткіштер жеткілікті емес, осы параметрлердің адамдардың қажеттілігіне сәйкестігін қарастыратын субъективті бағалаулар қажет. Өзінің табиғаты бойынша, адамдардың өмір сапасы – олардың тіршілік ету жағдайының объективті-субъективті сипаттамасы, ол адамның қажеттіліктерінің дамуына және оның өз өмірін субъективті бағалауларына байланысты. Өмір сапасының кейбір объективті құраушылары адам санасында өте өзекті болса, кейбірі тәжірибе, мәдени капитал, құндылықты бағыттар тұрғысында мүлдем маңызды болмайды. Субъективті бағалаулар аймақ бойынша, әлеуметтік және демографиялық топ бойынша дифференциалдауға болатындығымен маңызды және қоғамдағы әлеуметтік көңіл-күйдің жалпы бейнесін бере алады. Олар қатынастар жүйесінің барлығына әсер етеді, индивидтер, әлеуметтік топтар, аймақтар арасындағы, сонымен бірге, индивидтердің әлеуметтік институттарға қатынасына ықпалы зор. Адамдардың әлеуметтік өзін-өзі сезінуінің субъективті бағалауын өлшеу қоғамдағы әлеуметтік қысымдардың бар екендігі немесе пайда болуы туралы ақпараттар беруі мүмкін.

Адамдардың әлеуметтік өзін-өзі сезінуін анықтауда оған әсер ететін факторлар мен аспектілер анықтаушы мәнге ие. Тұлғаның әлеуметтік өзін-өзі сезінуіне адамның әлеуметтік статусы, олар атқаратын рөлдері әсер етеді.

Әлеуметтік өзін-өзі сезінуді қалыптастыруда факторлар мен олардың рөлін есепке алу қиындық тудырады. Бұл өзінің мәні мен әлеуметтік-психологиялық шығу тегіне байланысты кезеңдерге қарағанда әлеуметтік болып қалыптасып келе жатқанда өте маңызды. Осыған байланысты экономикалық және әлеуметтік-саяси факторларды ғана емес, сонымен бірге, осы әлеуметтік феномендегі объективті және субъективті интеграция деңгейін бағалау қиындық тудырады.

Факторларды тану мен анықтау мәселесі тек теориялық емес, қолданбалы мәнге де ие. Әлеуметтік өзін-өзі сезінуге қандай да бір әсер ететін факторларды бөле отырып, біз осы факторларға әсер етуге, олардың пайда болуын реттеуге әсер етуге тырысамыз. Сондықтан, әлеуметтік өзін-өзі сезіну элементтері мен оған әсер ететін факторларды жан-жақты қарастыру маңызды. Әлеуметтік өзін-өзі сезінуге әлеуметтік әсер етудің құрылымы күрделі және өзіне әртүрлі деңгейдегі құбылыстарды енгізеді: макродеңгейлі (жалпы әлеуметтік қатынастар жүйесі; белгілі бір тарихи кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық дамудың ерекшеліктері мен тенденциялары), мезодеңгейлі (адамдар кіретін этникалық, кәсіби, аймақтық, конфессиялық т.б. сияқты үлкен әлеуметтік топтар сипаттамасы мен даму жағдайы және т.б.) және микродеңгейлі (адамдардың тікелей «жақын» ортасы және олардың қоғамдағы өзіндік статусы ерекшелігі).

Макроорта ретінде қандай да бір субъектінің өмір сүретін және өзінің өмірлік іс-әрекетін жүзеге асыратын үлкен әлеуметтік кеңістік қарастырылады. Оған келесілер кіреді:

- еліміздегі қоғамдық-саяси жағдай – саяси және экономикалық бағдарламалардың анықтығы мен нақтылығы, үкіметке сенімділік және т.б.;

- қоғамдағы экономикалық жағдай – техникалық және экономикалық деңгей дамуының арасындағы баланс;
- халықтың өмір деңгейі – еңбекақы мен баға деңгейі, халықтың тұтынушылық қабілеті арасындағы баланс;
- жалпы қоғам мәдениеті, осы қоғамдық болмысты оның барлық жағынан бейнелейтін қоғамдық сана;
- халықтың өмірін ұйымдастыру – тұрмыстық және медициналық қызмет көрсету жүйесі;
- әлеуметтік-демографиялық факторлар – қоғам қажеттіліктері мен еңбек ресурстарындағы өндіріске қанағаттану;
- этникалық факторлар – этникааралық жанжалдардың орын алуы немесе болмауы;
- экологиялық факторлар – қоршаған орта жағдайы немесе әр түрлі қатерлер болуы немесе алдын алу шаралары.

Әлеуметтік өзін-өзі сезінуге әсер ететін факторлар арасында маңызды орынды адамдардың өмірлік іс-әрекетінің жалпы жағдайы алады, ол әлеуметтік өзін-өзі сезінудің көрініс табуының себебі мен салдары болып табылады. Олардың ерекшелігі белгілі бір топтау қасиетіне ие болуында, олардың нәтижесі адам өмірін сипаттайтын қоғамдық құбылыстардың жиынтығынан көрінеді.

Адамдардың қатынасы құрылатын және дамитын макроортаға қарағанда мезоорта әлеуметтік өзін-өзі сезінуге еңбек ұжымы (өндірістік, қызмет көрсету, білім ұйымдары), елді-мекеннің инфрақұрылымы (қала, ауыл, аудан), мәдени қажеттіліктерді қанағаттандыру ортасы сияқты институттардың қалыптасуы арқылы әсер етеді. Адамның әл-ауқаты оның әлеуметтік қоршаған ортасына, өзін сол ортада қаншалықты жайлы сезінуіне байланысты болады.

Микроорта – адамдардың өмірлік қажеттіліктерін жүзеге асыруда қоршаған ортаның белгілі бір элементтерімен тікелей және үзіліссіз байланыс жасайтын ортасы. Бұған отбасы мүшелерін, көршілерді және басқаларды жатқызуға болады.

Жоғарыда аталған әлеуметтік әсер етудің барлық деңгейлерін есепке ала отырып, зерттеу ғана әлеуметтік өзін-өзі сезінудің себептері мен ерекшеліктері туралы адекватты көріністі бере алатындығын атап өту керек. Экономикалық, әлеуметтік-саяси, рухани факторлардан бөлек объективті және субъективті факторлар болады.

Әлеуметтік өзін-өзі сезінуді дұрыс интерпретациялау үшін оны негіздейтін факторлар жиынтығын талдау маңызды:

- қоғамдық қатынастар ерекшелігі; адамды әлеуметтік қорғау, оның құқықтары мен қажеттіліктерін қамтамасыз ету жүйесі; қоғамның өзін-өзі жүзеге асыруға беретін мүмкіндіктері; еңбекке ақы төлеу және ынталандыру жүйесі (әлеуметтік факторлар);
- адамдардың жан-жақтағы адамдармен өзара қарым-қатынасы; оның шынайы статусы мен қоғамдағы әлеуметтік позициясы (әлеуметтік-психологиялық факторлар);

- адамның әлеуметтік белсенділік деңгейі; өзін әлеуметтік процестің объектісі және субъектісі ретінде қабылдауы; өзін азамат ретінде бағалауы; әлеуметтік идентификация деңгейі мен сипаты және социуммен байланысы; адамның қоғамдағы өз позициясына, жақын ортасына қанағаттануы (субъективті-тұлғалық факторлар);

- интерналдылық-экстерналдылық; ертеңгі күнге сенімділік және кәсіби және тұлғалық өсу келешігінің болуы; өзекті және потенциалды құндылықтардың, өмірлік мәнді бағыттардың құрылымы (индивидуалды-тұлғалық факторлар);

- жынысы, жасы, білімі, отбасылық жағдайы, материалдық жағдайы, кәсіби іс-әрекет саласы (индивидті-демографиялық факторлар, адам статусының объективті сипаттамалары).

Зерттеудің әдістемелік алғышарттарына әлеуметтік өзін-өзі сезінудің тұрақты және сонымен бірге, қоғамның, әлеуметтік топтың, индивидтің, олардың арасындағы қатынастың және т.б. өзгермелі жағдайы ретінде қарауы жатады. Сондай-ақ, әлеуметтік өзін-өзі сезінуді анықтайтын үндестік (субъективті) және пәндік (объективті, әлеуметтік) параметрлері бар, олар жұмыс орнына және күнделікті өмірге қатынасын, әлеуметтік қызметтердің саны және сапасын, рухани сұраныстың қанағаттану деңгейін, туындаған әлеуметтік қайшылықтар мен мәселелерді шешу жолдарына қатынасты анықтайды.

Көрсеткіштер жүйесін құру – кез келген әлеуметтік феноменді зерттеудің қажетті бөлігі. Әлеуметтік өзін-өзі сезінуді зерттеуде оның эмпирикалық көрсеткіштер жүйесін құру нәтижесін талдау маңызды болып табылады.

Зерттелетін пәннің негізгі параметрін анықтау үшін әлеуметтік индикаторлар қолданылады. Әлеуметтік өмірдің объективті бақыланатын фактілері мен жағдайларын сипаттайтын объективті әлеуметтік индикаторлар және адамдардың өмірін түрлі көрсеткіштермен бағалайтын субъективті индикаторлар болады. Әлеуметтік өзін-өзі сезінудің ерекшеліктерін анықтауға бағытталған әлеуметтанулық зерттеулер зерттелетін пәнді өлшеу үшін әр түрлі көрсеткіштердің шексіз түрлерін пайдалануға жол береді. Бірақ олардың барлығы бір ерекшелікпен ажыратылуы керек, әлеуметтік өзін-өзі сезінуді оның жеке «нүктесінде», яғни, белгілі бір сұрақ бойынша тобырлық пікірлердің үзік-үзік болуында емес, олардың тобырлық сананың «алаңын» құрумен бағалауы қажет.

Әлеуметтік өзін-өзі сезінуді, оның негізгі сипаттамаларын әлеуметтанулық зерттеу бірқатар қиындықтар тудырады. Зерттеудің теориялық базасы жеткілікті деңгейде ауқымды, оған әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтанулық жұмыстар жатады.

Халықтың әлеуметтік өзін-өзі сезінуінің әр түрлі түрлерін зерттей отырып, Ю.Н. Толстова мен Н.Д. Воронина [93] олардың пайда болуының классификациясын береді. Олардың көзқарасы бойынша, әлеуметтік өзін-өзі сезінуді қалыптастыратын 39 түрлі идентификаторлар болады және оларды 5 топқа біріктіріп қарастырады:

- индивидтің индивидуалды, эмоционалды, психологиялық реакциясымен байланысты (күйзеліс, депрессия, қанағаттанбаушылық, наразылық, мазасыздық, ашуланшақтық, психологиялық шаршаңқылық және т.б.);

- индивидтің индивидуалды мінез-құлықтық реакциясымен байланысты (туудың азаюы, эмиграция, өз-өзіне қол салушылардың көбеюі, нашақорлық, маскүнемдік, зорлық, т.б.);

- қоғамдық-саяси саламен байланысты (наразылық әрекеттер және оған дайын болу, саяси белсенділіктің өсуі, қоғамдық-саяси қозғалыстардың белсенді болуы, т.б.);

- экономикалық саламен байланысты (шаруашылықтық байланыстар, экономикалық көрсеткіштердің нашарлауы, ажиотажды сұраныс);

- социумның жалпы реакциясымен байланысты (аномия, әлеуметтік дезинтеграция, социум мүшелерінің бірлігінің төмендеуі).

Я.Н. Крупец болса ондай көрсеткіштерге халықтың өз өміріне қанағаттанбауын, адамның өзінің бүгінгі жағдайын жаңа шарттармен бағалауын, респонденттің өзінің болашағын елестетуін жатқызады [38, с. 144].

Ал әлеуметтік өзін-өзі сезінудің индикаторлары ретінде Л. Рубина өзінің зерттеуінде өмірлік стратегияларды жүзеге асыруға қанағаттану деңгейін, сонымен бірге, елдегі және аймақтағы жалпы атмосфера кәсіби мұғалімдердің статусына, әр түрлі өмір салаларындағы әлеуметтік оптимизмнің болатынына сенімділікті, кәсіпті ауыстыруға кедергілердің болмайтындығына сенімділікті, басқа елге және елден кетуге мүмкіндікті, жайлылықты сезіну мен тұлғааралық қарым-қатынаста жайсыздықты жеңе алуды, әлеуметтік қорғалғандық сезімінің болуын таңдап алған [33, с. 71].

Әлеуметтік өзін-өзі сезінуді зерттеу мен анықтауда маңызды қадам ретінде В.Г. Крыско мен Н.Е. Симановичтің жүргізген зерттеуін алуға болады. Әлеуметтік өзін-өзі сезінумен байланысты барлық параметрлерді талдай отырып, олардың ішінен тығыз және статикалық мәнді байланысы барларды бөліп көрсетті. Оған:

- әлеуметтік белсенділік саласы – елде болып жатқан әлеуметтік-саяси оқиғаларға әсер ету мүмкіндігі; өзінің белсенділік деңгейіне қанағаттану деңгейі; өзінің саяси көзқарасын және талаптарын еркін, көпшілік алдында жеткізудің, өзіндік әлеуметтік позициясын қалыптастыру үшін сенімді ақпарат алудың мүмкін еместігі; қоғамдағы әлеуметтік жағдай туралы ақпаратқа қолжетімділік деңгейі;

- материалдық жағдай саласы – өзекті қажеттіліктерге шынайы табыстың сәйкес келуі; еңбекақының жеке күш жұмсауы мен кәсіби шеберлігіне сәйкестігі; жақындары үшін материалдық әл-ауқат өзекті қажеттілік ретінде; өзінің қазіргі уақыттағы қаржылық-экономикалық, материалдық жағдайына қанағаттануы;

- өзін-өзі жүзеге асыру саласы – өзінің қабілеттері мен тұлғалық дамуын жүзеге асыру қазіргі уақыттағы маңызды құндылық ретінде, бүгінгі күндегі өмірлік мақсаттарға жету деңгейі; тұлға ретіндегі өзінің күштерін жүзеге асыру; өзінің саяси көзқарастары мен талаптарын еркін, көпшілік алдында айта алуы;

- еңбектік іс-әрекет саласы – шынайы табысының негізгі қажеттіліктеріне, еңбекақының жеке күш жұмсауына мен кәсіби шеберлігіне сәйкестігі; өзінің мамандығы бойынша жақсы жұмыс өзекті қажеттілік ретінде; ұжымдағы еңбекақыны бөлісуге, өзінің жұмысының мазмұнына қанағаттануы;

- денсаулық саласы – медициналық қызмет көрсету саласына қанағаттану;

- эмоционалды-сезімдік сала – бүгінгі күндегі әдеттегі көңіл-күй; айналасындағы адамдардың көпшілігінің көңіл-күйі туралы түсінігі; болашаққа сенімділікпен қарау маңызды потенциалды күш екендігі;

- моральдық-адамгершілік және эстетикалық мақсаттар – өзінің мақсаттарына сәйкес мінез-құлық; жеке мораль нормаларының қоғамның мәнді бөлігінің нормаларына сәйкестігі;

- отбасылық қарым-қатынас саласы – жақсы отбасы қазіргі уақыттағы маңызды құндылық ретінде; халқының салт-дәстүрлері мен ғұрыптарын сақтау мүмкіндігі өзекті қажеттілік екендігі;

- демалыс саласы – демалысты өткізудің мүмкіндіктеріне қанағаттануы;

- әлеуметтік идентификация саласы – өзінің ел үшін мақтану; қазіргі қоғамда үстем болып тұрған құндылықтарды қабылдау; қазіргі уақыттағы белгілі бір қоғаммен әлеуметтік ұқсастығы;

- әлеуметтік жайлылық саласы – қоғамдағы өзінің әлеуметтік статусының әлеуметтік қорғалғандығына қанағаттануы;

- индивидуалды-тұлғалық ерекшеліктер саласы – өмірдің нәтижелілігіне (өмірде өзін-өзі жүзеге асыруымен, артта қалған өмірінің өнімділігі мен мағыналы болуына) қанағаттануы; Мен – локус бақылау (яғни, Мен – өз өмірімді өмірлік мақсаттарыма байланысты құратын өмір қожайыны, күшті тұлғамын); өмір – локус бақылау (яғни, өмірдің адамдардың өзімен басқарылатындығы, өзінің өмірін, шешімдер қабылдау және оларды өмірде іске асыруды бақылау мүмкінділігіне деген сенімділік; денсаулық пен ауруға қатынасындағы интерналдылық (субъективті бақылай алу деңгейі) жатады.

Әлеуметтік өзін-өзі сезіну сезімтал көрсеткіш, ол тек индивидуалды өмірлік тонусты ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы жеке орнын, индивид өмір сүретін социумның жағдайын қабылдауын көрсетеді. Сол себептен де оның базалық эмпирикалық индикаторы болып келесілер алынады: индивидтің өзіне қатынасында – көңіл-күйін, эмоционалды жағдайын, өмірлік қанағаттану және материалдық әл-ауқатын өзіндік бағалау; қоғамға қарым-қатынасында – еліміздегі экономикалық потенциалды және саяси ахуалды бағалау [29, с. 120].

Әлеуметтік өзін-өзі сезінуді зерттеуде идентификация механизмі маңызды рөл атқарады, себебі әлеуметтік өзін-өзі сезінудің белгілі бір түрін қалыптастыру индивидуалды және әлеуметтік салыстыру процесінде жүреді.

Адам нақты бір қоғамда бірнеше әлеуметтік топқа жатады, бұл оның қажеттілігінің көптігін көрсетеді. Әрбір әлеуметтік топ қоғамдық жүйеде басқа топтармен өзара әрекеттесе отырып, әрқашанда өзінің қажеттіліктерін басқа топтар есебінен қанағаттандыру жағдайын жақсартуға тырысады. Әлеуметтік қайшылықтардың болуымен қоға үзіліссіз даму процесінде болатын динамикалық жүйені білдіреді. Әрбір жеке әлеуметтік топ өзінің

қызығушылықтарын тұтасымен жүзеге асыра алмайды, өйткені, ол басқа топтармен өзара әрекет етеді, соларға бағынышты болады. Бірақ әрбір топ қоғамдық прогреске әкелетін әл-аухатты жақсартуға үлесін қосу арқылы қоғамдағы өзінің жағдайын жақсарта алады.

Сондықтан, халықтың әлеуметтік өзін-өзі сезінуіне әлеуметтік кеңістік пен әлеуметтік уақытқа байланысты болатын кешенді факторлар жүйесі әсер етеді [94].

Әлеуметтік деңгейде (тұтас қоғам және үлкен топ деңгейінде) тұлғаның, әлеуметтік топтың әлеуметтік өзін-өзі сезінуіне жұмыссыздық, зорлық, террор және басқа да макро- әлеуметтік факторлар әсер етеді. Экологиялық апат қаупі, аштық және кедейшілік, азық-түліктік қауіпсіздік, өсіп келе жатқан әлеуметтік тұрақсыздық, этностардың, ұлттардың рухани құндылықтарының дағдарысы және басқа да жаһандық мәселелер адамдардың әлеуметтік өзін-өзі сезінуіне қоғам деңгейінде әсер ететін макрофакторлар тізімін толықтырады.

Әлеуметтік-психологиялық деңгейде тұлғаның, әлеуметтік топтың әлеуметтік өзін-өзі сезінуіне қоғамның әлеуметтік құрылымындағы өзгерістер әсер етеді. Қоғамның әлеуметтік құрылымының өзгерісі Қазақстанның әлеуметтік кеңістігіндегі дезинтеграциялық процестерге, индивидтердің, топтардың және жалпы халықтың негізгі өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыруға қажетті материалдық және рухани ресурстарға қол жеткізу мүмкіндіктерін шектеуге әкеледі.

Тұлғалық деңгейде әлеуметтік өзін-өзі сезіну индивидтің белсенділігі немесе енжарлығы, өзін-өзі сыйлауы немесе өзін-өзі жоғалтуы, көпшілдігі және тұйықтығы және т.б. сияқты әлеуметтік-психологиялық сипаттамаларымен анықталады.

Сондықтан да, әлеуметтік өзін-өзі сезіну социумның өмірлік қанағаттануының және болашаққа деген сенімділіктің интегралды көрсеткіші ретінде, аумақтағы және еліміздегі әлеуметтік тұрақтылықтың жағдайының индикаторы ретінде қатыса отырып, индивидтің, топтың, социумның жалпы кешенді ішкі жағдайын сипаттайды. Оны қазіргі қоғамда әр түрлі әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік зерттеулер арқылы қарастыру, индивидтің тек эмоционалды-іскерлік жағдайын ғана емес, жеке топтардың, жалпы ел халқының жағдайын зерделеуге мүмкіндік береді [95].

Әлеуметтік өзін-өзі сезіну қоғамдық өмірдің барлық саласынан көрінеді, ол әлеуметтік денсаулықтың құраушысы болып табылады, физикалық және психикалық игілікпен ғана емес, сонымен бірге қоғамның рухани-адамгершілік денсаулық жағдайымен қамтамасыз етіледі.

Әлеуметтік өзін-өзі сезіну индивидтің әлеуметтік денсаулығының субъективті жағын сипаттайды және адамдардың өздерінің жағдайын қабылдау мен бағалау деңгейін бейнелейді. Әлеуметтік өзін-өзі сезінудің тиімді деңгейі үшін өзінің толық қауіпсіздігін, өзінің статусына және әлеуметтік қамтамасыз етілуіне қанағаттануын сезіну тән.

Индивидтің әлеуметтік өзін-өзі сезінуі, ең алдымен, оның қоғамдағы жағдайымен және игіліктерді алуының қандай да бір жолдарын қамтамасыз

ететін қоғамдық шарттармен анықталады. Қазіргі қатерге толы қоғамдық жағдай индивидтердің негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті материалдық және рухани ресурстар мен мүмкіндіктерді шектеуге әкелді. Адамдардың қажеттіліктері мен әлеуметтік қайта құрылымдауға қанағаттану деңгейіне реакция индикаторы болып әлеуметтік өзін-өзі сезіну есептеледі, ол қоғамның қауіпті және трансформациялану жағдайында біртекті емес.

С.О. Лебедева мен М.О. Пучкова әлеуметтік өзін-өзі сезінуді адамның өзінің әлеуметтік жағдайына қанағаттануы немесе қанағаттанбауының интегралды сипаттамасы, халықтың әлеуметтік қайта құруларға реакциясының жинақталған индикаторы ретінде қарастырады, ол олардың әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейімен анықталады [42, с.112].

П.М. Козыреваның әлеуметтік өзін-өзі сезіну индексі өзара байланысқан үш компонентті білдіреді: өмір сүруге қанағаттанушылық және тұрақтылық индексі, статустық-беделді барабарлық (өзін-өзі бағалау) индексі, денсаулық жағдайын өзін-өзі бағалау индексі [93].

Жеткілікті деңгейде өңделген және дәстүр болып кеткен көрсеткіштермен бірге, А.А. Русалинова келесідей көрсеткіштерді қолданады: респонденттердің әрбірінің әлеуметтік жайлылық сезіну деңгейін бағалау; елдегі әлеуметтік әлауқат деңгейін бағалау; еліміздегі әлеуметтік қысым мен тұлғаның өзі үшін қолайлылық деңгейлерін бағалау [30, с. 50].

Отандық әлеуметтанушылар Г.С. Абдирайымова, Г.Т. Алимбекова, А.В. Веревкин қазақстандықтардың әлеуметтік өзін-өзі сезінуін қарастырғанда, өмір сапасын сипаттаудың объективті индикаторларымен бірге субъективті индикаторларын да қарастырады. Олардың зерттеулерінде үй шаруашылығының әл-ауқатын субъективті бағалау респонденттердің өздерінің және отбасыларының қамтамасыз етілуін көршілерінің, достарының өмірін есепке ала отырып және отбасының өткен жылдардағы қамтамасыз етілуімен бағалауы ұсынылады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, соңғы он жылда ауылдық отбасылардың да, қалалық отбасылардың да материалдық әл-ауқаты біршама жақсарған. Мұны өздерінің жағдайын нашар деп көрсеткен отбасылардың санының азайғандығы көрсетеді [48, с. 87].

Индивидтің әлеуметтік өзін-өзі сезінуі ең алдымен, оның қоғамдағы жағдайымен және игіліктерді алуының қандай да бір жолдарын қамтамасыз ететін қоғамдық шарттармен анықталады. Қазіргі қатерге толы қоғамдық жағдай индивидтердің негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті материалдық және рухани ресурстар мен мүмкіндіктерді шектеуге әкелді. Қазіргі адамдардың қажеттіліктер және әлеуметтік қайта құрылымдауға қанағаттану деңгейіне реакция индикаторы болып әлеуметтік өзін-өзі сезіну табылзады, ол қоғамның қауіпті және трансформациялануы жағдайында біртекті емес.

Әлеуметтік өзін-өзі сезінуді зерттеуде оның көрініс табуының параметрлерінің нақты жиынтығы қолданылуы мүмкін. Біздің зерттеулеріміздің негізінде оларды төтенше жағдай уақытындағы

калыптасатын ситуацияларға қарай төрт түрлі индикаторларға топтастырып қарастыру жүзеге асырылды.

Әлеуметтік қамтамасыз етілу

1. материалды-қаржылық жағдай және өмір деңгейі;
2. әлеуметтік-тұрмыстық жағдай;
3. еңбектік іс-әрекет;
4. әлеуметтік сақтандыру

Әлеуметтік қорғалу

1. физикалық денсаулық;
2. дем алу және бос уақыт;
3. әлеуметтік қауіпсіздік
4. әлеуметтік кепіл

Әлеуметтік-психологиялық сезіну

1. респонденттің индивидуалды-тұлғалық сипаттамасы.
2. эмоционалды-сезімдік күйлер;
3. моралдық-адамгершілік және эстетикалық қасиеттер;
4. тұлғааралық қатынастар;
- 5.әлеуметтік теңдестіру

Қанағаттану және әлеуметтік күтулер

1. өзін-өзі жүзеге асыру;
2. әлеуметтік қатынас сапасы;
3. әлеуметтік белсенділік;
4. болашаққа сенімділік.

Аталған индикаторлар халықтың өзінің болашағына, өмірге қанағаттанушылығын, сенімділігін бағалауға негізделетін әлеуметтік көңіл-күйі сипатталады. Атап айтқанда, бұл жұмыста төтенше жағдайлардағы адамдардың әлеуметтік өзін-өзі сезінуін әлеуметтанулық бағалау жалпы олардың әлеуметтік-психологиялық және эмоционалды-іскерлік жағдайын ғана емес, жеке топтардың, жалпы халықтың жағдайын зерделеуге мүмкіндік берді.

Жалпы әлеуметтік өзін-өзі сезінуді субъектінің әлеуметтік ортаның және өмірлік іс-әрекеттің әсер етуіне біртұтас, салыстырмалы түрде тұрақты эмоционалды реакциясы деп тұжырымдауға болады. Ол адам өмірінің әр түрлі жақтарының мәні мен мағынасын мойындауы мен сезінуінің нәтижесін көрсетеді, адамның тұрмыстық жағдайынан бастау алып, оның қажеттіліктерін жүзеге асыру, дамыту мүмкіндіктерін субъективті бағалауымен айқындалады. Әлеуметтік өзін-өзі сезінуді құраушы индикаторларды анықтағанда өмірдің объективті жақтарымен бірге, индивидтердің, топтың, социумның субъективті ішкі бағалауларын қарастыру жалпы елдің, аумақтың әлеуметтік тұрақтылығын сақтап қалуда өнімді болатындығын айтуға болады.

2.2 Табиғи апаттардан зардап шеккен халықтың әлеуметтік өзін-өзі сезінуін әлеуметтанулық өлшеу (ШҚО, Тарбағатай ауданында жүргізілген зерттеулер бойынша)

Болашақ ұрпақ қалай өмір сүреді? Оларды қандай қиындықтар күтіп тұр? Өмір сүріп отырған ортамызды жақсарту үшін не істеуіміз керек? Бұл сұрақтар өмір сүруге селқос қарамайтын әрбір адам үшін өте маңызды. Қоғамның дамуы күрделенген сайын оның табиғи ортаға тигізетін әсерлері де өзгерістерге ұшырауда. Қоғам мен табиғи орта арасындағы қарым-қатынаста үйлесімділіктің жойылуы табиғи ландшафттардың тұрақтылығының сақталынуына кері әсерін тигізуде. Ландшафттардың тұрақтылығы – қоршаған ортаның өзгеруі жағдайында оның өз құрылымы мен қалыптасу сипатын сақтау қабілеті. Табиғи ландшафттардың тұрақтылығы табиғи және антропогендік апаттардың әсерімен бұзылуы мүмкін [96]. Топырақтың, судың, ауа құрамының өзгеруі, климаттық, кеңістіктік, т.б. өзгерістер адамдардың өмір сүру ортасына қауіп төндіретін төтенше жағдайлардың қалыптасуына әкеліп соғуда. Сонымен қатар, төтенше жағдайлар тек қана табиғи апаттардың әсерімен ғана емес, сонымен қатар адамның өндірістік іс-әрекеттерінің әсерімен болатын, техногендік сипатқа ие болып, қоршаған ортаның ластануы арқылы немесе онсыз да орын алуы мүмкін. Техногендік сферада өте үлкен қауіптілікке ие болатын транспорттық апаттар, жарылыстар және өрттер, радиациялық апаттар химиялық қауіпті заттардың бөлінуінен болатын апаттар, т.б. Төтенше жағдайлар әлеуметтік жағдайлардың шиеленісуінің әсерімен де болуы мүмкін. Әрбір төтенше жағдай тек сол жағдайға ғана тән себептер, ерекшеліктер және даму сипаты арқылы ерекшеленеді.

Төтенше жағдай – белгілі бір аумақта халықтың өмір сүруіне қауіп төндіретін табиғи құбылыстар, катастрофалар, стихиялық немесе басқаша түрде болатын апаттар арқылы, халықты материалдық шығындарға ұшыратып, олардың денсаулықтарына залал келтіретін, адам құрбандығына алып келетін жағдайлардың орын алуы. Орын алған төтенше жағдайлардың көлемі, сипаты, тудырып отырған залалдары *катастрофа алдындағы жағдайлар* арқылы анықталады. Сонымен қатар *катастрофадан кейінгі кезең* катастрофаның әлеуметтік-мәдени, экономикалық, өндірістік, психологиялық, демографиялық процестерге тигізетін деструктивті әсерлерін шын мәнінде анықтауға мүмкіндік береді.

Табиғи катастрофа – қоршаған табиғи ландшафттарды қайталанбас өзгерістерге алып келетін, өте үлкен масштабтағы қиын салдарларымен ерекшеленетін стихиялық күйзеліс.

Техногендік төтенше жағдай – белгілі бір аумақтағы объектіде техногендік төтенше ситуация көздерінің пайда болуының нәтижесінде адамдардың өмір сүруіне қолайлы қалыпты жағдайлардың бұзылуы, олардың денсаулықтарына, мал-мүліктеріне зиян келтіріліп, халық шаруашылығына, қоршаған табиғи ортаға нұқсан келтірілетін жағдай.

ҚР «*Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар*» туралы Заңы 1996 жылдың 5-шілдесінде қабылданды. Бұл заңға 2014 жылдың 13

қаңтарында толықтырулар енгізілді. Осы заңға сәйкес техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар өнеркәсіптік, транспорттық және басқа да апаттар, өрттер (жарылыс), улы, радиоактивті және биологиялық қауіпті заттардың ауаға жайылуы негізінде болған апаттар, үйлер мен құрылыстардың аяқ астынан бұзылуы, бөгеттердің ашылуы, электр энергетикалық және коммуникациялық жүйелердегі, тазарту құрылымдарындағы апаттардан болатын төтенше жағдайлар ретінде қарастырылады [69].

Ең маңызды және кеңінен тараған төтенше техногендік оқиғаны сипаттайтын ұғым – *апат (авария)*.

Апат (авария) – белгілі бір аумақтағы халықтың өміріне және денсаулығына қауіп төндіріп, транспорт, құрылыс, құрал-жабдықтардың, материалдық құндылықтардың қирап бұзылуына алып келетін, қоршаған ортаға орасан зор залал келтіретін қауіпті техногендік оқиға.

Соңғы уақыттарда «техногендік сипаттағы катастрофа» ұғымының кеңінен қолданылуын атап өтуге болады. Бұл ұғым қоршаған ортаға, адам денсаулығына үлкен нұқсан келтіретін *ірі аварияларды* сипаттайды.

XXI ғасыр катастрофалар мен дағдарыстарға, террористік әрекеттерге толы деп айтсақ қателеспейміз.

Төтенше, экстремалдық ситуацияларды бастан кешірген адамның бірінші кезектегі психологиялық көңіл-күйін есеңгіреп қалу, есінен айрылу, қатты қорқып қалу деп сипаттауға болады. Одан кейін психоэмоционалдық күйінің одан әрі төмендеуі, депрессивтілік, мінез-құлығының моральдық талаптардан ауытқуы т.б. байқалады. Осы кезеңде мінез-құлықтағы көптеген өзгерістер, психологиялық ауытқушылықтар төтенше жағдайлардың аяқ астынан болуына, ұзақтығына, интенсивтігіне ғана емес, сонымен қатар қиындыққа ұшыраған адамның тұлғалық ерекшеліктеріне де байланысты болады. Келесі кезең мәселенің шешілу кезеңі болып табылады. Бұл кезеңде адамның көңіл күйі бірқатар қалпына келгенімен, қоршаған адамдармен қарым-қатынасқа түсуі әлі де болса шектеулі, эмоционалдық сезінуі әлі де болса төмен. Соңғы кезең қалпына келу кезеңі. Бұл кезеңде тұлғааралық қарым-қатынастарға түсу белсенді бола бастайды. Экстремалдық қиын ситуацияларды бастан кешірген адамдарда психикалық дағдарыстар ұдайы көрініп тұратын қалыпты жағдайға айналады. Олардың жұмыс істеу қабілеті төмендеп, түрлі күйзелістер арқылы көрініп отыратын ауруларға ұшырауы мүмкін. Осы кезеңде кәсіби мамандар мен еріктілер тарапынан көмектің негізгі мақсаты болып тұлғаның адаптивтік және қалпына келтіру ресурстарын өзектендіру табылады.

Төтенше жағдай синтетикалық түсінік ретінде орын алып, өзіне түрлі элементтерді қосатынын айтуға болады, атап айтқанда, түрлі негативті ситуациялар мен салдарлар, нәтижелер, зақымдану және шығындану деректері, т.б. енгізеді. Ал, олар да өз кезегінде тағы да жіктеледі. Оған қоса, төтенше жағдайлар өзі орын алып отырған әлеуметтік жүйемен тікелей байланыста болады. Төтенше жағдайларға әлеуметтанулық тұрғыдан баға беру үшін оның классификациясы мен өлшемдерін ғана емес, орын алып отырған әлеуметтік

ортадағы нормалар мен дәстүрлердің, құндылықтардың да ерекшелігін ескеру қажет.

Қазақстанда табиғи қауіптердің көптеген түрлері орын алады. Атап айтқанда, жер сілкінісі, су тасқыны, орман және дала алқаптарындағы өрттер, қарлы борандар және тағы басқалары. Барлық таулы және тауға жақын аймақтарда су көшкіндері мен қар басып қалу қауіптері бар. Басқаларымен салыстырғанда таралу алқабы және тигізген зияны бойынша су тасқындары бірінші орында тұр. Тек қана соңғы 70 жыл ішінде олардың 600 түрі болып, олардың көпшілігі катастрофа түрінде көрінген. Тигізген залалдары бойынша екінші орында тұрған қар көшкіні. Жерді интенсивті түрде рационалды игермеу осы көшкіндерді тудырады. Олар тау-кен өндірістері, автокөлік магистральдары, инфраструктура объектілері бар халықтың неғұрлым тығыз орналасқан жерлеріне қауіп тудырып отыр. Бұл қауіпті табиғи құбылыстарды бақылау жүйесі әлі де болса даму сатысында тұр, ал оларды қорғаудың сенімді шаралары толық жасалынған жоқ.

Қазіргі уақытта болып жатқан жарылыстар мен өрттер, жер сілкінісі мен поездардың апаты, су тасқыны, эпидемия, т.б. апатты жағдайлар туралы бұқаралық ақпараттар құралдары үздіксіз беріп жатыр. Мұндай төтенше жағдайлар әрбір мемлекетке үлкен материалдық мен адам шығынын әкелуде. Барлық әлем бойынша осындай апатты жағдайлар тенденциясының өсуі байқалуда, біздің еліміз де мұндай жағдайлардан тыс емес.

Тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы ең күрделі әрі қиын жыл ретінде 2010 жылды атап көрсетуге болады. Өйткені осы жылы 45 адамның өмірін қиған Қызылағаштағы трагедия табиғатқа жауапкершілікпен қарамаудың неге алып келетіндігін көрсетті. Осы жылы Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданындағы көктемгі су тасқыны кезінде 559 тұрғын үй бұзылып, оның 443-і толығымен қирап қалған. Төтенше жағдайлар министрлігінің берген ақпараты бойынша 2010 жылы табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар саны 2009 жылмен салыстырғанда 18,5%-ға, ал 2011 жылмен салыстырғанда 29%-ға көп орын алды.

2013 жылдың 16-қаңтарында болған қатты дауыл мен су тасқынынан Шымкент облысының Созақ ауданы жапа шекті. Жұмсалған шығындар көлемі 800 млн. теңгеден асады. Дәл осы жылдың 24-қаңтарында Жамбыл облысында соққан сұрапыл дауыл елді 2,5 млрд. шығынға ұшыратты. Метеорологтардың айтуы бойынша дауыл тауда қалыптасқан. 2013 жылдың 28-қаңтарында 6,3 баллдық жер сілкінісі Шығыс Қазақстан облысында орын алды. Құрбан болғандар туралы ақпараттар болған жоқ.

2014 жылдың 31-наурызында Қарағанды облысы, Көкпекті су қоймасындағы бөгет бүлініп, сол маңдағы Көкпекті ауылының 149 үйін су басып, 5 адамның өмірін жалмаған. Жалпы келген шығын 1 млрд. теңгені құраған.

Қазақстан Республикасы территориясында 2015 жылғы деректер бойынша 17678 төтенше жағдайлар мен табиғи және техногенді оқиғалар тіркелген, бұл 2014 жылмен салыстырғанда 0,6%-ға азайған. Бұл апаттардан 4105 адам зардап

шегіп, материалдық шығын 4126,7 млн. теңгені құрады [97]. 2014 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда төтенше жағдайлар Павлодарда 24,1%-ға, Маңғыстауда 15,3%-ға, Қарағандыда 4,7%-ға, Солтүстік Қазақстанда 6,7%-ға, Қызылордада 4,7%-ға, Оңтүстік Қазақстанда 1,8%-ға азайған. Соған қарамастан, Батыс Қазақстан (14%), Ақтөбе (13,9%), Қостанай (10,2%), Жамбыл (6,4%), Шығыс Қазақстан облыстарында (4,9%), Астана (3,8%) мен Алматы (3,5%) қалаларында төтенше жағдайлар саны көбейген.

Қоғамдағы түбегейлі трансформациялық өзгерістер жағдайында табиғи ортаның техногендік төтенше жағдайлардың әсеріне ұшырауы, табиғи апаттардың жиілеуі халықтың әлеуметтік көңіл-күйіне тұрақты түрде мониторингтік зерттеулер жүргізу қажеттігін қалыптастырды. Бұл зерттеулер белгілі бір ғылыми негізделген әдістемеге негізделіп, халықтың әлеуметтік көңіл-күйін дәл өлшеуге мүмкіндік беруі қажет.

Әлеуметтанулық зерттеулерде халықтың әлеуметтік көңіл-күйін экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, экологиялық және саяси тұрғыдан бағалай отырып, өлшеуге мүмкіндік беретін универсалдық принцип маңызды рөл атқарады. Интегралдық көрсеткіш ретінде әлеуметтік жағдайына қанағаттану, болашаққа сенімділік, психологиялық тұрғыдан өзін сезінуі сияқты көңіл-күйдің өлшемдерін әлеуметтік оптимизм көрсеткіші арқылы халықтың түрлі категорияларын әлеуметтік көңіл-күй деңгейлерін салыстыруға болады. Сапалық өлшем статистикалық ақпараттармен нақтыланса, стандарттық өлшемдер қоғамда әлеуметтік қауіпсіз өмір сүру талаптарының қамтамасыз етілуіне сай қалыптасады. Біздің зерттеуіміздегі халықтың көңіл-күйіндегі түрлі деңгейдегі өзгерістерді дәл өлшеуге мүмкіндік беретін әлеуметтанулық сауалнама сұрақтары шкалалардың сезімталдығын анықтауға негізделді. Көңіл-күйдің қажетті жақтарын қарастыруға ықшамдылық өлшем негізделіп, социологиялық зерттеу құралдарының шамадан тыс жүктелуіне мүмкіндік бермейді. Субъектілердің сұрау, тест нәтижелерін өз мақсаттарына сай бұрмалауына жол бермеуді объективтік өлшем атқарады. Сондықтан да, әлеуметтік көңіл-күйді өлшеудің басты мақсаты латентті түрде қалыптастырылады.

Төтенше жағдайлардың қалыптасуына әлеуметтік жүйенің тигізетін әсері өте зор. Техногендік және табиғи апаттар халықтың әлеуметтік жағдайын қиындатып, оларды саяси іс-әрекеттерге итермелейді. Әлеуметтік көңіл-күйдің қоғамда бекітілген стандарттарға сай болмауы мемлекеттің саяси қауіпсіздігіне де нұқсан келтіруі мүмкін. Сондықтан да мемлекет төтенше жағдайларда халықтың көңіл-күйін әлеуметтік шиеленістер деңгейіне жеткізбей әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге әрдайым дайын болуы тиіс.

2014 жылдың қыркүйек-қазан айында «Аймақтардағы төтенше жағдайлардан келетін қауіптің халықтың әлеуметтік өзін-өзі сезінуіне әсері» тақырыбында сауалнама, жоғарыда аталғандай, табиғи апатты басынан өткерген Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы тұрғындарына жүргізілді. Зерттеу мақсаты төтенше жағдайды басынан өткерген халықтың

әлеуметтік көңіл-күйін білу мен төтенше жағдайлардан келетін қауіпті сезінуін бағалау болып табылды.

Жүргізілген зерттеуге қатысқан респонденттердің демографиялық сипаттамасы келесідей болды.

Жасы бойынша: неғұрлым жоғары үлесті 29-39 жас аралығындағы тұрғындар құрады (27,8%). Шамалас көлемде сұрауға 40-50 жас аралығындағы тұрғындар қатысты (27%). Келесі ретте 51-61 жас аралығындағы респонденттер басым болды (24,6%). 18-28 жас аралығындағы респонденттердің үлесі – 15,1%. Жастық категория бойынша 62-72 жастағы ең қарт респонденттердің үлесі – 5,6%.


Жынысы бойынша: сұрауға қатысқандардың 61,1%-ы әйелдер болса, 38,9%-ы ер адамдар болды.

Білім деңгейі: шамамен әрбір екінші респондент *жоғары* білімді азамат (45,2%). *Орта* білімді деңгейдегі тұрғындардың үлесі – 38,9%. Респонденттердің 15,1%-ы *кәсіби орта*, яғни колледж, техникумда білім алған. *Аяқталмаған жоғары* білімді тұрғындар үлесі – 0,8%.

Әлеуметтік-профессионалды статус бойынша: Тарбағатай ауданының тұрғындарының сұрауға қатысқандары білім саласында (23,8%) қызмет атқарады немесе мемлекеттік қызметкер (20,6%). Сонымен қатар, респонденттердің елеулі бөлігі жұмыссыздар (16,7%), денсаулық сақтау саласында еңбек етуші (11,1%) немесе зейнеткерлер (10,3%). Жүргізілген сұрауға, сонымен қатар, кәсіпкерлер (7,1%), жұмысшылар (7,1%) және студенттер (3,2%) қатысты.

Қазіргі уақытта бұқаралық ақпарат құралдары жарылыстар мен өрттер, жер сілкінісі мен поездардың апаты, су тасқыны, эпидемия т.б. туралы ақпараттарды үзіліссіз беріп отырады. Мұндай катаклизмдер үлкен материалдық шығындар мен адамдардың құрбандығынсыз жүрмейді. Бүкіл әлемде осындай тенденцияның өсуі тіркелуде, біздің еліміз де апатты жағдайлар жиі орын алып отыр.

Осы мәселе аясында тұрғындардың төтенше жағдайға қаншалықты мән беретіндігін білу мақсатында «Қоғамдағы төтенше жағдайлар сізді толғандырады ма?» деген сұрақ қойылды (Сурет 1).



Сурет 1 – Халықтың төтенше жағдайларға алаңдаушылық деңгейі

Зерттеудің нәтижесі көрсеткендей, тұрғындардың басым көпшілігі (97,6%) қоғамда орын алатын төтенше жағдайларға байланысты алаңдайтындықтарын білдірді. Респонденттердің 80,2%-ы өздерінің өте жоғары деңгейде алаңдайтындығын көрсетсе, қалған 17,5%-ының алаңдау сезімі төмен деңгейде деп бағаланды. Сұралғандардың 0,8%-ын қоғамда орын алып жатқан төтенше жағдайлар ешқандай алаңдатпайды, оған қоса, 1,6%-ы аталған мәселе бойынша өз пікірін айтуға қиналды.

Берілген жауаптар аяқ астынан болатын экстремалдық ситуациялардың адамдар санасында үнемі орын алатындығын көрсетіп отыр. Жалпы алып қарағанда, қазіргі кезеңде төтенше жағдайлар халықты қатты алаңдататын факторлардың қатарында болып отырғандығын байқауға болады.

Алынған мәліметтерді респонденттердің жас, жыныс ерекшеліктері бойынша, сонымен қатар, қоғамның жеке салалары бойынша көрсететін болсақ, жоғары деңгейдегі алаңдаушылық сезімі 62-ден 72 жас аралығында 87,2 пайыздық көрсеткішке ие болса, 18-ден 28 жас аралығында 72,5 пайызды көрсетіп отыр. Салыстырмалы түрде қоғамда орын алып жатқан жағдайларға қатысты қандай да бір деңгейдегі алаңдаушылық 51-61 жас аралығындағы респонденттерде 78,5%-ды, ал 29-39 жас аралығындағы респонденттерде 52,9%-ды көрсетті. Әйел адамдар арасындағы алаңдаушылық 72,1 пайызды көрсетсе, ер адамдар арасында бұл көрсеткіш 68 пайызды құрап отыр. Ер адамдардың 2 пайызы өздерінің бұл мәселеге қатысты мүлдем алаңдамайтындығын байқатты. Алынған мәліметтер респонденттердің жас шамалары неғұрлым жоғары болған сайын алаңдаушылық сезімдерінің де жоғарылап отырғандығын көрсетті. Сонымен қатар 18-ден 28 жас аралығындағы респонденттерде 29-39 жас аралығындағылармен салыстырғанда алаңдаушылықтың жоғары болуы олардың мәртебелік тұрғыда өзіндік дербестіктерінің толық қалыптасып үлгермегендігіне де байланысты болуы мүмкін. Өйткені төтенше жағдайлардың салдарлары бұл топтарға үлкен салмақ салатыны сөзсіз.

Берілген жауаптарды қоғамның салалары бойынша бөліп көрсететін болсақ, төтенше жағдайларға байланысты алаңдаушылық мемлекеттік қызметтегілерде 86,2%, денсаулық сақтау саласының мамандарында 62,9%, білім беру саласының қызметкерлерінде 53,3% және жұмысшыларда 38,6% көрсеткіштерге ие болды.

Келесі кезекте сұрауға қатысқан тұрғындардың төтенше жағдайлардың нақты түрлеріне қатысты мазалану деңгейін анықтау міндеті қойылды. Респонденттерге «Сізді төтенше жағдайлардың қандай түрлерінен келетін қауіп пен қатер көбірек мазалайды?» сұрағы қойылып, төтенше жағдайлардың социогенді, табиғи және техногенді түрлерінен құралатын тізімдері ұсынылды (Сурет 2).



Сурет 2 – Халықтың төтенше жағдайлардан келетін қауіп пен қатерді бағалауы

Зерттеудің нәтижесі бойынша, тұрғындарды бірінші кезекте зілзала, су тасқыны, дауыл, лай көшкіні, орман өрті және т.б. секілді, яғни табиғи құбылыстардан келетін қауіптер мазалайды – 68,3%. Аталған көрсеткіштің жоғары деңгейде болуы орын алған су тасқынынан кейінгі халық арасындағы алаңдаушылықтың басылмағандығын көрсетіп отыр.

Екінші кезекте қала тұрғындарын неғұрлым мазалайтын қауіптің қатарына терроризмнен, әскери әрекеттерден, әлеуметтік жанжалдардан келетін, яғни социогенді төтенше жағдайлардың қатері орналасты. Респонденттердің 61%-ын бұл мәселе өте қатты мазалайды.

Сұрауға қатысқан тұрғындардың қауіп-қатер иерархиясында үшінші орынды қауіпті объектілердегі апаттар мен катастрофалар, яғни техногенді төтенше жағдайлар алды. Өте қатты мазалайтындардың үлесі 55,6%-ды құрап отыр.

Материалдық тұрғыдан халықтың тұрмыс жағдайына неғұрлым көп зиянын тигізген төтенше жағдайлардың қатарына техногендік процестерді де жатқызуға болады. Табиғи пайдалы қазба байлықтары мен жылу-энергетикалық ресурстардың үлкен қорлары бар Қазақстанда қауіпті болып есептелетін тау-кен, химиялық, мұнай өндіру, атом-энергетикалық және басқа да өндіріс салаларының 363450 объектісі бар. Олар кәсіпорындық және басқа да апаттар, өрттер, жарылыстар, құрылыстар мен үйлердің бұзылуы, су қоймасының ашылып кетуі сияқты техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың көзі болып табылады.

Өндірістік жарылыстар, таудағы кен орындарын игеру және мұнайды және газды өндіру «қолдан жасалған сейсмикалық жағдайға» жер сілкіністеріне алып келеді. Қазақстан экономикасы әлі де болса шикізаттық бағытта болғандықтан, пайдалы қазбаларды өндіру, құрлықтағы және Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы мұнайды игеруге байланысты операциялар табиғатқа тигізетін антропогендік және экологиялық әсерлерді күшейтуде. Бұл жағдайлар техногендік жер сілкіністерінің орын алуына жағдай жасайды.

Жас ерекшелік көрсеткіші бойынша салыстырмалы талдау нәтижесі табиғи негіздегі төтенше жағдайлар, яғни жер сілкінісі, су тасқыны, орман өрттері, дауыл немесе лай көшкіні сипатындағы жағдайлардың орын алуынан қауіп сезімі басымдық үлесте болып отырған 18-28 жас аралығындағы жас буын екендігін көрсетіп отыр (77,8%).

Техногенді сипаттағы қауіптер, соның ішінде: өнеркәсіп, көлік авариялары және басқа да авариялар, өрт (жарылыс), күшті әсер ететін улы, радиоактивті және биологиялық жағынан қауіпті заттарды тарататын (тарату қауіп бар) авария, үйлер мен ғимараттардың кенеттен қирауы, бөгендердің бұзылуы секілді қауіпті жағдайлар 62-72 жастағы қарт тұрғындарды (71,4%) ерекше мазалайды екен.

Социогенді сипаттағы төтенше жағдайлардың орын алуы мүмкін деп қатты алаңдайтын халықтың ішінен 40-50 жастағы азаматтар (72,7%) ерекшеленеді.

Терроризм, әскери іс-қимылдар, әлеуметтік жанжалдарға қатысты қиындықтарға респонденттердің реакциясы техногендік апаттар мен қауіпті табиғи құбылыстарға қатысты алып қарағанда пайыздық тұрғыдан «өте қатты мазасыздану», «кейде мазасыздану» немесе «тіптен мазасызданбау» сияқты қатынастарында аса қатты ерекшеленбейтіндіктерін көрсетті. Яғни, қауіптің қандай түрлерін болсын халықтың түрлі топтарының ішінде мазасызданып, үрейлене ойлайтындардың саны көбірек.

Халықтың әлеуметтік тұрғыдан өзін жақсы сезінуін қалыптастыру әлеуметтік қорғау шараларының кеңінен жүргізілуін талап етеді. Бірінші кезекте азаматтар туындап отырған қиындықтар туралы және қауіпсіздікті сақтау шаралары туралы толық ақпараттар алып отыруы тиіс. Қоршаған ортаның ластануы, техногендік зиянды әсерлер туралы мемлекеттік және жергілікті органдарға жеке тұрғыда немесе ұжымдық тұрғыда ақпарат беріп, орын алып отырған мәселелердің шешілуін талап етіп отырулары тиіс. Әрбір жеке адамның азаматтық позициясын белсенді етіп қалыптастыру әлеуметтану мамандарынан аянбай көп еңбек етуді талап етеді. Әлеуметтік қауіпсіз ортаны қалыптастыру әлеуметтік сала мамандарының басты міндетіне айналуы тиіс.

Сонымен қатар, зерттеу барысында аудан тұрғындарының әр түрлі қауіп-қатерлерден *дәл қазіргі уақыттағы қорғалғандық сезімінің деңгейі* анықталған болатын. Төтенше жағдайлар қауіп бар аймақты тұратын азаматтар үшін олардың өздерінің қорғалғандығын сезінуі маңызды болып табылады. Респонденттерге «Сіз өзіңізді бүгінгі күні түрлі қауіптерден қаншалықты қорғалғанмын деп ойлайсыз?» деген сұрақ берілді. Сұрақ жауаптары төмендегі 3-суретте көрсетілген.

Берілген жауаптардың нәтижесі бойынша, сұралған респонденттердің жартысы қауіптердің барлық түрлері бойынша өздерін толыққанды қорғалғанбыз деп есептейтіндіктерін көрсетті (Сурет 3). Бұл респонденттердің төтенше жағдайлардағы мемлекеттік бақылауға сенімсіздігін және әлеуметтік қорғау саясатының әлсіздігін айқындайды.



Сурет 3 – Респонденттің әр түрлі қауіптерден қорғалу деңгейі

Жүргізілген сұраудың нәтижесі көрсеткендей, Шығыс Қазақстан облысының тұрғындары бірінші кезекте өздерін *қоршаған ортаның ластануынан* қорғалғанбыз деп есептейді – 54,8%. Ескеретін жайт, бұл көрсеткіш *«толық қорғалғанмын – 7,1%» және «қорғалған сияқтымын – 47,6%» жауаптарының жиынтық қосындысы болып табылады.*

Оған қоса, сұрауға қатысқан тұрғындар жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны, лай көшкіні секілді *табиғи қауіптерден* дәл қазіргі уақытта өздерін белгілі бір деңгейде қорғалғанбыз деп есептейді – 50,8% (*«толық қорғалғанмын – 4,8%» және «қорғалған сияқтымын – 46%» жауаптарының жиынтық қосындысы*).

Шамалас деңгейдегі қорғалғандық сезімі *техногенді*, яғни кәсіпорындардағы апаттар, катастрофалар секілді қауіп-қатерлерге қатысты қалыптасқан – 50% (*«толық қорғалғанмын – 0,8%» және «қорғалған сияқтымын – 49,2%» жауаптарының жиынтық қосындысы*).

Тарбағатай ауданының тұрғындары теракт, әскери әрекеттер, жанжалдар секілді әлеуметтік қауіптерден де өздерін белгілі бір деңгейде қорғалғанбыз деп есептейді – 42,9% (*«толық қорғалғанмын – 0,8%» және «қорғалған сияқтымын – 42,1%» жауаптарының жиынтық қосындысы*).

Сұрауға қатысқан *әрбір бесінші тұрғын* – өздерін климаттың глобалды өзгерістерімен, қоршаған ортаның нашарлауымен (20,6%) байланысты қауіптерден және табиғи және биологиялық ресурстардың азаюы (19%) қауіпінен *қорғалған емесін* деп есептейді.

Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы тұрғындарының өздері үшін ең қауіпті деп белгілеген, яғни аталған қауіптердің орын алуынан өзімді *«қорғалған деп сезінбеймін»* категориялары бойынша респонденттердің демографиялық-әлеуметтік ерекшеліктері бойынша талдау жасалынған болатын.

Әлеуметтанулық сұраудың нәтижесі көрсеткендей, табиғи және биологиялық ресурстардың азаюы кейіпіндегі экологиялық өзекті мәселе,

алғашқы кезекте Тарбағатай ауданындағы әрбір оныншы жас буындағы 18-28 жастағы азаматты (10,5%), ерлерді (6,1%) мазалайды екен.

Сонымен қатар, биологиялық және табиғи ресурстардың азаю мәселесі кәсіпкерлердің (33,3%) және денсаулық саласында еңбек етуші мамандардың (21,4%), әрбір оныншы кәсіптік (колледж, техникумда) білімі бар Тарбағатай ауданының тұрғынын (10,5%) мазалайтындығын көруге болады.

Келесі кезекте, аудан тұрғындарын одан да аландатушы мәселелердің бірі, яғни, климаттың жаһандық деңгейде өзгеруі / қоршаған ортаның деградациясы / планетарлық қауіптер секілді мәселенің мазалауы төмендегі әлеуметтік топтар арасында таралғандығын көруге болады:

Жоғарыда көрсетілген экологиялық өзгерістермен байланысты қауіптердің орын алуынан өздерін мүлдем қорғалмағанбыз деп есептеуші азаматтар: 40-50 жас аралығындағы респонденттер (32,3%) мен ер адамдар (22,4%). Айта кететін жайт, әлеуметтік-кәсіптік ерекшеліктері бойынша олардың әрбір екіншісі денсаулық саласының қызметкерлері (50%) және білім беру саласының қызметкерлері (26,7%) болып қызмет етуші, жоғары (33,3%) білімі бар респондент болып табылады.

Демек, респонденттер алдағы уақытта табиғи апаттардың орын алу мүмкіндігіне байланысты қорқыныш сезімінен еркін болғанымен, олар үшін жалпы әлемдік деңгейдегі климаттық жағдайлардың өзгеруі, жаһандық экологиялық қатерлер мен табиғи ресурстардың азаю мәселесінің өзектілігін бақылауға болады.

Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданының тұрғындарынан болуы мүмкін төтенше жағдай орын алған кезде, адам өмірінің сақталып қалуының басты факторларын таңдау сұралды: «Сіздің ойыңызша жер сілкінісі кезінде тәуекелдің төмендеуі мен қауіпсіздікті арттыру қандай факторларға байланысты деп ойлайсыз?». Бұл анкетаның маңызды сұрақтарының бірі болып есептелді. Төтенше жағдай кезінде тәуекелдің төмендеуі мен қауіпсіздікті арттырудың негізгі факторларын білу басты мақсат болды.

Басым жауаптардың төтенше жағдай кезіндегі тәуекелдің төмендеуі мен қауіпсіздікті арттырудың негізгі факторлары әрбір адамға байланысты екендігін көрсеткені, апатты жағдайларда сауатты әрекет ету адамдардың аман қалуының кепілі бола алатындығын білдіреді. Төмендегі кесте 2-де сұраққа жауаптардың таңдалуы толығырақ көрсетілген.

Сұрауға қатысқан әрбір екінші тұрғынның (53,2%) пікірі бойынша, төтенше жағдайлардан келетін қауіпті азайту және адамдардың қауіпсіздігінің және өмірінің сақталынуы, алғашқы кезекте әрбір адамның өзіне байланысты. Респонденттерден алынған жауаптар олардың әрбір адамның жауапкершілігін бірінші орынға қоятындығын көрсетті. Яғни, әрбір адам өз орнында өз әрекетіне жауапкершілікпен қарауы тиіс, өйткені түрлі техногендік апаттар жекелеген адамдардың жауапсыздығынан да болып жатады. Жоғарыдағы мәліметтерге сәйкес, әрбір адамның жауапкершілігі мен іс-әрекеті маңызды екендігі дәлелденді. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету – әрбір адамның міндеті.

Сондықтан да, өмірді қауіпсіз етуге мемлекеттік органдар мен төтенше жағдайлар қызметінің мамандарынан басқа әрбір азамат мүдделі болуы қажет.

Кесте 2 – Төтенше жағдайлардан келетін қауіпті азайту және адамдардың қауіпсіздігін сақтау факторлары

Факторлар тізімі	%
Әрбір адамның өзіне байланысты	53,2%
Мемлекеттің саясатына байланысты	7,1%
Төтенше жағдайлар министрлігінің дайындығына байланысты	10,3%
Қоғамның дамуына байланысты	4,8%
Қоршаған ортаның дамуына байланысты	6,3%
Авария мен катастрофаның ескерілуіне байланысты	4,8%
Адамдардың тәрбиесіне байланысты	3,2%
Халықаралық жағдайға байланысты	0,8%
Басқа	9,5%
Қорытынды:	100%

Тек әрбір оныншы (10,3%) респонденттің айтуынша, азаматтардың қауіпсіздігінің сақталуы төтенше жағдайлар министрлігінің дайындығына, орын алған қауіпті ситуацияда атқаратын іскерлігі мен кәсіптілігіне байланысты.

Келесі маңызды факторлардың қатарына сұрауға қатысқан тұрғындар мемлекетте қалыптасқан саясат (7,1%) пен қоршаған ортадағы экологиялық ситуацияға байланысты (6,3%) факторларды жатқызды.

Сонымен қатар, Тарбағатай ауданының тұрғындары төтенше жағдайлардан келетін қауіпті азайту және адамдардың қауіпсіздігін сақтауға болжамдалған авария мен катастрофаның алдын-ала ескерілу факторын респонденттердің аз бөлігі таңдаған. Бұл фактордың маңыздылығын респонденттердің тек 4,8%-ы белгіледі.

Төтенше жағдайлардан келетін қауіпті азайту және адамдардың қауіпсіздігін сақтау қоғам дамуының ерекшелігіне байланысты деп тұрғындардың 4,8%-ы есептейді.

Сұраудың нәтижесі көрсеткендей, төтенше жағдайдың барысында Тарбағатай ауданы тұрғындарының су басқан ауылдарды өз күшімен тастап шыққандығынан Төтенше жағдай министрлігі мемлекеттік органының қауіпті төтенше ситуацияда адам өмірін сақтап қалатын функциясын толық орындай алмағандығын көруге болады.

Халықтың қазіргі қоғамның қауіпке толы жағдайындағы әлеуметтік өз-өзін сезінуін талдауда маңызды орынды олардың өмірлік жағдайы мен қоғамдағы орнын сипаттайтын интеграциялық сипаттамасы алады. Олардың әлеуметтік және кәсіби интеграциясына, әлеуметтік тұрақтылығына өзінің өмірлік

жағдайы мен өмірлік стратегияларының жүзеге асуына қанағаттану немесе қанағаттанбау деңгейі әсер етеді.

Зерттеу мәселеміздің негізі міндеті болып саналатын қауіпсіздік шараларын сақтау мен қауіпсіздік іс-әрекеттері туралы ақпараттану деңгейін білу табылады. Сол үшін респонденттерге «Өзіңіздің төтенше жағдайлар (су тасқыны, өрт, зілзала, апат, теракт, т.б.) болған жағдайда жасалынатын әрекеттер туралы біліміңізді шкала бойынша бағалаңыз» деген сұрақ берілді. Респонденттердің жауаптарын талдасақ, сұралғандардың басым бөлігі өздерінің қауіпсіздік шараларын білуін орташа деңгейде деп көрсетті.

Жүргізілген сұраудың нәтижесінде Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданының тұрғындары мүмкін болатын төтенше ситуацияда өзінің және қоршаған адамдарының өмірін сақтап қалу мақсатындағы әрекеттер, әрбір адамның қауіпсіздігі жеке өзінің біліктілігі мен әрекетіне байланысты (53,2%) деп есептейді, соған орай, олар апаттық жағдайда әрекет ету ережелері туралы білім деңгейін 3,25-ке бағалады (орташа көрсеткіш: 1 – нашар және 5 – өте жақсы бағаларымен анықталды) (Сурет 4).



Сурет 4 – Респонденттердің өздерінің төтенше жағдайлар болған жағдайда жасалынатын әрекеттері туралы білімін бағалауы

Орын алуы мүмкін төтенше жағдайда, соның ішінде өрт, су тасқыны, дауыл немесе тағы да басқа қауіпті ситуацияда сақталыну шараларды білу мен оларды дұрыс атқаруға өздерінің дайындығын толық 5-ке бағалаған тұрғындардың қатарынан келесі әлеуметтік-демографиялық топтарды атап өткен жөн: 29-39 жастағылар 11,4%, әйел адамдар 6,5%, студенттер 50%, мемлекеттік қызметкерлер 11,5%. Сонымен қатар, жоғары білімді азаматтардың 8,8%-ы өздерінің дайындығын жоғары бағалады.

Керісінше, аталған жағдайда өздерінің дұрыс әрекет ету ережелерінің атқарылуын білуін 1-ге бағалаған респонденттердің қатарында 18-28 жастағы


респонденттер (10,5%), әрбір оныншы әйел респондент (9,1%), жұмысшылар (11,1%) және білім беру саласының (10%) мамандарын атап өтуге болады.

Қазіргі түрлі қауіптер мен өзгерістерге толы заманда адам міндетті түрде өмірге шыдамды тұлға болуға тиіс. Себебі, өзіміз білетініміздей, табиғи және техникалық қауіп-қатер ешбір ескертпестен болуы мүмкін. Алдын ала ескертілген қауіпті жағдайда таңдау жасауға болады, ал ескертпестен болған қауіпте негізге сәйкес қимылдар жасалынады.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан халықты әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуде мемлекеттік ұйымдардың рөлі ерекше. Олардың қызметі арқылы төтенше жағдайлардың салдарын жоюдың құқықтық статусы, ережелері, іс-әрекет ету жолдары анықталады. Мемлекет осы тарапта азаматтардың мемлекеттегі құқықтық статусын анықтап, төтенше жағдайлар саласында міндеттері мен құқықтарын белгілейді. Сонымен қатар, халықтың азаматтық қорғалуын, қауіпсіздігін, әлеуметтік қорғалуын кепілдейді.

Соған орай, «Еліміздегі Төтенше жағдайлар министрлігінің жасап жатқан жұмысына қанағаттанасыз ба?» деген сауалға сұралғандардың басым бөлігі (62,7%) жағымды жауап берді (10,3% – «толық қанағаттанамын» және 52,4% – «қанағаттанамын деуге болады»).

Шамамен әрбір үшінші азамат (29,4%) Төтенше жағдайлар министрлігінің қызметіне баға беруге қиналған болса, 7,9% респонденттер аталған органның жұмыс сапасына көңілі толмайтындығын айтты (Сурет 5).




Сурет 5 – Респонденттердің еліміздің Төтенше жағдайлар министрлігінің жұмысына қанағаттану деңгейі

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің жасап жатқан жұмысына толық қанағаттанған азаматтар қатарына: 18-28 жастағы тұрғындар (15,8%), әйел адамдар (13%) жатады. Сонымен қатар, жоғары деңгейдегі қанағаттанушылықты жұмысшылар (44,4%), жұмыссыздар (19%) және орта деңгейлі білімі бар (14,3%) азаматтар көрсетті.

Аталған министрліктің мемлекет бойынша қызметіне орташа деңгейдегі қанағаттанушылықты респонденттердің 51-61 жас аралығындағы тұрғындарының 71%-ы және 26-39 жас аралығындағылардың 65,7%-ы көрсетті. Ал Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің жасап

жатқан жұмысына мүлдем қанағаттанбайтын тұрғындар қатарына: 29-39 бен 40-50 жас аралығындағы (сәйкесінше, 14,3% және 14,7%) респонденттер жатты. Сонымен қатар, ер азаматтардың 12,2%-ы, денсаулық сақтау саласында қызмет атқаратындардың 35,7%-ы және кәсіпкерлердің 22,2%-ы ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің атқарып жатқан іскерлігіне мүлдем көңілдері толмайтындығын айтты.

Жүргізілген әлеуметтанулық сұраудың нәтижесінде Тарбағатай ауданы тұрғындарының биліктің тарапынан төтенше жағдайларды болдырмау және алдын алу мақсатында жасалынып жатқан шараларды бағалау деңгейі анықталды. Бұл міндетке қол жеткізу үшін сұрауға қатысқан Тарбағатай ауданы тұрғындарына «Сіз еліміздегі төтенше жағдайлардың алдын алу және жою үшін мемлекет тарапынан жасалынатын шараларды қалай бағалайсыз?» деген сауал қойылды. Аталған сауалға жауап бере отырып, өз бағасын берген аудан тұрғындарының жауаптары төмендегідей (Сурет 6) көрініс тапты.



Сурет 6 – Еліміздегі төтенше жағдайлардың алдын алу және жою үшін мемлекет тарапынан жасалынатын шараларды бағалау деңгейіне жауаптардың бөлінуі

Алынған мәліметтерді бойынша, жалпы аудан тұрғындары шамамен әрбір екіншісінің «жоғары деңгейде бағалаймын» деген жауабын белгілеуі мемлекет тарапынан жасалынып жатқан іс-шараларды жағымды бағалайтындығына дәлел болады. Келесі ескеретін жағдай, төтенше жағдайлардың әлеуметтік мазмұны осы жерде зардап шеккен адамдарда, төтенше жағдайларды ескерту мен нәтижесін жоюға жауапты міндеттерді шешетін әлеуметтік топтарда тұрақты күту сезімі қалыптасады. Аталған топтар өз кезегінде белгілі бір деңгейде өздерінің іс-әрекеттерін зардап шеккен халықтың талаптарына сай ұйымдастырады. Апат орын алған аймақтағы мүлікті жоғалту; тұрғын үйдің жартылай немесе толық бұзылуы; денсаулықты жоғалту; отбасы мүшелерінің


қаза табуы немесе денсаулығының зардап шегуі; жұмыс жасау қабілеттілігін жоғалту; әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың орын алу қаупінің жоғарылауы сияқты зардаптарды жоюда әлеуметтік-экономикалық көмек көрсету бойынша іс-шараларды жүзеге асыру маңызды орын алады.

Орындалып жатқан шараларға неғұрлым көңілі толған азаматтар қатарына зейнеткерлер (84,6%), жұмыссыздар (76,2%) және білім саласында (43,3%) қызмет етуші азаматтар мен орта білімді (71,4%) тұрғындар жатады.

Келесі кезекте, респонденттердің екінші үлесті бөлігі аталған мемлекеттік шаралардың жүргізілуіне «орташа деңгейде» бағалауын қойған болатын. Бұл ретте жоғары (56,1%) және кәсіби (63,2%) білімі бар Тарбағатай ауданының тұрғындарын және студенттер (75%) мен мемлекеттік қызметкерлерді (69,2%), сонымен қатар, денсаулық сақтау саласының (57,1%) мамандарын атауға болады. Сонымен қатар, 51-61 жастағы тұрғындар (51,6%) мен әйел адамдардың (45,5%) арасында да орындалып жатқан шаралар қатынасында орташа деңгейдегі бағалау тренді қалыптасқан.

Келесі тұрғындардың категориясы, яғни 18-28 жас аралығындағы респонденттер (10,5%), әлеуметтік-кәсіби категориядағы кәсіпкерлер (22,2%), жұмыссыз (9,5%) деп белгілеген азаматтар еліміздегі төтенше жағдайлардың алдын алу және жою үшін мемлекет тарапынан жасалынатын шараларды төмен деп бағалады.

Келесі кезекте сұрауға қатысқан тұрғындарға еліміздегі Төтенше жағдайлар министрлігінің, бөлімшелерінің әр түрлі нақты төтенше жағдайларға деген дайындық деңгейін бағалау мүмкіндігі берілді. Алынған жауаптар тізімі келесі Сурет 7-де көрсетілген.



Сурет 7 – Еліміздегі Төтенше жағдайлар министрлігінің, бөлімшелерінің әр түрлі төтенше жағдайларға дайындық деңгейін респонденттердің бағалаулары


Айта кететін жағдай, көрсетілген төтенше жағдайларға деген министрліктің дайындық деңгейін жоғары және орташа деп бағалаған аудан тұрғындары саны шамамен бір деңгейде (жер сілкінісін есептемегенде) деп айтуға болады.

Сұралғандардың көзқарасы бойынша, Төтенше жағдайлар министрлігі кәсіпорындардағы апаттар (20,6%) мен жер сілкінісі (20,6%) секілді қауіпті жағдайлар орын алғанда төмен деңгейдегі дайындықты көрсетіп, тиімсіз қызмет атқарады деп бағалайды.

Төтенше жағдайлар министрлігінің теракт салдары жағдайында дайындық деңгейін бағалауға қиналған азаматтардың саны салыстырмалы түрде (34,9%) басым болды.

Төтенше жағдайлардан халықты азаматтық қорғаудың негізгі мақсаты бейбіт және соғыс уақыттарында өрттерден, авариялардан, апаттардан және табиғат апаттарынан, осы заманғы зақымдану құралдарынан және террорлық әрекеттер салдарларынан еліміздің халқын, объектілері мен аумағын сенімді қорғауды қамтамасыз етуді; бейбіт және соғыс уақытының қатерлері мен төнген қауіптерге тиісінше ден қоя алатын мемлекеттік және жедел резервтердің аумақтық бөлінген тиімді басқару жүйелерін, күштері мен құралдарын құру және олардың дайындығын жоғары деңгейде ұстауды қамтитын ұзақ мерзімді перспективаға арналған апаттарға қарсы әрекет жасаудың жаңа идеологиясын жасап шығару болып табылады. Аталған мақсатта респонденттерге Төтенше жағдайлар министрлігінің қызметтері мен атқаратын жұмыстарының деңгейі соңғы жылдары қалай өзгергендігі сұралды (Сурет 8).

Респонденттердің басым бөлігінің ескеруі бойынша (71,5%), Төтенше жағдайлар министрлігінің қызметі мен жұмысының деңгейі соңғы жылдардың ішінде тек жақсара түскен.




Сурет 8 – Төтенше жағдайлар министрлігінің қызметтері мен атқаратын жұмыстарының деңгейі соңғы жылдары өзгеруіне байланысты респонденттердің жауаптарының бөлінуі

Соңғы жылдардағы жақсаруды байқаған респонденттер қатарына 51-61 жасқа дейінгі (89,7%) және 62-72 (100%) жастағы аудан тұрғындары, жұмыскерлер мен зейнеткерлер (100%), сонымен қатар мемлекеттік қызметкерлер мен студенттер (76,9% және 75% сәйкесінше) кірді.

Төтенше жағдайлар министрлігі қызметінің сапасының мүлдем өзгермегендігі туралы 40-50 (18,2%) жастағылар, жұмыссыздар (25%), ер азаматтар (14,9%) белгіледі.

Сонымен қатар, сұраудың барысында аталған мемлекеттік органның қызмет көрсету сапасының нашарлауын 18-28 (10,5%) жас аралығындағы, жұмыссыз (10%), орта білім деңгейін игерген тұрғындар ескерді.

Жалпы мемлекетте орын алып жатқан төтенше жағдайлар туралы хабарларды білуі мен жалпы қызығушылық танытуын анықтау мақсатында «Сіз елде орын алып жатқан төтенше жағдайлар туралы ба?» (Сурет 9) деген сауал қойылды.



Сурет 9 – Елде орын алып жатқан төтенше жағдайлар туралы хабардарлық деңгейі

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, сұрауға қатысқан тұрғындардың басым көпшілігінің хабардарлығы үстірт деңгейде қалыптасқан, респонденттердің 81,6%-ы «жартылай хабардармын» деп бағалаған.

Толық деңгейде ақпаратты игерген халықтың үлесі, яғни, хабардарлығы жоғары деңгейді құраған азаматтар үлесі 12%-ды құрады. Сонымен қатар, аудан тұрғындарының 1,6%-ы орын алып жатқан оқиғаларды, соның ішінде, төтенше жағдайларды білмейтін болса, тағы 0,8% респонденттердің аталған мазмұндағы жаңалықтарға байланысты мүлдем қызығушылық танытпайтындығы анық болды. Ал сұрауға қатысқан азаматтардың 4%-ы жауап беруге қиналды.

Салыстырмалы түрде толық ақпараттанған респонденттер тобының қатарына 40-50 (20,6%) және 29-39 (17,1%) жас аралығындағы тұрғындар, жұмысшылар (55,6%) және ер адамдар (14,6%) жатады.

Өз әлеуметтік статусын жұмыссыз (90,5%), кәсіпкер (88,9%) және зейнеткер (83,3%) деп белгілеген азаматтар көбінесе елде орын алып жатқан төтенше жағдайларға байланысты үстірт деңгейде хабардар болып келеді.

Келесі кезекте, сұрауға қатысқан Тарбағатай ауданы тұрғындарына түрлі төтенше жағдайлардан сақтану мақсатында алдын алынуы мүмкін шаралардың ішінен неғұрлым тиімдісін таңдау мүмкіндігі беріліп, «Әр түрлі сипаттағы төтенше жағдайлардан халықтың және территорияның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ең алдымен қандай шаралар жасау керек деп ойлайсыз?» сауалы қойылды (Сурет 10).




Сурет 10 – Әр түрлі сипаттағы төтенше жағдайлардан халықтың және территорияның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ең алдымен жасалатын шаралар қатары

Сұрау нәтижесі көрсеткендей, респонденттер ең проблемалы салалар ретінде төтенше жағдайлар қызметкерлерінің кәсіби дайындық деңгейін атады, себебі қолдану шарасы ретінде жауаптардың басым бөлігі (27%) төтенше жағдай қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін жоғарылатуды көрсетті.

Келесі кезекті де респонденттер Төтенше жағдайлар министрлігінің қызметіне байланыстырды. Төтенше жағдай бөлімшелерін жаңа, арнайы техникалармен, құралдармен жабдықтауды ұсынды. Бұл ретте аудан тұрғындарының 19%-ы министрліктің жабдықталу деңгейінің төмен екендігіне көңіл аударғандығын байқауға болады. Одан соң, сұрауға қатысқан азаматтар төтенше жағдай орын алған аудандағы ақпараттандыру жұмыстарының жеткіліксіз екендігіне көңіл аударды. Тағы да 19% респонденттер төтенше жағдай орын алған кездегі халықты және территориалды қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін сол аудандағы халықты алдын-ала ақпараттандыру қажет деп есептеді.

Назар аудара кететін жағдай, көптеген тұрғындар төтенше жағдай қызметкерлерін жабдықтандыруды арттыруды ұсынғанымен, санаулы тұрғындар ғана (2,4%) оларды қаржыландыру және санының маңыздылығына көңіл бөлді. Сұралғандардың шамамен бірдей саны аталған мәселені неғұрлым жеңіл өту үшін төтенше жағдайлар қызметкерлерінің жалақысын жоғарылату (10,3%) және төтенше жағдайдың алдын алу мен жою мемлекеттік жүйесінің барлық бөлімшелерінің реттілігі мен тиімділігін тәжірибеде қамтамасыз ету (9,5%) деп белгіледі.

Зерттеудің маңызды міндеттерінің бірі азаматтардың мемлекетте қызмет етуші төтенше жағдай қызметтерінің жұмысын бағалау мен жалпы ел тұрғындарының орын алып жатқан төтенше жағдайларға қатыстылық деңгейін анықтау болатын. Аталған мақсатты сұрау барысында Тарбағатай ауданының тұрғындарына «Сіз қалай ойлайсыз, Қазақстанда болып жатқан төтенше жағдайлардың негізгі себептері қандай?» деген сауал қойылды (Сурет 11).



Сурет 11 – Қазақстанда болып жатқан төтенше жағдайлардың негізгі себептеріне респонденттердің берген жауаптарының бөлінуі

Жүргізілген сұраудың нәтижесі көрсеткендей, қазақстандықтардың азаматтық жауапкершілігінің төмен деңгейде болуы (87,9%) және қоршаған ортаны қорғау бойынша заңнамадағы көптеген әлсіз жақтардың болуы (82,1%) – қазіргі кезде елде орын алған қауіпті, аяқасты жағдайлардың негізгі себебі. Демек, аудан тұрғындарының басым бөлігі кенеттен орын алатын төтенше жағдайдың негізгі түбірі ретінде мемлекет тарапынан қорғалу нормалары мен шараларының әлсіз ойластырылуы мен ел тұрғындарының оларды сақтауда жауапкершіліксіздік көрсетуінде деп бағалап отыр.

Қазақстанда орын алған қауіпті төтенше жағдайлар мен олардың кейінгі кезде орын алуына әсер ететіндей фактілер ретінде Тарбағатай ауданы тұрғындары Төтенше жағдай министрлігі және оған қарасты мекемелердегі қызметкерлердің іскерлігін атап көрсетті. Соның ішінде, жоғары лауазымды қызметтегі басшылардың кәсіби дәрежесін жеке мақсатта пайдалануы (56,8%) мен төтенше жағдайлар бойынша қызмет мекемелеріндегі жұмысшылардың кәсіби міндеті мен қызметіне салғырт қарым-қатынас танытуында (53,3%) деп есептейді.

Сонымен қатар, респонденттердің пікірі бойынша, жалпы Қазақстанда болып жатқан төтенше жағдайлардың орын алуына негіз болатындай мәселелерді таңдау кезінде келесі себептердің аталған мәселеге қатыстылығын төмен етіп көрсетті. Сұрауға қатысқан Тарбағатай ауданының тұрғындарының жартысынан астамы келесі пікірлерді атаған кезде, оларды төтенше жағдайлардың негізгі себебі бола алмайды деп белгіледі. Соның ішінде, мемлекеттік қызметкерлердің халыққа қызмет көрсеткісі келмеуі («жоқ» – 59,4%) және төтенше жағдайлардың қызметінің дұрыс ұйымдастырылмауы («жоқ» – 54,8%) мен лауазымды қызметкерлердің орын алған төтенше жағдайдан соң немесе жұмыс мүлдем атқарылмаған кезіндегі жазасыз қалуы (51,4%) пайда болуы мүмкін қауіпті жағдайларға тигізетін әсері салыстырмалы түрде үлесті емес.

Төтенше жағдайлардан келетін шығынды азайту адамдардың апатты жағдайлар туралы ақпараттану деңгейімен және осы жағдайларға қаншалықты дайын екендігімен байланысты. Осы мақсатта елімізде апаттарға дайындықты жоғарылату жоспарлары бекітіліп, халықты төтенше жағдайлар кезінде қажетті іс-әрекеттер мен іс-қимыл жұмыстарына үйрету үшін бірқатар дайындық жұмыстары ұйымдастырылуда. Ол әр түрлі тренингтер, семинарлар және тәжірибелік оқу-жаттығу жұмыстары формасында жүзеге асырылып отырады. Жүргізілген сұраудың нәтижесінде, Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы тұрғындарының өздері алдын алған шаралары туралы сұралып, «Сіз өзіңіздің тарапыңыздан төтенше жағдайларда тиімді әрекет ету үшін төменде аталғандардың қайсысын жасайсыз?» мазмұнындағы сұрақ қойылды. Жауаптардың бөлінуі 12-суретте көрсетілген.

Бірінші кезекте, Тарбағатай ауданының тұрғындары қауіпсіздік ережелерін сақтап жүруге тырысатынын көруге болады (82,6%). Салыстырмалы талдау нәтижесі бойынша, қауіпсіздік ережесін сақтайтын 18-28 жас (91,7%) және 40-50 (84,2%) жас аралығындағы азаматтарды атауға болады. Сонымен қатар,

ережелерді сақтауға кәсіпкерлер (100%), білім саласы мамандары (90,9%), мемлекеттік қызметкерлер (88,2%) де маңызды көңіл бөледі.

Респонденттердің басым көпшілігі төтенше жағдайларда жасайтын әрекеттерді әрдайым есте сақтап, ойластырып жүретіндігін айтқан болатын (82,8%). Алайда, бұл көрсеткіштің жоғары деңгейде болуын орын алған төтенше жағдайдан кейін тұрғындардың қырағы және абай жүруге көңіл аудара бастағанымен түсіндіруге болады. Жоғары деңгейдегі алаңдаушылықты танытушы топтар санатына жоғары білімді (87%), 18-28 жастағы (88,9%) тұрғындарды және әйел адамдарды (86,7%) жатқызуға болады.



Сурет 12 – Респонденттердің өздерінің тарапынан төтенше жағдайларда тиімді әрекет ету үшін жасайтын іс-шаралары туралы жауаптарының бөлінуі

Көңіл аударатын ақпарат, жалпы алынған жауаптардың 72,5%-ы Тарбағатай ауданы тұрғындарының бұл маңызды мәселе бойынша мүлдем ойланып көрмегендігін көрсетеді. Аталған топқа жататын тұрғындардың басым бөлігінің орта (96,4%) немесе кәсіби орта (54,5%) білімі бар, оған 62-72 және 18-28 жас аралығындағы азаматтарды және ер адамдарды (83,3%) жатқызуға болады.

Керісінше, аталған мәселе бойынша мүлдем ойланып көрмедім деп белгілеген тұрғындардың қатарынан мемлекеттік қызметкерлерді (37,5%) және білім беру (42,9%) мен денсаулық сақтау (33,3%) салаларының қызметкерлерін атап өтуге болады.

Азаматтық қорғаудың басты мақсаттарының бірі халықты төтенше жағдайларға үйрету мен оқыту болып табылады. Жоғарыда келтірілген ақпараттарға сәйкес, респонденттердің елеулі үлесі төтенше жағдайларда жасайтын іс-әрекеттерге үйрететін жаттығуларға қатысып көрмеген (84%). Дегенмен, аталған тәжірибелік жаттығуларға ер азаматтар (22,2%), жоғары білімді (30,8%), 51-61 жас аралығындағы (33,3%), денсаулық сақтау және білім беру мекемелерінің қызметкерлері (33,3%) төтенше жағдайларда жасайтын іс-әрекеттерге үйрететін жаттығуларға қатысып көрген.

Келесі көңіл аударатын маңызды категория аймақтағы төтенше жағдайлар туралы ақпараттарды қадағалап отыратын азаматтар тобы болып табылады. Зерттеудің қорытындысы көрсеткендей, аталған тұрғындардың салыстырмалы түрде басым бөлігі, яғни, 60%-ы аталған төтенше жағдайлар туралы ақпараттардан хабардар болып жүреді.

Аудан аймағында орын алып жатқан төтенше жағдайлар туралы жаңалықтар туралы жүйелі түрде ақпарат алмайтын тұрғындар қатарына әйел адамдарды (42,9%), 62-72 жастағы адамдарды, жұмыссыз және зейнеткерлерді (100%) атап өтуге болады.

Сонымен қатар, Тарбағатай ауданы тұрғындарының басым көпшілігі өздерін төтенше жағдай орын алған кезде қауіпсіз ұстау мақсатында жасалатын шаралардың бірі ретінде қауіпті жерлерге/аумақтарға бармайтындығын (65,2%) және қауіпті кәсіпорындардың жұмыс жасауына қарсы тұруға дайындығын (41,7%) білдірді.

Тұтасымен алып қарағанда, табиғи және техногендік төтенше жағдайларды ғылыми тұрғыдан зерттеу мониторинг жүргізуді, төтенше жағдайлар банкін, болжау әдістерін жасауды, оның алдын алуды, бақылауды және қорғау құралдарын ойластыруды, болжай білу, салдарларын бағалау және жою бойынша ғылыми-техникалық және мақсаттық бағытталған бағдарламалар жасауды қамтиды.

Өмірге қанағаттану – бұл идивидтің әлеуметтік-психологиялық жағдайы, ол индивидтің өзіне, басқа адамдарға, қоғамға, жағдайға және өмір сапасы мазмұнына қоятын талаптары мен өзіндік сұраныстарының жүзеге асуының жетістіктері мен мүмкіндіктерін субъективті бағалауларын сипаттайды. Сондықтан да, төтенше жағдайды басынан өткерген тұрғындардың өмірге қанағаттану деңгейін қарастыру өте маңызды болып табылады. Осыны анықтау мақсатында «Өзіңіздің жалпы өмірге қандай деңгейде қанағаттанатыныңызды көрсетіңіз?» деген сауал қойылды. Тұрғындарға жүргізілген сауалнама нәтижесі көрсеткендей, өмірге қанағаттануларын өзіндік бағалағандардың арасында «толық қанағаттанатындар» мен «қанағаттанатын сияқтымын» деген респонденттердің үлесі (58,1%) басым болды, соған сәйкесінше қанағаттанайтындардың үлесі екі есеге аз. Тек тұрғындардың 28,5%-ы өмірге қанағаттанбайтындықтарын, соның ішінде 23,3%-ы жартылай, 5,2%-ы мүлде қанағаттанбайтындықтарын көрсеткен. Мұндай өзіндік бағалаудың әртүрлі жастық когорттағы айырмашылығын байқауға болады. «Жастар» тобында 66,1%-ы – қанағаттанса, 21,2%-ы

канағаттанбайтындықтарын, «орта жастағы» респонденттер сәйкесінше, 56,1% және 31,5%-ды, «ересек ұрпақ» - 54,0% және 30,4%-ды құрады.

Сонымен қатар, апатты жағдайдан кейінгі адамдардың әлеуметтік өзін-өзі сезінуін бағалау жалпы аймақтың экономикалық потенциалы мен саяси жағдайын сипаттауға мүмкіндік береді. Аймақ тұрындарының әлеуметтік өзін-өзі сезінуін білу үшін респонденттерге «Сіз төтенше жағдайларды бастан өткердіңіз, соған орай апаттан кейінгі қазіргі кезеңде өзін-өзі сезінуіңізді қалай бағалайсыз?» деген сұрақ қойылды. Респонденттердің 23,3 %-ы өздерінің өзін-өзі сезінуін жақсы деп бағаласа, қанағаттанатындар үлесі – 35,7%, нашар деушілер – 10,4%-ды құрады. 5,3%-ы өздерін бақытты сезінсе, 17,6% өздерінің жағдайын нақты анықтай алмайтындықтарын, 7,4%-ы өз-өзін сезінуге мән бермейтіндіктерін атап өткен.

Жүргізілген талдау көрсеткендей тұрғындардың әлеуметтік өзін-өзі сезінуі болып жатқан төтенше жағдайларға сезімтал болып отыр. Апатты жағдайлардың салдарын жоюдағы жасалған іс-шаралар олардың әлеуметтік белсенділігі мен дағдарысты жағдайларға бейімдеушілік қабілеттерінің артуына әсер еткендігін байқатады.

Төтенше жағдайларды басынан өткенген халықтың әлеуметтік өзін-өзі сезінуі мен атқарылып жатқан іс-шараларды әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері мемлекет тарапынан төтенше жағдайларды шешуге байланысты жұмыстардың жеткілікті дәрежеде жүріп жатқандығын көрсетті. Сонымен қатар, азаматтардың әлі де болса өздерінің әлеуметтік қауіпсіздігіне селқос қарайтындықтарынан хабар берді. Бұл белгілі бір деңгейде кеңес үкіметінен бері келе жатқан жайбарақаттықтың көрінісі де болуы мүмкін деген ойларға жетелейді.

Халықтың әлеуметтік тұрғыдан өзін жақсы сезінуін қалыптастыру әлеуметтік қорғау шараларының кеңінен жүргізілуін талап етеді. Бірінші кезекте азаматтар туындап отырған қиындықтар туралы және қауіпсіздікті сақтау шаралары туралы толық ақпараттар алып отыруы тиіс. Қоршаған ортаның ластануы, техногендік зиянды әсерлер туралы мемлекеттік және жергілікті органдарға жеке тұрғыда немесе ұжымдық тұрғыда ақпарат беріп, орын алып отырған мәселелердің шешілуін талап етіп отырулары тиіс. Әрбір жеке адамның азаматтық позициясын белсенді етіп қалыптастыру әлеуметтану мамандарынан аянбай көп еңбек етуді талап етеді. Әлеуметтік қауіпсіз ортаны қалыптастыру әлеуметтік сала мамандарының басты міндетіне айналуы тиіс.

Қорыта келе, халықтың төтенше жағдайларға қажетті дағдылары мен қабілеттерін қалыптастыру оларды апаттардан әлеуметтік қорғау шараларының маңызды бөлігі болып саналады. Бірінші кезекте азаматтар туындап отырған қиындықтар туралы және қауіпсіздікті сақтау шаралары туралы толық ақпараттар алып отыруы тиіс. Қоршаған ортаның ластануы, мүмкін болатын қатерлер, техногендік зиянды әсерлер туралы мемлекеттік және жергілікті органдарға жеке тұрғыда немесе ұжымдық тұрғыда ақпарат беріп, орын алып отырған мәселелердің шешілуін талап етіп отырулары тиіс. Әрбір жеке адамның өмірге төзімділігін белсенді етіп қалыптастыру кәсіби мамандардың

аянбай көп еңбек етуін талап етеді. Әлеуметтік қауіпсіз ортаны қалыптастыру әлеуметтік сала мамандарының басты міндетіне айналуы тиіс.

2.3 Білік, кәсіпкерлік және азаматтық қоғам институттарының төтенше жағдайлардағы әлеуметтік ынтымақтастығы (эксперттік сұрау мәліметтері негізінде)

Кез келген әлеуметтік институт белгілі нормаларды, салт-дәстүрлерді, ережелерді, тиымдарды жүзеге асыру арқылы «қауіпсіздікті» қалыптастыруды көздейді және комфортты өмір сүруге, тұрақты дамуға, отбасы мүшелерінің жалпы және арнайы қажеттіліктерін өтеуге ұмтылады. Осы бағытта мемлекет өз халқын сыртқы және ішкі тұрақсыздық факторларынан сақтандыру мақсатында әр түрлі әлеуметтік жүйелерді қалыптастырады, атап айтқанда, әскер, қауіпсіздік қызметтері, халықты әлеуметтік қорғау органдары, әлеуметтік қызмет салалары, т.б. Осыған орай американдық психолог Абрахам Маслоудың қажеттіліктер пирамидасында [98] «әлеуметтік қауіпсіздіктің» адамзат үшін маңызды қажеттілік болып табылатындығын атап өткеніміз жөн.

Қоғамдағы әлеуметтік институттардың, ұйымдардың және әлеуметтік топтардың тұрақты қызмет етуіндегі маңызды өзгерістер, даму, өзара әрекеттестік және интеграция сияқты принциптерге негізделетіндігі белгілі.

Төтенше жағдайларда әлеуметтік институттардың, топтардың, түрлі секторлардың өзара байланыста болуы осы принциптерді тәжірибе жүзінде басшылыққа алудың дұрыс екендігін дәлелдейді. Төтенше жағдай салдарынан зардап шеккен азаматтарға қатысты Қазақстанның әлеуметтік саясатында қарастырылған маңызды іс-шаралар жүйесі мен жүзеге асырылуға тиісті жұмыстардың басты бағыттары дүниежүзіндегі барлық мемлекеттердің әлеуметтік саясатында негізгі орын алады. 2005 жылы 22-қаңтарда Жапонияның Кобе қаласында табиғи және техногендік апаттардың қаупін азайту жөніндегі II дүниежүзілік конференция қабылдаған Хиог декларациясы апаттармен күресуге үкімет, азаматтық қоғам, әлеуметтік қызмет көрсету салалары, халықаралық ұйымдар, ғылыми қауымдастықтар, қаржы институттары, жеке сектор мен еріктілердің қатысуы қажет екендігі атап өтті [99]. Сондықтан да, апаттардың алдын алу жолдарын барлық деңгейде, яғни әрбір нақты адамнан қоғамға және одан жоғары әлемдік деңгейге дейін көтеру қажеттілігі туындап отыр. Қауіп-қатер деңгейін төмендету мәселесі ұлттық әлеуметтік саясатта басымдық сипатта болуы қажет. Тұрақтылыққа қол жеткізу, табиғи және адам қызметінің нәтижесінде туындайтын апаттарға дайындықты күшейтуді, қарсы тұра білу және оның салдарларын жоюды қамтамасыз етуде халық пен орталық және жергілікті мемлекеттік органдар араларындағы қарым-қатынасты нығайтудың нәтижелі механизмдерін құруды талап етеді.

Әлеуметтік саланың басымдылығы ретінде табиғи экожүйелерді қалыптастыруды, антропогендік және табиғи апаттар туындаған жағдайларда адам құқықтарын және қоғам мүшелерінің мүдделерін қорғауды атап көрсетуге болады.

БҰҰ-ның қазіргі жұмыс жасау негіздері мен принциптері 2000 жылғы қыркүйекте Нью-Йоркте әлем жетекшілерімен мақұлданған Мыңжылдық Декларацияда белгіленген мақсаттарға сәйкес жүргізіліп келеді. Мыңжылдық даму мақсаттары (МДМ) деп аталған бұл құжат әлем мемлекеттерінің миллиондаған адамдардың өмір сүру жағдайларын жақсартуға деген ұмтылыстарына қол жеткізудің нақты және өлшемді көрсеткіштерін белгілейді [101]. МДМ кедейшілікті қысқарту, ана мен баланың денсаулығын жақсарту, гендерлік теңдік, ғасыр ауруларымен күрес, бастауыш және орта білімге қол жеткізу және экологиялық тұрақтылық сияқты дамудың маңызды салаларын қамтиды. Осыған орай 2050 жылға қарай озық дамыған 30 елдің қатарына қосылу мақсатын алдына қойып отырған жас мемлекетіміз үшін экологиялық тұрақтылыққа қол жеткізу, жасыл экономиканы қалыптастыру, төтенше жағдайлардың алдын алуда қоғамның «билік-бизнес-азаматтық қоғам» секторларының өзара әріптестігін нығайтудың маңызды екендігін атап өтуге болады.

Халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде мемлекеттік, қоғамдық ұйымдардың және еріктілердің жұмысын бағалау, негізгі мәселелерді айқындау, іс-шараларды жетілдіру, төтенше жағдайлардың алдын алу және жағымсыз салдарларын жою мақсатында 2016 қаңтар-сәуір айларында *«Аймақтағы халықтың төтенше жағдайларға дайындығы және азаматтық қоғам институттарымен әлеуметтік ынтымақтастығы»* тақырыбында экспертті сұхбат өткізілді.

Эксперттік сұхбат барысында қойылатын сұрақтар диссертациялық жұмыстың зерттеу бағдарламасының міндеттеріне сәйкес төрт негізгі блоктан тұрады. Қойылған сұрақтар әр блоктағы сауалдардың бір-бірімен логикалық тұрғыдан байланысуына, эксперттің нақты көзқарасын білуге және толық жауаптар алуға бағытталды.

Бірінші блок сұрақтары зерттеу мәселесіне байланысты **төтенше жағдайлардың алдын алу немесе әлеуметтік салдарларын жоюдағы мемлекеттік ұйымдардың рөлі мен іс-әрекеттеріне** арналды. Төтенше жағдайлардың қандай түрлері жергілікті аймаққа қауіп төндіретіні, маманның жұмыс тәжірибесінде жолықтырған төтенше жағдайлар түрлері жайлы баяндау сұралды. Сонымен қатар, мемлекеттік ұйымдардың қызметтеріне, олардың халықты төтенше жағдайлардан әлеуметтік қорғау бағыттарына, атқарған жұмыстарына қатысты беретін эксперттің бағаларына басымдық берілді.

Екінші блоктағы сұрақтар Қазақстан халқының төтенше жағдайларға қаншалықты дайын екендігіне және экологиялық сауаттылық деңгейіне эксперттік сараптама жасауға арналды. Туындаған апаттық жағдайларда халықтың әрекет етуін эксперттің жеке тәжірибесі негізінде бағалауы сұралды. Халықты төтенше жағдайларға дайындау мен үйретуде кездесетін негізгі қиындықтар мен кемшіліктерді атап көрсетуге, сонымен қатар, төтенше жағдайлар қызметкерлерінің халықты әр түрлі апаттардан қорғау, әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өткізетін іс-шаралар жүйесін баяндап, тиімділігін бағалауына талап қойылды. Бұл сұрақтар тобы нақты ақпараттар

алу үшін маңызды болды. Эксперттер көбінесе болған жағдайды оның логикалық өрбу заңдарына сай сипаттап берді. Бұл бөлім сұрақтары эксперттерде қобалжуды туындатып, көп уақыт алды. Өткен оқиғаны еске түсіру мен ақпаратты жандандыруға біраз уақыт жұмсалды.

Үшінші блоктың сауалдары зерттеу жұмысының міндеттерінің бірі болып табылатын зардап шеккендерге әлеуметтік көмек көрсету мақсатында мемлекеттік органдардың қоғамдық ұйымдармен, бизнесмендермен әріптестігін анықтауға бағытталды. Мемлекеттік ұйымдардың қоғамдық ұйымдармен, бизнестік ортамен қандай деңгейде жұмыс істейтіндігіне және бұл әріптестіктің тиімділігіне назар аударылды. Эксперттер бұл сұрақтарға өз тәжірибесіне сүйене отырып жауап қайтарды.

Соңғы *төртінші блокта* сұхбатты қорытындылау мақсатында төтенше жағдайлардың алдын алу мен салдарларын жою бойынша атқарылатын іс-шараларды жақсарту үшін мемлекеттік органдар, жеке азаматтар тарапынан атқарылатын жұмыстардың болашағы мен перспективаларын сипаттайтын сұрақтар қойылды. Эксперттерге қоғамның қауіпсіздігін сақтау үшін қандай жұмыстар жасалуы керектігі жайлы пікірлерін білдіруге сұраныс жасалды.

Сұрақтар тобы бойынша эксперттер берген жауаптарды талдап, жалпылау нәтижесінде келесі ақпараттарға қол жеткізілді. Зерттеудің нәтижелерін шығару барысында артық ақпараттар алынып тасталып, өзекті мәліметтерге басты назар аударылды.

Елімізде қауіп төндіретін төтенше жағдайларға эксперттердің көзқарасы бойынша, цунами мен жанартаудың атқылауынан басқа барлық табиғи және техногенді апаттар жатады. Олар әсіресе Қазақстанның оңтүстік, оңтүстік-шығыс және жартылай шығыс аймақтардағы жер сілкінісі мен су тасқындарын ерекше атап өтті. Мұны соңғы жылдары елімізде жиі орын алып отырған табиғи апаттардың әсерімен түсіндіруге болады. Еліміздің шығысында, орталығында және солтүстігінде ауа-райы температурасының экстремалды төмендеуі де қауіп төндіретін құбылыс ретінде атап өтілді.

Халықты әлеуметтік қорғаудың басты субъектісі, бірінші кезекте мемлекет болып табылады. Оның ішінде, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан халықты әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуде мемлекеттік ұйымдар ерекше рөл атқарады. Төтенше жағдайлардың алдын алу немесе салдарларын жою, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мемлекетте төтенше жағдайлар комитеті өз жұмыстарын атқаруда. Олар төтенше жағдайлардан халықты әлеуметтік қорғауды ұйымдастырудың ең негізгі тетіктері болып табылады. Эксперттердің берген жауаптары негізінде төтенше жағдайлар комитеттерінің атқаратын қызметі мен іс-әрекеттерінің негізгі бағыттары, құқықтық статусы, жұмыс ережелері анықталды.

1-эксперт (Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкері). Төтенше жағдайлар департаменті іс-әрекетінің негізгі бағыттары, бұл – төтенше жағдайлар болар алдында халықты дер кезінде құлақтандырып, профилактикалық жұмыстар жүргізу; халықтан түскен өтініштерді уақытында қабылдап, жедел жауап беріп отыру; төтенше жағдай болған

жерге уақытында жету. Төтенше жағдайлар департаменті болғандықтан қойылатын басты талап – барлық істі тезірек орындап, жылдам әрекет ету, кез келген жағдайға дайын болу.

Эксперттің көзқарасы бойынша ресми мемлекеттік органдар қызметкерлері тұрақты түрде қалыптастырылған режиммен, қатаң тәртіппен жүйелі түрде жұмыс жүргізіп отырады. Өздерінің жұмыстарының негізгі ерекшелігі ретінде эксперт жедел әрекет етуді атап өтті.

2-эксперт (эколог маман). *Біздің қаламызда табиғи және техногендік сипатта орын алатын төтенше жағдайлар кезінде Төтенше жағдайлар департаменті жұмыс жасайды. Олардың қызметі негізінен табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу, зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсету және төтенше жағдайлардың салдарларын жою шараларын жедел ұйымдастыру болып табылады. Төтенше жағдайлар басқармасының күнделікті жұмысы халық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар туындауының қауіп-қатерін төмендетуге жұмылдырылған деуге болады.*

Төтенше жағдайлар департаменті мен бөлімшелерінің әр түрлі төтенше жағдайларда жасайтын іс-әрекеттерге дайындық деңгейін экология саласының маманы біршама жоғары және тұтасымен алып қарағанда қанағаттанарлық деп бағалады.

1-эксперт (Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкері). *Төтенше жағдайлар департаментінің және оның бөлімдерінің дайындығы өте жоғары. Департаментте ай сайын қызметкерлердің кез келген төтенше жағдайда қалай әрекет ететіндігі тексеріліп, аттестациядан өткізіледі. Сондықтан департаменттің және оның бөлімдерінің жұмыс жасауы өте жақсы деп бағалаймын. Төтенше жағдайларда қолданылатын техникалар мемлекеттің қаражатынан бөлінген ақшамен жөнделіп, кез келген жағдайда жұмыс жасауға дайын тұрады.*

2-эксперт (эколог маман). *Алматы қаласының Төтенше жағдайлар департаментінің апатты жағдайларға әрдайым дайын екендігі сөзсіз. Себебі, қалада төтенше жағдайлар орын алғанда адамдардың не істеу керектігі туралы ақпараттар беріліп, үрейге бой алдырмай, өздерін сабырлықпен дұрыс ұстап, шешім қабылдауына көмектесетін оқу-жаттығулар ұйымдастырылып тұрады. Төтенше жағдайлар департаменті мен бөлімшелері төтенше жағдай орын алған жағдайда не істеу керектігін біледі. Сонымен қатар, Төтенше жағдайлар департаменті, Ішкі істер министрліктерімен және сейсмикалық институттармен тікелей байланыста бірлесіп жұмыс жүргізеді.*

4-эксперт (ШҚО Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкері). *Тәжірибе көрсеткендей, ТЖ-да жергілікті және облыстық деңгейдегі мемлекеттік органдар жеткілікті түрде тиімді және оперативті әрекет етеді. Мемлекеттің ірі масштабты апаттарға қаншалықты сапалы және өз уақытында араласатынын бағалау мүмкін емес, өйткені, ондай ірі көлемді апаттар Қазақстанда болған жоқ және олар орын алғанда қандай жағдай*

туындайтыны белгісіз. Жалпы алып қарағанда, төтенше жағдайлармен айналысатын мекемелер қиындықтарға әрдайым дайын тұрады. Төтенше жағдайлар комитеті ішкі істер министрлігімен, сейсмоакадемиямен біріге отырып жұмыс атқарады.

Эксперттер төтенше жағдайда мемлекеттік органдар (облыстық/аудандық төтенше жағдайлар департаменті, т.б.) жылдам және нәтижелі әрекет етеді деп бағалады. Олар бірлескен тәжірибесі негізінде, төтенше жағдайларда жергілікті және облыстық деңгейдегі мемлекеттік органдар бірлесе отырып, жеткілікті түрде тиімді және оперативті әрекет етеді деп атап көрсетті. Мемлекеттің ірі масштабты апаттарға қаншалықты сапалы және өз уақытында араласатынын бағалау мүмкін еместігін, өйткені, ондай ірі көлемді апаттар Қазақстанда болмағандығын және пайда болған жағдайда қалай әрекет ететіндігі белгісіз екендігін көрсетті. Бұл төтенше жағдайлар мекемелерінің стратегиялық әрекетінің осал тұстарынан хабар беріп, бұл бағыттағы жұмыстарды жетілдіруді талап етеді.

Эксперттік сұрау барысында халықты төтенше жағдайларға дайындау мен үйретуде кездесетін негізгі қиындықтар мен кемшіліктерге баса назар аударылды. Сонымен қатар, халықты әр түрлі апаттардан қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін төтенше жағдайлар қызметкерлерінің қандай шаралар өткізуі қажеттігіне және болашақта қандай іс-шаралар жасау керектігін саралауға мән берілді.

Эксперттерден Қазақстан халқының төтенше жағдайларға дайындығын және әрекет ету деңгейін 1 (өте нашар) деңгейден 2.....3.....4....., 5 (өте жоғары) деңгейге қарай бағалау ұсынылды. Эксперттердің басым көпшілігі халықтың дайындық деңгейіне 3 (орташа) деген баға берді. Бұл еліміздегі халықтың төтенше жағдайларда саналы түрде әрекет етуге бағытталған мінез-құлқының белгілі бір деңгейде жеткілікті екендігінен хабар берумен қатар, әлі де толық қалыптасуы, жетілуі қажет екендігін айқындайды.

2-эксперт (Эколог маман). *Халық төтенше жағдайларға тас түйін дайын деп айта алмаймыз. Елімізде көптеген адам шығынына ұшырататындай, соншалықты қатты бір қорқатындай төтенше жағдайлар көп бола бермейді. Сондықтан елімізде төтенше жағдайларға байланысты оқу-жаттығулар жиі жүргізілмейді. Негізінен, жиі оқу-жаттығулар жүргізіліп тұрғаны дұрыс. Халықтың төтенше жағдайға деген реакциясын, әрекет ету мінез-құлқын 3 баллмен бағалауға болады.*

5-эксперт (Қызыл Ай қоғамдық ұйымының маманы). *Төтенше жағдайлардағы халықтың дайындық деңгейін 3 баллмен бағалауға болады.*

3-эксперт (Эколог-оқытушы). *Төтенше жағдайға халық дайын деп ешкім де сеніммен айта алмайды. Төтенше жағдайлардың түрлері көп. Оның үлкен көлемді, аз көлемді, орташа көлемді түрлері бар. ТЖ-дың қандай түрі болса да, оған баға бере алмаймыз. Өйткені тәжірибе көрсетіп отырғандай, халықта төтенше жағдайлар кезінде қорқыныш пен паника туындайды. Дайындық қандай деңгейде болса да, төтенше жағдайлар туындаған уақытта адамдар сабыр сақтай алмайды. Паника кезінде дайындықты да ұмытып,*

жағдайды ушықтырып, қиындатып жібереді. Сол себептен баға беру өте қиын.

6-эксперт (Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкері). *Бізді басқа да дамыған елдермен салыстырып қарасақ, төтенше жағдайлардағы біздің дайындық деңгейіміз әлдеқайда төмен. Біз ай сайын оқу-жаттығу өткізгеннің өзіне халық не істерін білмей шошып қалады. Оқу-жаттығуды үнемі жүргізу керек. Дайындық өте нашар деуге болады.*

Азаматтық қорғаудың басты мақсаттарының бірі – халықты төтенше жағдайларға үйрету мен оқыту. Жоғарыда келтірілген ақпараттарға сәйкес, оқу-жаттығу жұмыстарына белсенді қатысу орта және жоғары білім беру мекемелерінде, әр түрлі мемлекеттік, қоғамдық ұйымдарда, жұмыс орындарында, т.б. жерлерде төтенше жағдайлар туындаған жағдайларға қажетті іс-әрекеттерге оқу, үйрету семинарлары мен тренингтерін өткізумен байланысты екендігін көрсетіп отыр. Сонымен бірге, еліміздің облыстарында, Алматы және Астана қалаларында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы органдар жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, облыс және қалалардың әкімі бекіткен жоспар бойынша төтенше жағдайлар саласындағы білімді дамыту және насихаттауды жүзеге асырады. Бірақ, жоғарыда эксперттер бағалағандай, халықтың төтенше жағдайларға дайындық деңгейі жеткілікті деңгейде емес. Оған Алматы қаласында, Алматы облысында, Қарағанды облысында, Шығыс Қазақстанда болған су тасқыны, лай көшкіні сияқты табиғи апаттар орын алғанда халықтың оперативті, өзіндік ұйымдасқан түрде әрекет ете алмауы, мемлекеттен көмек күтуі мысал бола алады.

Осы сұрақты одан ары тереңірек талдай түсу үшін эксперттерден халықты төтенше жағдайларға дайындау мен оқытудағы кездесетін негізгі қиындықтар мен кедергілерді саралап беру сұралды. Эксперттердің көзқарасы келесідей болды:

1-эксперт (Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкері). *Халықты төтенше жағдайға дайындаудағы қазіргі қиындық қазақтардың «не болса да, болған кезде көрерміз» деген сөзінен шығады. Сол себепті әркім өзіне жауапкершілік алғысы келмейді. Халықтың барлығы дайындау шараларына белсенді қатысса, бірдей үйренетін болса, мұндай жағдайлардың алдын алу оңайға түсер еді. Халықты ескертудегі ең қиын жағдайлар осы. СМС хабарламалары келген кезде де адамдар оларға бей-жай қарайды.*

4-эксперт (ШҚО Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкері). *Елімізде ТЖ-ға дайын болу және оның алдын алу немесе жою мақсатында 2007-2015 жылға арналған бағдарлама жасалынған болатын. Сол бағдарламаның аясында мектептерде, оқу орындарында, ЖОО-да сабақтар жүргізілді. Теледидар мен радио хабарларда насихаттар, хабарландырулар беріліп жатады. Негізінен халықты ТЖ-ға оқыту мен дайындаудағы қиындықтың бірі халықтың немқұрайлығында, мән беріп қарамауында деп ойлаймын. Жастар тарапынан да белсенді болмау, салғырт қарау байқалады.*

3-эксперт (эколог маман). *Халықты төтенше жағдайларға дайындау мен оқытуда туындайтын қиындықтарға ең алдымен халықтың салғырттығын*

көрсетер едім. Жастардың немқұрайлығы және табиғи ортаға жанашырлықпен қарамауы оқу-жаттығу жиындарына кеселін тигізеді. Өзен, көлдерге жақын жерлерде, қауіпті орындарда құрылыс жұмыстарының жүргізілуі осы салғырттықтың себебі. Ресми органдардың, сонымен қатар тұрғындардың да бей-жайлығы кейіннен қайғылы оқиғаларға әкеп соғуы мүмкін.

5-эксперт (Қызыл Ай қоғамдық ұйымының маманы). *Қауіпсіздікті қамтамасыз ете алмау көп жағдайларда халықтың өз өміріне жауапсыздықпен қарауынан, қызығушылығының төмендігінен болып отыр. Халықтың төтенше жағдайларға бейімділігін қалыптастыру, қауіпсіздік шараларын сақтауды үйретуге бағытталған бірыңғай әдістемелік базаның жоқтығы да әсер етеді.*

Берілген жауаптарды саралай келе, төтенше жағдайлардың алдын алуға тұрғылықты халықтың этникалық, ділдік ерекшеліктерінің де қосымша фактор ретінде әсер ететіндігін көруге болады. Яғни, жауапты жағдайға жайбарақат қарау, асықпау, конформизм сияқты ерекшеліктер төтенше жағдайлар орын алып отырған аймақтардағы тұрғылықты халықтың әлеуметтік қауіпсіздікті тұрақты қалыптастыруына толық мүмкіндік бере алмай отыр.

Эксперттер көпшілік дауыспен халықтың төтенше жағдайлардың алдын алуға және апатты жағдайлар туындағанда қажетті іс-қимылдарға үйрету шараларына немқұрайлы қарайтындықтарын, салғырттығын, адамдардың экологиялық мәдениетінің жеткілікті деңгейде қалыптаспағандығын, өзіндік жауапкершілікті сезінбейтіндіктерін атап көрсетті. Бұл әлі де болса елімізде төтенше жағдайларға халықты оқыту, үйрету іс-шаралары бойынша бірыңғай әдістемелік базаның қалыптаспағандығының куәсі бола алады.

Қоғамды алдын ала қауіп-қатерлерден сақтандырудың, экологиялық сауаттылыққа үйретудің, әдіснамалық және әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етудің қол жетімді, икемді, шығынды аз талап ететін түрлерінің бірі – әлеуметтік желілердің потенциалын тиімді пайдалану. Қазіргі уақытта желілік коммуникацияның кеңінен дамуы төтенше жағдайларда азаматтық қоғамды біріктірудің бірден бір жолы болып табылады. Осыған орай, желілік қауымдастықтардың потенциалын тиімді пайдалану бүгінгі күннің талабы екендігін мойындауымыз қажет.

Техникалық және коммуникативтік желілердің жаһандануы азаматтық қоғамның жаңа формасы ретінде желілік қауымдастықтардың кеңінен дамуына мүмкіндік беруде [101]. «Желілік азаматтық қоғамның» басты мақсаты – қоғамда орын алып отырған әлеуметтік мәселелерді on-line режимінде виртуалды қарым-қатынас жасау арқылы оперативті түрде шешуге жағдай жасау. Желілік технологиялардың дамуы қоғамда адамдардың ақпарат алмасуына, бірігіп әрекет етуіне, мемлекеттік органдармен байланысқа түсуіне, ашық кеңістікті қалыптастыруға мүмкіндік берді. Бұл мемлекеттік органдармен бұқара халықтың өзара тиімді әрекет етуіне, әсіресе, төтенше жағдайларда бірлесе жұмыс жасауына нәтижелі ықпал етеді.

Американдық Қызыл Кресттің төтенше жағдайлар уақытындағы әлеуметтік желілердің ақпараттық жұмыс жүргізудегі рөліне арналған әлеуметтанулық зерттеулеріне сәйкес, сұралған респонденттердің 42%-ы ақпаратты интернет желісі арқылы, оның ішінде 6%-ы – Twitter, 14%-ы – Facebook арқылы, 12%-ы жергілікті билік сайттары, 10%-ы салалық ведомство сайттары, 7%-ы мобильді қосымшалар арқылы алғандарын көрсеткен [102]. Сонымен қатар, сұралғандардың жартысынан көбі апат кезінде маңызды ақпарат жіберетін мәтіндік хабарлама, электрондық хат немесе қосымшаларға тіркелген. Мұнда су және тамақ ресурстарының орналасқан жерлері, эвакуация маршруттары, паналау және демалу орындары, жабық жолдар туралы ақпараттар беріледі. Сұралғандардың 50%-ға жуығы өздерінің әлеуметтік-медиа аккаунттары арқылы маңызды ақпараттарды таратуға дайын екендіктерін білдірген.

Қазіргі уақытта интернет желісі қажетті желілік қауымдастықтарды тез табуға және адамдар арасында бірлескен азаматтық акциялар мен қоғамдық іс-әрекеттерді ұйымдастыруға мүмкіндік беріп, олардың өзін-өзі ұйымдастыру қызметін жүзеге асыруына жағдай жасайды [103].

Төтенше жағдайлардан халықты әлеуметтік қорғауды ұйымдастыруда, олардың алдын алу немесе әлеуметтік салдарын жою жұмыстарын жүргізуде мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара әрекеттесу жағдайларын қалыптастыру маңызды болып табылады. Осы тұрғыда мемлекет азаматтардың құқықтық статусын анықтап, төтенше жағдайлар саласында атқаратын міндеттері мен құқықтарын тұжырымдайды. Сонымен қатар, халықтың азаматтық тұрғыдан қорғалуына, қауіпсіздігіне кепілдеме береді. Ал азаматтық қоғам төтенше ахуал жағдайында адамдар арасындағы өзара көмек пен ынтымақтастық әрекетті қалыптастырып, ресурстарды жинау, бөлу және бағыттауға қатысты іс-шараларды жүзеге асырады. Екі сектордың өзара байланысы сапалылыққа және тиімділікке алып келетін басты факторлар болып саналады.

М. Вебердің әлеуметтік әрекет теориясына сәйкес, азаматтардың түрлі ситуациялардағы іс-әрекеті белгілі бір мақсатқа бағытталған саналы әрекет болып табылады. Сондықтан, адамдардың әлеуметтік әрекеттерін түсіну, ең алдымен, олардың өз істерінің мәнін анықтаумен, екіншіден, жасалатын әрекеттің себептік мотивтерін айқындаумен байланысты. М. Вебердің ойынша, әлеуметтік әрекеттер белгілі әлеуметтік өзгерістерге әкеліп, әлеуметтік ұйымдар мен әлеуметтік топтардың іс-әрекеттеріне тиімді ықпал етеді. Қазіргі өркениетті елдерде әлеуметтік әрекеттер, ең алдымен, қайырымдылық шараларға, қайырымдылық ұйымдардың өзара қарым-қатынасына, қоғамның тұрақты дамуына әсер етеді. Осыған орай адамдардың, топтардың саналы әрекеттерін қоғам үшін маңызды болып саналатын мақсаттарға бағыттау, атап айтқанда, төтенше жағдайлардан келетін қауіп-қатерлердің алдын алуға жұмылдыру қазіргі күннің талабы.

Төтенше жағдайлардың әлеуметтік салдарын жоюда қоғамдық ұйымдардың рөлі ерекше бағаланады. Әдетте, мемлекеттік деңгейде бөлінетін әлеуметтік-экономикалық қорғаудың түрлері, төтенше жағдайлардың алдын

алу мен салдарын толық жоюға бағытталған ресурстар қоғамдық ұйымдар мүмкіндіктеріне қарағанда әлсіз болып табылады. Апатты жағдайларда қолдау көрсетуді мақсат тұтатын халықаралық ұйымдармен, бірлестіктермен қарым-қатынас орнатуға, ынтымақтастықты жетілдіруге бағытталған жаһандық жағдайдағы **мемлекет аралық интеграция стратегиясын** жетілдіру еліміздегі төтенше жағдайлардың алдын алу мен салдарын жоюда жылдам нәтижелерге қол жеткізуге және зардаптардың деңгейін төмендетуге көмектеседі.

Мемлекет, бизнес, азаматтық қоғам секторларының өзара, сонымен қатар халықаралық ұйымдармен байланысы мен ынтымақтастығына сұрауға қатысқан эксперттер дұрыс жолға қойылған мәселе ретінде жағымды баға береді.

1-эксперт (Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкері). *Төтенше жағдайлар департаменті Алматы қаласының барлық бизнес орталықтарымен, жеке шаруашылық серіктестіктерімен (ЖШС) тығыз қарым-қатынас жасайды. Мысал ретінде атап айтатын болсақ, халықты құлақтандыру серенасын орнату кезінде бірінші кезекте департаментте үйлестіру жолдары жан-жақты қарастырылып, ары қарай Алматы қаласындағы әрбір мекемеге, бизнес орталықтарына біздің жасаған іс-әрекетімізді мақұлдаудың тиістілігін ескертеміз. Бұл олар үшін үкіметтік тұрғыда қабылданған бұйрық болып табылады.*

3-эксперт (эколог маман). *Қоғамдық ұйымдар мен бизнестік қауымдастықтар мемлекетке төтенше жағдайлардың алдын алуға, жазымсыз салдарларын жоюға жәрдемдеседі. Қоғамдық ұйымдардың кәсіби құзыреттілігімен байланысты мәселелерге мыналарды жатқызуға болады: халықтың едәуір бөлігін толық ақпараттандыру және оқыту, төтенше жағдайларға шұғыл түрде жауап берудің материалдық-техникалық базасын құру, зардап шеккендерге гуманитарлық көмек көрсету, т.б.*

5-эксперт (Қызыл Ай қоғамдық ұйымының маманы). *Қызыл Ай қоғамдық ұйымы мемлекетке қатысты жәрдемші рөлді орындай отырып, төтенше жағдайлар комитетімен, ұлттық гвардиямен, Қазақстан Республикасының ішкі істер әкімшілігі полициясының комитетімен өзара әрекеттеседі. Қызыл Ай қоғамы Президенті төтенше жағдайлардың алдын алу және әлеуметтік салдарын жою бойынша мемлекеттік ведомствоаралық комиссиясының мүшесі болып табылады.*

Басқа адамдарға ерікті түрде көмектесу – рухани іс-әрекеттің бір түрі. Ол көмектесетіндер үшін ғана емес, сонымен қатар қоғам үшін де өте маңызды. Еріктілердің рухани көңіл-күйі, моральдық тұрғыдан өзін-өзі сезінуі және бағалауы жоғары деңгейде болады. Осы рухани денсаулық қиындықтарды жеңуге және өмірдің мәнін толықтыруға көмектеседі. Руханилық өмір мәнімен байланысты төзімділікті білдіреді. Нақты өмірлік мақсаттарды сезіну қиын уақыттарда өте қажет және оны алға жетелейтін адамның табандылығы мен төзімділігі болып табылады.

Адамның психикалық және рухани денсаулығымен қатар, өмірдің мәнін іздеуге ұмтылуы тіршілік етудің басты қозғаушы күші болып табылады. Осы процестің дұрыс жүзеге асуы тұлғаның қабілеттер мен дағдыларды үнемі игеруін, дамытуын талап етеді.

Соңғы уақыттары елімізде көмекті қажет ететін адамдарға қайырымдылық жасап, өз қалауларымен материалдық-қаржылық, әлеуметтік-психологиялық, рухани-моральдық тұрғыдан жәрдем беретін еріктілер тобының қозғалысының жанданып келе жатқандығын байқауға болады. Әсіресе, мұндай еріктілер қозғалысының іс-әрекеті қандай да бір апатты жағдай туындағанда ерекше белсенділік танытады. Осы топтың дамуын, іс-әрекеттерін, болашағын білу мақсатында эксперттерге *«Еліміздегі еріктілер (волонтер) қозғалысының дамуы мен әрекеттерін қалай бағалайсыз? Осы қозғалысты дамыту үшін қандай шаралар жасауымыз қажет деп ойлайсыз?»* деген сауал қойылды.

3-эксперт (эколог маман). *Еріктілер төтенше жағдайларда біздің қолымызды ұзартушы күш болып табылады. Мысалы, қала парктөріндегі тазалық пен қоқыстан тазарту жұмыстарына қала студенттері көмекке келіп отырады. Жастар біздің сенімді көмекшілеріміз. Сондықтан да мұндай еріктілер қозғалысын дамытуымыз керек. Жастардың қоршаған ортаға, табиғатқа деген сүйіспеншілігі бізді қуантады. Еріктілер саны көбейген сайын олардың атқарар жұмыстарының сапасы да арта түспек. Жастарды табиғатты аялайтын бағытта тәрбиелеу осындай бастамалардан туындайды.*

4-эксперт (Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкері). *Елімізде еріктілер көптеген жағдайларда, төтенше жағдай туындағанда немесе басқа да апатты ситуацияларда өз көмектерін беріп жатады. Олар психологиялық кеңес беру, материалдық қамтамасыз ету жолдарын да жүзеге асырып отырады. Сондықтан, олардың көбейіп, дамуы үшін мемлекет тарапынан немесе жеке кәсіпкерлердің тарапынан қолдаулар болса деп ойлаймын.*

5-эксперт (Қызыл Ай қоғамдық қорының маманы). *Қазақстандағы еріктілер қозғалысы әлі нашар дамыған, өйткені адамдардың санасында еңбек төленуі керек деген ой жатталып қалған. Біз еріктілер қайтарылмайтын ерікті көмек екенін білеміз. Күнделікті өмірде халық волонтерлік белсенділік таныта қоймайды, алайда төтенше жағдайлар туындағанда халықтың үлкен бөлігінің жапа шеккендерге көмек көрсетуге өз үлестерін қосқысы келетіндерін ерекше атап өтуге болады. Адамдарды мұндай ерікті шараларға тарту үшін үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу қажет. Әсіресе жастарды қызықтыру үшін топтық флешмобтардың мәні зор. Үлкен жастағы адамдар үшін еріктілер клубын құру, еріктілер қозғалысы туралы ақпараттарды тарату маңызды. Бізде ондай шаралар БАҚ арқылы жүзеге асырылып жатыр. Алайда, бұл әлі де болса аз мөлшерде, яғни көп емес.*

6-эксперт (Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкері). *Төтенше жағдайлар болғаннан кейінгі зардаптарды халыққа түсіндірсек, халықтың жүрегіне жеткізсек еріктілер көбейеді деп ойлаймын. Себебі, адамдар апатты жағдайды көргеннен кейін, өз тарапынан басқа адамдар көмекті*

қажет ететіне көз жеткізген соң барып қимылдайды, көмек беруге әрекет жасайды. Бұл қозғалыс жалпы қазақ халқында бұрыннан орын алған, асар, садақа беру, жетімін жылатпау, т.б. сияқты дәстүрлер мен іс-шараларда көрініс тапқан. Осындай еріктілер қозғалысын дамыта түсуіміз керек, себебі, апатты жағдайда мемлекеттің тарапынан жасалатын іс-әрекеттер аздық етеді. Осы жағдайда жалпы қоғам тарапынан, жеке тұлғалар, топтар тарапынан жәрдем беру қосымша көмек болып табылар еді.

Эксперттердің көзқарастарынан көргеніміздей, еріктілер қозғалысының елімізде қалыптасып, даму жолында екендігін байқауға болады. Олардың төтенше жағдайлар туындағанда зардап шеккен азаматтарға психологиялық, материалдық тұрғыдан көмек көрсететіндігі де атап өтілді. Бірақ әлі де болса, еріктілер қатарын көбейту, халықпен осы бағытта жұмыс жасау қажеттілігі баса айтылды.

Халықты әлеуметтік қауіптерден қорғаудағы алдын алу шараларының маңыздысы ретінде еліміздің түрлі аймақтары мен облыстарында, аудандарында, жергілікті орындарда мүмкін болатын төтенше жағдайлар туралы және ең бастысы апатты жағдайлар уақытындағы іс-қимылдар, әрекет етуші қызметтер туралы ақпараттардың берілуін атап көрсетуге болады [104]. Халықтың ақпараттанудағы біліктілік деңгейін көтеру, сонымен қатар берілетін ақпараттардың ашықтығына және қолжетімділігіне сенімділігін арттыру қажет.

1-эксперт (Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкері). *Төтенше жағдайлар департаменті ішкі істер министрлігіне қарайтын болғандықтан, ақпараттардың жария етілетін немесе жария етуге тиым салынатын жағдайлары да болады. Мұның барлығы жоғарғы жақтың бұйрығы бойынша жүзеге асырылып отырады.*

2-эксперт (эколог маман). *Арнайы уақыттарда, әсіресе қыс, көктем уақыттарындағы қар көшікінік, сел немесе су тасқыны қауіпі туындаған жағдайларда 112-ден әрбір қала тұрғынына SMS хаттардың таратылуы жүзеге асырылады. Халықтың төтенше жағдайларға қатысты ақпараттарды өз уақытында алып отыруы олардың өмірін сақтап қалуға тікелей әсер етеді.*

4-эксперт (Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкері). *Төтенше жағдайлар департаменті кейбір апатты жағдайларда халықтың үрейін туғызбас үшін жағдайды жасырын түрде ұстап, ашық түрде жарияламауға тырысады.*

5-эксперт (Қызыл ай қоғамдық ұйымының маманы). *Қазақстандағы еріктілер қозғалысы әлі нашар дамыған, өйткені адамдардың санасында еңбек төленуі керек деген ой жатталып қалған. Біз еріктілер қайтарылмайтын ерікті көмек екенін білеміз. Адамдарды мұндай ерікті шараларға тарту үшін үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу қажет. Әсіресе жастарды қызықтыру үшін топтық флешмобтардың мәні зор. Үлкен жастағы адамдар үшін еріктілер клубын құру, еріктілер қозғалысы туралы ақпараттарды тарату маңызды. Бізде ондай шаралар БАҚ арқылы жүзеге асырылып жатыр. Алайда, бұл әлі де болса аз мөлшерде, яғни көп емес.*

Эксперттердің көзқарасы бойынша, төтенше жағдайлар саласындағы ақпараттардың халық үшін ашық болуы және жариялылығы толық қамтамасыз етіліп, өз уақытында берілуі дұрыс жолға қойылған. Әсіресе қазіргі уақытта СМС арқылы ақпараттандырудың тиімді болғандығын эксперт мамандар ерекше атап өтті.

Сондықтан, Қазақстандағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен ескерту, ақпараттандыру іс-шараларын атқаруда еліміздегі жауапты органдардың бұқаралық ақпараттар мүмкіндіктерін, желілік коммуникациялық технологиялардың жетістіктерін тиімді түрде қолдануға бағытталған **инновациялық ақпараттандыру стратегияларын** дамыту маңызды іс-шаралардың бірі болып табылады.

Инновациялық ақпараттандыру стратегиясының жүзеге асуына қазіргі жаһандану ғасырында интернет желісінің дамуы мен желілік қауымдастықтардың ықпалы зор, олар өз тарапынан еріктілер қозғалысының қалыптасуы мен қатарының көбеюіне әсер етті. Интернет желісіндегі жүйелік қауымдастықтардың көмегімен төтенше жағдайларда өмірдегі түрлі апатты ситуацияларды шешуге азаматтық белсенділікпен қатысуға және ақпарат алмасуға болады. Мысалы, 2015 жылы Алматы қаласында болған сел тасқыны, Қарағанды облысы Көкпекті ауылында болған су тасқыны мемлекеттегі менеджмент және ақпарат жүйесінің нашар дамығандығын көрсетіп, билік пен азаматтардың төтенше жағдайларда тиімді және өз уақытында шешім қабылдай алмағандығының куәсі болды. Сондықтан да осындай ситуацияларда әлеуметтік торлар мен блоггерлер халықты ақпараттандыруға белсене қатысып, фото суреттерді, апат болған жерлерден видеороликтерді ұсынып, зардап шеккендерге көмек көрсету мақсатында азаматтық инициативалардың ұйымдастырушысы болды. Олардың басқаруымен интернет жобалар құрылды. Жүйелік қауымдастықтардың ресурстық потенциалын төтенше жағдайлардың алдын алуда, ескертуде және салдарларын жоюда тиімді пайдалану билік пен азаматтардың өзара әрекет алаңын құруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік, азаматтық және бизнес секторларының өзара ықпалдастығын қалыптастыруға бағытталған **тең секторлық серіктестік стратегиясы** төтенше жағдайдан туындайтын апатты құбылыстардың жағымсыз салдарларын азайту, халықтың қорғансыздығын төмендетуге бағытталған шараларда олардың өзара әлеуметтік ынтымақтастығын дамытуға мүмкіндік береді. Осы салалардың өзара әріптестігін бағалау үшін эксперттерге *«Төтенше жағдайлардың алдын алу және салдарларын жою бойынша атқарылатын іс-шараларды жетілдіру үшін мемлекеттік органдар, бизнес құрылымдары және жеке азаматтар тарапынан қандай шаралар атқарылуы керек деп ойлайсыз?»* деген сұрақ ұсынылды.

1-эксперт (Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкері). *Қазіргі уақытта төтенше апаттардан келетін шығындарды азайту үшін барлық жағдайлар жасалған. Егер тиімді, жаңа жобалар, ойлар болып жатса, онда біз әкімдікке, Астанадағы төтенше жағдайлар комитетіне өзіміздің ұсынысымызды жібереміз. Осы арқылы төтенше жағдайлардың алдын алу*

мәселелерін жетілдіру жұмыстары жүргізіледі. Бизнес саласында жұмыс істеп жүрген кез келген азамат өз еркімен халықтың қамы үшін көмек көрсете алады. Төтенше жағдайлар департаментіне мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, оларды материалдық жағынан қамтамасыз ету жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, халықты оқыту, білікті кадрларды дайындау, ақпарат құралдарын төтенше жағдайларды дер кезінде жеткізіп отыруға бағыттау, медициналық көмектің апаттық жағдайларға даяр болып тұруын қамтамасыз етіп отырған жөн.

3-эксперт (эколог маман). Төтенше жағдайлардың алдын алу немесе салдарларын жою үшін мемлекет тарапынан төтенше жағдайлар департаментін жаңа техникалық, сейсмологиялық жабдықтармен қамтамасыз ету жүзеге асырылатын болса, онда туындаған төтенше жағдайлардың алдын алу әлдеқайда жеңілдер еді. Сонымен қатар табиғатты қорғау мақсатында парктерге, саябақтарға қаржылай көмек көрсетілетін болса, экологиялық орта әлдеқайда жақсара түсер еді. Мұндай игі бастамаларға отандық кәсіпкерлерді тарту арқылы туризмді дамыту жолға қойылса, онда табиғи парктердің де мәселелерін тезірек шешуге болады.

Жеке азаматтар тарапынан оқу-жаттығу жиындары мен ақпараттық тұрғыдан қамтамасыз етуге немқұрайлылық азайып, адамдар жауапкершілікті сезінсе, жағдай жақсарар еді.

5-эксперт (Қызыл Ай қоғамдық қорының маманы). Апатты жағдайлардың алдын алу үшін келесі іс-әрекеттер жүзеге асырылуы тиіс. Атап айтатын болсақ, халықты қоғамдық ұйымдармен әріптестікке максималды түрде тарту; БАҚ арқылы қоғамдық ұйымдардың іс-әрекеті туралы ақпараттар беру; еріктілермен жұмыс жүйесін жетілдіру; мемлекет пен қоғамдық ұйымдар арасындағы тиімді координацияны қалыптастыру; мемлекет тарапынан құрал-жабдықтар беріп, қаражат бөліп, көмектесіп қолдау керек деп ойлаймын.

Қазіргі уақытта табиғи ортаға антропогенді факторлардың әсерінің өсіп келе жатқандығын есепке ала отырып, халықтың экологиялық мәдениетін көтерудің қажеттілігі туындап отыр. Азаматтардың экологиялық санасындағы табиғатқа қатысты тұтынушылық көзқарасқа негізделген антропоцентризмді жеңіп, эоцентризмге бағыттау қажет [105]. Мұндай экологиялық сана табиғатты адаммен теңдей қарастыратын азаматтық және адамгершілік мазмұнмен сипатталады. Азаматтық қоғамды адамдардың табиғатқа қатысты өркениетті қатынасын қалыптастырмай дамыту мүмкін емес.

Сондықтан да, қазіргі жағдайда қауіпсіз өмірлік іс-әрекетке дайындаудың кешенді механизмін қалыптастырған жөн. Бұл механизм келесі жағдайларды:

- әр түрлі өмірлік жағдайлардағы тұлғаның дамуына қажетті білімдер мен дағдыларды игеру мен беруді;
- экологиялық дүниетанымды қалыптастыруды;
- табиғи катаклизм жағдайында жасайтын әрекеттерге үйретуді;
- қоғамдағы күрделі дағдарыстық жағдайларға қатысты адекватты әрекет ету және өзін ұстай білу қабілетін дамытуды;

- Отанды қорғауға дайындығын қалыптастыруды;
- «Билік-қоғамдық ұйымдар-бизнес» арасындағы тиімді қатынасты қалыптастыруды қамтиды [106]. Жергілікті аймақтағы мемлекеттік, мемлекеттік емес ұйымдардың, кәсіпкерлердің және тұрғылықты халықтың әлеуметтік ынтымақтастығын қалыптастыру мақсатында экологиялық сана мен мәдениетті дамытуға бағытталған ұдайы түрде жүзеге асырылып отыратын тәжірибелік іс-әрекеттердің кешенді топтамалары төтенше жағдайлардан кейінгі іс-әрекеттерді бейнелейді. Экологиялық жағдайды жақсарту, апатты жағдайлардан халықтың әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, адамдардың экологиялық сауаттылықтарын арттыру мәселелеріне арналған конференциялар мен тренингтер, ғылыми семинарлар ұйымдастыру аса маңызды. Сектораралық өзара келісімге негізделген әрекетті басшылыққа алатын мамандарды дайындау курстарын ұйымдастыру, олардың біліктілігін көтеру, төтенше жағдайлар саласында шетелдік мамандармен тәжірибе алмасу практикасын дамыту қазіргі кезеңнің басты талабы.

2.4 Төтенше жағдайлардағы халықтың әлеуметтік мінез-құлқының тиімді стратегиялары

Апаттардың алдын алу жолдарын барлық деңгейде – әрбір нақты адамнан әлемдік қоғамға дейін көтеру қажеттілігі туып отыр. Қауіп-қатер деңгейін төмендету проблемасына ұлттық әлеуметтік саясатта басымдық сипат беру қажет. Тұрақтылыққа қол жеткізу, табиғи және адам қызметінің нәтижесінде туындайтын апаттарға дайын болу, қарсы тұру мен салдарларын жоюды қамтамасыз ету мақсаттарында халық пен жергілікті мемлекеттік органдар араларындағы қарым-қатынасты қамтамасыз етудің нәтижелі механизмдерін құру өте маңызды.

Төтенше жағдайлар мен дағдарысты ситуациялар халықтың әлеуметтік-психологиялық игілігіне және денсаулығына теріс әсер етеді. Мұндай жағдайда индивидтерге, отбасына, қауымдастықтарға, ұйымдарға әсерлердің деңгейі де әртүрлі болып келеді. Апаттардың масштабы, жиілігі немесе ұзақтығы көп болған сайын халыққа да тигізетін зардабы мен шығыны үлкен болады. Туындаған мәселе бойынша қолданылатын стратегиялар бұл жағдайларда жеткілікті болып табылмауы мүмкін. Сондықтан да, қалыптасып қалған мінез-құлық стратегияларын талдай отырып, қазіргі қоғамдағы азаматтық қоғам ерекшеліктерін ескере келе, төтенше жағдайлардағы халықтың әлеуметтік мінез-құлқының келесі стратегияларын қарастыру маңызды.

1) Интеграциялық стратегия. Әлеуметтік өзін-өзі сезінудің мінез-құлықтық негізгі критерийлерге адамдардың өзі өмір сүріп отырған қоғамға интеграциялануының өзіндік стратегиясын жүзеге асыруға дайын болуын, әлеуметтік мобилділігі мен әлеуметтік және азаматтық белсенділігін бағалауын жатқызуға болады. Біз анықтағандай, әлеуметтік өзін-өзі сезіну адамның әлеуметтік көңіл-күйінің негізі болып табылады және оның іс-әрекетінің қозғаушы күші ретінде қатысады, яғни қоғамға интеграциялануындағы өзіндік

стратегияларын жүзеге асыруға дайындылығын және аталған стратегияны жүзеге асырудағы негізгі қадамдарын көрсетеді.

Сондықтан да, интеграциялық стратегия халықтың этникалық, діни, әлеуметтік, демографиялық, жыныстық ерекшеліктері арқылы төтенше жағдайларда әрекет етудің мінез-құлықтық стратегияларының бірі ретінде тиімді әрекет етеді. Бұл Қазақстанда тұратын түрлі этностардың, сонымен қатар, титулды ұлт ретінде қазақ халқының рухани-мәдени құндылықтары мен салт-дәстүрлері апатты дағдарысты жағдайларда адамдардың өзара көмек көрсетуі мен ынтымақтаса бірігіп әрекет етуінің негізін құрайды. Мысалы, қазақ халқының тарихында көмекті қажет ететін адамдарға қатысты орын алған «Асар», «Қол ұшын беру», «Жетімді жылатпау», «Үме» т.б. ұлттық құндылықтарға негізделген дәстүрлерді басшылыққа ала отырып, инициативті әлеуметтік жобалар, бағдарламалар ойластыру, іс-шаралар жүйесін белгілеу, сонымен қатар, Қазақстандағы барлық этнос өкілдерінің дәстүрлі потенциалдарын да осы мақсатқа бағыттауға болады. Қоғамның әлеуметтік құрылымындағы түрлі топтардың материалдық және рухани мүмкіндіктеріне негізделген әлеуметтік-мәдени потенциалдары өзара көмектің әрқилы альтернативалық варианттарын ойластыруға бағыттайды. Яғни, ресми әлеуметтік институттардың ұйымдастырушылық қызметтерімен қатар бейресми қарым-қатынастардың, атап айтқанда туысқандар, көршілер, ерікті топтардың (волонтерлік) т.б. азаматтық позицияларын белсенді ету заманауи тенденцияға жатады. Азаматтық белсенділіктің жоғарылығы қоғамның дамығандығының көрінісі болып табылады. Біздің ойымызша, қоғамның интеграциялық потенциалының күшеюі азаматтық қоғамның қарқынды дамуының белгісі болып табылады. Қазақстан халықтары Ассамблеясы түрлі этнос өкілдерінің өз тарихи отандарымен байланысын нығайту арқылы әрбір халықтың өз қандастарына мемлекет аралық деңгейдегі өзара көмегін, сонымен қатар басқа мемлекеттердегі диаспоралардың да осы сияқты қолдау көрсету практикасын қалыптастыра алады. Осыған орай түрлі этностардың мемлекет аралық деңгейде өз қандастарына төтенше апатты ситуацияларда көмек көрсетуін қамтамасыз ете алатындай арнайы қорлар құруын, кәсіби көмек көрсету практикасын жандандыру керек.

Инициативті әлеуметтік бағдарламалар ретінде жыл сайын апат орын алып отыратын аймақтардағы жоғары оқу орындары мен мектептерде, бала бақшаларда табиғатты қорғауға байланысты мерекелік флеш мобтар ұйымдастыру, табиғатты қорғау саласының мамандарын шақырып түрлі театрландырылған көріністер дайындау, волонтерлікті насихаттау және осы мақсатқа арнап түрлі сыйақы түрлерін құжаттық түрде қалыптастыру қажет.

2) **Адаптациялық стратегия.** Қазіргі экологиялық дағдарыс уақытында адамдардың өз өміріне, қоршаған ортасына өзіндік жауапкершілігінің артуын, жалпы қоғамның тұрақты дамуына кепіл болатын өркениеттік сананың қалыптасуын бейнелейді. Т.Л. Крюкова айтуы бойынша адаптациялық мінез-құлық тұлғаның дағдарысты ситуациялардағы белсенді әрекеті жағдайды өзгертуге, оған қабілеттенуге бағытталады [107]. Адамның төтенше

жағдайларға бейімделуі жалпы адам организмінің барлық деңгейінде динамикалық трансформациялардың болуымен сипатталады. Яғни, адамның бейімделуі болып жатқан ситуацияларға сәйкес жаңа мінез-құлық стереотиптерін қалыптастырудан көрінеді.

Адамдардың төтенше жағдайларға бейімделуіндегі маңызды процесс ретінде копингтік мінез-құлықты айтуға болады. Ол адамдардың ситуациямен белсенді өзара әрекет етуіне бағытталады және жағдайды өзгертуге немесе жағдайға бейімделуге әкеледі. Копинг-стратегиялар адамдар өміріне және игілігіне қауіп төніп тұрған жағдайда саналы және мақсатты түрде әрекет етуін білдіреді. Адамдардың төтенше жағдайлар кезіндегі бейімделуші копинг-стратегиясына «әдеуметтік байланысқа түсу», «әлеуметтік ынтымақтастықты дамыту», «әлеуметтік қолдау іздеу» [108] және т.б. жатады, олар өз кезегінде олардың қиын жағдайды шешуіне, әлеуметтік ортадан қандай да бір қолдау алуына бағытталады. Копинг стратегиялар бейімделудің тез және тиімді жүруіне әсер етіп қанай қоймай, адамдардың денсаулығын сақтауына да әсер етеді.

Сонымен қатар, бейімделу критерийлеріне адамның әлеуметтік өзін-өзі сезінуі; оның іс-әрекетінің тиімділігі; оның ішкі тұлғалық потенциалын жүзеге асыру деңгейі; ортамен қатынас сипаты жатады. Адамның әлеуметтік өзін-өзі сезінуі әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің динамикалы көрсеткіші бола отырып, адамның әлеуметтік мәртебесі, беделі, табысты болуы т.б. сияқты факторлармен анықталатын өзінің әлеуметтік мәртебесіне қанағаттанушылық деңгейін бейнелейді [109].

Т. Шибутани көрсеткендей, әрбір тұлға қиындықтарды жеңуге мүмкіндік беретін тәсілдер комбинациясымен сипатталады және бұл тәсілдер бейімделудің формасы ретінде қарастырылуы мүмкін. Организмнің ерекше ситуациялар талаптарына икемделуін сипаттайтын «икемделу» түсінігіне қарағанда, бейімделу тұрақты шешімге жатады, яғни, типтік сипаттағы мәселелерді шешуді жақсы ұйымдастыру амалына қарағанда, икемделуді рет-ретімен орындау жолымен сипатталатын тәсілді білдіреді [110].

Адамдардың төтенше оқиғаларға бейімделуінде отбасы, отбасылық бірлік пен интеграция маңызды болып саналады. Олардың қорғау жүйесін қалыптастыруға оның басқа адамдармен, әлеуметтік институттармен, материалдық және рухани мәдениет өнімдерімен өзара әрекеті маңызды рөл атқарады. Оған психологиялық, әлеуметтік, медициналық, ақпараттық, заңдық көмек түрлерін алу тәжірибесін жинақтаумен қатар, бейімделу процесін жүзеге асырудың нақты «құралдарымен» қамтамасыз ету кіреді.

Әрбір экологиялық немесе техногендік апат күнделікті өмірдің салты мен ырғағын бұзып қана қоймай, жаңа «ойын ережелерін» жұмылдыру мен оңалтуға бастама болады. Әрбір апат өздігінше қайталанбас сипатқа ие болады. Алайда, төтенше жағдайлардың барлығына ортақ ерекшеліктер, бұл олардың жағымсыз салдарларын жою шаралары, сонымен қатар жеке тұлғалар мен топтарды әлеуметтік-психологиялық оңалтудың, қайтадан қалпына келтірудің бірқатар ұқсас тұстары бар, ал кейбір жағдайларда тіпті осындай

оңалтудың жалпы алгоритмі мен әлеуметтік технологиялары бірдей болып келеді.

Мысалы, Жапон қоғамы сан ғасырлар бойы жер сілкінісі мен цунамидың салдарына ұдайы ұшырап отыратын болғандықтан, апатты жағдайлардағы мәдени мінез-құлықтың белгілі бір ережелерін қалыптастырды. Бұл, қиын жағдайларда қорықпау, шыдамдылық көрсету, өзара қолдау көрсету, психологиялық қорқыныштарды жеңу, үрейге бой алдырмау сияқты адамдық қабілеттерді дамыту мен қалыптастыру маңызды екендігі айқын. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, «оқыту, үйрету нәтижесі» жүйесі тұтастай алғанда апатты жағдайларға, оның салдарларына зардап шеккен ел халқын бейімдеу болып табылады. Апат салдары «сырттай», яғни әлемдік сарапшылар арқылы және «іштей», тікелей құрбандар мен еріктілер, құтқару мен оңалту шараларының қатысушылары арқылы бағаланады.

Төтенше және дағдарысты жағдайда әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету адамзаттық ынтымақтастық, әділеттілік, психикалық денсаулық саласындағы қызметтердің қолжетімділігі, адресілік, кәсіби этиканы сақтау, сапалық көмек көрсетудің толық қамтылуын қамтамасыз етуге негізделеді. Апатты және дағдарыстық жағдайларда адамдарға әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсетудің негізгі мақсаты – зақым тигізетін оқиғаларды жеңу, басынан өткерген күйзелісті жағдайды жеңілдету, копинг-стратегиялардың тиімділігін жоғарылату мен олардың тұрақты болуын жақсарту. Бұл зардап шегуші халыққа кез келген теріс әсерді жұмсартуға және болдырмауға жағымды әсер етеді. Төтенше жағдайлардан қорғау және жеңілдетуші іс-шаралар келесідей формада қалыптасуы мүмкін:


1. Төтенше және дағдарыс жағдайынан зардап шегуші адамдардың барлығына жарақаттық күйзелістерін жеңуге көмек көрсету;
2. Зардап шеккен адамдарға кәсіби қызметтің қолжетімді болуын қамтамасыз ету;
3. Апатты жағдайлардағы адамдарға қолдау көрсету мақсатында жасақталған қауымдастық жетекшілеріне кеңес беру қызметтерін ұсыну;
4. Қиын жағдайларға тап болған халыққа төтенше жағдайлардың әр түрлі кезеңдерінде өздерінің жан сақтау стратегияларын жақсартуға көмектесу;
5. Апаттардың зақымдаушы салдарын, атап айтқанда, халықтың әлеуметтік-психологиялық ахуалына теріс әсерлерін азайту.

3) Интервенциялық стратегия. Төтенше жағдай уақытында адамдар қорқыныш, үрейлену, өмір сүруге деген мотивациясын жоғалту, дағдарысты күйзеліс және тағы да басқа сезімдерді басынан өткеруі мүмкін. Олар шектен тыс белсенді немесе адекватты емес мінез-құлықты көрсететін немқұрайлықпен сипатталады. Бұл олардың әлеуметтік-психологиялық жағдайын нашарлатып ғана қоймай, сонымен қатар, өмір сүру мен бқдан ары қайта қалпына келуге қажетті негізгі талаптардың орындалмауына әкелуі мүмкін. Адамдар мен топтарға әсер етудің теріс салдарларды жеңудің тиімділігін арттыру үшін олардың қарсы тұруы мен потенциалын арттыруға жан-жақты араласу маңызды [111].

Төтенше жағдайлар алдын алуда немесе төтенше жағдайлардан туындайтын күйзелістер мен дағдарыстарды басынан кешіріп отырған адамдарға қолдау көрсету мақсатында жеке тұлғалардың, кәсіби мамандардың мәселелерді шешуге араласуы қызметтерді ұйымдастыруда тиімді әрекет етеді.

Әлеуметтік ғылымда Джеймс пен Джиллилэнд дағдарыстық интервенцияның тепе-теңдік (Каплан, 1965), когнитивті (Робертс, 1995), психоәлеуметтік сияқты үш түрлі модельдерін бөліп көрсетеді. Тепе-теңдік моделі өмірдегі қиындықтардың әсерімен психоәлеуметтік тепе-теңдікті жоғалтқан адамдарды тұрақты күйге қайтаруға; когнитивті модель адамдардың дағдарысқа әкеліп отырған оқиға туралы жалған түсініктерінің мәселе туғызатындығы туралы; психоәлеуметтік модель Эриксонның жеке адамның даму процесінде орын алатын даму дағдарыстары туралы концепциясымен байланыса отырып, күрделі әлеуметтік және психологиялық өзгерістердің адам дамуының ажырамас бөлігі туралы пікірлеріне негізделеді [112].

Дағдарыстық ситуацияға түскен адамдарға кәсіби көмек көрсету бірқатар кезеңдерді қамтуы тиіс. Осыған байланысты Джеймс пен Джиллилэндтің 6 қадамдық дағдарыстық интервенция моделін (Сурет 13) басшылыққа ала отырып, интервенцияның негізгі кезеңдерін көрсетуге болады. Жалпы алып қарағанда интервенция стратегиясы апатты жағдайды басынан өткеріп отырған адамға психологиялық көмек көрсетуден басталып, ситуацияны әлеуметтік тұрғыдан бағалау және туындаған мәселелерді шешудің кешенді іс-әрекеттер жүйесін белгілеумен аяқталуы тиіс. Мамандандырылған көмек ең алдымен, қиындыққа тап болған адаммен өзара түсінісуге, оның өмірлік ситуациясын дұрыс бағалауға және оның өзіндік ресурстарын толық пайдалануға бағытталуы қажет.



Сурет 13 - Джеймс пен Джиллилэнд бойынша дағдарыстық интервенция моделі [111]

Іс-шараларды жүзеге асыру тек қана зардап шеккен адамдардың түрлі топтарына ғана байланысты емес, сондай-ақ төтенше жағдайдың әрбір фазасына да қатысты. Интервенцияның іске асу уақытына байланысты келесі түрлері болады: *төтенше жағдайға дейінгі*, *төтенше жағдай кезіндегі* және *төтенше жағдай аяқталғаннан кейінгі* кезең. Төтенше жағдайлардағы интервенция стратегиясы апаттардың күрделілігіне байланысты әр түрлі

формаларда іске асады. Мысалы, әскери іс-қимылдар немесе терактілер, болмаса кейбір табиғи апаттар (мысалы, жанартаудың атқылауы) секілді бірқатар жағдайларда мүмкін болатын сценарийді алдын ала болжап, төтенше жағдайларға қатысты алдын ала шаралар қолдануға болады. Бірақ кейбір төтенше жағдайларды алдын ала болжау қиын. Сондықтан, төтенше жағдайлармен күрес жүргізу әдістері болжанып отырған қиратулар басталмастан бұрын барлық мүмкін ықпалдарды ескере отырып, құрастырылып және ойластырылып қойылуы тиіс.

Аталған интервенцияны іске асыру келесі кезеңдерге байланысты әр түрлі формада жүзеге асырылады. Атап айтатын болсақ:

1. Төтенше жағдайдың басталуына дейінгі фаза немесе күту фазасы.
2. Төтенше жағдайлардың басталып, қарбаласу кезеңі.
3. Төтенше жағдайдың белсенді фазасынан кейінгі қалпына келтіру кезеңі.
4. Төтенше жағдайдан кейінгі фаза.

Егер де апат мүлде күтпеген жерден болатын болса, онда тек соңғы үш фаза ғана орын алады. Жоғарыда аталған стратегиялардың төтенше жағдайлар фазаларында алатын орны туралы егжей-тегжейлі ақпарат төменде қарастырылады.

I. Төтенше және күйзелістік жағдайларға дейінгі интервенция

Бұл кезеңдегі негізгі мақсат негативті ықпалдарды азайту үшін болжанып отырған күйзелісті жағдайға немесе табиғи апатқа жауапты жергілікті немесе қауымдық топтарды, қауымдастықтарды құру болып табылады. Ықпал етудің басты стратегиялық шаралары потенциалды бағалау, дайындау және дамудан тұрады. Осы кезеңде атқаруға тиісті іс-шаралар түрлері:

- қажеттіліктер мен ресурстарды жедел бағалау. Күйзелісті күту фазасында экспресс-бағалау төтенше жағдайдың дамуын алдын ала болжау, қолдағы ресурстар мен қажеттіліктерді талдауға негізделеді. Мұндай бағалау тек мүмкін болатын сценарийді ғана емес, сонымен қоса, даярлық іс-әрекеттер бойынша ұсыныстарды қамтиды. Дайындықтың күшейтілген түрлері аймақтар мен облыстар үшін күтпеген жағдайлардағы іс-әрекеттердің кешенді жоспарын дайындаумен тікелей байланысты. Өткен жағдайлардан алынған сабақтар болашақ жұмыстар үшін тәжірибе ретінде қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар, кеңесшілерді ұйымдастыру мен уақытша орналастыру, жергілікті тұрғындарды көшіру, эвакуациялау жоспары секілді іс-шаралар енгізілуі тиіс;

- үйлестіру механизмдері әр түрлі мүдделі жақтардың арасын жалғастыру қызметін атқаруы тиіс. Жалпы үйлестікке (координацияға) жауап беретін басқарушысы бар жедел топты құру маңызды болып саналады. Әдетте, жедел топтар жергілікті билік пен халықтың келісімі негізінде жасақталады. Әдетте мұндай топтар төтенше жағдайларда жұмыс істеп көрген кәсіби мамандардан тұрады. Қазақстанда үйлестіруші топты төтенше жағдайлар комитеті тағайындайды.

Төтенше жағдайларды дайындық жаттығулары кезінде ойнап көрсету (симуляция) мүдделі жақтардың жұмысының маңызды компоненті болып табылады. Ресурстардың шектеулі болуы жағдайында ең негізгі тренингтер кабинеттік формада өткізілуі мүмкін;

- ерікті көмекшілер жергілікті тұрғындардың арасынан таңдалады. Қайта дайындалған көмекшілер желісі бүкіл төтенше жағдай барысында бақылауға алынып, өз қызметтерін атқарып тұрады;

- қоғам көшбасшылары, бас мамандар, орта буынды менеджерлер мен жетекшілер (медицина қызметкерлері, полиция, қауіпсіздік, апаттық құтқару қызметтері, адам ресурстары бойынша менеджерлер және басқа да желілік басшылар) күйзелісті басқару, алғашқы психологиялық көмек, табиғи апаттарға дайындық және т.б. секілді күйзеліспен байланысты әр түрлі проблемалармен жұмыс жүргізеді. Осылайша, олар адамдардың зардап шеккен топтарын басқару және оларға қолдау көрсету арқылы өздерінің потенциалдарын ұштайды.

Жергілікті халықты ақпараттандыру үндеухаттар, буклеттер және әлеуметтік каналдарды пайдалану арқылы жүргізіледі. Оқу-жаттығу материалдары күйзеліс сипаттарының анықталуы, күйзелістің алдын алу және жеңілдету бойынша ұсыныстар, копинг-стратегиялар, жақын адамдардың, ұжымдастардың көмегі және т.б. жайлы ақпаратты қамтуы тиіс.

II. Апаттық және күйзелістік жағдайлардағы интервенция

Төтенше және күйзелістік жағдайлар кезінде бірқатар мүмкін сценарийлер орындалуы мүмкін. Табиғи апаттар алдын ала болжанған немесе күтілмеген болуы мүмкін, ал кейбір жағдайларда болжалдығы өте жоғары төтенше жағдайлар күтпеген сценарий бойынша өрбіп кетуі әбден ықтимал. Бұл кезеңдегі араласулар ресурстардың мобилизациясын, бағалауды, менеджерлердің техникалық кеңесін, кәсіби қызмет көрсетулер, қамсыздандыру, сондай-ақ психологиялық қолдауды көрсетуден тұрады. Мұндай араласулардың егжей-тегжейлі сипатталуы төменде көрсетілген.

Ресурстардың мобилизациясы.

Егер де күйзелістік оқиға алдын ала болжанып, қажетті әзірлік алдын ала жасалып қойса, онда төтенше жағдай кезіндегі араласулар бұрыннан белгілі негіздерге толығымен сүйенеді. Алайда, апат кенеттен пайда болса, араласу жоспарын мүмкіндігінше тезірек дамыту қажет. Мұндай жағдайларда өзге аймақтарда осыған ұқсас төтенше жұмыс тәжірибесі ағымдағы проблеманы шешу үшін үлгі ретінде пайдаланылуы мүмкін. Осылайша, ресурстарды жұмылдыруға байланысты барлық іс-шараларды келесі түрлерге бөлуге болады:

Күтілген жағдай орын алған уақытта төтенше жоспарды іске қосу. Егер қажет болса, төтенше жағдайлардағы іс-шаралар жоспары жасалып, содан кейін ғана қолданысқа айналдырылуы мүмкін. Институционалдық деңгейде жоспарды іске қосу өндіріс сабақтастығын қамтамасыз ету үшін ең маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Араласу жоспары. Төтенше жағдай кенеттен туындап, ойластырылған жоспар жоқ болса, құтқару қызметтеріне кешенді араласу жоспарын жаңадан әзірлеу қажет.

Кеңесшілерді жұмылдыру. Халықаралық тәжірибеге сәйкес, кез келген төтенше немесе дағдарыс жағдайында кеңес беру мен ситуацияны кешенді тұрғыдан бағалаудың мәні зор.

Реттестіру. Жергілікті кеңесшілер мен төтенше жағдайлар бойынша шетелдік сарапшылардың келу мүмкіндігін арттыру реттестіру қызметін ұдайы талап етіп отырады. Мемлекеттік және немесе аймақтық деңгейде ортақ бір реттеуші тағайындалатындай жалпы саяси реттестіру ұсынылады. Бұл реттестіруді жедел топ басшысының біреуі жүзеге асыруы мүмкін.

Төтенше жағдайлар кезінде әр түрлі халықаралық ұйымдар, бизнес компаниялары, сондай-ақ корпоративтік ұйымдар зардап шеккен аудандарда өздерінің кәсіби кадрлары арқылы көмектерін ұсынады.

Барлық кәсіби ресурстарды пайдалану арқылы реттестіру тетіктерін құру маңызды. Реттестіру тетіктері зардап шеккен ауданда кеңесшілердің тұрақты кездесулерін қамтамасыз етеді. Басқа шешім қабылдайтын топтармен (қоғам қайраткерлері, құтқару қызметтері, жергілікті басшылар, халықаралық және ұлттық ұйымдар, қауіпсіздік қызметкерлері және т.б.) бірге жергілікті реттеушінің қатысқаны абзал. Сондай-ақ реттестіру электрондық пошта, телефон қоңыраулары, Skype, тікелей кездесулер, т.б. арқылы жүзеге асырылады.

Техникалық реттестіруге өзара байланысты мынадай бірнеше іс-шаралар кіреді, атап айтсақ, тұрғылықты халықтың жалпы саны, зардап шеккендер, қолда бар ресурстар, психоәлеуметтік қажеттіліктер статистикасы, үкімет есептері, жоспарланған араласуды реттестіру, прогреске жәрдемдесу шаралары, сондай-ақ басқа да жағдайлар туралы ақпараттар.

Реттестіру жергілікті биліктің, төтенше қызметтердің, халықаралық, сонымен қатар, үкіметтік емес ұйымдардың, әр түрлі мүдделі тараптардың өзара байланысы арқылы іс-шаралар тиімділігін арттыруды көздейді. Бұл осы саладағы белсенді мекемелер арасындағы айырмашылықтарға қарамастан, реттестірудің көмегімен зардап шеккен халыққа қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Ынтымақтастық (серіктестік) – зардап шеккен аймақтарға көмек көрсету барысында түрлі ұйымдар арасындағы өзара бірігіп қолдау көрсетуге негізделген, топтық өзара әріптестікке бағытталған әрекеттер жүйесі. Серіктестер іс-шараларды жүзеге асыруды реттестірудің талабы бойынша ынтымақтастық қағидаларын құрметтеуі тиіс. Ынтымақтастық белгілі бір нәтижелерге қол жеткізу үшін нақты іс-шараларды жүзеге асыруға бағытталған, міндеттері ортақ бірлескен өзара келісім әрекеттері болып табылады. Түрлі қауымдастықтар тобымен жұмыс істеген уақытта серіктестіктегі түрлі қатысушылар ортақ нәтижеге қол жеткізу үшін бірігеді.

Қауымдастық мүшелері арасынан көмекшілер желісін іске қосу немесе жасау. Әлеуметтік көмекшілерді жұмылдыру жалпы ресурстарды тиімді

пайдаланудың маңызды бөлігі болып табылады. Таңдалған көмекшілер төтенше жағдайға дейін оқытылып үлгермеген болса, еріктілер тобы мүмкіндігінше қысқа мерзімді семинарлар өткізу арқылы дайындауды жүзеге асырады.

Зардап шеккен халыққа білім беру. Қоғамдық білім беру барлық зардап шеккен тұлғалар үшін әр түрлі оқу материалдарын (брошюралар, парақшалар, буклеттер және т.б.) тарату, сондай-ақ билік пен халықтың, кәсіби мамандардың қатысуымен үлкен топтық кездесулерін ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

Кәсіби көмек көрсету. Кәсіби көмек көрсетуге төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккендерге алғашқы жедел медициналық, әлеуметтік-психологиялық, материалдық-қаржылық көмек, жеке және топтық кеңес берулер, психологиялық сұхбат, медициналық мекемелерге жолдама беру кіреді.

Зардап шеккендерді іріктеп алу. Іріктеудің негізгі мақсаты жапа шеккен тұрғындардың қиыншылыққа ұшырау деңгейін анықтау арқылы жасалынатын іс-шараларды топтастырумен байланысты. Әдетте іріктеудің басым бөлігі травма алған науқастардың ауырлық жағдайына сәйкес медициналық қызмет көрсету мақсатында жүзеге асырылады. «Үздіксіз кешенді іріктеулер» жаппай дағдарыстық ситуациялардың халық денсаулығына психоәлеуметтік әсерін анықтау кезінде пайдаланылады.

Барлық аман қалғандар әдетте мынадай топтарға бөлінеді:

1. Бірінші кезектегі құрбандар – ұзақтығы мен қарқындылығы тұрғысынан ең көп күйзеліске ұшыраған адамдар.

2. Екінші деңгейдегі құрбандар – апатқа ұшыраған адамдардың туыстары мен достары.

3. Үшінші деңгейдегі құрбандар – өздерінің кәсіби іс-шаралары арқылы қоғамға қолдау көрсететін шұғыл қызметтердің өкілдері.

4. Құрбандардың төртінші деңгейі – зардап шеккендерге көмек көрсету мақсатында апатқа ұшырағандардың проблемаларын шешуге қатысатын қоғам мүшелері.

5. Бесінші деңгейге жанама төтенше жағдайлар әсерінен зардап шеккендер кіреді.

III. Қалпына келтіру кезеңі барысындағы интервенция

Төтенше жағдайдың өткір кезеңінен дағдарыстан кейінгі кезеңіне өту көп жағдайда айқын емес болады. Әдетте бұл кезеңге өту біртіндеп жүзеге асады. Дағдарыстан кейінгі кезеңнің негізгі көрсеткіштері әдетте қосымша жарақаттаушы оқиғалардың жоқтығы және қалыптағы өмірге біртіндеп қайта келудің басталуымен байланысты болады. Тұрғылықты жерге қайта оралу, өзгерген орта, физикалық ауытқушылықтар, бұрынғы әлеуметтік желілердің бұзылуы қосымша қиындықтар туындатуы мүмкін. Мұндай жағдайда бұқаралық психоәлеуметтік ықпал ету құлазу мен қайғыдан қайта қалпына келуге көмегін тигізеді.

Төтенше жағдайлар өз шегіне жетіп, қайтадан төмендеген кезеңдегі негізгі іс-шараларға кәсіби қызметтерді көрсету, олардың потенциалын арттыру, ресурстарды үйлестіру және басқару, қауымдастық көшбасшыларына арналған техникалық кеңес беру мен өткен кезеңге баға беру жатады.

Сапалы кәсіби қызмет көрсету төмендегілерді қамтиды:

1) Кеңес беру. Зардап шеккендерге үздіксіз түрде кеңес беру қажет. Кейбір жағдайларда зардап шегушілерге ұдайы қызмет көрсету қажеттілігі туындайды. Басқа жағдайларда бұрын кеңес алған тұлғаларға кеңес беру процедураларын жалғастыру мүмкіндігі болады. Күйзеліске деген реакциясы бар тұлғалар ерекше назар аударуды талап етеді.

2) Халықтың аз қамтылған топтарына назар аудару. Қызметтердің қолжетімділігіне халықтың барлық топтарына кепіл берілуі тиіс, оның ішінде бірінші кезекте аз қамтылған топтарға ерекше назар аударылуы қажет.

3) Зардап шеккен адамдарға қолдау көрсету. Зардап шеккен адамдардың кейбіреулері созылмалы стрестік реакцияларға бейім болғандықтан, оларға тек кеңес берушілердің көмегі ғана емес, сонымен қатар, қоғамдық көмекшілер мен еріктілердің тарапынан да психологиялық қолдау қажет болуы мүмкін.

Ресурстарды үйлестіру, демобилизациялау және басқару:

- іс-әрекеттің соңғы кезеңінде ресурстарды қайта бөліске салу. Бұл кезеңдегі ықпал ету зардап шеккен халықтың әлеуметтік жағдайын, материалдық қажеттіліктерін, денсаулық жағдайын нығайту сияқты қажеттіліктерді шешуге бағыттаған;

- алынған тәжірибемен бөлісу. Төтенше жағдайлардан алынған сабақтар, тәжірибелер *жедел жасақтың* көмегімен, барлық қатысқан ұйымдардың (оның ішінде халықаралық ұйымдар, ҮЕҰ, кәсіби бірлестіктер) қабылдаған ортақ шешімдерімен, олардың кеңестерінен кейін тұжырымдалады. Бұл құжат төтенше жағдайлар туралы ақпараттарды таратудың және адамдардың төзімділігі мен шыдамдылығын нығайтудың аса қажетті құралы болып табылады.

IV. Төтенше жағдайлардан кейінгі соңғы іс-шаралар

Дағдарыстан кейінгі кезеңде араласу міндетті емес болып табылады және көптеген жағдайларда орындалмайды. Әдетте, осы кезеңдегі қызмет төтенше жағдай аяқталған болып саналғанда өткізіледі. Бұл уақыт халықтың зардап шеккен бөлігінің өзінің негізгі функцияларын қайта қалпына келтіріп алуымен байланысты. Кейінгі іс-шаралар, әдетте, қайта қалпына келтіру кезеңі аяқталғаннан кейінгі алғашқы екі жыл бойы жүргізіледі.

Осы кезең келесі негізгі іс-әрекеттерді құрауы қажет:

• Бағалау. Экспресс-бағалау, әдетте, бақылау арқылы жүргізіледі, қолда бар құжаттамалармен танысу, қысқаша шолулар, шешімдер қабылдайтын және консультанттардан ақпарат алатын тұлғалармен кездесулер. Бағалаудың негізгі мақсаты – қауымдастықтың физикалық және психологиялық амандығын қалпына келтіру дәрежесін анықтаумен қатар, жапа шеккендердің әрі қарай өмір сүруіне даярлығымен байланысты.

- Техникалық кеңестер. Бағалау нәтижесінде алынған дәлелдер негізінде мемлекеттік лауазымды тұлғалармен және қоғамдық көшбасшылардың ұсынысымен халықтың нысаналы топтарының әл-ауқатын жақсарту көрсетіледі.

- Серіктестер потенциалының өсуі. Кейбір жағдайларда жеке мамандарға (медициналық персонал, қауіпсіздік қызметінің қызметкерлері басшылар, қауымдастықтар өкілдері) салауаттылық мәселелері бойынша тренингтер мен консультациялар қажет болады. Сондықтан оқуға қажеттілікті анықтап, семинарлар өткізуге байланысты қолда бар мүмкіндіктерді нақтылап алу маңызды.

Төтенше жағдайлардан келетін адам шығыны мен материалдық шығындарды азайту, халықтың дұрыс әрекет етуін қамтамасыз ету үшін халықтың төтенше жағдайлардың алдын алу мен салдарын жою туралы толыққанды білімін қалыптастыру маңызды. Төтенше жағдайды басынан өткерген халықтың әлеуметтік реабилитация деңгейі бір жағынан, мемлекеттік саясаттың тиімді іс-шарасымен, екінші жағынан, халықтың қала, отбасы және жеке тұлға деңгейінде өзін-өзі қорғай алу қабілеттері және дағдыларымен анықталады. Қазақстанда тұратын этностардың дәстүрлі мәдениетке негізделген ұжымдық санасының позитивті потенциалын пайдалану тиімді болып табылады. Бұл ең алдымен, жақын адамдардың материалдық және рухани қолдауы оларды белгілі бір қауымдастыққа топтастырады, олардың өзара қарым-қатынасы шынайы, эмоционалды сипатқа ие болуына мүмкіндік береді. Дәстүрдің гуманистік потенциалын нарықтық жағдайларға қарамастан сақтау қажет. Ұлттық-этникалық ерекшеліктерін есепке ала отырып, мәдени дәстүрді сақтау саясатын жүзеге асыру қазақстандық қоғамның негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Сонымен қатар, еріктілер қозғалысын дамыту бойынша белсенді жұмыс атқару қоғамның азаматтық белсенділігінің мобилизациялануына әсер етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі уақытта қоғамдағы модернизациялық үрдістер бұрыннан қалыптасқан түсініктер мен тұжырымдарға жаңаша өзгерістер ендіруде. Ғылымда антропологиялық тенденциялардың күшеюі болып жатқан өзгерістерге адамдық тұрғыдан баға беруді талап етуде. Өркениеттің адамға, оның қажеттіліктері мен қызығушылықтарына, талап-тілектеріне ерекше мән беруі жеке адамдардың көңіл-күйлерінің қоғам дамуын бағалаудағы рөлінің артып келе жатқандығын көрсетеді. Әлеуметтік көңіл-күйді социологиялық бағалау индикаторы тұрғысынан қарастыру адамды потенциал ретінде сипаттауға бағыттайды.

Халықтың әртүрлі топтарының көңіл-күйлерін, күтілімдері мен сезімдерін бағалау мен олардың өзгерістерін бақылауды әлеуметтанулық зерттеулер арқылы жүзеге асыру оның қазіргі қоғам үшін маңыздылығын көрсетеді. Қоғам дамыған сайын жеке адамның, түрлі әлеуметтік топтардың әлеуметтік өзін-өзі сезінуі социумның әлеуметтік игіліктілік деңгейін көрсетуге мүмкіндік беретін маңызды өлшем құралына айналуға.

Әлеуметтік өзін-өзі сезіну әлеуметтанулық феномен ретінде социумдағы индивидтердің, топтардың және жеке адамдардың көңіл-күйін, қызығушылықтарын, әлеуметтік жағдайын сипаттап, халықтың әртүрлі топтарының күтілімдері мен сезімдерін бағалауға және олардың өзгерісін бақылауға жағдай жасайды. Сонымен қатар, әлеуметтік ортадағы түрлі факторлар мен жағдайлардың, тұрақты түрде қайталанып отыратын немесе кездейсоқ болатын ситуациялардың әсерімен жеке адамның немесе топтардың әлеуметтік-психологиялық көңіл-күйінің айқын түрде көрінетін немесе тікелей байқалуы мүмкін болмайтын қырларын субъективті тұрғыдан бағалауға ықпал етеді.

Ұзақ уақыт бойғы даму негізінде тұрақты түрде орын алатын процестер мен құбылыстар әлеуметтік дамудың бағытын айқындап қалыпты жағдай ретінде қалыптасады. Қауіпті апаттардың әсерінен табиғи, өндірістік-техногенді және әлеуметтік-экономикалық процестердің қалыпты күйінен айтарлықтай ауытқуы негативті жағдайды туындатып, төтенше ситуацияларға алып келеді.

Жаһандық деңгейде орын алып отырған түрлі сипаттағы төтенше ситуациялар Қазақстан қоғамының әлемдік апаттардан тәжірибе алып, өз кезегінде қоғамның әлеуметтік қауіпсіздігін сақтауға бағытталған мемлекеттік деңгейдегі стратегияларын қалыптастыруын талап етеді. Осыны ескере отырып, қоғамның басшылыққа алуға тиісті стратегиялары ретінде Қазақстан үкіметінің инновациялық ақпараттандыру; тең секторлық серіктестік; мемлекет аралық интеграция стратегияларын тұрақты түрде дамыту қажет деп есептейміз.

Дамыған мемлекеттерде қоғамның игіліктілік деңгейін бағалауда, ресми деректер, статистикалық мәліметтер арқылы көрінетін объективті индикаторлармен салыстырғанда, субъективті индикаторлар зор мәнге ие

болуда. Әлеуметтану ғылымында әлеуметтік өзін-өзі сезінуді халықтың төтенше жағдайлар кезіндегі әлеуметтік көңіл-күйін айқындауға, үкіметке, оның әлеуметтік институттарына, ертеңгі күнге қатысты сенімділікті бағалауға мүмкіндік беретін ғылыми категория ретінде қарай отырып, эмпирикалық зерттеулер жүргізуде субъективті индикатор сапасында қолданады. Жеке адамдар мен топтардың болашаққа қатысты әлеуметтік оптимизм деңгейі; әлеуметтік-психологиялық өзін-өзі идентификациялау; жалпы физикалық сезінуі; эмоционалды күйі қоғамдағы өзгерістер жағдайында социумға әлеуметтік бейімделудің субъективті критерийлерін, ал табысқа қанағаттану, ақша жинау мүмкіндігі, материалдық жағдай объективті критерийлерді сипаттап, әлеуметтік-өзін өзі сезінуді өлшеуде қолданылады.

Эмпирикалық зерттеулер жүргізу барысында әлеуметтік өзін-өзі сезінуді төтенше жағдайлар орын алған аймақтардағы халықтың көңіл-күйінің әлеуметтік-психологиялық, рухани-моралдық, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық аспектілерін кешенді сипаттайтын, оларды әлеуметтанулық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік беретін, көрсеткіштерге негізделген субъективті өлшем ретінде қолдану қазіргі уақытта өзінің маңыздылығын көрсетіп отыр.

Апат орын алған аймақтардағы халықтың көңіл күйін тұрақты түрде зерттеп отыру әлеуметтік өзін-өзі сезінудің социумдағы қалыптасқан жағдайды, түрлі аймақтардағы және жалпы елдегі әлеуметтік тұрақтылықты, сонымен қатар индивидтің, топтың, социумның жай-күйін сипаттайтын көрсеткіш ретіндегі маңыздылығын дәлелдейді. Осыған орай қазіргі қоғамдағы түрлі апаттардың шығу себептері мен олардың адам өміріне, социумның ішкі жағдайына тигізетін салдарларын әлеуметтанулық тұрғыдан зерттеу түрлі топтардың эмоционалды-психологиялық көңіл-күйін ғана емес, сонымен қатар, жалпы ел халқының жағдайын кешенді түрде зерделеуге толық мүмкіндік береді.

Қолданбалы социологиялық зерттеулердің көмегіне сүйене отырып, апат аймақтарындағы жергілікті халықтың көңіл-күйіне баса назар аудару түрлі әлеуметтік топтардың өмірлік стратегияларын, биологиялық және әлеуметтік потенциалын ортақ мақсаттарға жетуге жұмылдыруға, жалпы қоғам деңгейінде ынтымақтастықты қалыптастыруға қызмет етеді. Осыған орай Қазақстанның түрлі аймақтарында орын алып отырған төтенше жағдайлар халықтың әлеуметтік мінез-құлқының белгілі бір деңгейде пассивті болуын көрсетіп отыр. Яғни, апат аймақтарындағы жергілікті халық қандай мәселенің болмасын дұрыс шешілуі үшін, бірінші кезекте, өздерінің мүдделі болуы қажеттілігін сезінулері тиіс. Бұл үшін әрбір адамның қоғамға тиімді интеграция жасауына, белсенді бейімделуіне, өзара ынтымақтастығын қалыптастыруға бағыттайтын мінез-құлық стратегияларын қалыптастыру керек. Осы мақсаттарға сәйкес мінез-құлық стратегияларының интеграциялық, адаптациялық және интервенциялық түрлерін бөліп көрсетуге болады. Интеграциялық стратегия социумдағы түрлі ұлт, этнос, діни конфессия, әлеуметтік, демографиялық, жыныстық топтардың өзара келісімін қалыптастыруға бағытталса, адаптациялық стратегияның негізгі мақсаты

азаматтарды қоғамға белсенді түрде бейімдеу болып табылады. Ал интервенциялық стратегия түрлі мамандық иелерінің, еріктілердің азаматтық позицияларын қалыптастыруға, азаматтық құндылықтарды қоғамда кеңінен насихаттауға негізделеді.

Апатты жағдайларда проблемаларды шешу мемлекеттің ғана емес, азаматтардың өз жауапкершіліктеріне айналуы тиіс. Сондықтан да, мемлекет тарапынан азаматтарды мақсатты түрде ұйымдастыруға бағытталған стратегиялар азаматтардың саналы мінез-құлықтарының қалыптасуына ықпал етеді. Инициативті экологиялық сипаттағы әлеуметтік бағдарламалар, инновациялық сипаттағы жобалар халықтың белсенді мінез-құлығын қалыптастыруға, азаматтық позицияларын дамытуға, тиімді үлгілерді тәжірибеге ендіруге бағытталып, халықтың экологиялық сауаттылығы мен мәдениетін дамытуға үлес қосады.

Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданында жүргізілген әлеуметтанулық зерттеулерде апатты жағдайлардың ерекшеліктері, олардың адамдар көңіл-күйлеріне, өмірге қанағаттану жағдайларына, болашақ жоспарларына тигізетін әсерлеріне талдау жасалынып, эмпирикалық өлшеудің субъективті индикаторы сапасында әлеуметтік өзін-өзі сезінудің төтенше апатты жағдайларды басынан кешіріп отырған халықтың көңіл-күйін әлеуметтанулық тұрғыдан бағалауына мүмкіндік беретін төрт түрлі индикаторлар тобынан жасақталуына жағдай жасады. Олардың қатарына кіретіндер: әлеуметтік қамтамасыз етілу; әлеуметтік қорғалу; әлеуметтік-психологиялық сезіну; қанағаттану және әлеуметтік күтулер.

Төтенше апатты жағдайлар орын алған уақытта әлеуметтанушылар өз зерттеулерін апат орын алғанға дейінгі, тікелей апат уақытындағы және апаттан кейінгі кезеңдерге бөлу арқылы әрбір кезеңге тән атқарылатын жұмыстарды анықтап, әлеуметтік институттардың тиімді әрекет ету жағдайларын, әдістер мен амал тәсілдерді топтастыруды жүзеге асырады. Алдын ала жүргізілетін зерттеулер, болжаулар мен жобалау жұмыстары қоғамды толық түсінуге, тәуекел жағдайларға тап болғанда қолданатын стратегиялық және тактикалық сипаттағы іс-әрекеттерді ұйымдастырылған түрде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Төтенше түрде болатын табиғи апаттардан толық сақтану мүмкін болмағанымен, олардың алдын алуға, адам шығындарын азайтуға, қоғамдағы түрлі әлеуметтік топтарды бірлесіп жұмыс жасауға бағыттауға мүмкіндік береді.

Экологиялық мәдениеті жоғары, саналы, білімді адамдарды қалыптастыру қоршаған табиғи ортаны өмір сүруге қолайлы және қауіпсіз етіп қалыптастыруға жағдай жасайды. Осы мақсатта антропоцентристік танымдық көзқарастармен қатар экоцентристік ойлауды да дамыту маңызды. Табиғи ортаны адамға қызмет ететін экологиялық, географиялық кеңістік ғана емес, сонымен қатар өзіндік құндылықты өмір сүру ортасы ретінде қабылдайтын түсініктерді қалыптастыру қажеттілігі туындауда. Яғни, адамның табиғаттан жоғары тұруы туралы түсініктерді біртіндеп өзгерту қажет.

XXI ғасыр өркениетті қоғамдардың тәжірибелері негізінде масс, медиа мүмкіндіктерін, желілік коммуникациялық технологиялардың жетістіктерін тиімді түрде қолдануға мүмкіндік беретін жаһандық деңгейдегі өзгерістерге толы уақыттық кезең. Халықты ақпараттандыруда технологияның мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланып, уақыттық және материалдық шығындарды азайтуға бағытталған іс-әрекеттер жүйесін кеңінен жүзеге асыруға болады. Осы мақсатта жауапты ұйымдардың интернет ресурстарын тиімді пайдалануы төтенше жағдайлар туралы ақпараттардың жедел және кеңінен таратылуына қызмет етеді.

Түрлі секторлардың өзара интеграциясы қоғамның ынтымақтастығының көрінісі болып табылады. Мемлекеттік, азаматтық және бизнес секторларының өзара ықпалдастығын қалыптастыруға бағытталған тең секторлық серіктестік стратегия Э.Дюркгеймнің тілімен айтқанда қоғамдық ынтымақтастықты дамытуға әсер етеді. Қоғамдағы әлеуметтік институттардың, ұйымдардың, әлеуметтік топтардың, бизнес қауымдастықтардың, жеке адамдардың ортақ мақсаттарға біріге күш жұмылдырылуын қалыптастырады. Сонымен қатар қажетті ресурстарды тиімді ұйымдастыруға және бөлуге, адамдық потенциалды қолдауға және қорғауға, азаматтық қоғамды дамытуға бағытталады.

Мемлекет аралық серіктестік стратегиялар табиғи апаттардың алдын-алу мен қауіпті әлеуметтік салдарларын жоюда шет елдік инвестицияларды тарту, халықаралық тәжірибелерді үйрену, тәжірибе алмасу, озық технологияларды пайдалану сияқты іс-шараларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қоғамдағы түрлі топтардың рухани-мәдени потенциалын, әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктерін елбасы Н.Ә.Назарбаев атап көрсеткендей, рационалды түрде бір мақсат пен бір мүддеге жұмылдыру социумның интеграциялану табиғатын толық түсінуге жағдай жасайды. Қазіргі нарық жағдайында постиндустриалдық өркениеттік сананың қалыптасуын бейнелейтін, халықты өзіндік жауапкершілікке бағыттайтын белсенді адаптациялық стратегия түрлі топтардың өзара толеранттылығы мен белсенділігіне негізделуі тиіс.

ҚР Президентінің 2017 жылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауында Қазақстан азаматтарына бүкіл қоғам деңгейінде бизнеспен айналысуға мүмкіндік жасау туралы ойлары адамдардың потенциалын апатты жағдайлармен күресуде де тиімді қолдану туралы ой салады. Бизнесі дамыту адамдар өмірінің комфорттылығын жаңа деңгейге көтеруге, адамдардың әлеуметтік көңіл-күйлерін социумның прогрессивті дамуының маңызды индикаторына айналдыруға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Профирьев Б.Н. Экономические аспекты защиты населения и территорий от природных бедствий // Экономика гражданской защиты. – 2011. –Т.1, №1(1). – С.19-26.
- 2 Обзорно – аналитическая информация о выявленных тенденциях развития чрезвычайных ситуаций природного и техногенного характера, происшедших на территории Республики Казахстан за 2015 год // <http://emer.gov.kz>. 29.10.2016.
- 3 Аристотель. Политика. – М.: Издательство АСТ, 2002. – 393 с.
- 4 Кузанский Н. Сочинения. – М.: Мысль, 1980. – Т. 2. – 471 с.
- 5 Лейбниц Г.В. Соч.: в 4 т. – М.: Мысль, 1984. - Т. 3. – 734 с.
- 6 Гегель Г. Наука логики: в трех томах. – М.: Мысль, 1970. – 501 с.
- 7 Бердяев Н. Философия свободного духа – М.: Мысль, 1994. – 153 с.
- 8 Хайдеггер М. Письмо о гуманизме // Время и бытие. Статьи и выступления. – М., 1993. – С. 197-198.
- 9 Арнольд В.И. Теория катастроф. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 128 с.
- 10 Том Р. Структурная устойчивость и морфогенез – М.: Логос, 2002. – 113 с.
- 11 Яницкий О.Н. Экологические катастрофы: структурно-функциональный анализ. - Институт социологии РАН, 2013. – 258 с. URL: <http://www.isras.ru/publ.html?id=2794>
- 12 Beck U. Emancipatory Catastrophism: What does it mean to Climate Change and Risk Society? // Current Sociology. – 2015. - №63(1). – P. 75-88.
- 13 Ефимова Н.В. и др. Факторы окружающей среды: опыт комплексной оценки / под общ. ред. В.С. Рукавишников. – Иркутск, 2010. – 231 с.
- 14 Лисаускене М. Инвайронментальная социология: ступени развития // Вестник Воронежского ун-та. Серия «Гуманитарные науки». - 2005. - Вып.1. – С. 29-41.
- 15 Wolman A.. The Metabolism of the Cities // Scientific American. – 1965. - №1. - P. 179-190.
- 16 Fisher-Kowalski M. Society's Metabolism: On the Childhood and Adolescence of a Rising Conceptual Star, in Redklift M. and G. Woodgate, eds // The International Handbook of Environmental Sociology. Edward Elgar. - Northampton, 1997. - P.119-137.
- 17 Fisher-Kowalski M., Haberl H. Socioecological Transitions and Global Change. Trajectories of Social Metabolism and Land Use. - Vienna: Klagenfurt University, 2007. – P.29-30.
- 18 Miller F., Osbahr H., Boyd E., Thomalla F., Bharwani S., Ziervogel G., et al. Resilience and vulnerability: Complementary or conflicting concepts // Ecology and Society. – 2010. – №15(3). - P. 11-15.
- 19 Hinkel J. Indicators of vulnerability and adaptive capacity': Towards a clarification of the science – policy interface // Global Environmental Change. – 2011. – №21(1). - P. 198-208.

20 Neil Adger W. Vulnerability // Global Environmental Change. – 2006. - Vol. 16. - P. 268-281.

21 Birkmann J. Risk and vulnerability indicators at different scales: Applicability, usefulness and policy implications // Environmental Hazards. - 2007. - №7(1). - P. 20-31.

22 Antwi-Agyei Ph., Dougill A.J., Fraser E.G., Stringer L.C. Characterising the nature of household vulnerability to climate variability: empirical evidence from two regions of Ghana // Environmental Development Sustainable. – 2013. - Vol. 15. - P. 903-926.

23 Diener E., Oishi S., Lucas R.E. Personality, culture, and subjective well-being: Emotional and cognitive evaluations of life // Annual Review of Psychology. - 2003. - №54. - P. 403-425.

24 Ryan R.M., Deci E.L. On happiness and human potentials: A review of research on hedonic and eudaimonic well-being // Annual Review of Psychology. - 2001. - №52. - P.141-166.

25 Ryff C.D. Psychological well-being in adult life. Current Directions in Psychological Science. - 1995. - №1. - P. 99-104.

26 Waterman A.S., Schwartz S.J., Zamboanga B.L., Ravert R.D., Williams M.K., Agocha V.B., et al. The Questionnaire for Eudaimonic well-being: Psychometric properties, demographic comparisons, and evidence of validity // The Journal of Positive Psychology. - 2010. - №5. – P. 41-61.

27 Keyes C.L. M. Social well-being // Social Psychology Quarterly. - 1998. - №61. – P. 121-140.

28 Крысько В.Г., Симонович Н.Е. Психологические основы изучения социального самочувствия людей в современном российском обществе // Вестник Университета (ГУУ). – 2001. - №1 (3). – С. 160-166.

29 Лясковская О.В., Шуметов В.Г. Методология анализа динамики факторной структуры социального самочувствия населения по данным социологических исследований // Образование и общество. – 2001. - №2 (8). – С.117-122.

30 Русалинова А.А. Социальное самочувствие человека в современном мире как научная проблема // Вестник СПбГУ. – 1994. – Вып. 1. – С.49-61.

31 Давыдова Е.В. Измерение социального самочувствия молодежи. – М., 1992. – С.21-36.

32 Петрова Л.Е. Социальное самочувствие молодежи // Социс. - 2000. - №12. – С. 46-51.

33 Рубина Л.Ф. Профессиональное и социальное самочувствие учителей // Социс. - 1996. - № 6. – С. 71-78.

34 Бурко В.А. Социальное самочувствие в условиях трансформации российского общества (региональный аспект): автореф. ... канд. социол. наук. – Пермь: ПГТУ, 2000. – 27 с.

35 Охременко И.В. Формирование мотивов электорального поведения российских граждан в условиях трансформации политической системы общества. автореф. ... канд. социол. наук. – Волгоград: ВГУ, 2000. – 22 с.

- 36 Юдина Т.Н. Социальное самочувствие молодых рабочих на промышленных предприятиях // Социальные проблемы формирования молодежи: сб. науч. тр. Сверд. инж-пед. ин-т. – Свердловск, 1989. – С. 74.
- 37 Тощенко Ж.Т., Харченко С.В. Социальное настроение. - М.: Academia, 1996. – 78 с.
- 38 Крупец Я.Н. Социальное самочувствие как интегральный показатель адаптированности // Социс. - 2003. - № 4. – С. 132-143.
- 39 Хасбулатова О.А., Егорова Л.С. Социальное самочувствие женщин и мужчин в средних городах России // Социологические исследования. - 2002. - №11. – С. 48-55.
- 40 Лепешкин Н.Я. Социальное самочувствие населения на современном этапе трансформации российского общества: региональный аспект: автореф. ... канд. социол. наук. – Хабаровск, 2004. – 168 с.
- 41 Баталова Н.Л. Социальное самочувствие молодежи в условиях изменяющегося общества: региональный аспект: автореф. ... канд. социол. наук. – Тюмень, 2009. – 163 с.
- 42 Лебедева С.О., Пучкова М.О. Социальное самочувствие горожан как социологическая проблема // Материалы III международной научной студенческой конференции: «Научный потенциал студенчества в XXI веке». – Ставрополь, 2009. – С.111-117.
- 43 Стризое А.Л. Социальное самочувствие: между реформистским проектом и здравым смыслом // Социальное самочувствие населения в современной России. – Ростов н/Д., 2010. – С.115-128.
- 44 Михайлова Л.И. Социальное самочувствие и восприятие будущего россиянами // Социологические исследования. - 2010. - №3. – С.69-74.
- 45 Сергеева Т.Б. Генезис и факторы социального самочувствия. Социальное самочувствие населения в современной России. – Ростов н/Д., 2010. – С. 190-191.
- 46 Головаха Е.И., Панина Н.В. Интегральный индекс социального самочувствия (ИИСС): конструирование и применение социологического теста в массовых опросах. – Киев: Институт социологии НАН Украины, 1997. – 214 с.
- 47 Чугуенко В.М., Бобков Е.М. Новые тенденции в исследовании социального самочувствия населения // Социологические исследования. - 2014. - №1. – С.15-23.
- 48 Абдирайымова Г.С., Веревкин А.В., Алимбекова Г.Т., Лифанова Т.Ю., Шабденова А.Б. Социальное самочувствие казахстанцев: социологическое измерение. – Алматы: Казак Университеті, 2015. – 137с.
- 49 Муканова О.Ж. Системный подход в изучений социального самочувствия в концепции социального настроения // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Социологические и политические науки». – 2010. – №2 (30). – С.38-43.

50 Крылдакова Р.Б. Социологический анализ деятельности экологических неправительственных организаций в Республике Казахстан: автореф. ... канд. социол. наук. – Алматы, 2001. – 29 с.

51 Кенжакимова Г.А. Социологический анализ индикаторов измерения человеческого развития: автореф. ... канд. социол. наук. – Алматы, 2000. – 27 с.

52 Шеденова Н.У., Байгереева А.М. Тұрғындардың сейсмикалық сауаттылығы қауіпсіздіктің кепілі ретінде // Весенняя сессия молодых ученых социологов и социальных работников Казахстана «Наука и инновации молодых ученых: образовательные стратегии». – Алматы, 2015. – С.36-41.

53 Абдикерова Г.О., Омарова А.Т. Төтенше жағдайлар және олардың халықтың әлеуметтік көңіл-күйіне әсері // Вестник КазНУ им. аль-Фараби. Серия психологии и социологии. - 2014. - №4(51). – С.56-96.

54 Нурмагамбетов А. Безопасность населения и объектов хозяйствования Казахстана с учетом риска возникновения сильных землетрясений // Вестник Кокшетауского технического института Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан. – К.: КТИ МЧС РК, 2012. - №1(5) – С.3-8.

55 Гераклит История античной диалектики. – М.: Мысль, 1972. – С. 71-97.

56 Бабосов Е.М. Социальные последствия Чернобыльской катастрофы, пути их преодоления. – Минск: БТН-информ, 2001. – 220 с.

57 Haken H. Synergetics Computers and Cognition, a Top-Down Approach to Neural Nets. – Berlin etc.: Springer-Verlag, 1991. – 225 p.

58 Arnold V. J., Novicov S.P. Dynamical Systems. – Berlin etc.: Springer-Verlag, 1994.- Vol. 7. – 341 p.

59 Бабосов Е.М. Катастрофы: социологический анализ. – Минск: Наука и техника, 1995. – 472 с.

60 Баранов Н.П. Экстремальная ситуация. Новейший филос. Слов / сост. А.А. Грищанов. – Минск: Книж. дом, 2003. – 839 с.

61 Дюркгейм Э. Самоубийство. Социологический этюд. – М.: Мысль, 1994. – 480 с.

62 Вебер М. Избранное. Протестанская этика и дух капитализма. – М.: Российская политическая энциклопедия, 2006. – 805 с.

63 Сорокин П.А. Социально-культурная динамика. Человек. Цивилизация. Общество. – М.: Астрель, 2006. – 429 с.

64 Парсонс Т. О структуре социального действия. – 2-е изд. – М.: Академ. проект, 2002. – 880 с.

65 Мертон Р.К. Социальная структура и аномия // Социс. – М.: Наука, 1992. – №3. – С. 104-105.

66 Украинец А.А., Поташкин А.А. Чрезвычайные ситуации: экстремологический и социологический анализ. – ГГТУ им. П.О. Сухого, 2007. – 209 с.

67 Томалинцев В.Н. Введение в социальную экстремологию: учеб.пособие. – Санкт-Петербург, 2005. – 220 с.

68 Бариев Э.Р. Чрезвычайные ситуации: образование и наука // Науч.-практ. журн. ГИИ МЧС Респ. Беларусь. - 2006. - Т.1, № 1. – С.4-12.

69 Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» заңы. - 2014, 11 сәуір, №188-V.

70 Омарова А.Т., Абдикерова Г.О. Экстремалдылық теориясының философиялық-социологиялық негізі // ҚазҰУ Хабаршысы, Психология және социология сериясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – №3 (50). – Б.104-114.

71 Психология экстремальных ситуаций: Хрестоматия / сост. А.Е. Тарас, К.В. Сельченков. – М.: АСТ; Мн: Харвест, 2001. – 184 с.

72 Порфирьев Б.Н. Государственное управление в чрезвычайных ситуациях. – М.: Наука, 1991. – 135 с.

73 Карако П.С. Проблема критериев и типологии экстремальных ситуаций во взаимоотношениях общества и природы // Вес. Беларус. дзярж. ун-та. Гісторыя. Філасофія. Паліталогія. Сацыялогія. Эканоміка. Права. - 1993. - № 2. – С. 25–28.

74 UNISDR. Terminology: basic terms of disaster risk reduction. – 2004 http://www.unisdr.org/files/7817_7819isdrterminology11.pdf (accessed on 5 September 2015).

75 Khan H., Vasilescu L.G., Khan A. Disaster management cycle: a theoretical approach // Management and Marketing. - 2008. - Vol. 6, №1. – P. 43-50.

75 Трапьянок Н.Г. Социологический мониторинг массового поведения людей в экстремальных ситуациях (методологический аспект): автореф. ... канд. социол. наук. – Минск, 2001. – 104 с.

76 Лепешкин Н.Я. К вопросу о социологическом изучении социального самочувствия. – Хабаровск: Хабаровский госуд. техн.универ., 2003. – С. 8-12.

77 Тощенко Ж.Т. Новые грани теоретической социологии: социальное настроение как объект социологического анализа // Проблемы теоретической социологии: сб. статей / под ред. А.О. Воронова. – СПб., 1996. – С. 65-72.

78 Шуметов В.Г. Показатели социально-экономической компоненты социального самочувствия жителей Центральной России // Качество жизни населения – основа и цель экономической стабилизации и роста. Труды метод. науч. конфер. – Орел: Орел-ГТУ, 1999. – С. 30-31.

79 Григорьев С.И. Основы неклассической социологии: новые тенденции развития культуры социологического мышления на рубеже XX-XXI веков. – М.: РУСАКИ, 2000. – 208 с.

80 Омарова Ә.Т., Абдикерова Г.О. Әлеуметтік өзін-өзі сезінуді әлеуметтанулық зерттеу мәселесі // «Қазақстандық психология: өткені, бүгіні, болашағы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Алматы, 2013. – Б.67-72.

81 Когай Е.А. Социальное самочувствие и доверие населения в региональном измерении. – Курск, 2010. – С. 7-8.

82 Асланова О.А. Социальное самочувствие: измерительный инструментарий, показатели и социальные критерии. – М., 2012. – С. 5-10.

83 Муканова О.Ж. Сравнительное исследование общественного настроения как индикатор социальных процессов // Сб. материалов международной научно-практической конференции «Внутренняя и внешняя политика Республики Казахстан в условиях развития мировых интеграционных процессов». – Алматы, 2009. – С.317-321.

84 Доскин В.А., Лаврентьева Н.А., Мирошников М.П., Шарай В.Б. Тест дифференцированной самооценки функционального состояния // Вопросы психологии. – 1973. - № 6. – С.141-145.

85 Регионы в России: социокультурные портреты регионов в общероссийском контексте. Институт философии. Центр изучения социокультурных изменений. Научно-координационный совет секции ФСПП ООН РАН «Проблемы социокультурной эволюции России и ее регионов» / сост. и общ. ред.: Н.И. Лапин, Л.А. Беляева. – М.: Academia, 2009. – 808 с.

86 Абдикерова Г.О., Омарова А.Т. Социологический анализ социального самочувствия населения // Қазақстан элеуметтанушыларының V Конгресс материалдары жинағы, «Қазақстан-2050» стратегиясы: Қоғамның элеуметтік дамуы. – Алматы, 2014. - Б.105-113.

87 Горшков М.К. Российская повседневность в условиях кризиса: социологическое измерение // Социологические исследования. - 2009. - №12. – С.174-184.

88 Козырева П.М. Социальная адаптация населения России в постсоветский период // Социологические исследования. - 2011. - №6. – Р. 45-62.

89 Русалинова А.А. Уровневый подход в изучении социального самочувствия человека // Социальное самочувствие населения в современной России. – Ростов н/Д., 2010. – С.177-181.

90 Омарова А.Т., Султанова А.М. Халықтың төтенше жағдайлардан келетін қауіптерді сезінуін бағалау әдістемесі // ҚазҰПУ Хабаршысы, «Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы. – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2016. – №2 (54). - Б. 50-55.

91 Медведев Н.П. Социальное самочувствие личности: вопросы содержания, измерения и оценки // Социальное самочувствие населения в современной России: Тезисы докладов Всероссийской научно-практической конференции. – Ростов н/Д, 2010. – С. 158-171.

92 Пирогов Г. Концепция социальной безопасности // Обозреватель. - 1997. - №9. – С. 46-63.

93 Толстова Ю.Н., Воронина Н.Д. Расширение понятия социологического измерения и его использование для измерения социальной напряженности // Мониторинг общественного мнения: экономические и социальные перемены. - 2011. - №5 (105), ч. 1. – С. 288-299.

94 Омарова А.Т. Халықтың элеуметтік өзін-өзі сезінуі қоғам тұрақтылығының индикаторы ретінде // Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Күніне арналған Астаналық элеуметтанулық форум материалдарының жинағы. – Астана, 2014. – Б. 135-141.

95 Омарова А.Т. Әлеуметтік өзін-өзі сезінуді эмпирикалық зерттеу методологиясы // «Түркітілдес елдер дамуының ұлттық стратегиялары» атты Түркітілдес елдері әлеуметтанушыларының V Конгресі мен «Қазақстан-2050» стратегиясы: қоғамның әлеуметтік дамуы» атты Қазақстан әлеуметтанушыларының V Конгресі аясындағы өткен Қазақстан жас әлеуметтанушыларының II форумының материалдары. – Алматы, 2014. – Б.215-223.

96 Abdikerova G.O., Omarova A.T. Social problem of modern landscapes // Material of international conference “Science: Integrating theory and practice”. – Buzeman: ISET, 2014. – P. 10-13.

97 2015 жылы Қазақстан Республикасының аумағында болған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың анықталған өршу үрдістері туралы ай сайынғы шолу-аналитикалық ақпарат // <http://emer.gov.kz/kz/2016-11-08-04-00-51/481-2016-11-08-02-46-35/2015/9974-2015-zhyl-y-12-aj-bojynsha-a-parat>

98 Маслоу А.Г. Мотивация и личность. – СПб., 1999. – 375 с.

99 Малофеев В.И. Экологическая безопасность и социальная работа. – М.: Соц.-технолог. инс-т МГУС, 2002. – 368 с.

100 Хасенова Д., Құлжанова Ж. Қазақстандағы мыңжылдық даму мақсаттары. – Астана: Агроиздат, 2007. – 138 б.

101 Ивахненко Е.Н. Аутопойезис информационных объектов // Информационное общество. - 2009. - №1. – С. 151-171.

102 How Social Media Is Used During An Emergency // blog.etoncorp.com/index.php/2010/10/how-social-media-is-used-during-an-emergency

103 Морозова Е.В., Мирошниченко И.В. Сетевые сообщества в условиях чрезвычайных ситуаций: новые возможности для граждан и для власти // Субдисциплина: сравнительная политология. -2010. -№1.– С.140-152.

104 Abdikerova G., Omarova A. The social consequences of natural and man-made emergency: the regional aspect // International Journal of Environmental and Science Education. -2016. -Vol.11, issue 7. – P. 1433-1442.

105 Рамазанова Т.М. Идеи ноосферы в современном экологическом сознании // Научные ведомости. - 2009. - №8 (63). – С. 165-171.

106 Omarova A., Abdikerova G., Sadyrova M. Social well-being of the population in emergency risk situations // 6th International multidisciplinary scientific Geoconferences & Expo SGEM2016. – Bulgaria, 2016. – P. 743-751.

107 Крюкова Т.Л. Методы изучения совладающего поведения: три копинг-шкалы. – Кострома: КГУ им. Н.А. Некрасова – Авантитул, 2010. – 64 с.

108 Крюкова Т.Л. Психология совладающего поведения в разные периоды жизни. - Кострома: КГУ им. Н. А. Некрасова, 2010. – 294 с.

109 Абдикерова Г.О. Критерии цивилизованности общества в новых моделях социализации личности. Цивилизация человечества // Материалы международной научной конференции. – Алматы, 2005. – С. 188-194

110 Шибутани Т. Социальная психология. – М.: Прогресс, 1969. – С.78.

111 Norris F. H., Stevens S. P. Community resilience and the principles of mass trauma intervention // Psychiatry-Interpersonal and Biological Processes. – 2007. – №1.– P.320-328.

112 Richard K. James, Burl E. Gilliland Crisis intervention strategies. -Cengage Learning, 2012. – 752p.

ҚОСЫМША А

Әлеуметтанулық зерттеудің бағдарламасы

«Аймақтардағы төтенше жағдайлардан келетін қауіптің халықтың әлеуметтік өзін-өзі сезінуіне әсері»

Зерттеудің жалпы сипаттамасы: Бұл әлеуметтанулық зерттеу диссертациялық зерттеу тақырыбына сәйкес алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге сапалық әрі сандық зерттеу арқылы қол жеткізуге бағытталған.

Зерттеудің мақсаты: Төтенше жағдайды басынан өткерген халықтың әлеуметтік көңіл-күйін бағалау мен төтенше жағдайлардан келетін қауіпті сезінуін салыстырмалы-әлеуметтанулық талдау.

Зерттеу міндеттері: Мақсатқа жету үшін келесі зерттеу міндеттері қойылды:

– Төтенше жағдайды басынан өткерген халықтың әлеуметтік көңіл-күйін әлеуметтанулық зерттеудің бағдарламасы мен әдістемесін жасақтау және оны апробациялау;

– Тұрғындардың төтенше жағдайларға алаңдаушылық деңгейі мен өздерін қауіптерден қорғалғандық деңгейіне талдау жасау;

– Төтенше жағдайды басынан өткерген халықтың әлеуметтік көңіл-күйіне жалпы социологиялық сипаттама беру және тұрғындардың төтенше жағдайлардан келетін қауіпті сезінуіне талдау жасау;

– Субъективті индикаторларды қолдану арқылы адамдардың өз өміріне қаншалықты қанағаттанатындығын анықтау негізінде әлеуметтік көңіл-күйлеріне әлеуметтанулық сараптама жүргізу;

– Тұрғындардың жастық және жыныстық ерекшеліктері негізінде төтенше жағдайларға дайындығына, қажетті әрекеттерді білуіне, қауіпсіздік шараларын сақтауына ықпал ететін факторларды анықтау;

– Табиғи төтенше жағдайды басынан өткерген Тарбағатай ауданы (ШҚО) тұрғындарының төтенше жағдайларға қатысты мемлекеттік органдарға, қоғамдық ұйымдарға және олардың жұмысына қанағаттанушылық деңгейін талдау, сонымен қатар, қоғамның барлық салаларын ортақ мақсатқа жұмылдыру үшін қажетті нақты іс-шаралар анықтау және олардың құрылымына талдау жасау.

Зерттеу методологиясы

Зерттеу объектісі: Төтенше жағдайды басынан өткерген Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы тұрғындары.

Зерттеу пәні: Апатты басынан өткерген тұрғындардың әлеуметтік өзін-өзі сезінуі.

Сауалнама іріктеуінің сипаттамасы:

Іріктеу көлемі – 320 респондент.

Алынған көпсатылы және квоталық іріктеу көрсетілген жастық категорияда Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы тұрғындары репрезентациялайды.

Сауалнама түрі:

Зерттеудің сандық әдісі анкета арқылы жүргізілді. Тұрғындар арасында сұрау жүргізу үшін, қарапайым және күрделі 18 сұрақтан тұратын сауалнама (мемлекеттік және орыс тілінде) құрылды. Стандартталған сұраудың ұзақтығы – 20-30 минут. Зерттеу әдісінің сұрақтары PhD докторанттың жеке авторлығымен жасақталған.

Зерттеудің сапалық әдісі ретінде сұқбат әдісі таңдалып, «сұрақ-жауап» түрінде өткізілді. Эксперттік сұқбатқа төтенше жағдайлар саласы бойынша мемлекеттік мамандары, экология сала мамандары, қоғамдық ұйым мамандары, апатты жағдайды зерттеуші мамандар қатысты. Эксперттік сұқбаттардан тақырыпқа қатысты дәлелді, нақты ақпараттар алынды. Сұқбатқа барлығы 7 эксперт қатысты.

Зерттеудің далалық кезеңін жүргізу мерзімі:

Далалық сандық зерттеу 2014 жылдың 10 қыркүйек пен 2014 жылдың 15 қазан аралығында өткізілді;

Далалық сапалық зерттеу 2016 жылдың қаңтар-сәуір айларында жүргізілді.

Сұрау үдерісіндегі қиындықтар:

1. Сенімсіздік. Ең үлкен қиындықтар халықтың сенімсіздігімен, азаматтардың жұмысбастылығымен, сөйлесуге ниетінің болмауымен байланысты.

2. Адамдардың сұқбаттың пайдасы болатынына сенімділігі аз.

3. Көп тұрғындардың 20-30 минут уақыт бөлгісі келмеуі.

Деректерді енгізу және өңдеу. Социологиялық зерттеу мәліметтерін талдау үшін «SPSS for Windows 17 » және «Microsoft Office Excel 2013» бағдарламасын қолдану арқылы енгізілді және өңделді.

ҚОСЫМША Ә

Анкета

Құрметті респондент! әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті аймақтардағы төтенше жағдайлардан келетін қауіптің халықтың әлеуметтік өзін-өзі сезінуіне әсерін зерттеуді мақсат етіп отыр. Сізге осы анкетамен танысып, ондағы берілген сұрақтарға жауап беруіңізді сұраймыз. Анкетаны толтыру барысында аты-жөніңізді көрсету қажет емес. Зерттеуге қатысқаныңыз үшін алдын-ала алғысымызды білдіреміз. Сіздің пікіріңізге сәйкес келетін жауап вариантын дөңгелектеп белгілеңіз.

1. Сіздің жасыңыз?

18-28 жас

29-39 жас

40-50 жас

51-61 жас

62-72 жас

2. Жынысыңыз?

Ер адам

Әйел адам

3. Сіздің статусыңыз?

Мемлекеттік қызметкер

Білім саласы қызметкері

Денсаулық сақтау саласы қызметкері

Кәсіпкер

Жұмыссыз

Жұмысшы

Зейнеткер

Студент

Басқа (көрсетіңіз) _____

4. Сіздің біліміңіз?

Орта білім

Кәсіби орта білім(колледж, техникум)

Жоғары білім

аяқталмаған жоғары

5. Сізді қоғамда болып жатқан төтенше жағдайлар алаңдата ма?

Ия, көп алаңдатады

Ия, қандай да бір деңгейде

Алаңдатпайды

Жауап беруге қиналамын

6. Сізді төтенше жағдайлардың қандай түрлерінен келетін қауіп пен қатерлер көбірек мазалайды?

Қауіптер	Өте мазалайды	Жартылай мазалайды	Мазаламайды
Қауіпті объектілердегі апаттар мен катастрофалар қатерлері (техногенді төтенше жағдайлар)			
Табиғи құбылыстардан келетін қауіптер (зілзала, су тасқыны, дауыл, лай көшкіні, орман өрті т.б.)			
Терроризмнен, әскери әрекеттерден, әлеуметтік жанжалдардан келетін қауіптер (социогенді төтенше жағдайлар)			

7. Сіз өзіңізді бүгінгі күні әртүрлі қауіптерден қаншалықты қорғалғанмын деп ойлайсыз?

Қауіптер	Қорғалғанмын	Қорғалған сияқтымын	Айту қиын	Онша қорғалмағанмын	Мүлдем қорғалмағанмын
қоршаған ортаның ластануы	1	2	3	4	5
табиғи және биологиялық ресурстардың азаюы	1	2	3	4	5
табиғи қауіптерден (жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны, лай көшкіні т.б.)	1	2	3	4	5
техногенді қауіптерден (кәсіпорындардағы апаттар, катастрофалар т.б.)	1	2	3	4	5
әлеуметтік қауіптерден (терракт, әскери әрекеттер, жанжалдар т.б.)	1	2	3	4	5
Климаттың глобалды өзгерістерімен, қоршаған ортаның нашарлауымен байланысты қауіптер	1	2	3	4	5

8. Төтенше жағдайлардан келетін қауіпті азайту және адамдардың қауіпсіздігін сақтау қандай факторларға байланысты деп ойлайсыз?

- 1 Әрбір адамның өзіне байланысты
- 2 Мемлекеттің саясатына байланысты
- 3 Төтенше жағдайлар министрлігінің дайындығына байланысты
- 4 Қоғамның дамуына байланысты
- 5 Қоршаған ортаның дамуына байланысты
- 6 Техногенді орта жағдайына байланысты
- 7 Адамдардың тәрбиесіне байланысты
- 8 Халықаралық жағдайға байланысты
- 9 Басқа _____

9. Өзіңіздің төтенше жағдайлар (су тасқыны, өрт, зілзала, апат, теракт т.б.) болған жағдайда жасалынатын әрекеттер туралы біліміңізді шкала бойынша бағалаңыз (5-өте жоғары, ... 1-төмен) ?

5 ----- 4 ----- 3----- 2----- 1

10 Еліміздің төтенше жағдайлары министрлігінің жасап жатқан жұмысына қанағаттанасыз ба?

- 1 Толық деңгейде қанағаттанамын
- 2 Қанағаттанамын
- 3 Қанағаттанбаймын
- 4 мүлдем қанағаттанбаймын
- 5 Жауап беруге қиналамын

11. Еліміздегі төтенше жағдайлар министрлігінің, бөлімшелерінің әртүрлі төтенше жағдайларға дайындық деңгейін бағалаңыз?

	Деңгейі жоғары	Деңгейі орташа	Деңгейі қанағаттанарлық	Жауап беруге қиналамын
Теракт салдары	1	2	3	4
Боран, дауыл, сел	1	2	3	4
Кәсіпорындардағы апаттар	1	2	3	4
Өрт, жарылыстар	1	2	3	4
Орман өрттері	1	2	3	4
Жер сілкінісі	1	2	3	4

12. Сіз қалай ойлайсыз, Төтенше жағдайлар министрлігінің қызметтері мен атқаратын жұмыстарының деңгейі соңғы жылдары өзгерді ма?

Жақсарды

Мүлдем өзгерген жоқ

Нашарлады
Жауап беруге қиналамын

13. Әртүрлі сипаттағы төтенше жағдайлардан халықты және территорияның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ең алдымен қандай шаралар жасау керек деп ойлайсыз?

Барлық қатерлі өндірістік және әлеуметтік объектілерді және кәсіпорындардың жұмысын тоқтату және жабу

төтенше жағдайлар қызметкерлерінің кәсіби дайындық деңгейін жоғарылату
ықтимал төтенше жағдайларға дайын қоғамдық құтқарушы құрылымдарды құру

төтенше жағдайлар қызметкерлерінің жалақысын жоғарылату

төтенше жағдайлар қызметкерлерінің саны мен қаржыландыруды арттыру

осы аймақтағы төтенше жағдайлар қаупі туралы халықты толық ақпараттандыру

Төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою мемлекеттік жүйесінің барлық бөлімшелерінің реттілігі мен тиімділігін тәжірибеде қамтамасыз ету

Төтенше жағдайлар бөлімшелерін жаңа арнайы техника және құралдармен жабдықтау

қауіпсіздік талабын бұзғандарға қылымстық және әкімшіліктік жауапкершілікті күшейту

халықты төтенше жағдайлардағы жасайтын іс-әрекетке үйрету, оқыту
басқа _____

14. Сіз өзіңіздің тарапыңыздан төтенше жағдайларда тиімді әрекет ету үшін төменде аталғандардың қайсысын жасайсыз?

1 Қауіпті кәсіпорындарда жұмыс істемеймін

2 Қауіпті аймақтарға, жерлерге бармауға тырысамын

3 Қауіпсіздік ережелерін әрқашан сақтаймын

4 Төтенше жағдайларда жасайтын әрекеттерді әрдайым есімде сақтап, ойластырып жүремін

5 Аймақтағы төтенше жағдайлар туралы ақпараттарды әрдайым қадағалап отырамын

6 Төтенше жағдайларда жасайтын іс-әрекеттерге үйрететін жаттығуларға қатысамын

7 Ештеңе жасамаймын

8 Бұл туралы ойланып көрмеппін

9 Басқа (көрсетіңіз) _____

15. Сіз еліміздегі төтенше жағдайлардың алдын алу және жою үшін мемлекет тарапынан жасалынатын шараларды қалай бағалайсыз?

1 Жоғары

2 орташа

3 төмен

4 жауап беруге қиналамын

16. Өзіңіздің жалпы өмірге қандай деңгейде қанағаттанатыныңызды көрсетіңіз?

- 1 Толығымен қанағаттанамын
- 2 Толық қанағаттанбайтын сияқтымын
- 3 Қанағаттанбаймын
- 4 Мүлде қанағаттанбаймын
- 5 Білмеймін
- 6 Жауап беруге қиналамын

17. Сіз төтенше жағдайларды бастан өткердіңіз, соған орай апаттан кейінгі қазіргі кезеңде өзін-өзі сезінуіңізді қалай бағалайсыз?

- 1 Сенің өз-өзіңді сезінуім жақсы
- 2 Өзімді бақыттымын деп сезінемін
- 3 Өзімнің сезінуімді нақты анықтай алмаймын
- 4 Өзін-өзі сезінуім қанағаттанарлық
- 5 Өзін-өзі сезінуім нашар
- 6 Мен өз-өзіңді сезінуіме мән бермеймін

18. Өзіңіздің болашақтағы өмірлік әл-ауқатыңыздың (игілігіңізді) перспективасын қандай бағытқа өзгереді деп ойлайсыз?

- 1 Әл-ауқатым жақсарады
- 2 Әл-ауқатым нашарлайды
- 3 Жауап беруге қиналамын

ҚОСЫМША Б

«Аймақтағы халықтың төтенше жағдайларға дайындығы мен азаматтық қоғам институттарымен әлеуметтік ынтымақтастығы» тақырыбындағы тереңдетілген сұхбат жүргізуге арналған

Гайд

КІРІСПЕ (3 МИН.)

Салеметсіз бе, менің атым Әсем Омарова. Біз Қазақстан аймақтарындағы төтенше жағдайларға халықтың дайындығы мен аймақтық төтенше жағдайлар комитеттерімен өзара ынтымақтастығы туралы белгілі ғалымдар мен мамандардың пікірін білу мақсатында зерттеу өткізудеміз. Осы мәселеге арналған зерттеуге қатысуға келіскеніңіз үшін рахмет. Сіздің пікіріңізді білу біз үшін маңызды. Кез-келген зерттеу түрі үшін ақпараттарды тіркеп отыру тән, біздің зерттеуімізде де ақпараттардың бұрмалануына жол бермеу үшін Сіздің сөздеріңіз диктофонға жазылады. Сіз оған қарсы болмассыз? Бұл бізге сіздің сөздеріңіздің анықтығын сақтауға және бұдан ары мәліметтерді өңдеуге мүмкіндік береді. Бұл сұхбаттасу анонимді түрде болады және бұл жазбалармен мен ғана жұмыс жасаймын, сонымен бірге, жазба басқа аудиторияға ұсынылмайды. Сіздің қандай да бір сұрақтарыңыз бар ма?

Танысу (2 мин.).

Алдымен, мен сіздің өзіңізді таныстыруыңызды және өзіңіз туралы айтып өткеніңізді өтінемін.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

СҰРАҚТАР	
1 Блок. Төтенше жағдайлардың алдын алу немесе салдарын жоюдағы мемлекеттік ұйымдардың ролі мен іс-әрекеттері	
1	Төтенше жағдайлардың қандай түрлері сіздің аймақта (ауданда) ең қауіпті болып саналады?
2	Аймақтағы соңғы жылдары болған негізгі төтенше оқиғаларға тоқталып өтесіз ба? Ол оқиғалар халықтың көңіл-күйіне қалай әсер етті? (абыржу, қысым, толқу т.б.)
3	Төтенше жағдайлардың алдын алу немесе салдарын жою және апатты жағдайларда халықтың қауіпсіздігі бойынша Сіздің департаменттің (ұйымның) атқаратын негізгі бағыттары туралы айтып өтсеңіз.
4	ТЖ департаменті мен бөлімшелерінің әртүрлі төтенше жағдайлардағы жасайтын іс-әрекеттерге дайындық деңгейін қалай бағалар едіңіз
2 Блок. Төтенше жағдайдан халықты әлеуметтік қорғау	
5	Сіздің көзқарасыңыз бойынша, Қазақстан халқы төтенше жағдайларға қаншалықты дайын? Төтенше жағдай туындағандағы халықтың реакциясын қаншаға бағалар едіңіз? (5-өте жақсы, 4..., 3..., 2..., 1-өте

	жаман). Неліктен?
6	Халықты Төтенше жағдайға дайындау және оқытудағы негізгі қиындықтарды көрсетіңіз
7	Халық пен төтенше жағдай қызметкерлердің әртүрлі апаттардан қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қандай шаралар өткізіледі? Қалай қарастыруымыз керек?
8	Халықты төтенше жағдайлар туындағандағы жасайтын іс-әрекеттерге оқыту, білімді насихаттау, ғылыми зерттеулер өткізу қалай ұйымдастырылуда? Халықтың белсенділігін арттыру үшін не істеу қажет?
Блок 3. Мемлекеттік органдардың қоғамдық ұйымдармен, бизнеспен әріптестігі	
9	Сіздің департамент (ұйым) төтенше жағдайда халықты әлеуметтік қорғау бойынша қандай қоғамдық ұйымдармен, қозғалыстармен, бизнес саласымен, кәсіпкерлермен өзара қарым-қатынас жасайды?
10	Сіздің көзқарасыңыз бойынша, төтенше жағдай туындағанда қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың тез әрекет етуі мен тиімділігі қандай?
11	Еліміздегі еріктілер (волонтер) қозғалысының дамуы мен іс-әрекеттерін қалай бағалайсыз? Осы қозғалысты дамыту үшін қандай шаралар жасауымыз қажет деп ойлайсыз?
Блок 4. Болашағы мен перспективалары	
12	Төтенше жағдайлар саласындағы ақпараттардың халық үшін ашық болуы мен жариялылығы қамтамасыз етіледі ма?
13	Сіздің көзқарасыңыз бойынша, төтенше жағдайлардың алдын алу мен салдарын жою бойынша атқарылатын іс-шараларды жақсарту үшін мемлекет, органдар және жеке азаматтар тарапынан қандай шаралар атқарылу керек деп ойлайсыз?

ҚОРЫТЫНДЫ (5мин.)

Қысқаша қорытынды жасау. Респонденттерге алғыс білдіру.

Толық жауап бергендеріңізге рахмет.